

Л 2009

14261к

Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

XIX ҒАСЫРДЫҢ
ЕКІНШІ
ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ
ӘДЕБИ ТІЛІ



Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

(БАСПА НҰСҚАЛАР ТІЛІ НЕГІЗІНДЕ)



Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы

АЛМАТЫ — 1982

Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. (Баспа нұсқалар тілі негізінде).— Алматы: Ғылым, 1982. — 224 б.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасып, дамуындағы елеулі кезең деп танылады. Өйткені бұл тұста Ыбырай, Абай бастаған ағартушылар ұлттық әдеби тіліміздің болашақ даму бағытын дұрыс айқындап берген болатын. Осы кезеңде шыға бастаған баспа нұсқаларда әдеби тіліміздің фонетикалық, грамматикалық, орфографиялық нормалары қалыптаса бастады, лексикасы байып, әдеби тіл стильдерінің алғашқы элементтері көріне бастады.

Бұл сияқты факторлар тіл мамандары еңбектерінде бұрын да сөз болғанымен, аталған тарихи кезеңдегі тілдік құбылыстар жеке алынып, монографиялық дәрежеде зерттелген емес еді.

Қолдарыңыздағы еңбекте автор бұрын сөз болмаған баспа нұсқалардың тіл ерекшеліктерін талдай отырып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазба әдеби тілінің жай-күйін танытады, оның қалыптасу тарихын сөз етеді.

Кітап, негізінен, тіл мамандарына, жоғары оқу орындарының филология факультеті мұғалімдері мен студенттеріне арналған, дегенмен бұдан қазақ әдеби тіл тарихынан хабардар боламын деген өзге де жолдастар қажетті мәліметтер ала алады.

Жауапты редактор

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі
Р. Ф. СЫЗДЫҚОВА

А 70103—039
407(05)—82 135.82.4602010000

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1982.

КІРІСПЕ

Қазақ тілі білімінің ең кенже зерттелген салаларының бірі — тіл тарихы. Революциядан бұрынғы қазақ тілін зерттеген түрколог ғалымдар қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстығын жол-жөнекей әңгіме еткені болмаса, оның тарихы бойынша әдейі зерттеу жүргізбегені мәлім. Мәселен, Н. И. Ильминский Н. П. Остроумовқа жазған бір хатында қазақ тілінің өзге түркі тілдері сияқты көне түркі әдеби тілімен сабақтас екендігіне, сондықтан семинарияда, ең алдымен, көне түркі тілін оқытудың қажеттігіне көңіл аудартады. Ол былай деп жазады:

«Теоретическое преподавание в семинарии должно основываться не на киргизском и не на сартовском¹ наречии, но на древнетюркском или джагатайском языке... Наречия тюркские вообще не так отошли от этого коренного языка, как, например, новые европейские языки от своих древних языков. Поэтому от древнего тюркского языка легко можно перейти ко всякому местному его наречию — сартовскому, киргизскому, каракиргизскому и т. д. И все эти местные наречия и говоры получают тогда не только надлежащее освещение, но и подавляющую степень и значение, нисколько друг друга не притесняя и не унижая»².

¹ Бұл арадағы «қырғыз», «сарт» деп отырғаны назіргі қазақ, өзбек халықтарының революциядан бұрынғы орыс әдебиетінде пайдаланылған атаулары екендігі оқушыларға мәлім деп есептеп, бұдан кейін кездескен сайын сілтеме беріп отыруды қажет деп тапладық.

² Записка Н. И. Ильминского о преподавании языков в Ташкентской учительской семинарии.— В кн.: Извлечения из писем Н. И. Ильминского к Н. П. Остроумову. Казань, 1900, с. 71.

П. М. Мелиоранский өзінің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» атты еңбегінің кіріспесінде қазақ тілінің өз алдына жеке тіл ретінде қалыптасу тарихына тоқталып, оның ауызша және жазбаша варианттарына қысқаша сипаттама береді³.

Октябрь революциясынан кейін де, дәлірек айтсақ, 30—40-жылдарға дейін де қазақ тілі тарихы жайында мардымды зерттеу болмады. Оның басты себебі қазақ тілі мамандары қазақ тілі білімінің сол кезеңдегі зәру, аса қажет мәселелері — әр түрлі мектептерге арналған оқулықтар мен программалар, сөздіктер жасау, орфография мен терминология принциптерін айқындаумен шұғылданды да, тіл тарихы сияқты тың саланы көтеруге шындап кірісе алмады.

Тек 30-жылдардың орта кезінде ғана проф. Қ. Жұбановтың «Қазақ сөйлемдеріндегі сөз тәртібі тарихынан» және «Абай — қазақ әдебиетінің классигі»⁴ деген мақалаларында тіл тарихына қатысты кейбір проблемалар алғаш көтерілген болатын. Бірақ, өкінішке орай, бұл мақалалар белгілі себептермен көп уақытқа дейін оқушы қауымға кеңінен мәлім бола алмады.

Қазақ тілі тарихын зерттеуге көрнекті түрколог С. Е. Маловтың 1941 жылы жарияланған «К истории казахского языка»⁵ деген мақаласы белгілі дәрежеде мұрындық болды. Мұнда автор қазақ тілі тарихына азды-көпті қатысы бар деген жазба ескерткіштерді атайды да, оларды қазақ тілі материалдарымен салыстыра зерттеудің қажеттігін ескертеді. С. Е. Маловтан сәл кейін 40-жылдардың орта тұсында Н. Т. Сауранбаев өзінің «Некоторые черты древнекыпчакского языка»⁶ деген мақаласында қазақ тілінің көне қыпшақ тілімен дыбыстық жағынан өте жақындығын көрсете отырып, оны көне қыпшақ тілінің заңды мұрагері деген тұжырымға келеді.

Қазақ тілі мамандарының арасында тіл тарихын

³ Краткая грамматика казак-киргизского языка. ч. 1. Фонетика и этимология/Сост. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 1—7.

⁴ Жубанов Х. К. Из истории порядка слов в казахском предложении. Алма-Ата, 1936. *Соныкі*. Абай — қазақ әдебиетінің классигі.— Әдебиет майданы, 1934, № 11—12.

⁵ Малов С. Е. К истории казахского языка.— Известия АН СССР, ОЛЯ, 1941, № 3.

⁶ Сауранбаев Н. Т. Некоторые черты древнекыпчакского языка.— Вестник АН КазССР, 1948, № 12.

түбегейлі зерттеуге бет бұрыс 50-жылдардан басталады. Қазақ тілі тарихына арналған І. К. Кеңесбаевтың⁷, Н. Т. Сауранбаевтың⁸ мақалалары қазақ әдеби тілін дәуірлеу, жаңа сапалы қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы Абай мен Ыбырайдың ролі, әдеби тілге диалектілердің қарым-қатысы тәрізді мәселелерге арналса, Ғ. Ғ. Мұсабаевтың⁹, С. А. Аманжоловтың¹⁰ мақалаларында қазақ тілі тарихының көне дәуірі, яғни қазақ халқын құраған ру, тайпалардың тілі немесе әдеби тілдің диалектілік негізі сөз болады. Алайда бұл мақалаларда белгілі бір көне тілдің не жазба ескерткіштің қазақ тіліне қатысы көбіне жалпылай не бірер мысалдың негізінде сөз болады... Дегенмен аталған мақалалардың қазақ тілі тарихы жөніндегі кейінгі зерттеулерге, ізденулерге тұрткі болғандығын және дұрыс бағдар сілтегенін атап айтуымыз қажет.

Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында Тіл тарихы және диалектология бөлімінің құрылып, тіл тарихы бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуімен байланысты 60-жылдардан бастап тіл тарихы өз ішінен екі салаға бөлініп, қазақтың халықтық тілінің тарихы және әдеби тілінің тарихы жайында өз алдына зерттеулер жарық көре бастады. Сондықтан бұдан кейінгі шолуымызды бірыңғай әдеби тілдің тарихы жайындағы зерттеулерге, соның ішінде біздің сөз етіп отырған дәуіріміз — ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдеби тіл жайындағы зерттеулерге негіздемекепіз.

Жоғарыдағы мақала авторларының баршасы да жазба әдеби тіліміздің тарихын сөз еткенде, ХІХ ғасырдың екінші жартысын айрықша атайды да, бірі қа-

⁷ Кеңесбаев І. К. Развитие казахского литературного языка и письменности в советское время.— Вестник АН КазССР, 1950, № 2.

⁸ Сауранбаев Н. Т. К вопросу об образовании казахского языка.— В кн.: Доклады советской делегации на XXIII Международном конгрессе востоковедов. Секция Ирана, Армении и Средней Азии. М., 1954, с. 185—195.

⁹ Мусабоев Ғ. Ғ. Об изучении истории казахского языка...— Вестник АН КазССР, 1951, № 9 (78); *Его же*. О казахском литературном языке.— Казахстан, 1952, № 6.

¹⁰ Аманжолов С. А. Некоторые сведения о древних племенных диалектах казахского языка.— Известия АН КазССР. Серия истории, экономики, философии и права, 1954, вып. 1—2; *Его же*. О диалектной основе современного казахского литературного языка.— Известия АН КазССР. Серия истории, экономики, философии и права, 1955, вып. 3—4.

зіргі әдеби тіліміздің негізі сол дәуірде қаланды десе, бірі айтылған кезеңде Ыбырай, Абай негіздеген жаңа жазба әдеби тіл қалыптасты дегенді айтады.

Мәселен, Н. Т. Сауранбаев 1947 жылғы бір мақаласында: «Современный казахский литературный язык является результатом дальнейшего развития и совершенствования того письменно-литературного языка казахского народа, который возник во второй половине XIX века. Процесс складывания письменно-литературного языка казахов начался с того времени, когда выдающиеся казахские просветители глубоко осознали необходимость просвещения народа»¹¹, — деп жазса, М. Б. Балақаев: «Осы күнгі әдеби тілдің алғашқы әдебиеттік дәстүрі, алғашқы арнасы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Сол кезде әдеби тілдің іргесі қаланып, айқындалған болатын»¹², — деп көрсетеді. С. А. Аманжолов: «...Қазақтың әдеби тілінің бастама үлгісі жазба түрінде XIX ғасырдың екінші жартысынан ғана басталады дейміз. Ашық айтсақ, жазба әдебиетіміз ең алдымен XIX ғасырдың 80-жылдары «Ақмола хабары» (Акмоллинские ведомости) атты газет пен «Дала уәләті» (Киргизская степная газета) газетінен (1894 жылдан) бері қарай жарыққа шыға бастады»¹³ — дегенді айтады.

— Әдеби тіл тарихымен шұғылданып жүрген аға ғалымдарымыздың екінші тобы XIX ғасырдың екінші жартысынан бұрын да әдеби тіл болған дегенді негізге ала отырып: «После И. Алтынсарина и А. Кунанбаева этот народный литературный язык получил совершенно новое направление. Именно они создали новый этап в развитии и поставили его на правильные рельсы дальнейшего развития»¹⁴, — деп бұл дәуірде әдеби тіліміздің жаңа сапаға көтерілгендігіне көңіл аудартады.

Әрине, бұл пікірлер көп жағдайда жеткілікті деректерсіз айтылса да, олардың дөп басып, дұрыс айтылған

¹¹ Сауранбаев Н. Т. Қ историн казахского литературного языка. — Вестник АН КазССР, 1947, 12(33).

¹² Балақаев М. Әдеби тілдің дамуы туралы бірер сөз. — «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1958, № 1, 49-б.

¹³ Аманжолов С. Қазақтың әдеби тілі. Алматы, 1949, 2-б.

¹⁴ Кенесбаев С. К., Искаков А. И., Мусабаяев Г. Г., Сыздықова Р. Г. О нормах казахского литературного языка. — В кн.: Вопросы развития литературных языков народов СССР. Алма-Ата, 1964, с. 172.

пікірлер екендігін кейінгі кездегі зерттеулер дәлелдейді. Шындығында да, XIX ғасырдың екінші жартысы қазақ әдеби тілінің дамуындағы белгілі кезең болды. Оның себебі сол тұстағы тарихи әлеуметтік жағдаймен де байланысты еді. Қазақстан территориясының Россия мемлекетінің қол астына кіруінің толықтай аяқталуымен байланысты капитализм элементтерінің де қазақ жеріне кең таралуы, әкімшілік, мәдени өмірдегі сан алуан жаңалықтар, ұлттық сана-сезімнің оянуы, прогресшіл демократиялық ой-пікірдің таралуы, осының бәрі жиналып келгенде, қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қойды. Бұл тек бір ғана қазақ халқына тән емес, Россия қол астына қараған өзге де түркі халықтарына ортақ құбылыс болатын¹⁵. Сондықтан әдеби тіл тарихын зерттеушілердің алдында осы дәуірдегі әдеби тілдік процесті айқындау, Ыбырай, Абай шығармаларының тілін, сондай-ақ әдеби тілдің жай-жапсарын танытатын өзге де жазба нұсқалардың тілін зерттеу мәселесі тұрды. Бұл бағытта соңғы жылдары азды-көпті жұмыстар істелді. Монографиялық дәрежеде Абай, Ыбырай шығармаларының және «Дала үлэяті газетінің» тілі зерттелді¹⁶, сол дәуірдегі жазба ескерткіштер материалдары негізінде тарихи грамматиканың, лексиканың кейбір мәселелері сөз болды¹⁷. Бұл арада, сондай-ақ, осы дәуірдегі жазба ескерткіштер мен ағартушылардың тілі туралы жазылған өзге де мақалалар мен зерттеулерді¹⁸ көрсете кетуіміз қажет.

¹⁵ Ширалиев М. Ш. Об актуальных задачах азербайджанского языкознания. — Советская тюркология, 1975, № 3. Закиев М. З. О периодизации истории тюркских письменных литературных языков. — Советская тюркология, 1975, № 5. Шукуров Ш. Староузбекский и современный узбекский литературные языки/К вопросу о формировании узбекского национального литературного языка. — Советская тюркология, 1972, № 1 и др.

¹⁶ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968. Соныкі. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1971. Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971.

¹⁷ Қордабаев Т. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966. Исаев С. Становление и развитие языка казахской периодической печати. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1974; Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі/Октябрь алды және 20—30 жылдар. Алматы, 1968.

¹⁸ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы (университет пен педагогтық институттардың фи-

Дегенмен, қазақ әдеби тілі тарихының әлі тереңірек зерттеуді қажет етіп отырған мәселелері бірқыдыру. Жазба әдеби тіліміздің тарихын қай дәуірден бастаймыз? Оны қалай дәуірлеу керек? Ауызша әдеби тіл деген бар ма? Әдеби тілімізді танытатын негізгі нұсқалар қандай? Әдеби тілдің стильдік саралануы қай кезден басталады? Ақырында, әдеби тіл дегеніміздің өзі не? деген сұрақтар қазақ тіл білімінде әлі күнге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Әрине, біздің бұл зерттеуіміз жоғарыдағы саналған мәселелерді үзілді-кесілді шешіп беруге арналған жұмыс емес. Дегенмен, қолдарыңыздағы жұмыс қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы ең бір күрделі де қиын кезеңіне барлау жасауға арналғандықтан, жоғарыдағы сұрақтардың кейбіреулерінің дұрыс шешімін табуына өз септігін тигізуі мүмкін.

Белгілі бір кезеңдегі әдеби тілдің жай-күйін толық таныту үшін сол тұстағы жазба нұсқалардың барлығының, тым болмаса басты-бастыларының, тілі заманындағы әдеби тілге қатысы тұрғысынан зерттелуі, лексико-грамматикалық жағынан сипатталуы қажет.

Бұл сипаттама қазіргі нормативті грамматикаларда кездесетін барлық категориялардың жазба ескерткіштерде бар-жоғын санап шығу мақсатын көздемейді, қазіргі әдеби тіліміз тұрғысынан алғанда және ол кезге дейінгі жазба тілге қарағанда ерекшелік делінетін формалар сұрыпталып алынып, олардың жазбаларда қолданылу себептері мен қай тілден ауысқаны сөз болады. Сондай-ақ ескерткіштер лексикасының негізгі қабаттары, даму тенденциялары мен тақырыптық топтарына талдау жасалынады.

«Лингвист, занимающийся историей литературного языка,— деп жазады Б. А. Серебренников,— не может использовать данный памятник, не установив его кон-

дология факультеттеріне арналған оқу құралы). Алматы, 1968. *Кенесбаев С. К.* Абай — основоположник казахского литературного языка.— Советский Казахстан, 1955, № 9. *Ысқақов А., Сыздықова Р.* Абай және қазақ әдеби тілі.— Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1971, № 5. *Құрышжанов Ә.* «Кітаби тіл» материалдарынан:— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-басылуы. Алматы, 1960. *Өмірәлиев Қ.* XV—XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. Алматы, 1976. *Жұбанов Е.* Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978. *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. Алматы, 1973, т. 6.

кретной языковой принадлежности»¹⁹. Осы мақсатпен біз ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақша баспа нұсқаларды жинап, қолдарыңыздағы кітапта олардың тілдік ерекшеліктері жайында қысқаша ғылыми талдау береміз. Аталған жазба ескерткіштердің бас-басына сипаттама берудің қажеттігі мынада: бұрын қазақ тіл білімінде бұл нұсқалар әдеби тіл объектісі ретінде қаралып, олардың тілі жеке-жеке талданған емес. Тіпті бұл ескерткіштердің кейбірін «кітаби тілде жазылды» не «татар тілінде жазылды» деген желеумен қазақ әдеби тілін танытатын нұсқаларға жатқызу, жатқызбаудың өзі талас туғызып келгені мәлім. Сондықтан аталған материалдарды қазақ әдеби тілі ескерткіші ретінде сипаттауға мәжбүр болдық.

Түркологияда әдеби тіл тарихына байланысты зерттеулер көп болғанымен, түркі әдеби тілдерінің белгілі бір дәуірдегі болмысын нақтылы жазба ескерткіштердің тілін зерттей отырып сөз ететін еңбектер өте аз екенін көреміз. Түркі әдеби тілдерінің тарихы бойынша жарияланған еңбектердің дені әдеби тілдің қалыптасуынан бастап осы кезге дейінгі даму жайын байқататын очерк сипаттағы кітаптар болып келеді²⁰.

А. Н. Кононовтың түркологтардың советтік комитетінің 1980 жылғы VI пленарлық мәжілісінде жасаған баяндамасындағы: «Хотя история формирования тюркских национальных языков находится в поле зрения советских тюркологов, однако и в этой области сделано пока немного»²¹ — дегені осы жоғарыдағы олқылықты аңғартқаны деп түсінуіміз қажет сияқты. Сондықтан аталған жұмысты жазу үстінде бізге орыс тіл біліміндегі осы сипаттас кейбір еңбектерді үлгі тұтуға тура келді. Акад. С. П. Обнорскийдің «Очерки по истории

¹⁹ *Серебренников Б. А.* Методы изучения истории языков, применяемые в индоевропеистике и в тюркологии. — В кн.: Методы изучения истории тюркских языков. Ашхабад, 1961, с. 213.

²⁰ *Хаков В. X.* Татар әдеби теле тарихы буенча очеркалар. Казан, 1965. *Иачыјев Т.* XX әсрин әввәләринде азәрбајчан әдеби дили. Бақы, 1977. *Джангиров М.* Образование азербайджанского литературного языка. Баку, 1978. *Боргояков М. И.* Проблема формирования и развития хакасского языка. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1978. *Сат Ш. Ч.* Формирование и развитие тувинского национального литературного языка. Кызыл, 1973. *Хамийдов Х.* Карақалпақ тили тарихының очерклері. Нукус, 1974, т. 6.

²¹ *Кононов А. Н.* Актуальные проблемы тюркского языкознания в СССР.— Советская тюркология, 1980, № 2, с. 94.

русского литературного языка»²² деген еңбегінде автор орыс әдеби тілінің көне дәуірі ескерткіштері ретінде «Русская правда», «Моление Данила Заточника», «Слово о полку Игореве» және Вл. Мономах шығармаларын алады да, солардың тілдік ерекшеліктерін жеке-жеке талдап, жалпы қорытынды шығарады. Ал Л. А. Булаховскийдің «Русский литературный язык первой половины XIX века»²³ деген еңбегінде жазба ескерткіштер әдебиеттің әрбір жанры бойынша қарастырылып, соған сай олардың стильдік, тілдік ерекшеліктері ашылады.

Жалпы түркі тілдерінің тарихы бойынша зерттеулерде байқалатын бір жағдай — тарихи грамматика мен әдеби тіл тарихының объектілерін дәл айқындап алмаушылық. Бұл орайда М. Ш. Ширалиевтің мына бір ескертпесі өте орынды айтылған.

«Нередко история литературного языка (описание фонетики, грамматики и лексики литературного языка определенного периода), — деп жазады М. Ш. Ширалиев, — не отграничивается от исторической грамматики. Между тем предметом исторической грамматики является историческое развитие грамматического строя языка, а предметом истории литературного языка — процесс формирования и развития функциональных стилей литературного языка в отдельные периоды»²⁴. Әдеби тіл тарихына арналған зерттеулердің мақсаты мен міндетін Б. А. Серебренников одан әрі дәлдей түседі. Оның пікірінше, жалпы тіл тарихына қарағанда, әдеби тіл тарихы тілдің тарихын зерттеуді белгілі бір ыңғайда қарастыруды көздейді. Оның міндеті — әдеби тілдің стильдері мен нормаларының қалыптасу тарихына, оның жекелеген формалары мен синтаксистік құрылымының, сондай-ақ лексикасының даму процесіне барлау жасау. Әдеби тіл тарихын зерттеуші тілші-ғалымдардың айналысатыны, ең алдымен, жазушылар мен ақындардың шығармалары, жазба ескерткіштер. Ал тарихи фонетикамен, қазіргі формалардың түпкі негізін қалпына кел-

²² Обнорский С. П. Очерк по истории русского литературного языка. М.; Л., 1946.

²³ Булаховский Л. А. Русский литературный язык первой половины XIX века. Киев, 1957.

²⁴ Ширалиев М. Об актуальных задачах азербайджанского языкознания. — Советская тюркология, 1975, № 3.

тірумен шұғылдану оның міндетіне кірмейді²⁵. Жоғарыда сөз болған жағдай, яғни тарихи грамматика мен әдеби тіл тарихының объектілерін араластырып алу фактісі біздің жұмысымызда да белгілі дәрежеде орын алуы мүмкін. Дегенмен біз өз еңбегімізде, ең алдымен, әдеби тілге жататын жазба нұсқаларды айқындап, оларға тән тілдік ерекшеліктерге қысқаша тоқталамыз. Солардың негізінде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдеби тілдің лексикасына, орфографиялық жүйесі мен грамматикалық құрылысына жалпылама сипаттама беруге тырыстық. Біз өз зерттеуімізге негіз етіп 50 шақты жазба нұсқаларды алып қарастырдық. Олардың ішінде «қисса» деп аталатын көркем әдебиет үлгілері, қазақша газеттер, әр түрлі ғылым саласынан хабар беретін ғылыми-көпшілік кітапшалар мен ресми іс қағаздары үлгілері бар. Бұлардың ішінде Ыбырай мен Абай шығармаларының тілі арнайы қаралмайды. Өйткені олар туралы жоғарыда сөз болған монографиялық зерттеулер бар. Реті келген жерде ол еңбектерге сілтеме жасап отырамыз не қажетті жерінде Ыбырай мен Абай шығармаларынан мысалдар да келтіреміз. Сондай-ақ бұл жұмыста Ыбырайдың бұрын тілдік ерекшеліктері сөз болмаған «Шарнат-ул ислам» атты еңбегі мен өз кезінде оны құрастыруға Абайдың қатысы болған «Қарамола съезінде жасалмыш ереже» атты документтің тіліне сипаттама беріледі.

Бұл жұмыстың атынан кейін жақша ішіне «Баспа нұсқалар тілі негізінде» деуіміздің белгілі себебі бар, өйткені біз мұнда қолжазба материалдарды көп пайдаланған жоқпыз. Тек Ыбырайдың қолжазба газеті мен Ильминскийдің, Ыбырайдың хаттары белгілі бір стильге жататын қазақша нұсқаларды толықтыру мақсатында ғана алынды.

Сөз жоқ, баспадан шыққан әдебиет қолжазбаға қарағанда, өз кезіндегі әдеби тіл нормасын қатаңырақ сақтайды және оқушыларының көптігі салдарынан әдеби тілді қалыптастыруда көбірек қызмет етеді.

Әдеби тіл тарихы әңгіме болғанда, оны танытатын нұсқалардың стильдік саралану жағдайын сөз етпей кету мүмкін емес. Өйткені, Э. Р. Тенишев дұрыс көр-

²⁵ *Серебренников Б. А. Методы изучения истории языков, применяемые в индоевропеистике и в тюркологии.* — В кн.: *Методы изучения тюркских языков.* Ашхабад, 1961, с. 213.

сеткендей: «История литературного языка — это история формирования его норм и стилей, воплощенных в художественных произведениях, в прессе и устной речи образованного населения»²⁶.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі қазақша жазбаларда әдеби тілдің ресми-эпистолярлық стилі ғана кең дамығаны мәлім. Ғылыми-көпшілік әдебиеттің алғашқы нышаны ретінде «Шежіре» аталатын жазбалардың да некен-саяқ болғанын жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан жаңа жазба әдеби тілді қалыптастырумен байланысты онда бұрын болмаған стильдердің де алғашқы үлгілерін жасау қажет болды. Міне, осы дәуірде көркем әдебиеттің проза жанры, публицистикалық стиль жаңадан пайда болды, ғылыми-көпшілік әдебиет стилі мен ресми іс қағаздар стилі одан әрі жетілді. Осы аталған стильдердің қалыптасуында орыс әдеби тілінің орны ерекше еді, өйткені алғашқы прозалық шығармалардың дені ғылыми-көпшілік әдебиет және газет материалдары орыс тілінен аударылды немесе орыс тілі әсерімен жазылды.

Бұл кезеңде әдеби тіл стильдері дәл қазіргідей дараланып сараланбаған, тек олардың алғашқы элементтері ғана көріне бастаған еді. Мәселен, газет бетінде саяси-қоғамдық публицистика қалыптаса бастады, ол, көбінесе, газет көтерген мәселелермен тығыз байланысты еді. Олар — қазақ халқының экономика және мәдениет жағынан артта қалуы, оқу-білімнің қажеттілігі, әйелдердің правосыздығы және қазақтың кейбір ескірген әдет-ғұрыптарының зияндылығы, т. б. еді. Осыларды оқымаған көпшіліктің санасына тез және әсерлі етіп жеткізу мақсатында авторлар қазақтың мақал-мәтелдерін, бейнелі сөздерін жиі пайдаланған. Мысалы: «Қазақтар жай қара жұмысты қара қасқа кедейдің жұмысы деп ойлайды», «Білімдінің беті — жарық, білімсіздің беті — көн шарық», «Қылышын сүйретіп қыс келді», «Съезде қандай түзулік болсын, болыс — бөлтірік, би — қарға болған соң», «Қазақ әйелдері ықтияры жоқ бір... жансыз нәрседей дүр», т. б.

Ғылыми стильге тән баяндау үлгісі де кездеседі. Мұнда сөйлемдер ықшам, түсінікті болып құрылып, он-

²⁶ Тенишев Э. Р. О построении истории народно-разговорного и литературного языков. — В кн.: Тюркологические исследования. М., 1976, с. 230.

дағы сөздер қарапайым, өздерінің негізгі, тура мағынасында қолданылады. Бұл стильге жататын материалдарда ғылыми-техникалық терминдер орысша күйінде алынып, қазақша түсінік беріліп отырады. Мәселен, «магнит яғни темірді тартып алатұғын тас», «компас немесе сартша құбыланама», «мужской гимназия яғни еркек балалар оқитұғын медресе», «метеорит (көктен түскен тас)», «телеграф яғни сым темір» тәрізді болып келеді.

Ресми іс қағаздары стиліне жататын материалдар, негізінен, патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің бұйрық-жарлығынан тұрады. Осыған орай бұл стильдегі документтердің өзіне тән белгілі стандартты сөздері мен сөз тіркестері бар. Бұған «білдіруі бойынша», «төмендегі аталмыш», «бұйрық етемін», «сол тақырыпты», «мұның хұсысында», «мәлім қыламын» сияқты сөз оралымдарын келтіруге болады. Бұл дәуірдегі ресми материалдардың тілі мен стилінің оған дейінгі хан жарлықтары мен сұлтандардың қатынас қағаздарына қарағанда, тілінің едәуір «қазақшаланып», стилінің бір ізге түсе бастағанын көреміз.

Көркем әдебиет стилінің дамуы әңгіме болғанда, қисса деп аталатын әдебиеттермен қатар, газет беттерінде көркем әңгіме, аңыз, ертегі жанрларының жазба түрінің дамығандығын, бұл тұрғыда орыс тілінен аударылған көркем әдебиеттің үлкен роль атқарғанын айтуымыз керек.

Осы стильдік қолданыстардың ерекшелігіне қарай біз баспа (жазба) нұсқаларды 4 түрлі стильдік ыңғайда (көркем әдебиет стиліне жататын нұсқалар, публицистикалық стильге тән материалдар, ғылыми-көпшілік әдебиеттер және ресми іс қағаздары мен эпистолярлық стиль үлгілері) қарастырдық.

Бірақ бұдан, жоғарыда ескерткеніміздей, дәл бұл тұста аталған стильдер қалыптасып болған екен деген ой тумасқа керек. Кейде белгілі бір стильге тән сөз оралымдарын екінші стильде де пайдалана беру фактілері кездесіп қалып отырады. Сондықтан біз бұл кітапта стильдердің саралануына арнап тақырып бергеніміз жок.

Бұл дәуірдегі жазба ескерткіштер бұрын арнайы зерттелмегендіктен, олардың тілін әр түрлі саққа жүгіртіп, бірде «кітаби тілде», бірде «шағатай тілінде» жа-

зылды деген пікірлер айтылып келгені белгілі. Біз өз жұмысымызда осы пікірлерге де тоқталып, оларға өз көзқарасымызды білдіреміз, осымен байланысты қазақ әдеби тілімізді дәуірлеуде де бұрынғы пікірлерге сүйене отырып, өз толықтыруымызды қосамыз.

Біз қарастырған нұсқалардың көпшілігі араб графикасымен басылғандықтан, одан алынған мысалдарды қазіргі алфавитіміздің негізінде ықшамдалған (упрошенная) транскрипциямен беруге тырыстық, орыс графикасымен басылған материалдардан алынған мысалдар көп жағдайда өзгертілмей алынды. Араб жазулы ескерткіштердің орфографиясы әңгіме болған тұстарда жеке сөздердің арабша жазылу нұсқасы сақталды, бірақ белгілі себептерге байланысты бұл принципті кітаптың өн бойында қолдана алмадық.

Әрине, көлемі шағын ғана бір еңбекте ХІХ ғасырдағы қазақ жазба әдеби тілінің тарихына қатысты барлық мәселелерді шешіп бердік деп айта алмаймыз және ондай мақсатты алдымызға қойған жоқпыз. Бұл жұмыс сол кезеңдегі қазақ әдеби тілі тарихына жасалған барлаулардың бірі болмақ. Сондықтан осы еңбек туралы пікір айтқан адамдарға алдын ала рахметімізді айтып, ой салар ұсыныстарын ілтипатпен қабыл аламыз.

Жұмысты баспаға ұсыну мақсатындағы талқылау кезеңінде бастан-аяқ оқып, орынды ескертпелер жасаған Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі І. Қ. Кеңесбаевқа, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері М. Б. Балақаев, А. Ы. Ысқақов, Р. Ғ. Сыздықоваларға, филология ғылымының кандидатары Е. Жұбанов, Ә. Ибатов, Қ. Өмірәлиевтерге өзімнің шын ризашылығымды білдіремін.

I бөлім

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ

I Т А Р А У

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілердің көпшілігі шығармаларының өз авторлығын сақтап бізге жетуіне қарай қазақ әдебиеті тарихын Бұхар Қалқаманұлынан бастайды¹. Әрине, бұдан Бұхарға дейін қазақ ақын-жыраулары болмаған екен деген ой тумаса керек, олар, сөз жоқ, болған, бірақ олардың шығармалары бізге өз аттарынан толық жетпеген. Мұның басты себебі қазақ халқының көшпенді өмір кешуіне байланысты көпшілігінің сауатсыз болуынан және көркем шығарманы көшіріп тарату және оны сақтау дәстүрінің болмауынан еді. Тіпті арғы дәуірді былай қойғанда, берегіректе, XIX ғасырда өмір сүрген Махамбет поэзиясының өзі халық арасына ауызша таралып, бізге ауызша жеткені мәлім.

Ал қазақ ақын-жазушыларының шығармаларының, яғни көркем әдебиет үлгілерінің баспа жүзінде жарық көруіне келсек, ол XIX ғасырдың екінші жартысына тіреледі. Бұл тұста, ең алдымен, қисса аталатын шығармалардың басылып, халық арасына кең тарап, соның әсерінен өз шығармаларын, халық ауыз әдебиет үлгілерін бастыруға талаптанушылардың көбейгенін айтуымыз керек. Бұл жұмыста алғаш жол көрсетіп, мұрындық болған Н. И. Ильминский, В. В. Радлов секілді отандық түркологтарды айрықша атауымыз керек. Қазақ кітаптарының тарихын сөз еткен тарихшы Ә. Жиреншин қазақ тіліндегі алғашқы қисса деп 1807 жылы Қазанда

¹ Дюсенбаев И. Т. Проблемы изучения истории казахской литературы дореволюционного периода (XVIII, XIX и начало XX в.). Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1966.

жарық көрген «Сейфүлмүлік» қиссасын атайды². Біздіңше, бұл қиссаны қазақ тілінде деудің ешбір негізі жоқ. Біріншіден, татар зерттеушісі А. Каримуллин бұның татар тілінде шыққан алғашқы кітап екендігін көрсетеді³. Сондықтан арнайы баспа орны бар татар тілінде алғашқы қисса өткен ғасырдың бас кезінде жарық көрген болса, қазақ тілінде одан бұрын не қатар шықты деу шындыққа төтеп бере алмайды. Екіншіден Ә. Жиреншиннің көрсетуі бойынша, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ тілінде басқа бірде-бір қисса жарық көрмеген. Бұған қарағанда, 1807 жылы шыққан «Сейфүлмүлікті» қазақтыкі деуіміз ұшқарырақ пікір тәрізді. Біздіңше, аталған қисса түркі әдеби тілінде жазылған, оның не мазмұнында, не кейіпкерлерінің мінездерінде белгілі халыққа тән ұлттық ерекшеліктерді кездестіру қиын. Сондықтан ол — көптеген түркі тілдес халықтарға ортақ дүние.

Қазақ тілінде басылып шыққан алғашқы кітап деп 1862 жылы Қазанда Н. И. Ильминский бастырған «Ер Тарғын» жырын айтуымыз керек. Міне, осы кезден бастап қисса деген атпен шығыс әдебиетіндегі дін, махаббат, азаматтық тақырыптарға арналған поэма, дастандардың сюжетіне құрылған және қазақ ауыз әдебиеті шығармаларын қайта жырлаған өлең кітаптар көптеп басылып шыға бастады. Өте сирек болса да, қазақ ақындарының өлеңдері жеке кітап болып басылып шықты. XIX ғасырдың екінші жартысында баспа бетін көрген шығармалардың қатарына Шортанбай Қанайұлының «Бала зары» мен Дулат Бабатайұлының «Өсиетнамасын» жатқызуға болады.

Әрине, Дулат, Шортанбай сықылды ақындардың баспа бетін көрген өлеңдерінде қиссалардағыдай белгілі сюжетті оқиға; тартымды композиция жоқ, олар — көбіне-көп заман, өмірдің заңдылықтары туралы толғау, кейінгіге айтар өсиет, насихат сөздер. Дегенмен, олардың тілін біз қиссалық әдебиетпен бірге қарадық. Оған себеп болған — олардың «қисса» деген атпен басылуында ғана емес (ол тұста көркем әдебиеттің жазбаша тараған басқа түрі болған емес), тілдік жағынан қиссалармен өте жақындығы. Өйткені екеуі де бір дәуірдің жемісі, бір кезеңнің жазбаша тіл үлгісі. Қисса-

² Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. Алматы, 1971.

³ Каримуллин А. Г. У истоков татарской книги. Казань, 1971.

лардағы оқиға ерте замандарда өткен жайт бола тұрса да, оны жырлаушылар XIX ғасыр ақындары болғандықтан, олардың сол өз заманының тіл өрнегін пайдаланатыны белгілі.

1. Қисса аталатын әдебиеттің пайда болуы. Олардың негізгі тақырыптық топтары мен тілдік ерекшеліктері

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақша баспа нұсқалардың ішіндегі ең қомақтысы — қисса аталатын әдебиет.

Қисса — арабтың әңгіме, тарих деген сөзі. Түркі халықтары тілінде қиссалық әдебиеттің пайда болуы да тікелей араб әдебиетінің әсерінен десек, қателеспейміз. Өйткені түркі жазбаларында «қисса» деген сөзді алғаш рет XIV ғасырдағы Рабғузидің «Қиссасұл анбия» («Әулиелер тарихы») кітабының атынан кездестіреміз. Бұдан кейінгі қиссалардың аты да араб грамматикасы заңдылығымен «Қисса-и...» болып келеді. Алғашқы қиссалардың мазмұнының, негізінен, мұсылман дінін уағыздайтын ертегі, әңгімелермен шектелуінің себебі де сондықтан. Кейін махаббат, ерлік тақырыптарын жыр еткен қиссалар шыға бастаса да, олардың бірқатарының негізгі мазмұны ислам дінінің «кереметтерін» насихаттауға арналатын.

Қисса араб сөзі болғанымен, ертедегі араб әдебиетінде ондай әдеби жанр болмаған тәрізді⁴. Бұл жанр, керісінше, түркі халықтары әдебиетінде кең тараған. Қазақтың ауыз әдебиетінде жыр, өлең, толғау сияқты жанр түрлері әріден келе жатса да, қисса аталған әдебиет XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған. О баста шығыс әдебиеті сюжетіне құрылған көлемді, уақиғалы шығармаларды қисса деп атаса, кейін бұл термин талғаусыз, әйтеуір баспа бетін көрген, өлеңмен жазылған дүниелердің бәріне де қосыла берген тәрізді. Дегенмен қисса термині о бастағы мағынасына сай, «әңгіме, тарих» деген ыңғайда көбірек қолданылған.

Қиссаларда жиі кездесетін мына бір жағдайға көңіл аударалық.

«Бозжігіт» қиссасында не «Қыз Жібек» жырында оқиғаны 7—8 буынды жыр немесе 11 буынды қара өлең

⁴ Ханна аль-Фахури. История арабской литературы. М., 1959.

ұйқасымен баяндап келе жатады да, автор «Әлқисса...» деп бастап, қара сөзбен сол айтқанын түсіндіруге, не келесі бір оқиғаны жалғастыруға көшеді. Кейбір қиссаларда оқиға желісі 11 буынды қара өлеңмен беріледі де, ара-арасында «пәленшенің айтқан мінәжаты (бәйіті, шығыры, толғауы)» деп 7—8 буынды жыр жолдарын келтіреді. Бұған қарағанда, қиссада жыр да, өлең де араласып келіп отырады. Проф. З. Ахметов өз зерттеулерінде былай деп көрсетеді:

«Семи-восьмисложник — жыр господствует в основном в народной эпической поэзии, а одиннадцатисложный размер — в сюжетных поэмах более позднего времени (вторая половина XIX века). В эпосе («Алпамыс», «Кыз-Жибек», «Камбар») нередко семи-восьмисложные стихи сочетаются с более длинным одиннадцатисложным размером»⁵.

Бұл туралы проф. Қ. Жұбанов былай деген болатын: «Біздің батыр эпостарымыздың бәрінде де қара сөзге өлең аралас келеді. «Қозы Көрпеш...», «Шора», «Алпамыс» т. б. жырларды қара сөзбен әңгімелеп айтып келеді де, ара-арасындағы бір лирикалық моменттерді өлеңдетіп жібереді... Жыр формалы ертегінің бәрі де алғашқы әзірде қағазға жазылып, қағаздан оқылған, немесе қарадай айтылған нәрселер емес, жыршы жырлай отырып, әңгімесін айта, инструментке оңай әнді шырқай отырып айтылған сюжетті поэзия...»

Сонда, қисса дегеніміз — көлемді, сюжетті шығарма. Оның қара сөзбен де, өлеңмен де жазылуы мүмкін, бірақ қазақ топырағында туған қиссалардың барлығы да дерлік өлеңмен жырланған.

Бұған дейінгі басылып шыққан түркі әдеби тіліндегі қиссалар да қазақ арасына кең тарады, қазақтар оны да оқи алды және мәдени қажетіне жаратып отырды. Бірақ біздің сөз етер объектіміз — «қазақша» делініп, қазақ оқушыларына арналып шығарылған туындылар.

«Қисса» деген атпен қазақ тілінде шығыс әдебиетіндегі белгілі сюжетке құрылған фантастикалық, лирикалық поэмалар, ислам дінінің бес парызын насихаттайтын насихатнамалар, хажыға барғандардың жолжазбалары, өлген адамдарды мадақтайтын арнау өлеңдер,

⁵ Ахметов З. О языке казахской поэзии. Алма-Ата, 1970, с. 58.

⁶ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 319-б.

әр түрлі медициналық, ветеринарлық тақырыпқа жазылған кеңестер де жарық көреді. Негізінен, XIX ғасырдың 70—80 жылдарынан басталатын бұл еңбектер Октябрь революциясына дейін біршама етек алып, кен жайылды. Тек қана XIX ғасырдың аяғына дейінгі 20—30 жылдарда, Қазақ ССР ҒА орталық кітапханасының библиографиялық көрсеткіші бойынша, қазақ тілінде 100-ден астам атпен қисса-хикаялар жарық көріпті⁷. Бұлардың тиражы бізге мәлім емес, алайда кейбір қиссалардың, әсіресе қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінің, сол жылдар ішінде 5-тен 10 ретке дейін басылып тарағанын ескерсек, бұл әдебиетке халықтың қаншалық құштар болғанын айқын көруге болады. Әрине, халықтың қиссаға деген құштарлығын пайдаланып, не сюжеттік мәні жоқ, не өлеңдік қасиеті жоқ көр-жерді қисса етіп жазып, табыс таппақшы болған адамдардың да болғаны байқалады. Қисса жазудың әлдекімдерге қаншалық оңай кәсіп болғанын павлодарлық Ғали Махмұтұлы дегеннің мына сөзінен көруге болады.

«...Жай тұрғанча бір қисса болсұн деп
Егіз баланы деб қисса қылыб йаза салам».

«Павлодар шаһарында саудамыз бар
Керек болса алуға кітаб таяр
Қолыңызға алдұрыб табырармыз
Сомына игірма ттын берсең задатқа»
(«Қисса-и Егіз бала, Көп кеңеш»,
Қазан, 1897, 29-бет).

Бұл қиссаның қысқаша мазмұны мынадай. Садиық деген бай адам балықпен сауда жасайды, дүние-мүлкі көп болса да, бір балаға зар екен. Бір күні әйелі түсінде егіз бала көреді. Ертеңгісін дарияға ау салса, құмыра ілінеді. Ішін ашса, бір ұл, бір қыз бала екен. Бұл балалар Таупиық деген байдың тоқалынан туған, оның бәйбішесі қызғанышпен әдейі суға тастаттырған балалар екен. «Тоқалың жылан туды» деп, Таупиыққа тоқалды қуғызады. Ол әйел қаңғып жүріп бір қойшыға тап болып, сонда тұрып қала береді.

Ал қиссаның «Көп кеңеш» деп аталатын екінші бөлегі әркімге құрғақ ақыл айтуға арналған. Бос жүрме, дін біл, намаз оқы, дүниешілікке берілме деген сияқты таныс жайлар. Бәйбішеге «етті көп ас, байың

⁷ Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. 1807—1917/Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш. Алматы, 1978.

тоқал алам десе, ұрыспа» деген сияқты да «ақылдар» айтады. Аталған қиссаның іліп алар не ғибраттық, не өлеңдік қасиеті жоқ, белгілі сюжет, жауыр болған насихат сөздер.

«Қисса-и Әдеблі бала» деп аталған 15 беттік кітапшада да (Қазан, 1897) ешбір сюжет жоқ, тек құрғақ ақыл айту. Өлең жолдарының түрі былайша болып келеді.

«Балалар таңертен жұқудан тұрұн
Үлкенлер мынан бірге тұрұн
Көб жұқлаб дүннада йалқау болман
Әдеб мынан оқу сабақ йахшылаб» (5-бет).

Көбіне-көп мұндай қиссасымақтар Кашафуддин Шаһмарданұғлының қаламынан туған. Оның «Берің зекет кітабы» (Қазан, 1898), «Қисса-и Ғажам екеуі жолдас болған» (Қазан, 1898), «Мақұлат» (Қазан, 1897) сияқты кітапшаларында не тіл үйіреп мазмұн, не өлеңдік қасиет жоқ, өзі айтқандай «пайда табу» үшін жазылған дүниелер тәрізді. Оған көз жеткізу үшін мына төмендегі үзіндіні келтіре кетейік.

«Қарасам кітаблары біздің тілде
Емес екен көбінесе басқа тілде
Байқасам көб кісілер пайда табмай
Шоңар көре Қашафуддин текке жатпай
Ойлады сулуки айдаларны
Қылады шоның үчүн тәржімаларны...»
(«Мақұлат», 2-бет).

Сол тұста қазақ арасында қайтыс болған адамдарды есте қалдыру мақсатында оған арнап кітап шығару дәстүрі де болған. Әдетте ондай кітапшалардың бас жағында арналған адам туралы мадақтау болады да, кейінгі жағына белгілі бір сюжетке құрастырылған қиссаны тіркей салады. Мәселен, «Қисса-и Серғазы» (Қазан, 1899), «Қисса-и Өндірбай хажы ал-харамин» (Қазан, 1900) — осындай дүниелер.

Әрине, бақытымызға қарай, мұндай қиссалар көп емес. Бұларға қарап, қисса атаулы әдебиетке баға беруге не оларды қазақ әдебиеті тарихынан шығарып тастауға әсте болмайды. Филология ғылымының докторы М. Бөжеевтің «Қиссалардың бәрі бірдей көркемдік нәрі жоқ, қазақ әдебиетінің өсуіне, қалыптасуына септігін тигізбеген, оқушыларын көркемдік сезімге баулымаған,

тек қисынсыз уақиғалар жиынтығы емес. Олардың ішінде өз заманының шындығын белгілі дәрежеде көрсете білген, шығыс әдебиеті үлгілерімен таныстырған құнды туындылар баршылық»⁸ — деуі орынды айтылған сөз.

Осы арада белгілі қазақ жазушысы Бауыржан Момышұлының өмірбаяндық туындысындағы қиссалар туралы мына бір сөзін келтіре кету артық болмас. «Хиссалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жіберетіндей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам»⁹ — деп жазады. Қазақ әдебиетіндегі қиссалардың ролін сөз ете келіп, проф. Қ. Жұмалиев:

«Шығыс классиктерінің махаббатты жыр еткен поэмалары ХІХ ғасырда өмір сүрген қазақ ақындарына белгілі дәрежеде әсерін тигізді. Кейбірін ерікті түрде аударса, кейбіреулерінің тақырыбын, сюжетін алып, өздерінше поэма етіп шығарды. ...Қазақ әдебиетінің бұл саласы кең шолып, терең зерттеуді қажет етеді»¹⁰ — деп көрсетті.

Сөз жоқ, қиссалық әдебиет «Қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен молықтыру ісіне себін тигізді»¹¹.

Сондай-ақ, қиссалардың қазақ әдеби тілін дамытуда да қосқан белгілі үлесі болғаны даусыз. Алайда, қиссалар тілі лингвистикалық тұрғыдан арнайы зерттелмегендіктен, ол жөнінде ертеректе ұшқарылау айтылып қалған пікірлер көп. Қиссалардың тілі туралы алғашқы пікірлерді біз «Түркстан уәләятінің газеті» (1870—1883) бетінен кездестіреміз. Газеттің 1876 жылғы 29-номерінде Қазанда басылған «Қожа Ғафан уәһәм Сәдуақас» деген қиссаның тілі сөз болады. Бұл кітаптың «қазақша делінгенімен, сөзінің көбі ноғайша» екені айтылып, мысалдар келтіріледі. «Тал» деп жаза-

⁸ Бөжеев М. Кисса-хикаялар.— Жұлдыз, 1972, № 2.

⁹ Момышұлы Б. Ұшқан ұям.— Жұлдыз, 1973, № 9.

¹⁰ Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. Алматы, 1960, 13-б.

¹¹ Қазақ әдебиетінің тарихы (1-кітап). Алматы, 1961, 537-б.

тұғын жерге «дал» деп, «молда» дегеннің орнына «молла» деп, «депті» дегенге «тебді» деп жазылған. Немесе «Басыра деген шаһарда жамағатлар Бір үлкен дәулетлі бай болған екенләр» деп қазақ айтпайды — деп көрсетеді автор. «Тегі қазақ тілінде жазылғаны рас, көшіргенде бір ноғайдың қолына түсіп, со ноғай бұзып, ноғайша қылып жазып шығарған деп ойлаймыз. Ноғай болғанда да Қазан ноғайының тіліне ұқсамайды, Тобыл ноғайының тіліне келіңкірейді» деп қорытады.

«Дала уәләятінің газетіндегі» «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты сөз» деген мақаласында А. Құрманбаев қазақ әдеби тілін дамытудағы Ыбырай Алтынсариннің ролін көрсете келіп, одан бұрынғы шыққан қиссалардың тілі туралы төмендегі пікірді айтады.

«Қырдағы айтатұғын өлеңдер һәм қазақлардың мейлүнче көңілін салыб оқитұғын (мысалы «Сал-сал», «Зарқұм» һәм ғайры өзге) қиссаларды болар-болмас қазақ сөзін білетұғын ноғай жартысын қазақ сөзіменен һәм жартысын ноғай сөзіменен жазғанлар һәм бұларды жоғарғы айтылған Алтұнсариннің жазыб чығарған кітабдарының сөзлеріменен салыстырыб қарағанда қазақдың тілін мазақ қылыб жазғанға ұқсас болыб көрінеді. Бұлардың сөзлері қазақдың тілі менен өлең-жырларының үлгісі емес ләкин не болса соған инанатұғын аңқау қазақдың қалтасындағы ақчасын алдаб алмаққа бекерден бекер ойлаб чығарған амалчыл ноғайлардың сөзлері...»¹².

Шындығында да, бұл аталған қиссалардың мазмұнынан да, өлеңдік құрылысынан да қазақ табиғатына тән ешнәрсе көре алмаймыз. Тек лексикасы ғана қазақша, бірақ орфографиясы мен грамматикалық құрылысында түркі әдеби тілінің әсері күшті. Мысалы «Зарқұм» қиссасынан (Қазан, 1889) мына бір-екі үзіндіні алайық.

«Аларға осылай сөз айтыб салды
Пайғамбар мұны ешіткеш хайран қалды
Йазудан ғайыры нәрсе һеч болмас деб
Кемесіне кәфірінің мініб алды» (6-бет),
Оқыб намаз олтырды дарат алыб
Дарияның зорлығына таңқа қалыб... (5-бет).
Біреуі жек жекке барсын дейді
Кедеймен соғұсұсын салсын дейді (12-бет).

¹² Дала уәләятінің газеті, 1894, № 27.

Әрине, бұл қиссалардың авторлары көрсетілмеген, бірақ та олардың қазақ еместігі байқалады. Курсивпен терілген формалар мен сөз тіркестерін қазақ тіліне тән деу қиын.

Қазақтың белгілі ақыны С. Торайғыров «Айқап» журналы беттеріндегі мақалаларында өз тұсындағы өлең, қиссаларды сынап келіп, «Ертеректегі шыққан қазақ отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірдері қанып, кеңкілдей түсіп, шұлғысып, мүлгісіп тыңдайтыны, қолдан-қолға түсірмей, құлқынын құртып құмартып оқитын кітабдары «Зарқұм», «Сал-сал», «Алфамыш» тағы солар секілді қырды-жойды, қиратды, жеті бас, айдақар, пері қызы, жалмауыз кемпір, дәу дегендей ұшы-қиыры жоқ түпсіз өтірік, қисынсыз хикаяттар еді...» — деп олардың мазмұны мен сюжеттік желісіндегі кемшіліктерді көрсетсе, «қайта бұрынғылар «хикаят» болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен, өзін сүйіндіруші еді...» — деп олардың көңіл аударар жақтарын да көрсетіп өтеді. Біз бұдан қиссалардың, аталған кемшіліктеріне қарамастан, қазақтың революция алдындағы рухани өмірінде белгілі орны болғандығын байқаймыз.

Қиссалар туралы бұдан кейінгі зерттеулердің көпшілігінде-ақ, негізінен, олардың идеялық мазмұнына, сюжеттік желісіне назар аударылады да, тіліндегі өзге тілдік элементтерге бірер мысалдар келтіріліп, қиссалардың баршасы да «кітаби тілде» жазылды деген қорытынды жасалады.

Жоғарыда «Түркстан уәләятінің газеті» сынаған «Қожа Ғафан уа һәм Сәдуақас» және оған қоса «Мақұлат-и Қырғыз» қиссаларының тілі туралы белгілі түрколог ғалым С. Е. Малов мынадай пікір айтады.

«Язык этих книжек и книг был полон арабских и персидских слов, был полон татаризмов и чагатаизмов, т. е. элементов древнего среднеазиатского тюркского, до-узбекского языка»¹³.

Екі түрлі сынның екеуі де бір қисса туралы және бір пікірде болғанымен, «Түркстан уәләятінің газетінің» сынап отырғаны аталған қиссаның 1875 жылғы 1-басылымы болса, С. Е. Маловтың әңгіме етіп отырғаны — 1880 жылғы 2-басылымы. 2-басылымында газет сынаған жер-

¹³ Малов С. Е. Қ истории казахского языка.— Известия АН СССР. Отд. литературы и языка. М., 1941, № 3, с. 100.

лер біраз түзетілген сияқты. Бұл басылымның тілі біркелкі таза деуге болады. Мазмұны да жалаң діни нанымдарды уағыздаудан аулақ. Қиссада баласыз баланың құдайдан сұрап алған баласы өте әдемі болып туады, оған жұрттың бәрі ғашық болады. Кейін ол бала патша болып тұрып, ғашықтық жолындағы сергелдеңге түседі. 41 беттік шағын қиссаның мазмұны — осы. Тілі жатық, қарапайым халықтың сөйлеу тілімен жазылған, бірақ жаңа теңеулер, образдар өте аз кездеседі. Мысал үшін бірер үзінді келтірейік:

Әй, қалкам, көремін бе йүзіңізі
Қарақатдай каб-қара көзіңізі
Йолына фида болсұн шыбын жанұм
Балдан тәтлі естісем сөзіңізі (34-бет),

немесе:

Есітүб ғашық болды бұ балаға
Зар илеб чығыб кетді ай далаға.
Илағанға йұмыруқ декен сөз бар
Бұл қайғы қиын болды бичараға (14-бет).

Осындағы курсивпен терілген тіркестер — қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінде, ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін теңеу, образды сөздер. Лексикасында көзге ұрып тұрған араб-парсы немесе татар сөздері жоқ. Ал орфографиясында түркі әдеби тілі әсері толықтай сақталған.

Осы мақаласында С. Е. Малов қиссалар туралы айта келіп: «Религия и религиозная мораль — вот все их содержание» — деп қорытады. Әрине, С. Е. Маловтың бұл қорытындысына қарап, барлық қиссалардың да мазмұны дінді насихаттаудан, діни моральдан тұрады десек, қателескен болар едік. Дегенмен автор олардың қазақ тілі тарихындағы орнын да жоққа шығармайды. «...Пусть это будет суррогат казахского языка, — деп жазады ол, — но все же все это не могло пройти бесследно в истории языка казахов»¹⁴.

Қазақ қиссаларының тілі туралы проф. С. Аманжоловтың пікірі де осы тәріздес. Оның пікірінше: «Опубликованные в Казани, Уфе и Ташкенте религиозные киссы (поэмы), назидания мулл и т. п., хотя на титульных

¹⁴ Малов С. Е. К истории казахского языка. — Известия АН СССР. Отд. литературы и языка. М., 1941, № 3, с. 101.

листах их стоят слова *қазақша* (по-казахски), фактически были написаны в основном на испорченном и смешанном, иначе т. н. книжном языке, где преобладали чагатайские и татарские элементы»¹⁵. Мұнда да автор қисса аталатын кітаптардың бәрін «діни шығармалар» деген бір атпен атап, ал олардың тілін кітаби тілде жазылды деп өте шығады.

Бұл кітаптардың тілі туралы проф. Ғ. Мұсабаевтың пікірі біраз өзгешелеу. Ол:

«Кітаби тілдің әсерімен жазылған қиссаларды жақсылап оқытындарды халық қадірлейтін. Шығыс әдебиетінен «Боз жігіт», «Сейфұл Мәлік — Бәдіғұл Жамалды», «Жүсіп — Зылиқаны» оқушыларды ұйып-ақ тыңдайтын да түсінетін. Кітаби тіл ешқашан құбыжық болған емес» — деп жазады. Сондықтан да автор қиссалар тілін «қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды» деген тұжырым жасайды¹⁶.

Филология ғылымының докторы Р. Сыздықова «ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі» деген мақаласында:

«Өткен ғасырдың екінші жартысында қазақ мәдениетінде орын тепкен жазба нұсқалардың бір тобы шығыстың классикалық әдебиетінен алынған тақырыптарға арналған «Шахнама», «Тотынама», «Мың бір түн», «Жүсіп пен Зылиха», «Таһир — Зухра» сияқты лиро-эпос поэмалары мен Мұңлық — Зарлық», «Көрұғлы», «Шахмаран» сияқты азаматтық тақырыптарды жырлаған дастан-жырлар болды. Бұлардың тілі әлі күнге дейін лингвистикалық зерттеу объектісі болған емес, дегенмен біз олармен бір қыдыру танысқаннан кейін, мынадай жайды байқадық», — деп, діни «Сал-салдың» тілі мен азаматтық «Мұңлық — Зарлықтың» тілі бірдей емес екенін, соңғыда қазақ тілі элементтері басым екенін көрсетеді¹⁷.

Әдейі қиссалар тілі деп атамағанмен, революция алдындағы қазақ жазбаларының тіліне тән бірсыпыра

¹⁵ Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, с. 221.

¹⁶ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 165—166-б.

¹⁷ Қараңыз: Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері атты жинақ. 5-шығуы. Алматы, 1963, 27-б.

ерекшеліктер Ж. Досқараев пен Ш. Сарыбаевтың¹⁸, Ә. Құрышжановтың¹⁹ мақалаларында көрсетіледі.

Міне, бұл шолудан біз қазақ лингвистикасында қиссалар тілінің арнайы зерттеу объектісі болмағанын, жоғарыда айтылған пікірлердің көпшілігінің басқа бір мәселемен байланысты жол-жөнекей айтылған пікірлер екенін көреміз.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілер әлеуметтік бағыты, мазмұны, идеялық, көркемдік құндылығы жағынан қиссаларды үшке жіктейді.

1) Негізінен дінді уағыздайтын, исламның қағидаларын, діни ұғым-нанимдарды насихаттауға бағытталған: «Сал-сал», «Зарқұм», «Сейтбаттал» сияқты шығармалар.

2) Көршілес елдер мен басқа шығыс халықтарының ежелгі аңыз-әңгімелері, халық романдары мен поэмалары және классикалық әдебиет өкілдерінің дастандары: «Шаһмаран», «Сейфүлмүлік», «Бозжігіт», «Абулхарис», «Шәкір-Шәкірат», араб елінің ертегісі «Мың бір түн», үнді ертегісі «Тотынама», классик ақындар Фирдоуси, Фзули, Науаи, Низами дастан етіп жазған «Шахнама», «Ләйлі — Мәжнүн», «Таһир — Зухра», «Фархад — Шырын», «Ескендір» секілді шығармалар.

3) Шығыс сюжетіне құрылған, бірақ қазақ әдебиетіне сіңісті болып, қазақ фольклорының дәстүрлерімен ұштасып, төл шығарма сипаттас болып кеткен «Мұңлық — Зарлық» сияқты шығармалар²⁰.

Бұл бөлуде кейбір шарттылық болуына қарамастан, негізінен, дұрыс жіктелген. Тек 3-ші топқа жататын шығармалар бір-ақ қиссамен шектелген. Біздіңше, бұл қиссаны негізгі топқа жатқызбай-ақ, 2-топқа қосуға әбден болар еді. Сондай-ақ бұл жіктеуге қисса деген атпен шыққан қазақ ауыз әдебиет үлгілері, қазақ авторларының әр түрлі дидактикалық, азаматтық тақырыпқа жазылған өлең-поэмалары кірмеген.

Қазақ тіліндегі қиссаларды тілдік ерекшеліктері жағынан да негізгі 3 топқа жіктеуге болар еді.

¹⁸ Досқараев Ж., Сарыбаев Ш. Октябрь революциясынан бұрын басылып шыққан кейбір нұсқалардың тілі жайында.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 3-шығуы. Алматы, 1960, 244—252-б.

¹⁹ Құрышжанов Ә. «Кітаби тіл» материалдарынан.— Аталған жинақ. 2-шығуы. 1960, 72—90-б.

²⁰ Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-кітап. Алматы, 1961, 540—541-б.

1) Мазмұны, негізгі идеясы жағынан дінді, діни моральды уағыздайтын, тілі жағынан түркі әдеби тілінің әсері күшті қиссалар. Олардың лексикасында араб, парсы сөздері молынан кездеседі де, грамматикалық құрылысы мен орфографиясында түркі әдеби тіліндегі формалар толығынан сақталып отырады. Бұл топқа «Зарқұм», «Жұм-жұма», «Сал-сал», «Қербаланың шөлінде», «Тамимдер», «Адам», «Анхазірет Расулның Меғражға қонақ болғаны», «Бозжігіт», т. б. жатады.

2) Мазмұны жағынан шығыстық сюжетке құрылған, идеясы адамгершілік, махаббат, ерлікті жырлайтын, лексикасы, негізінен, қазақ сөздерінен тұратын, бірақ орфографиясы мен грамматикалық құрылысында кейде түркі әдеби тіліне тән дәстүр кездесетін шығармалар. Бұған «Таһир», «Үш қыз», «Қисса-и Қожа Ғафан уа һәм Сәдуақас», «Жүсіп — Зылиха», «Қисса-и Рүстем», «Қисса-и Серғазы» т. б. жатқызуға болады. Бұлардың тілінің өзінде де авторының кім екеніне қарай аз-кем ерекшеліктер байқалады.

3) Халық ауыз әдебиет үлгілері мен қазақ ақындарының төл шығармалары. «Ер Тарғын», «Қисса-и Алпамыс», «Қисса-и Қыз Жібек», «Қисса-и Айман — Шолпан», «Қисса-и Шортанбай», «Шортанбайдың бала зары». Бұлардың орфографиясында ғана жазба дәстүр сақталған, грамматикалық құрылысында бірен-саран көне формалар кездесіп қалып отырады, ал лексикасы толықтай қазақ сөздерінен тұрады, таза қазақтық образды тенеулер мен қалыпты тіркестер жиі кездеседі.

Бұлайша топтап қараудағы мақсатымыз — әр топқа жатқызған қиссалардың бір-екеуін алып, лингвистикалық талдау арқылы сол топтағы қиссаларға ортақ тілдік ерекшеліктерді көрсету. Сондықтан негізгі объектіміз әр топтан бірер қисса болады да, ал қалғандарындағы ұқсас не ерекше тілдік формалар жол-жөнекей көрсетіліп отырылады. Жоғарыдағы 3 топқа жіктеген қиссаларымыздың тілдік ерекшеліктерін даралап көрсету мақсатында әр топқа шартты түрде «Діни сарындағы қиссалар», «Азаматтық тақырыптағы қиссалар» және «Халықтық туындылар» деп ат қойдық.

2. Діни сарындағы қиссалар

Бұл топқа енгізген қиссаларды жоғарыдағы атына қарап тек дінді насихаттайтын қиссалар деп ойлауға

әсте болмайды. Бұлар тақырып жағынан алуан түрлі болса да, қиссаның өн бойында мұсылманшылық идеясы, ислам дінінің жөн-жоралғылары мен «қасиеттерін» насихаттау орын алып отырады. Мәселен, «Жұм-жұма» қиссасында Ғайса пайғамбар анда жүріп, ораза ұстап, намаз оқымаған, сондықтан тамұққа түсіп, Әзірейілдің күрзисінің дәмін татқан бұрынғы Мысыр патшасы Жұм-жұманың басымен әңгімелеседі. Ал «Сал-сал» қиссасынан мынадай жолдарды оқуға болады.

«Һәрдем бергіл бізлерге йалғыз алла
Тұғры йолны асан қыл барча жанға
Шариғатдын тышқары сөз сөйлетіб
Шерменде қылұб дозахқа бізні салма»

(«Қисса-и Сал-оал», Қазан, 1879, 4-бет).

«Зарқұм» қиссасындағы суреттелетін соғыс мұсылмандардың дін үстемдігі үшін кәпірмен соғысы. Әскерлерге соғысқа кірерде айтатыны: «Олар өлсе кетеді жаһаннамға, Сізлер шаһид боласыз барсаң анда». Бұл топтағы өзге қиссаларда да осындай жолдар кездеседі. Ал тілдік жағынан баршасына ортақ қасиет — жоғарыда айтқанымыздай, түркі әдеби тіліне тән ерекшеліктердің толықтай сақталуы. Аталған қиссалардың ішінен біз «Бозжігіт» қиссасына толығырақ тоқталып, тілдік талдау жасауға тырыстық.

«Бозжігіт» қиссасы. Уақыт жағынан баспа жүзін ертерек көрген және қазақ арасына көп тараған қиссалардың бірі — «Бозжігіт» қиссасы. Бұл қисса ең алғаш баспа бетінде 1870 ж. В. В. Радлов жинап бастырған «Түрік тайпалары әдебиет үлгілерінің» III бөлімінде жарық көреді. Бұл басылымға негіз болған — аты белгісіз бір қазақ ақыны жазған қолжазба болса керек. Жырдың алғы сөзінде аты бимәлім автор былай деп жазыпты:

«Опы [Уфа] шәріне барғанда «Бозжігіт» кітапты бір қатар (рет) көрүб едім. Бұ кітап жақсы жазылған еді, жыры көп жоқ екен, сөзү мұңдү екен. Жігіттің аты Бозжігіт екен, қыздың аты Қарашаш екен. Бозжігіттің досунұң аты белгісіз екен. Біз Күмән деп жазып едік. Және шәрдің аты жоқ еді... Бұ «Бозжігіт» кітапты 1842 жылда жазып едік. Әуелі жазғанда қисса деп жаздық; сөзүн жазып жырлап едік, шәкірттеріміз «Бозжігіт» кітаптың бәрін әніменен жазылсын деген себепте, бәрі

сөзүн әніменен жаздық»²¹. Бұған қарағанда, бұл автордан бұрын да «Бозжігіт» атты кітап болғанға ұқсайды. Ол баспа нұсқа ма, әлде қолжазба ма — ол арасы мәлім емес. Өзі қиссаның 2 вариантын (қара сөз аралас және түгел өлеңмен) жазған. В. В. Радлов «Үлгілеріне» кіргені — сол өлеңмен жазылған соңғы варианты. Ал алдыңғы варианты туралы мәлімет жоқ.

В. В. Радлов «Үлгілеріне» кірген вариантты жоғарыдағы қазақ авторының төл шығармасы деу қиын. Өйткені В. В. Радлов өзінің кітапқа жазған кіріспесінде қолжазбадан көшірген өлеңдерге өзінің белгілі дәрежеде өңдеу кіргізгенін айтады. Ол былай деп жазады:

«Эти книжные песни я переписал с помощью неграмотных киргизов, избегая при этом некиргизские грамматические формы и слова, я все заимствованное из арабского и персидского языков старался сообщить в простонародных формах, несмотря на то, что в рукописях многое написано было совершенно правильно. Таким образом, эти песни получили более киргизский характер, чем тот, который они имели в подлиннике»²². Көп жағдайда жырдағы өлең ұйқастарының сақталмауы, көп сөздердің естілуі-айтылуы бойынша транскрипциялануы осы жағдайға байланысты деп түсіну керек.

«Бозжігіт» жырының 1869 жылы Қазанда арабша басылған нұсқасын әдебиетші Ы. Дүйсенбаев дастанның ең алғашқы басылымы болуы керек деп жобалайды және тілі жағынан мұның қазақ тіліндегі шығарма деуге келіңкіремейтінін айтады²³. Татар әдебиетшілері Ғ. Рахим мен Ғ. Ғазиз өздерінің «Татар әдебиеті тарихы» (феодализм дәуірі) атты кітаптарында «Бозжігіт» қиссасының 1876 жылғы басылымын сөз етеді. Олар бұл басылымның авторы Әхмед Оразаев атты Қызылжарлық татар молдасы екенін келтіріп, оның бұл қиссаның негізін В. В. Радлов «Үлгілерінде» айтылған белгісіз қазақ ақынының алғашқы нұсқасынан алған болуы керек деп жобалайды.

«Біздің пікірімізше, — деп жазады авторлар, — Оразаевқа оригинал болып қызмет еткен нұсқа есімсіз қа-

²¹ Радлов В. В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи, ч. III, (Киргизские наречия). Спб., 1870, с. 19.

²² Бұл да сонда, 6-б.

²³ Дүйсенбаев Ы. Т. Қазақтың лиро-эпосы. Алматы, 1973, 22-б.

зақ жазушысының Уфада көрген кітабы немесе сол жазушының қазақша жазған «Бозжігітінің» бірінші редакциясы болуы керек. Тілдегі, әсіресе, жырлардағы қазақ әсері, сондай-ақ Бозжігіттің жолдасының аты Күмән болуы сол пікірді қуаттайды»²⁴. Айтылған варианттың қара сөз бен өлең аралас келуі де оның сол қазақ ақынының алғаш шығарған 1-вариантынан алынғанын айқындай түседі. Оразаевтың өз шығармасын «Ноғай уа қазақ лұғатынша шығардым» деуіне қарағанда, оның сол қазақша вариантты «татаршалағаны» байқалады. «Бозжігіт» жырының бұдан кейінгі жарық көрген бізге мәлім 7—8 басылымдарының (1878, 1881, 1889, 1890, 1896, 1903, 1906) баршасы да осы Оразаев нұсқасынан алынған сияқты. Бұған қарағанда, осы нұсқа халық жүрегіне жол тауып, кеңінен тараған секілді. Біздің мақсатымыз сол тұстағы қазақ арасында таралған баспа нұсқалардың тіл ерекшелігін көрсету болғандықтан, «Бозжігіттің» осы сөз болған вариантының тіліне талдау жасауды жөн көрдік. В. В. Радлов бастырған вариант орыс графикасымен шыққандықтан өз кезінде халық арасына кең тарай алмағаны мәлім.

Біздің қолымыздағы нұсқа — жырдың 1881 жылғы Қазандағы басылымы. Бұл кітапты СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалына 1940 жылы Хасанғали деген кісі әкеліп тапсырыпты. Кітаптың 1-бетіне латын әрпімен: «СССР білім академиясы Қазақстан филиалына тапсырам. Хасанғали. 25/VIII-40 ж. Кім жазғаны белгісіз. Қазақша жазам деп жазған жырлары қазақшаға жақындайды. Жалпы тілі ұйғыршаға тартым. Х. Ғ.», — деп жазыпты.

Хасанғали айтқандай, 64 беттік бұл кітаптың тілі негізі қазақша болғанымен, онда татар, ұйғыр тілдері элементтері жиі ұшырайды. Өлең жолдары мен қара сөз үзіктері араласып келіп отырады. Негізгі уақиға, кимыл қара сөзбен баяндалады да, кейіпкерлердің сөздері өлеңмен беріледі, кейде автор сөзінің де өлеңмен берілетін жерлері кездеседі. Өлең құрылысы — қазақтағы жыр ағымындағы 7—8 буынды өлең. Өлең ұйқастарында, образ жасауда, көркемдік амалдарда ешбір сонылық, жаңалық кездеспейді.

Қиссаның қысқаша мазмұны төмендегідей:

²⁴ Рахим Ғ., Ғазиз Ғ. Татар әдебиетінің тарихы. Феодализм дәуірі. Қазан, 1925, 266-б.

Молатия шаһарының ханы Таһмастың әдемі, өте сұлу қызы Һүнүза түсінде Бозжігітті көріп ғашық болады, онымен тіл қағысады. Бозжігіт Бағдад шаһарының патшасының баласы еді, бұл да ғашығын түсінде көріп, іздеп шығады. Жолда біраз қорлық көріп, ақыры ғашығын тауып қосыларға келгенде, қыздың әкесі қарсы болады. Ұстап алып өлтірмекші болғанда, Бозжігіт соғысып жеңіп шығады. Ақырында қыз әкесі «қызымды беремін» деп той жасап, тойда оны мас қылып алдап түсіреді. Жендеттер оның басын кесіп өлтіргеннен кейін, ғашығы оны арулап көміп, басына мола орнатып, өзі де сонда кіріп өледі. Жолдасы Бозжігіттің аулына келіп, қарт жыршы арқылы әке-шешесіне естіртеді. Олар әскерімен аттанып шығып, Бозжігіттің моласын көреді, сол жерде жолдасы да көрге кіріп, өзін-өзі өлтіреді.

Қиссадағы негізгі тақырып — махаббат мәселесі. Сонымен бірге адамгершілік пен зұлымдық, шынайы достық қасиеттер де көрсетіледі. Сөз жоқ, қиссаның сюжеттік желісі, адамдар мен патшалықтардың аты болмаса, қазақ ауыз әдебиетінде жиі кездесетін дағдылы махаббат трагедиясына өте ұқсас. Қиссаның қазақ арасына кең тарауының себебі де осында жатса керек.

Қиссада тікелей дінді насихаттау болмаса да, кейіпкерлердің аузынан айтылатын бәйіттердің ішінде:

«Беш намазны оқуңыз
Рузаны һәм тұтұңыз
Өлүм хақ деб білүңіз
Малдан зекет берүңіз» сияқты

мұсылмандыққа шақыратын жолдар кездесіп қалып отырады.

Енді қиссаның тіл ерекшеліктеріне толығырақ тоқталып өтейік.

«Бозжігіт» қиссасының лексикасында өзге қиссаларға қарағанда, араб-парсы, татар, ұйғыр сөздері көбірек кездесетінін жоғарыда айттық. Оның бір себебі қисса авторының орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрінде тәрбие алған, өзі де соны тұтынған адам екендігіне байланысты болуы керек.

Қиссаның лексикасы, негізінен, қазақтың төл сөздерінен тұрады. Қазақтың ауыз әдебиет үлгілерінде жиі

кездесетін дәстүрлі өлең жолдары мұнда да некен-саяқ ұшырап қалады. Мәселен,

«Мен үйіме қайтқанда
Анаң чықса алдұмдын
Қаны десе құлуным
Не тіл бірле сөзлермін
Не көз бірле көрермін
Не деп жауаб берермін...» — деген

үзінді бәрі де түгелдей қазақтың төл сөздерінен тұрады. Осындағы жалғыз көнерген сөз — «бірле» жалғаулығы.

Қиссаның лексикасында мұндай көнерген, түркі тілдеріне ортақ сөздер бірсыпыра. *Нәма, боза, құртқа*. Бұл жерде *нәма* сөзі «хат» мағынасында қолданылған.

— Жан досы Құман арқылы Таһмас ханға елшілікке *нәма* бітүб иберді (17-бет).

Сондай-ақ «жазып» етістігінің орнына бұл жерде көне түркілік форма — *бітүб* қолданылған²⁶. Сөйтіп «хат жазды» тіркесінің орнына *нәма біту* тіркесі кездеседі. Қиссада «құртқа» сөзі көне мағынасында, яғни «кемпір» дегенді білдіреді. Мысалы: Ханның қызы *құртқаның* үйіне келүб йүргенүн дұшманлар ханға ағлам қылдылар//хан қары *құртқаны* чақыртыб алды (28-бет).

Бұл қиссада араб, парсы тілдерінің сөздері жиі ұшырайды. Халық тіліне ертеде еніп, байырғы болып кеткендерін сөз етпегеннің өзінде, ауызекі тілде сирек ұшырайтын және қазір көп қолданылмайтын *жамиф* (жамағат), *мәзкур, хаза-и, мінажат, рауаят, расуа, руан* сияқты сөздер кездеседі. Кейбір араб-парсы сөздері түркі сөздерімен қатарласа қолданылып, синонимдік қатар түзеген. Мәселен, қазіргі «өлең» деген мағынада *нәзім, шығыр, бәйіт, мінажат* сөздері келе береді. Бірақ әрқайсысының қолданылуында сәл де болса бір-бірінен ажыратарлық өзгеше мағыналық реңк болса керек.

Мысалы: Түшінде Бозйігіт сабыр қыл деп айтқан бір

²⁶ «Біт сөзінің негізгі мағынасы — жазу, көне замандағы орхон-енисей (V—VIII ғ.) жазбалары мен караханид дәуіріндегі және Алтын Орда, Мамлюк дәуіріндегі ескерткіштерде өте жиі қолданылып келген. Ол кездерде *жазу* деген сөзді *бітік* деп айтқан да, *жазды* деген сөзді *бітіді*, хат жазушыны *бітікші* деген» (Вельяминов-Зернов В. В. Материалы для истории крымского ханства. Спб., 1864).

шығыры (2-бет). Екінші йыл дахы түш көрді әуелкітек болуб зорлық қылуб йылаб *нәзім* айтқаны (5-бет). Анда Бозйігіт өз хәліне пұшайман болуб бір *мінажат* айтқаны (8-бет).

Бұл мысалдардағы *шығыр*, *нәзім*, *мінажат* сөздері — қазіргі ұйғыр тілінде негізінен осы мағынада қолданылатын сөздер, бірақ әрқайсысының стильдік ерекшеліктері бар.

Осы сияқты өзге тілдік, оның ішінде көбінесе ұйғыр тіліне тән *рауан болды* (жүріп кетті деудің орнына), *баднам рәсуа қылу* (жаман атын шығарып, ұят жасау), *тармар қылу* (талқандау), *ағлам қылу* (хабарлау), *тафриқа-тафриқа* (қайта-қайта) тәрізді сөз тіркестері кездеседі.

Бұдан басқа да ұйғыр тілінде жиі қолданылатын *хоб* (жақсы), *биһүш* (есінен айрылу), *бустан* (сквер), *баднама* (жаман атты), *ләфез* (сөз), *хошнұд* (қуанту) тәрізді сөздер ұшырайды. Мысалы: Бозйігіт сарайының тышында тұрұб бір *хоб* әуаз иле бір *нәзім* айтғаны... (13-бет). Анасы тақат тұта алмады үч мәртаба *биһүш* болды (62-бет). •

Қиссаның орфографиясы орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрін толық сақтаған. Бұл дәстүрдің қиссадағы көріністері *ш* әрпі орнына *ч* жазу (ішіндегі, чықса, ачылды), көпшілік жерде *қ* орнына *х* жазу (хызметкер, хазына, хәл, хұданың), дыбыс үндестігінің сақталмауы (қызны, тапмай, суретлі, тыңлаб, йігітнің, хәлні), соңғы буында *і*, *ы* қысаң дыбыстарының орнына *ұ*, *ү* жазылуы (қылұб, болұб, қайтұб, жүрмедүм) тәрізді болып келеді.

Қазақ тілінде *ж* дыбысы келетін орындарға қиссада *и* әрпін жазу да жүйелі орын алған, ал *ж*-мен жазылған сөздер — бірен-саран (жүрдім, жиұб). Сөз басында түгелге дерлік *ж* орнына *й* жазылған (йыл, йігіт, йер, йұлқынсам, йоқ, йүкіріб, йахшылар, йатыр). Осы сияқты қазақтағы *с* дыбысы келетін жерге барлық позицияда да *ш* жазылған (шонда, шол, түшінде, башқа, іш, беш).

Көне түркі жазба ескерткіштеріне тән сөз ортасында *р*, *ғ*, *д*, *л* дыбыстарының сақталып жазылуы жиі кездеседі. Мысалы: *ерді* (еді), *туғмыш* (тумыш), *йығлаймын* (жығаймын), *ащыланұб* (ашуланып), *артынды* (артынып), *оттыған* (отырған). Сол сияқты, сөз

аяғында *т, к, ғ* әріптері сақталып отырады. *Тахт* (тақ), *дост* (дос), *түрлік* (түрлі), *тірік* (тірі), *ұлғ* (ұлы). Сын есім тудыратын *дай/дей* жұрнағы киссада көне түркі тіліндегі *дағ/дек* формасында кездеседі. *Шондағ* (сондай), *мұндағ* (мұндай), *кішідек* (кісідей), *әуелкітек* (әуелгідей). *Сөйлермін, ішкізе* формалары да көне түркі тіліндегіше *сөзлермін, іңіре* түрінде келеді.

Қиссаның фонетикалық ерекшеліктерінің қатарына қазақ тіліндегі *м* дыбысымен келетін кейбір жерлерде (менің, мойын) *б* дыбысының келуін (бенім, бойын) жатқызуға болады. Сол сияқты *ол* есімдігінің септеліп келген формалары *аны, анда* тұлғасында беріледі.

Мысалы: Хан әмір қылды *аны* хайла бірле өлтірәлі деб (18-бет).

Қиссадағы грамматикалық ерекшеліктер, негізінен, қосымшалар мен етістік формаларының аясында байқалады. Сол тұстағы кейбір қазақ жазбаларына тән мұнда да қазіргі ыңғайластық жалғаулықтар *және, мен* орнына *уа, һәм*, кейде *бірлән* қолданылған.

Мысалы: Ата-анасы қызына айтұр ерді не хәсіретің *уа* не сырхауың бар деб (3-бет). Беш намазны оқұңыз, Рузаны *һәм* тұтұңыз (58-бет).

Мен иғылаймын тілеймін
Ата бірлән анадан
Хан қашында олтұрған
Іні *бірлән* ағадан (21-бет).

Бұлардың ішінен көбірек қолданылғаны — *уа* жалғаулығы. Ал *бірлен (бірлә)* көбіне көмектес септігі қызметінде жиі кездеседі. Мысалы:

Һеч кім *бірлә* жүрмедім
Сені ізлеб жүрдім мен (13-бет).

— Хан, ханым қайтұб ғұмырларұны тағат *уа* ғибадат *бірлән* кечүрділер (63-бет).

Шығыс септігі қосымшасы *дан/ден* киссада бастан аяқ *дын/дін* түрінде кездесіп отырады. Мысалы: Құман *башдын* аяқға Че уақиғалардын тафриқа-тафриқа баян қылды (48-бет).

Шейін шылауы да түркі тіл дәстүрімен *че* түрінде кездеседі. Жіктеу есімдіктері (мен, сен, ол) барыс септікте кей жерде *менке, сенке* түрінде кездеседі.

Сені *менке* қаратды
Мені *сенке* қаратды... (13-бет).

Қиссада қазіргі әдеби тілімізде кездеспейтін не өте сирек кездесетін етістік формалары жиі ұшырайды. Ең алдымен, түркі әдеби тілдік формалардан есімшенің **ар/ер** тұлғасының **ұр/үр** түрінде, **ған/ген** формасының **мыш/міш** түрінде келуін айтуға болады. Сол сияқты өткен шақ етістіктің III жақтық көпше түрінде **лар/лер** қосымшасы қосылып келуі де — қиссада қалыпты жағдай. Мысалы: Ұйқламыш кішідек *йатұрлар* (62-бет). Екісі бір біріден айрылмас махабатлы дост *еділер* (4-бет).

Сөйлем аяғында келіп, сол өзі жалғанған сөзіне предикаттық мән беретін **дүр** қосымшасы қиссада жиі кездеседі. Мысалы: Шаһар *ұлұғдүр*//мұндын башқа шаһарлар һәм *бардүр* (15-бет). Кетмес қайғы *түшкендүр* (6-бет). Тез табарұң *қандадүр* (13-бет). Бұл сөйлемдерде *дүр* қосымшасы әр алуан сөз табына жалғанып, баршасына да баяндауыштық (предикаттық) мағына беріп, сөйлем аяғын тиянақтап тұр.

Қиссада бұйрық рай формаларының көне түрлері де кездеседі. Қалыпты бұйрық райлы етістіктің II жағымен қатар, қиссада кейде **қыл/ғыл** (бар-ғыл, айт-қыл), кейде **ың/ің** (ал-ың, бер-ің) қосымшалары қосылған түрлері кездесіп қалады. Мысалы:

Кетмес қайғы түшкендүр
Ақыл *табғыл* жан достым (6-бет).

Сенің үйіңе бенім қызым барұр ерміс йашырмайынча *айтқыл* дейді (28-бет). Азад *қылұң* йахшылар (20-бет). Хабар *алұң* достарым (11-бет).

Келер шақ есімше мағынасында **ғай/гей** жұрнағы жалғанып та келеді.

Мәселен:

Барсаң кішілер *көргейлер*
Қашына келүб *тұрғайлар*
Жиұлған көб жамағатлар
Бізден хабар *сұрағайлар* (31-бет).

Біреп жерде көне тілдік дәстүрлі **өлтірәлі** (өлтірелік орнына) формасы да кездеседі, бірақ соңғылары — жүйелі құбылыс емес²⁶.

²⁶ Бұл аталған етістік формаларының көне түркі жазба ескерткіштерінде жиі кездесетінін көптеген зерттеушілер бұрын да көрсеткен болатын. (Қараңыз: *Айдаров Ф., Құрышжанов Ә, Томапов М.* Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы, 1971, 171-б.).

Қорыта айтқанда, «Бозжігіт» қиссасында өзге қазақша қиссаларға қарағанда, түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталған.

Бұл топтағы өзге қиссаларда («Сал-сал», «Жұм-жұма», «Қербаланың шөлінде», «Зарқұм», «Тамимдер», «Қарон дию» т. т.) лексикалық жағынан аз-кем өзіндік ерекшеліктері кездесе де, орфографиясы мен грамматикалық құрылысында біз талдаған «Бозжігіт» қиссасынан өзгеше жайттар байқалмайды. Аталған қиссалардың бәріне тән кемшілік — орфографиялық қателердің көптеп кездесетіні.

* * *

Бұл топқа жататын қиссалардың мазмұнында діни сарын, фантастикалық уақиғалар молынан орын алғанымен, тілінде өзге түркі тілі элементтері жиі кездескенімен, қазақ әдеби тілінің қалыптасу процесінде бұлардың да белгілі роль атқарғаны хақ.

Бұл шығармалар, авторының көбіне басқа ұлт уәкілдері болуына қарамастан, қисса аталатын қазақша жазба әдебиеттің басы, алғашқы үлгілері болды. Сондықтан өз кезінде бұл қиссалар да халық талғамын өтеген, халық арасына кең тараған шығармалар еді. Кейін осы қиссалардың үлгісімен халықтың өз ішінен шыққан ақын-жыраулар нағыз халықтық қиссалар туғызды, онда олар жоғарыдағы әңгіме еткен қиссалардағы өзге тілдік құбылыстарды қайталамауға тырысты.

Аталған қиссаларда қазақтың көне әдеби тілінің айшықты сөз өрнектері мен грамматикалық формалары кездесіп отырады. Қиссалардағы сюжеттік желі, махаббат, Отан қорғау тақырыптары өздерінен кейінгі не тұстас әдебиетке игілікті әсерін тигізді. Сондықтан да біз бұларды қазақ әдебиеті тарихынан, демек, қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихынан сырт қалдыруға тиіс емеспіз.

3. Азаматтық тақырыптағы қиссалар

Бұл топқа енетін қиссалардың негізгі сюжеті түркі халықтарына ортақ болғанымен, оларды қайта жырлаушылар — қазақ ақындары немесе қазақша жақсы білген басқа ұлт уәкілдері. Сондықтан бұлар қиссада сөз болатын оқиғаларды шама келгенше қазақ шынды-

ғына жақындатуға тырысқан, сол себепті олардың тілінде де орта азиялық түркі әдеби тілінің жалғау-жұрнақтарына қарағанда халықтың сөйлеу тіліне тән формалар көбірек орын алған. Бұлардың ара салмағы қиссаның тақырыбына, авторына қарай әр қиссада әртүрлі болып келеді.

Бұл қиссалардың тақырыбы көбіне адамгершілік, махаббат және тәрбие мәселесіне арналады, өлендік көркемдігі, идеясы аса жоғары болмағанымен, бұлардың көпшілігінде образды теңеулер, әдемі көріністер, суреттеулер кездесіп қалып отырады.

Бұл топқа жатқызуға болатын қиссалар көп. Алайда біз солардың ішінен бұрын жұртқа көп мәлім емес, әсіресе тілі туралы бұрын сөз болмағандарын ғана алып талдауға тырыстық.

«Таһир» қиссасы (Қазан, 1877). Араб әрпімен жазылған 43 беттік қиссаның қысқаша мазмұны төмендегідей.

Һарон Рашид уәзірімен отырғанда оған бір адам қараңғы үйде жарық шығаратын үш гауһар сатады. Мұндай қасиетті гауһар өзге ешкімде бар ма деп сұрағанда, уәзірі Мысырда Таһир деген жігітте бұдан да жақсысы бар екенін және оның адамнан артық сыйлайтын екі иті бар екенін айтады. Халифа Таһирді алдырып, мәнісін сұрайды. Бұдан әрі қиссада Таһирдің басынан кешірген оқиғалары сөз болады. Ит болып кеткен ағаларының зұлымдығынан Таһирдің көрмейтін қорлығы жоқ, бірақ бәрінен де кездейсоқ себептермен аман құтылады. Диюмен де кездеседі, ол Таһирге жақсылық жасап, еліне келуіне көмектеседі. Ақырында Һарон Рашидтің сұрауымен екі ағасын қайтадан адам етеді, оған риза болған Халифа Таһирді Басраға патша етеді. Қиссаның мазмұны белгілі «Мың бір түн» оқиғасын көз алдыға елестетеді. Бұл қисса бізге оқиғасының тартымдылығымен, діни сенімдерден біркелкі аулақтығымен, тілінің таза қазақшалығымен өте құнды.

Қиссаның авторы — Қазан жерінде туып, Петропавлда өскен Латифолла Ғалиолла ұғлы деген. Қиссаның аяқ жағында автор өзін былайша таныстырады.

«Атым Латифолла, атамыз Ғалиолла
Анамыздың есімідүр Мафтухолла...
Бабам затын сұрасаңыз Қазан жері
Өскен жерім сұрасаңыз Петрпабыл»... (43-бет).

Жоғарыдағы сөзіне қарағанда, автордың ұлты татар болса керек, алайда қиссаның тілі қазақша. Қиссада қазақтың ауыз әдебиетінде жиі ұшырайтын образды тенеулер мен сөз оралымдары молынан кездеседі. Мәселен:

«Біреуі бар ішінде хан қызындай
Біреуінің ардақлаған жалғзындай»...
«Дүниенің кім жетеді жалғанұна
Алланың кім көнбейді салғанына»;
«Ең кімке офа қылмас дүние бок
Базарда малы барның көңілі ток».

Белгілі ақын Әріп Тәңірбергенов те «Таһир» атты қисса жазған деген мәлімет бар²⁷. Алайда біз әңгімелегелі отырған қиссаның авторы — жоғарыда айтқан Латифолла Ғалиолла ұғлы деген кісі. Екеуі осы қисса желісін бір нұсқадан оқып не естіп, сол негізде әрқайсысы өздерінше жырлауы да мүмкін. Әріп шығарыпты деген қиссаның басылған-басылмағаны да белгісіз. Жалпы алғанда, қиссаның өлендік құрылысы, ұйқасы да біршама жатық. Оған мысалға төмендегі шумақтарды келтіруге болады.

«Мен тайакдан жығылдым есім ауыб
Екі ағам кеңешті ақыл тауыб
Танымаймыз бір залым келген бізке
Малым бар деб бізлерке жала жауыб» (9-бет),

немесе:

«Бізке де офа қылмас үшбу заман
Иман берсүн хұдайым ахыр заман
Келішмесе түзерсіз қалған жерін
Білкенімні мен жаздұм жақсы-жаман» (39-бет).

Осы үзінділердегі курсивпен терілген сөз тіркестері — қазақ ұғымында бұрыннан бар сөз өрнектері. Бұлардан басқа да «Жақсының өзі өлсе де, аты қалар», «Көзімнің тия алмаймын аққан жасын», «Сұлу хатұн, жүйрік ат, түзу мылтық, Мал мен ферзент — адамның дәулет құсы» сияқты сөз оралымдары баршылық.

Лексикасы түгелге дерлік қарапайым (нейтралды) қазақ сөздерінен тұрады, тіпті сол тұстағы жазба нұсқаларда молынан кездесетін араб-парсы сөздері де бұл қиссада бірен-саран, олардың өзі де халықтың ауызекі

²⁷ Кенжебаев Б., Есназаров Ө. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1966, 105-б.

тілінде айтылу тұлғасында ұшырайды. Бүкіл қиссаның өн бойынан біздің кездестірген араб-парсы сөздеріміз — *уазір, халифа, гауһар, тіллә, ғариб, шаһзада, гүнакар, ғауға, зындан, бибақ, ғибрат* тәрізді азын-аулақ сөздер. Қиссада, сонымен қатар, қазір мағынасы өзгерген не ұмытылып бара жатқан көне түркі сөздері де ұшырайды.

*Үч саурыға бір қойны таңдаб алдык
Саурыдан біз бір талай олжа табдык (42-бет).
Көб сарпайлар кикізді екеуіне
Той кылды жұртұн жиыб қуанғаннан (25-бет).*

Мұндағы *сарпай, сауыр* — киім аттары, кейінгі кезде бұл сөздер киім аттарынан гөрі киімнің неден істелгенін, материалын көрсету ыңғайында *сарпай шапан, көк сауыр етік* (мәсі) тіркестерінде көбірек қолданылғанын байқаймыз. Сондай-ақ жырда *мал* сөзі «дүние, товар» мағынасында қолданылған.

Кітаптың орфографиясында дәстүрлі түркі әдеби тіл әсері толығынан сақталған. Қазіргі емле заңдылығымыз бойынша *қ, п*-мен жазылатын *қызмет, қазір, сапар, топырақ, перзент* сияқты сөздер *хызмет, хазір, сафар, тофырақ, ферзент* түрінде жазылған. Сол сияқты *әділ, арыз, еш, әр* сөздері араб тіліндегі нұсқасынша *ғаділ, ғарыз, неч, һәр* түрінде келіп отырады.

Түбірге қосымша қосылғанда дыбыс үндестігі заңының сақталмауы жырда жүйелі түрде кездесіп отырады. Мысалы, *салтанат-лы, біз-ні, із-леб, мың-дай, біз-лер-ке, тын-май, бар-ның, алтын-дан*. Барлық позицияда да *ш* орнына *ч* жазыла береді (қылыч, бичара, чечен, ічінде).

Сөздің орта, соңғы буынында қысаң *ы, і*-нің орнына көп жағдайда *ұ, ү* жазыла береді, бұл орайда ерін үндестігінің әсері шамалы. Мәселен, *қойұн, жұртұн* деген сияқты сөздермен қатар, *барұб, ерұб, келтүр, артұмыз* деген сөздердің соңғы, орта буындарында *ұ, ү* жазылыпты. *П, г* әріптерінің орнына *б, к* таңбалары жазыла береді. Бұл да — араб графикасымен байланысты дағдылы жазба дәстүр.

Ж әрпі орнына *и, с* әрпінің орнына *ш* жазу сияқты орфографиялық дәстүрге келетін болсақ, мұнда да ешбір заңдылық байқалмайды. Бір тұлғадағы сөз бір жерде *ж*-мен жазылса, екінші бір жерде *и*-мен жазыла береді, *с/ш* да сол сияқты. Мысалы:

Иахшы өткен дүниеден жаман өткен
Иахшының өзі өлсе аты қалар (2-бет).
Келішмесе түзерсіз қалған жерін
Білкенімні мен жаздұм *жақсы-жаман* (3-бет).

Жалпы алғанда, қиссада бұл екі пардың (и//ж, ш//с) қайсысы көбірек кездеседі дегенге келсек, сөз жоқ, қазаққа тән ж, с әріптерімен жазылған сөз әлдеқайда басым.

Қиссада кездесетін морфологиялық ерекшеліктерге келетін болсақ, бұлар да мардымсыз. Көмектес септігінің қосымшасы және жалғаулық шылау мағынасында келетін мен/пен/бен формасы қиссада, негізінен, сол тұстағы ауыз әдеби тілдік форма мен түрінде кездеседі, ал бірлән/білән формаларының кездесуі өте сирек.

Мысалы:

Не қылсаң да маған қыл гүнаһкармын
Ол менім *зорлығыммен* келді мұнда (18-бет).

Ішкенім бал мен шекер ойын-күлкі
Хан болғандай көреді менім ойұм (17-бет).

Осы үзінділердегі *мен* есімдігінің ілік жалғаулы формасының *менім* (менің емес) түрінде кездесуі де — ауызекі тілдің әсері, не диалектілік форма болса керек. «Бер» етістігінің «берің» түрінде кездесуін ертедегі жазба тілдік әсер деп қараймыз.

Алдымызда тағы бар бір залым хан
Не өлтіріб болмаса *берің* оған (22-бет).

Есімшенің келер шақтық формасы қиссада, негізінен, *тұғұн* түрінде кездеседі, бірен-саран жерде *тұрған* тұлғасы да кездесіп қалады. Бұдан басқа морфологиялық тұлғалар қазіргі әдеби тілімізбен тұлғалық жағынан да дәл түсіп жатады.

Қорыта келгенде, «Таһир» қиссасы — тілі жағынан өзге қиссаларға қарағанда, қазақтың сол тұстағы сөйлеу тіліне бір табан жақын және қазақ тілі байлығын молынан пайдаланған шығарма. Шығарма тілі өзге тілдік сөздер мен сөз оралымдарынан біршама таза. Қазіргі жазу жүйемізбен салыстырғанда, өзгешелеу көрінетін орфографиялық ерекшеліктер — араб әліппесіне негізделген жазудың дәстүрлері. Қисса — өзінің мазмұны жағынан да дінді насихаттаудан аулақ, азаматтық тақырыпты көтерген шығарма. Қиссаның өлендік құрылысы да бірсыпыра жатық, қазақтың байырғы 11 бу-

ынды өлең үлгісімен шебер ұйқастырылып жазылған.

Сондықтан, аталған қиссаны ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың жазба әдеби тіл үлгілерінің бірі ретінде қарауға толық мүмкіндігіміз бар.

* * *

Тілдік жағынан бұл топқа жатқызылған қиссалардың («Үш қыз», «Қожа Ғафан уа һәм Сәдуақас», «Жүсіп — Зылиха») басты ерекшелігі — өзге түркі халықтарына сюжеті ортақ болғанымен, тілінің, негізінен, қазақша екендігі. Жоғарыда айтқанымыздай, түркі әдеби тіліне тән формалар бұларда сирек кездеседі. Оның есесіне халықтың сөйлеу тілінің жалғау-жұрнақтары көбірек орын алады. Авторына қарай, бұлардың тілінде бірді-екілі диалектілік құбылыстар да көрініс береді.

Қиссада сөз болатын оқиғалар көне дәуірді меңзесе де, тілі қисса жырланған ХІХ ғасырдың екінші жартысына тән, яғни осы дәуірдің тілдік ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан аталған қиссаларды да қазақтың қазіргі жазба әдеби тілін қалыптастыруға септігін тигізген негізгі арналардың бірі ретінде қарауға тиіспіз.

4. Халықтық туындылар

Бұл топқа жатқызғанымыз — халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баспа нұсқалары, сол тұста баспа бетін көрген қазақ ақындарының төл шығармалары. Бұлар, негізінен, қазақ топырағында туып, халық ақын-жыршыларының жырлаған туындылары. Сондықтан бұл топтағы қиссалар материалдарынан ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы халық тіліне тән сөз өрнектерін молынан көруге болады. Әрине, бұл дәуірде басылып шыққан халық ауыз әдебиеті үлгілері көп. Бірақ біз солардың ішінен біреуіне ғана тілдік талдау жасамақпыз. Өйткені, біріншіден, осы талдаған қиссадағы негізгі ерекшеліктер басқа да жырларға тән. Екіншіден, ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері («Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Алпамыс») монографиялық дәрежеде зерттеліп, олардың тіл ерекшеліктері жан-жақты сөз болды²⁸.

²⁸ Жұбанов Е. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосының әдеби-лингвистикалық ерекшеліктері. Қанд. дис. қолжазбасы. Алматы, 1969; Соныкі. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978. Байзақов Ж. «Алпамыс жыры» тілінің лексикалық ерекшеліктері. Қанд. дис. қолжазбасы. Алматы, 1967.

XIX ғасырдың екінші жартысында баспа бетін көрген халық ақындары шығармаларынан біздің қарағанымыз — Дулат Бабатайұлының «Өсиетнама», Шортанбай Қанайұлының «Бала зары» атты туындылары.

Бұл шығармалардың біз үшін аса бір құндылығы — сол тұстағы қазақ ақындарының төл шығармаларының баспа нұсқасының тіл үлгілерін байқау мүмкіндігі. Бұл шығармалардан осы жырланған дәуірдің тілдік ерекшеліктерін айқын көреміз.

«Ер Тарғын» қиссасы. Бұның қазақ тілінде баспа бетін көрген бірінші кітап екенін жоғарыда айтқанбыз. Сол 1862 жылы Н. Ильминский бастырған алғашқы нұсқа басқа жылдардағы басылымына да негіз болған. Бізге қисса сол көнелілігімен де қымбат. 40 беттік бұл қиссаның мазмұны баршаға аян болғандықтан, оған тоқталып жатуды артық деп санадық.

Кітаптың кіріспесінде автордың өзі көрсеткеніндей, ол «Ер Тарғын» сөз толғауын жылқы жылы Табын еліндегі атақты Марабай ақыннан «жаздыртып алып...» бастыртады. Редакциясына Құлыбеков көмектесті деп көрсетеді. Қисса таза қазақ тілінде, араб әрпімен басылған. Бұл қиссаның лексикасы мен грамматикалық құрылысында өзге тілдік формалар өте аз кездессе де, орфографиясында араб графикасына негізделген орта азиялық түркі әдеби тіліне тән жайттар сақталған. «Ер Тарғын» қиссасы 1871, 1876, 1879, 1880, 1892, 1894, 1909, 1913 жылдары 8 рет қайта басылады.

Қисса лексикасы онда кездесетін бірен-саран араб-парсы, көне түркілік сөздерді есептемегенде, түгелдей дерлік қазақ сөздерінен тұрады. Қиссада қара сөз үзіктері мен өлең жолдары араласып келіп отырады. Тақырыптық жағынан алып қарағанда, қиссада ең мол кездесетін сөздер тобы — әскери лексика.

Қиссада қару-жарақ атаулары, сонымен байланысты фразеологиялық тіркестер жиі ұшырайды. Соның өзінде көне қару-жарақ аттарымен қатар, олардың XVIII—XIX ғасырда қолданылған түрлері де кездеседі. Бұл жағдай қиссаның біздің дәуірімізге ауызша жырлану арқылы жетуімен байланысты болса керек. Мәселен, *жауынгер, солдат* мағынасында *черік* сөзімен қатар, *әскер* сөзі де кездеседі. Сондай-ақ *берен, қорамсақ, жай, бадана, жез айыр, кіреуке, жарайна, жебе, сүңгі* тәрізді көне қару-жарақ атауларымен бірге *мылтық, қанжар,*

қынап, қылыш, садақ, барабан сияқты кейінгі дәуірімізге тән соғыс құралдары да қатар қолданылған.

Зерттеуші Т. Байжанов *берен* сөзінің 4 мағынасының болғанын көрсетеді: 1) оқ өтпес сауыт; 2) өткір қылыш; 3) ер жүрек, батыр, 4) мықты, берік деген сын есім мағынасы²⁹. «Ер тарғын» жырында *берен* сөзі екі жерде екі түрлі мағынада қолданылған. Мысалы:

«Лачын құстай чүйілген
Жеңсіз *берен* киінген
Жалғыз қара көрінді» (8-бет),— дегенде

ерлердің үстіне киетін киім, сауыт мағынасында қолданылса, екінші бір жерде жоғарыда көрсетілген мағыналардың екіншісін беріп, өткір қылыш орнына жұмсалған.

«... Балдағы алтұн ақ *берен*
Мұны сізке береді
Ач бөліңе ілсейші» (39-бет).

Н. И. Ильминскийдің сөздігінде *берен* — «лучший /бархат, лучшая сталь/»³⁰ деп түсіндіріліпті. Демек, бұл — төртінші, сын есім мағынасы.

Осы сөздігінде Н. И. Ильминский *бадана* сөзіне «какой-то корень вроде картофеля» деген анықтама береді. Жырда кездесетін «*бадана* көзді кіреуке» (28-бет) дегендегі *бадана* осы мәнді берсе, ал:

«*Баданамды* баса бөктерүб
Қасыма жатдан жолдас ертүб...» (19-бет),—

дегендегі *бадана* нақ сауыттың өз мағынасын береді.

Жыр тексіне қарағанда, *жарайна* (шарайна) да *кіреукенің* бір құрамы тәрізді. Оған мына жолдар айғақ.

«Чығырчығы чираған
Бадана көзді кіреуке
Жарайнасы бес қабат
Жау оғы қарсы жетбеген
Жез айырдың оғы өтбеген

Енді үстіме киілмес» (28-бет).

²⁹ Байжанов Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика. Қанд. дис... қолжазбасы. Алматы, 1973, 31-б.

³⁰ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского языка. Казань, 1861, с. 88.

Тарғынның соғыстағы қимылын әсірелеп көрсету ниетімен жыршы оның қолына өзі білетін «бес қарудың» бәрін де ұстатады. Мәселен, мына жолдарда:

«Көтерүб салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады
Бір уақыттар болғанда
Суурды белден қанжарды..
Бір уақыттар болғанда
Қынабынан суурды
Қиялай тартүб қылычды
Қорамсақдан суурды
Қуалай тартүб садақты
Мойынұнан алады
Атайын деб мылтықдай» (35-бет),—

деп келеді. Әрине, шабу үшін не қылыш, не қанжардың, немесе ату үшін садақ пен мылтықтың біреуі де жеткілікті. Жоғарыдағы мақсатпен батырға қаруды қос-қостап ұстатудың нәтижесінде оның көне, жаңа түрлері қатар келген тәрізді. Қару-жарақ аттары белгілі эпитеттермен келіп, тұрақты тіркес құрайды. Мысалы: *алты қырлы ақ мылтық, қозы жауырын қу жебе, жүз алпыс кез оқ, балдағы алтын ақ болат, бадана көзді кіреуке, сарала ту*, т. б.

Жырдағы екінші бір топ лексика әлеуметтік-әкімшілік жағдаймен байланысты болып келеді. Мұнда да жоғарыдағы сияқты көне феодалдық дәуірге тән ел билеу жүйесінде кездесетін терминдік сөздермен қатар, жаңа капиталистік дәуірдің көрінісі дерлік бірен-саран сөздердің ұшырап қалатынын байқаймыз. *Хан, батыр, құл, күң, бек, шора, ділда* сөздері жырдың көне дәуір оқиғаларын жырлайтынын аңғартса, *бай, жарлы, халық, мырза* сөздері жырдың кейінгі кезде жырлануымен байланысты қосылған «жаңартулар» екендігіне дәлел тәрізді. Киссада қазіргі мемлекет мағынасында *ел, халық, жұрт* сөздері жарыса қолданылыпты. Сондай-ақ жырда *батыр, хан, мырза, жырау* сөздерінің толық өз мағынасында әкімшілік термин ретінде қолданылғанын көреміз. Мысалы, Сол елке Тарғынның өзі *хан* болды және *батыры* болды (39-бет). Осы жұртымызда сіздей ерлігі болмаса да қырық сан қырымның *мырзасы* бір Жалмамбет дейтұғұн жікіт бар еді (5-бет). *Шора* сөзі де әлеуметтік термин ыңғайында кездеседі. Бұл батырға менім қол астымдағы батырларұмды *чораларұмды* аралаттырыб көрсетүб үйір қыл (15-бет). Арабтың *شوری* сөзінің кеңес, мәслихат, палата деген мағыналары бар,

бұл жерде *шора* сөзі «ханның кеңесшілері» деген ыңғайда қолданылуы мүмкін³¹. *Бұйрық* мағынасында *пәрмен*, *хүкім*, *жарлық* сөздері жарыса қолданылған.

Алладан *пәрмен* тіледі (3-бет). Тағында отұрұб хан *хүкім* қылды (3-бет), Бұл айтқан *жарлығыңызды* қабұл алдұқ... (6-бет), т. т.

Бұдан кейінгі бір көзге түсетін сөздер тобы — киім, құрал-сайман аттарымен байланысты лексика. Бұлардың ішінде қазір көнеріп, мағыналары ұмытылып бара жатқан *дәндан*, *қолаң*, *пісте*, *көзкі*, *сандал* сияқты сөздер бар.

Етістік, сын есімдердің ішінде де қазір мағынасы өзгерген не көпшілік оқушыға түсініксіз сөздер кездеседі. Мәселен:

«Бөрүктүре қырады
Талай қалмақ *нұрады*» (33-бет) —

дегендегі «*нұрады*» сөзі бізге түсініксіз. Н. И. Ильминскийдің сөздігінде «*нұра*» — старое слово «пропасть» — деп көрсетіледі. Соған қарағанда, «*нұрады*» — «аттан құлау, қырылу» мағынасын беретін тәрізді. Осы мағынада «*хараб ету*» тіркесі де қолданылған. Мысалы: Олалай ханның Торғауыт деген жұртын *хараб еткен* мен дейді (15-бет). Сол сияқты жырда «*қартайған*» дегеннің орнына «*қарыған*», аттың «*шабуы*» орнына «*жүгіруі*», «*құс салу*» орнына «*шүю*» сөздері қолданылған. Бұлар — қазақ тілінің көне лексемалары.

Мінбей түсбей *қарыған*...
Мінілсе де бұ тарлан
Бұрыңғыдай *жүгүрмес*» (28-бет), —

немесе:

«Қара лачын береді
Көлден көлге *чүйсейші*» (39-бет).

Парсының «*мәрт*» сөзі бірде «*жігіт*» мағынасында, бірде сын есім жасап *ержүрек*, *ақылды* деген мағынада қолданылған. *Нәһар*, *чыл пара* сөздерінің мағыналары да қазір көмескіленген.

Қазақтың батырлар жырларының көпшілігінде қайталанатын «*Буырқанды*, *бұрсанды*, *мұздай темір құр-*

³¹ Парсы тілінде *چوری* — үй қызметшісі, малай деген мағынаны білдіреді екен. (Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы, 1974, 107-б.).

санды», «Құйысқанын қысқарту», екі айылын бос тарту», «Айдан айлар өтеді», «Бір уақыттар болғанда» тәрізді жолдармен қатар, тек осы жырға ғана тән көркемдеуші құралдар — теңеулер мен фразалық тіркестер жиі кездеседі.

Бұған мысал ретінде Ақжүністің әдемілігін суреттеген жерде қолданылған: «Бекдер мінген бедеудей», «Жазғы түскен сағымдай», «Жарма бұйда ақ ұндай» деген тіркестерді келтіруге болар еді. Жырдан «Аруағы қашу», «Сұсы басу», «Жау жағадан алу», «Мүйіз шығу» тәрізді фразалық тіркестерді де кездестіруге болады.

Жырдың грамматикалық құрылысына келетін болсақ, қазіргі әдеби тіл нормаларынан тыс формаларды өте сирек кездестіреміз. Кездесе қалған жағдайда да олар қазақтың байырғы ауызша әдеби тілдік формаларымен қатарласа жүреді, көбіне-көп олар жырды көшірген не баспаға әзірлеген адамдардың байқамай жіберген қателеріне ұқсайды.

Көмектес септік мағынасын беретін қосымша көпшілік жерде **менен** түрінде келеді, кейде оның ауызекі тілдік варианттары **пенен/бенен** де кездесіп қалады, бірақ ол — жүйелі емес. Мысалы:

Мен бұ қызымның ол қырғыз **менен** кеткеніне риза емесмін//Ол қара кісі еді//Қызым кетсе керек еді хан баласы **менен**//Сүйек қорлаб қара кісі **менен** кетді (7-бет). Бірыңғай мүшелерді байланыстыруда бұл жалғаулық кездеспейді, оның орнына **және**, ал бір-ақ жерде **уа** жалғаулығы кездеседі.

— Бұ мәртнің мұндай батырлығын ерлікін қайратын қарауылчы құлдары **уа** қарауылчы күндері Ақжүніс аруға түсіндіріп айтды (4-бет).

Көсемше етістікке жалғанып, есімше жасайтын **тын/тін** қосымшасы жырда, негізінен, **тұғұн** түрінде келеді, тек бір-ақ жерде **тұрған** формасы қолданылыпты. Сол сияқты шығыс септігі қосымшасы **дан/ден** орнына бір жерде көне түркілік **дын/дін** формасы кездеседі.

— Тарғынның өзі қартайды ажал келіп дүниядың көчді (39-бет).

Негізінен алғанда, «Ер Тарғын» жырында сол тұстағы көне жазба әдеби тілдік нормадан гөрі ауызша әдеби тілге тән формалардың көбірек орын алғанын байқауға болады.

Әдеби тілдің нормасы бойынша *e* етістігінің болымсыздық түрі жіктелгенде, 1-жақта емеспін (*e-мес-пін*) болуы керек болса, жырда оның қысқарған ауызекі сөйлеу формасы *емен* түрінде кездеседі.

Мысалы: Сұлуға таңсұқ *емен*, мен өзүм де сұлумын (6-бет).

Көбінесе сөйлеу тіліне тән **жа болмаса, құй** сияқты кезектестік жалғаулықтары арқылы құрмаласқан сөйлемдер жиі кездеседі.— Сен неге жылайсын сен мені қарт деб жылаймұсын **жа болмаса** жаман деб жылаймұсын (11-бет). **Құй** бай болсұн **құй** жарлы болсұн **құй** жас болсұн **құй** қарт болсұн тек кім айырса сол алсұн... (7-бет).

1-жақтық *мен* жіктеу есімдігінің оған ілік жалғауының қосымшасы қосылғанда *менің* түрінде кездесуі қажет болса, кейде ауызекі тілдік *менім* формасы да ұшырап қалады.

— Менен хабар болған уақытта *менің* жаныма келүб жүрүңіз *менім* сізді чақырған лебізімді һәр кез жерге тастамаңыз (6-бет).

Жырдың сөйлеу тіліне жақындығын дәлелдейтін басты ерекшелік — қара сөз үзіктеріндегі сөйлем құрылысы.

— Сонда *Ақчахан қызына кісі жіберүб сұратды сені айтдұруға жаушы келүб жатыр менен рұхсат қызымның өзінің күйеуге барғұсы келе мекен келмей мекен деб білмек үшін. Сонда қызы айтды әкем маған үч күн мүрсат берсүн деді* (1-бет). *Мен сондай кісіге барамын кімнің бахыты зор болса диді* (6-бет). Бұл сөйлемдерде басыңқы сөйлемдер 1-орынға шығып, бағыныңқылар одан кейін орналасып, өздерінің дағдылы орындарын өзгерткен, бұл — ауызекі сөйлеу тілінде кездесе беретін жағдай.

Жырдың грамматикалық құрылысы мен лексикасында көне жазба әдеби тілдік элементтер өте сирек кездеседі десек, керісінше, оның орфографиясында араб жазуымен байланысты заңдылықтар бірсыпыра сақталған.

Қазіргі емле заңдылығымыз бойынша сөздің соңғы буынында *ы, і* қысаң дауыстылары жазылатын жерлерде көпшілік жағдайда *ұ, ү* дауыстылары жазылған. Бұл жағдай ерін үндестігімен де байланысты емес. Мысалы: *екенүн, аттанұб, керү, қайтарұн, соғылұб*, т. т.

Көп жағдайда *г, ш* келетін жерлерге *к, ч* әріптері жазылып отырған.

— Енді мені осындай кісіке хор қылғанча акарда батыр екенұң рас болса сен мені ал да *қач* (6-бет). Мұнда *к, ч*-ның жазылуы позиция таңдамайды. Осылар сияқты *қ* дыбысы естілетін орындарда кейде *х* әрпі де жазыла береді (*хор, бахыт, хан, хабар, хүкім*, т. т.). Бұл — *г, х, ч* әріптерінің жазылуының дәстүр бойынша қалыптасып кетуіне байланысты болса керек.

Араб-парсы тілінен енген сөздер қазақ тілінде көбіне дыбысталуына қарай жазылып берілсе де, *әр, еш* сөздері арабша таңбаланып, *һәр, һеч* күйінде жазылған.

Қорыта айтқанда, «Ер Тарғын» қиссасы — лексикалық құрамы жағынан болсын, грамматикалық құрылысы не орфографиялық жүйесі жағынан болсын, қазақ тілінің сол тұстағы көне жазба әдеби тіл нормаларынан гөрі ауызекі сөйлеу тіліне бір табан жақын тұрған нағыз халықтық шығарма. Бұл арада жырды тікелей ақын аузынан жаздыртып алып, баспаға дайындаған Н. И. Ильминский әсері де аз болмаса керек.

Қисса-и Чортанбай. Чортанбайның бала зары (Қазан, 1890). 19 беттік бұл кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы 7 беті Шортанбайдың заман, өмір, адам мінезі туралы толғауына арналған. Мазмұны — өмір деген өтпелі, кемді күнгі қызыққа, дүние-байлыққа мәз болмандар, о дүннені ойлаңдар деген сияқты насихат сөздер.

Қиссаның 2-бөлегі — Шортанбайдың өлер алдында бала-шағасы, ел-жұртымен арыздасып айтқан өсиет сөздері. Мұнда ол өзінің сапарда жүріп түс көргенін, өлім таянғанын айтып, ел-жұрты, үй ішімен бақұлдасып, кешірім сұрайды. Қиссаның соңғы жағында Шортанбайдың ілгері заман туралы, оның адамдары туралы болжауы берілген. Онда ол болашақтың адамдарын азғындатып көрсетеді. «Заман бұзылды, жас үлкенді сыйламас, қатын байын тындамас уақыт келді» дейді. Жалпы, Шортанбай өлеңдерінің идеялық мазмұны, көркемдік дәрежесі жайлы әдебиет зерттеушілерінің көптеген пікірлері бар³². Сондықтан бұл мәселелерге біз тоқталмаймыз.

³² Дүйсенбаев Ы. XIX ғасырдың 50—70-жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері. Талжанов С. Шортанбай Қанайұлы.— Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1961.

Біз тілін сөз еткелі отырған өлең түгелдей 7—8 буынды жыр ағымымен келеді, тек бірер жерде бастырушының тақырыпша ретінде өз сөзімен түсінік беретін қара сөз үзіктері кездеседі.

Қисса лексикасы толығымен қазақтың қазіргі әдеби тілінде қолданылатын сөздерден тұрады. Қазақтың жиі қолданатын мақал-мәтелдері мен образды тіркестері мұнда да баршылық. «Жатқанға жан жоламас», «Жүрген аяққа жөргем ілінер», «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетер», «Өлген адам қайтып келмес», «Көлденең тұрды көмейге», «Екі көзім тоймадың бұл жалғанға», «Ит жүгіртіп, құс салған», «Көк орай шалғын», «Жан тәтті», т. т. Сонымен бірге бұрынғы ауыз әдебиет үлгілерінде кездесе бермейтін «Ноқталы басқа бір өлім», «Жалаңаш болып жауға шап», «Жұртты жеген тауық ем, жалғанның ебін тауыш ем», «Шынарға біткен мақтадай» тәрізді соны сөз оралымдары ұшырайды.

Сөз жоқ, бұл қиссада сол ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік жағдайдан елес беретін *старшын*, *болыс*, *пірканчік* (приказчик), *қалаш* (калач) сияқты орыс сөздері мен жаңа ұғым атаулары ретінде қалыптаса бастаған *парахор*, *қарыз*, *өнерпаз* тәрізді қазақ сөздері кездеседі.

Мысалы:

Барахорлар қызығар
Бір қалачлық тиынға (3-бет),

немесе:

... Старшын, болыс болам деб
Ысраф қылұб малны төкмендер (10-бет).

Қисса лексикасында оңтүстік өңір тұрғындарының тіліне тән бірен-саран диалектизмдер де ұшырап қалады. *Пұл* (ақша), *меһман* (қонақ), *жәке* (аға, жас үлкен адам), т. т.

Қисса тілінің грамматикалық жүйесінде, негізінде, қазіргі әдеби тілімізден ерекшеленетіндей жайттар кездеспейді. Тек бірер жерде ғана көне түркі әдеби тілдік *дүр*, *бірлән* формалары кездеседі.

Мағлұмдүр хұдаға
Бенденің қылған гінәһсі (3-бет).
Қиық йүріб өте алмас
Асман бірлән өте алмас (5-бет).

Ал қиссаның орфографиясына келетін болсақ, көне

жазбаларға тән дәстүрлі емле заңдылықтары мұнда толығымен сақталған. Ш орнына ч, с орнына ш жазу, түбір мен қосымшаның жігінде үндестік заңының сақталмауы жүйелі түрде, ал г орнына к, ж орнына и жазу аракідік кездесіп отырады.

Мысалы:

«Икірма беш йашында
Жігіт йетер кемелге
Он секізде қыз толұб
Ана болаб бір елге» (4-бет).—

деген үзіндіде жиырма, жас, жетер сөздері и-мен басталып жазылған болса, жігіт сөзі қазіргіше дұрыс жазылған. Бес, жас сөздерінде с орнына ш жазылып, беш, йаш түрінде берілсе, секіз сөзі с-мен жазылған. Осы сияқты к//г-нің жазылуында осы бір үзіндінің өзінде де бірізділік жоқ.

Араб-парсы сөздерінің түп нұсқадағы түрін сақтап жазуға тырысушылық байқалады. Әділ, арам, адал, арыз, мейман, ақыл сөздері қиссада ғаділ, харам, халал, ғарыз, мейман, ғақыл түрінде жазылған.

Жалпы қисса тексінде мұнымен қатар емле қатесі өте көп. Ж мен ч, сондай-ақ н, ң, м әріптерінің бірінің орнына бірін жаза берген.

Мәселен, атаң-анаң, атан-анан болып, ұмытпасаң, тобаңды, үнұтмасаң, тобанды болып жазылған. Бұл — әріп терушінің сөз мағынасын түсінбей теруінен кеткен қателіктер болар дейміз. Сол сияқты бірен-саран жерде қазақ сөздері көне түріктік формада кездесіп қалады. Тірі — тірік, едім — ердім, болар — болұр.

— Хожа емес ердім, сарт ердім (9-бет), Чортанбай өзі тірік заманында (8-бет), т. т.

Қалай десек те, идеялық жағын есепке алмағанда, бұл қиссаны қазақ жазба әдеби тілінің жағдайын танытатын ХІХ ғасырдағы баспа нұсқалардың бірі ретінде қарауымыз керек.

Бабатайұлы Дулат. Өсиетнама (Қазан, 1880). Бұл шығарма қисса деп аталмапты, дегенмен жанры, мазмұны, құрылысы жағынан «Шортанбай қиссасынан» айырмашылығы аз.

Мұнда да автор өз заманын, яғни жаңа ене бастаған капитализм жаңалықтарын сынайды, оны ақырзаман көріністері ретінде түсіндіреді, кейінгі ұрпаққа өз «өсиетін» айтады. 16 беттік бұл өлеңде бастан-аяқ осы мәселе-

лер сөз болады, 7—8 буынды жыр ағымымен жазылған, ұйқасы ерікті.

Кітапшаның бас жағында:

«Мұны йазған Мәулекей

Тастамаңыз дұғадан...» дегеніне қарағанда, Дулат өлеңін кітап етіп бастырушы Мәулекей Юмачиков екендігі көрініп тұр. Өлеңнің бас-аяғы толық сақталуына, өлең стилінің бірізділігіне қарағанда, Мәулекей өз жанынан еш нәрсе қоспаса керек.

Өлеңнің мазмұны белгілі бір тақырыпқа, оқиғаға арналмағандықтан, оның лексикасы да жалпы халық өмірінің барлық жағын қамтиды, негізінен, қазақтың өзінің төл сөздерінен тұрады. Жаңа, капитализм заманын сынаумен байланысты ақынның аузына *базар, самауыр, чай, тарантас* сияқты бірен-саран орыс сөздері еріксіз түседі.

Самауыр менен *чай* *чықды*
Сауыб ічер сүті жоқ
Ақча деген мал чықды
Мінүб жүрер күчі йок
Тарантас деген ат чықты (12-бет).

Араб-парсы сөздері өте аз, кездесетіндері — қазаққа әбден сіңіп кеткендері (ғақыл, молла, сабақ, пайда, сауда, адам, заман, ғараб, ғайыр).

Өлеңнің грамматикалық құрылысында да, қазіргі тілімізбен салыстырғанда, ешқандай ерекшелік байқалмайды. Өлеңнің орфографиялық жүйесінде түркі әдеби тілі дәстүрі толықтай сақталған. Яғни *ж, с, ш, п, г* дыбыстары келетін жерлерге *й, ш, ч, б, к* әріптері жазыла береді, бірақ бұл жүйелі емес.

«Өсиетнамада» да, жоғарыдағы қиссадағыдай, орфографиялық қателер жиі ұшырайды. Бұл қателер, көбіне, *ж* орнына *ч* жазу, керісінше, *ң* орнына *н* немесе *м* жазу тәрізді болып келеді.

Қысқаша айтқанда, бұл кітапты да өз тұсындағы жазба әдеби тіл үлгісі ретінде қарауға тиістіміз.

* * *

«Халықтық туындылар» деген атпен біріктіріп қараған шығармаларымыздың бәріне ортақ нәрсе — олардың лексикасының қазақтың өзінің төл сөздерінен тұратындығы. Әрине, әр шығарманың жырлаған тақырыбына байланысты ондағы кездесетін сөздер өмірдің әр

алуан жағын қамтиды. Өзге топтағы қиссалардан бұлардың бір айырмашылығы — тілінде қазақ ұғымына әбден сіңіскен, қалыпты сөз оралымдары мен бейнелі сөз өрнектерінің молдығы. Бұлардан көне дәуір суретін білдіретін тарихи сөздермен қатар, сол дәуірде кіре бастаған жаңа сөздерді көреміз, араб-парсы сөздерінің саны біртіндеп азая бастағанын байқаймыз.

Бұл шығармалардың грамматикалық құрылысына тән нәрсе — олардағы өзге тілдік немесе көне түркі әдеби тіліне тән жалғау-жұрнақтардың азая бастауы, қолданылса да, қазақтың сөйлеу тіліндегі формалармен қатарласа жүретіні.

Бұл шығармалардың орфографиялық жүйесі араб графикасымен байланысты көне жазба дәстүрден айыға алған жоқ. Бұл шығармалардың ішінен қазақтың сол тұстағы сөйлеу тіліне қай жағынан болса да жақындау тұратыны, грамматикалық құрылысы мен орфографиялық жүйесі жағынан көне жазу дәстүрінен бір табан арылғаны — Н. И. Ильминский бастырған «Ер Тарғын» жыры.

Сөйтіп, біз тілін сөз еткен шығармалар — XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазба әдеби тілінің күй-жайын танытатын негізгі арналар.

II Т А Р А У

ҚОҒАМДЫҚ-ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ТУУЫ АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІНЕ ТІЛДІК СИПАТТАМА

1. Газеттер туралы қысқаша мәлімет

Тіл тарихын зерттеуші ғалымдар «Қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасуында XIX ғасырдың екінші жартысының орны ерекше»¹ дегенде, ең алдымен,

¹ Кенесбаев С. Қ., Исакаев А. И., Мусабаяв Г. Г., Сыздыкова Р. Г. О нормах казахского литературного языка. — Вопросы развития литературных языков народов СССР. Алма-Ата, 1964, с. 172.

Ыбырай, Абай сықылды шын мәніндегі әдеби тілдің негізін қалаушы халықтық қайраткерлерді негізге алса, екінші жағынан, бұл тұстағы өзге де прогрестік шаралармен қатар ана тілінде тұңғыш баспасөзіміздің жарық көруі де ескеріліп отырылады. Баспасөздің пайда болуы әдеби тілдің стильдік тармақтарының дамуына жағдай жасайды. Ал әдеби тілдің стильдік саралануы дегеніміз — оның кемеліне келген шағын көрсететін белгілердің бірі.

Қазақ тіліндегі тұңғыш газет 1870 жылы Түркстан уәләтінің орталығы Ташкент қаласында шықты. Ол кезде Түркстан генерал-губернаторствосына Қазақстан территориясынан Сырдария, Жетісу облыстары қарайтын еді. Алғашқысында газет генерал-губернаторствоның ресми органы «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде «Түркстан уәләтінің газеті» деген атпен шығып тұрды. Бірақ көп ұзамай-ақ бұл газет өз алдына шығатын жеке газетке айналды. Оған белгілі шығыс зерттеушісі, «Түркстан ведомостыларының» ең соңғы редакторы Н. П. Остроумовтың мына сөзі дәлел бола алады.

«Аталған «қосымша» Түркстан ведомостыларының редакциясына қаражат жағынан болмаса, басқа ешқандай қатысы болған жоқ. Осы жағдайда ол 13 жыл бойы, 1883 жылға дейін шығып тұрды. Газетті шығарушы басында генерал-губернатордың тілмашы Ибрагимов, ал кейін генерал-губернатор канцеляриясының тілмашы Чанышев болды... 1883 жылдың басынан бастап Түркстан генерал-губернаторы, генерал-лейтенант Черняевтің бұйрығымен газет редакциясын басқару маған тапсырылды. Сонымен бірге оны қырғыз (қазақ — Б. Ә.) тілінде шығару тоқтатылып, ол сарт (өзбек — Б. Ә.) тілінде жұмасына бір рет шығатын шағын газетке айналды»².

Газеттің екі тілдегісінің де он жылдан астам уақыт редакторы немесе шығарушысы Ш. М. Ибрагимов болды. Ш. М. Ибрагимов (1841—1891) — Ш. Уәлихановтың жақын достарының бірі, өз заманындағы білімді, прогрестік идеядағы адам болған. Қазақтың ауыз әдебиет үлгілерін, этнографиялық деректерді жинап, ол жөнінен ондаған мақала жазған.

² Остроумов Н. П. Сарты.— Этнографические материалы. Вып. I. Ташкент, 1890, с. 127.

Газеттің айына 4 номері (екеуі қазақша, екеуі өзбекше) шығып тұрды. Газет Қазақстанның әр жерінен (Ақмоладан, Алматыдан, Семейден, Бөкей ордасынан және Орынбордан) хабарлар басып тұрған, сондай-ақ сол жерлерден газетті алдырып тұрушылар да болған. Алайда газет жалпақ қазақ жұртына тегіс тарай алмаған, өйткені оның тиражы өте мардымсыз еді, 240 данадан аспады.

Газет өзінің үкімет бекітіп берген программасы бойынша жергілікті халықтарға қатысты Түркстан генерал-губернаторы мен облыстық әскери губернаторлардың бұйрықтарын, сот орындарының шешімдері мен сауда хабарларын, Россия және басқа мемлекеттердің өмірінде кездесетін кейбір оқиғаларды, шаруашылық өмірдің жаңалықтарын жазып тұруға тиіс болған. Алайда газет жүре келе ол программадан едәуір тысқары шығып, қазақ халқының мәдениетіне, тарихына, әдебиетіне қатысты материалдарды жиі жариялап отырғанын көреміз. Газет бетінен біз халыққа пайдалы медициналық, ветеринарлық кеңестерді, жаратылыс құбылыстарын (күн тұтылу, жер сілкіну, жаңбыр мен тұман, найзағай т. б.) ғылыми негізде түсіндіруге арналған мақалаларды, шармен аспанға ұшу, Магеллан саяхаты, телеграф арқылы сөйлесу сияқты ғылым мен техника жаңалықтарын оқи аламыз. «Мың бір түн» ертегісі, Ермак туралы аңыз, орыс-түрік соғысы туралы хабар, Бабажанов жинап бастырған қазақ мақалдары газеттің бірнеше номеріне басылған. Қазақ жеріндегі отаршылдық езуге қарсы шыққан 1869 жылғы Орынбор қазақтарының, 1870 жылғы Маңғыстау қазақтарының көтерілістері жайында газет бетінде мақалалар жарияланған.

Сонымен қатар газетте қазақ арасындағы ел басқару жайы, жаңадан ашылған мектеп, медіресе, салына бастаған темір жол құрылысы, почта байланысы т. т. жайлар жиі сөз болады. Газет бетінен ағартушылық идеяны насихаттайтын мақалаларға кең орын берілген.

Қазақтың алғашқы ағартушысы Шоқан Уәлиханов және оның зираты туралы алғашқы деректерді осы газет бетінен кездестіреміз. Газетте қазақтың ұлттық ойындары, жұмбақ айтысуы сияқты дәстүрлері сөз болып, қазақтың Мәделіқожа, Орынбай, Досанбай сияқты ақындарының өлеңдері мен қаракалпақ ақыны Әжнiяз бен Меңеш қыздың айтысы басылған. Газет қазақ

тілі жөнінде арнайы мақала жарияламағанымен, оның бетінен қазақ тілін таза сақтауға шақырған, өзбек, татар сөздерін араластырып өлең шығарған адамдарды сынаған мақалаларды кездестіруге болады.

Газеттің 1882 жылғы 4-номерінде жаңадан Дала генерал-губернаторствосының құрылып, оған Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының қарайтындығы айтылады. Міне, «Түркстан уәләяті газетінің» қазақша бөлімінің жабылуына да осы жағдай себепші болған болуы керек. Қазақ тіліндегі екінші газет бұдан 5 жыл кейін 1888 жылдың 1 январынан бастап, жаңадан құрылған Дала генерал-губернаторствосының органы ретінде оның әкімшілік орталығы Омбы қаласында шыға басталды.

Газет Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының ведомостыларына жалғама ретінде «Дала уәләятінің газеті» деген атпен (орысшасы — «Киргизская степная газета») жұмасына бір рет қазақ-орыс тілдерінде 14 жыл бойына үздіксіз шығып тұрған. Газеттің редакторы ретінде әр уақыт И. Козлов, К. Михайлов, Г. Аваза дегендер қол қойып отырған, қазақшасын үзбей редакциялаған генерал-губернатор канцеляриясының аға тілмашы Ешмұхамед Абылайханов болды. Бұдан басқа аудармашылар ретінде Д. Сұлтанғазин, Б. Чалымбеков, Р. Дүйсенбаев т. б. істеген. Газет тілшілері ретінде О. Әлжанов, Ж. Аппасов, Д. Айманов, Х. Бекходжин, Д. Иманқұлов, А. Құрманбаев, А. Қылышбаев, А. Нөкербеков үнемі мақала жазып тұрған.

Газеттің барлық тиражы бізге мәлім емес, бірақ бір мәліметте газетке «міндетті жазылушылар» дегеннің (облыстық, ауылдық қызмет адамдары) саны 1332 адам екені көрсетіледі.

Газет екі бөлімнен (ресми және ресми емес) тұрды. Ресми бөлімінде патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің қазақтарға қатысты бұйрық-жарлығы жарияланып отырды. Ал ресми емес бөлімінде негізінен көтерілген мәселелер: ел басқару жәйі, егіншілікті өркендету немесе отырықшылыққа көшу, мал тұқымын асылдандыру, сауда хабары, мәдениетке ұмтылу (мектеп ашу, дәрігерлік көмекті күшейту, қазақтың тілін, әдебиетін дамыту) т. б. Бұлармен бірге газет өз оқушыларын Россияда, шет елдерде болып жатқан ірілі-уақты оқиғалармен, әр түрлі ғылым жаңалықтарымен, көршілес Орта Азия,

Қытай халықтарының тұрмысымен таныстырып отырған.

Газет редакциясы қазақ халқының артта қалуының басты себебі оның надандығынан деп түсініп, халықты өнер-білімге шақыруды өзінің басты міндеті деп білді. Сондықтан да қазақ даласындағы әрбір ашылған мектеп, оқуға түскен қазақ баласы газет бетінде ескерусіз қалмады. Газет Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақтың ардагер ұлдары туралы бірсыпыра деректер де береді. Ыбырай, Абайлардың кейбір өлеңдері мен әңгімелері алғаш рет осы газет бетінде жарық көреді.

Газеттің өз бетінен әдебиет, қазақ тілін дамыту мәселелеріне кең орын бергенін көреміз. Мұны газеттің бірнеше номеріне қосымша қылып әдеби бет беруінен, сондай-ақ әдебиет, тіл мәселелері туралы арнайы пікір таласын (диспут) ұйымдастыруынан айқын көруге болады³.

Бұл газеттердің тіл ерекшеліктері автордың 1971 жылы жарық көрген «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты монографиясында егжей-тегжейлі сөз болғандықтан, бұл кітапта оған арнайы тоқталмаймыз. Оқушыға бұл газеттердің тілі жайында жалпылай сипаттама ретінде төмендегіні ғана айта аламыз.

Ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары — «Түркстан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләятінің газетінің» шығуы қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды.

Ұлт тілінде баспасөздің шығуы, ең алдымен, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына аса зор ықпал жасады. Қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ғылыми-көпшілік әдебиеттер стильдерінің негізі қаланып, ресми іс қағаздары стилі одан әрі жетілді. Аударма тәжірибесінің бастапқы қадамы жасалынды.

Газеттер арқылы қазақ жазуының кейбір заңдылықтары қалыптасты. Әсіресе, газет бетінде шет тілден енген сөздерді жазуда бірден-бір дұрыс принцип қолданылды. Араб графикасына негізделген қазақ жазбасында бірінші рет тыныс белгілерін жүйелі қолданудың алғашқы талабын жасады, өз бетінде оны насихаттады.

Қазақтың сан ғасырлық тарихында қолданылып кел-

³ Бұл туралы автордың 1971 жылы жарық көрген «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты кітабының 16—30-беттерінен толық мәлімет алуға болады.

ген сөз байлығын (лексикасын) қағаз бетіне түсірді, оның кейбіріне жаңа мағына үстеп, кейбіреуін терминдік дәрежеге дейін көтерді. Сондай-ақ өзге тілдерден (араб, парсы, орыс) енген сөздерді де жатсынбай қабылдап, тіліміздің сөздік қорын молайтты, бірақ орынсыз сөз алуға әуестенудің зияндылығын да естен шығарған жоқ.

Газеттер арқылы қазақ тілінің грамматикалық жүйесі едәуір жетілді. Ұлы орыс тілінің игі әсерімен қазақ тілінің сөз байланыстырушы, сөз өзгертуші амалдары сапалық өзгерістерге ұшырады, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде, сөздердің өзара тіркесу қабілетінің кеңеюі мен құрмалас сөйлемдердің байланысу жолдарының дамуында біраз жаңалықтар орын алды. Бұлардың бірқатары осы еңбектің қазақ әдеби тілінің лексикасы мен грамматикалық құрылысына арналған тарауларында әңгіме болады.

2. Ы. Алтынсарин жазған қазақша газет үлгісі жайында

Бұл жоғарыда әңгіме еткен екі газеттен басқа сол кезеңдегі облыстық ведомостыларда да қазақша материалдар оқтын-оқтын жарияланып тұрған, олар, көбінесе, ауыз әдебиеті текстері мен кейбір ресми материалдардың аудармасы болып келеді. Мәселен, «Торғай облыстық ведомостыларының» 1897 жылғы номерлеріне қосымша ретінде «Ел аузынан жиналған халық әдебиеті үлгілері» жарияланған. Мұнда ауыз әдебиетінің ертегі, мақал-мәтел, бата сөз, өлең, жаңылтпаш, жұмбақ т. б. түрлері бар. Олардың кейбіреулері төмендегідей: 1) Астан соңғы бата; 2) Ермағамбет; 3) Қамырбай батыр; 4) Шал мен кемпір; 5) Алтын айдар; 6) Қара батыр; 7) Алтын пышақ; 8) Оқыған бала; 9) Қырық құлақ; 10) Қара қылыш; 11) Әлібек; 12) Залым ұры; 13) Амалшыл Бекжан, т. т.

Сол сияқты аталған газеттің 1892 жылғы номерлерінде де қазақша материалдар жиі жарияланып тұрған. Газеттің 44-номерінде 37 қазақ мақалы, 33—34-номерлерінде 112 қазақ мақалы орысша аудармасымен берілген. Ал 31-номерінде екі тілде «Торғай облысының орысша-қырғызша ауылдық мектептерінің ережесі» басылған. Газеттің 27-номерінде қосымша ретінде

«В виду холеры» деген брошюраның аудармасы берілген.

Мұндай ауыз әдебиеті материалдары «Тургайская газета» мен «Оренбургский листокта» да кездеседі.

Бұлардың баршасы да орыс графикасымен қазақтың сөйлеу тілі негізінде жазылған. Лексикасы араб-парсы сөздерінен мейлінше таза, грамматикасы мен орфографиясында көне түркі әдеби тілі элементтері жоқтың қасында деуге болады.

Бұл материалдарға арнайы тоқталып жатпай-ақ, ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өз қолымен жазылған «Қазақ газетінің» бірінші номерінің тіл ерекшеліктерін сөз ете кетейік.

1879 жылы Ыбырай Алтынсарин қазақ тілінде газет шығару жөнінде жергілікті патша әкімшілік орындары алдына ұсыныс жасаған, болашақ газеттің үлгісі ретінде оның бірінші номерін өз қолымен жазып құрастырған. Бұл ұсынысты сол кездегі Орынбор генерал-губернаторы Н. А. Кржижановский қолдап, сол жылы (11/XII) Ішкі істер министрлігіне хат жолдаған. Онда «осы үлгідегідей орыс графикасымен жергілікті халықтың ана тілінде газет шығару қазақ арасында сауаттылықты арттырып, халық ағарту ісін жолға қоюда көп пайда келтірер еді және үкімет ойлаған шаралардың халыққа тез жетуіне көмектесер еді»⁴...— деп көрсетілген.

Бұл хатқа Ішкі істер министрлігі 1880 жылғы 28 майда: «Господин Министр внутренних дел не изволил изъявить согласие на издание проектированной Вами газеты для киргизских степей»⁵ — деп жауап берген. Сонымен бірге Ы. Алтынсарин құрастырған газет үлгісін, қазақ хрестоматиясын және қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын жіберіп отырмыз деп мәлімдеген. Сөйтіп, Ыбырайдың қазақша газет шығару жөніндегі жоғарыдағы талабын патша үкіметі қабылдамай тастаған.

Газет орыс және қазақ тілінде форматы 45x35 см. көлемінде 8 беттік болып жоспарланған, алғашқы 4 беті қазақша, соңғы 4 беті — соның орысша аудармасы. Газет «Қазақ газеті» деп аталыпты (орысшасы — «Киргизская газета»), 4 бөлімнен тұрады.

⁴ Оренбургский облархив. Ф. 6, опись 10, дело № 8481.

⁵ Бұл да сонда.

Бірінші бөлімнің рубрикасы «Бас әкімдер жағынан шыққан хабарлар» деп аталған. Мұнда бас мақала есепті қазақ халқына арналып жазылған үндеу-өсиет бар. Бұл мақаланың негізгі мазмұны Ыбырайдың өзінің ағартушылық идеясынан туындайды. Бұдан біз ұлы ағартушының өз халқының болашағына деген үлкен қамқорлығы мен жанашырлығын тағы бір айқын көргендей боламыз.

Газеттің тіл ерекшеліктеріне оқушылардың көзін анығырақ жеткізу мақсатында Ыбырай жазған осы мақаланың тексін толықтай келтіре кетуді орынды санадық.

«Өнерлі өрге жүзеді» деген бұрынғылардан қалған сөз бар екен⁶. Бұл күнде бақ та, дәулет те, күш те сол мақалды ұмытпай ескерген жұрттарда. Қазақ халқы көшіп-қонып, шаруалық қылып, болашақ күнді ойламай бейпіл жүріп, бұл күнде бөтен қатар жұрттардан әрбір ісі кемге соғып жүр. Қазақтан бөтен Ақ патсаға қарап тұрған жұрттардың қай-қайсысы да болса, еш болмаса өз мұңын, арызын өзі айта біледі, болмаса қағазбен жазып көрсететін адамдары бар. Біз жұмысты болсақ, бір білер-білмес кісіні алдымызға саламыз, қараңғы кісіге тек орысша тіл білгеннің бәрі де зор білімді кісі реуішті көрінеді; не болмаса біреумен барып, ісіміздің мәнісін айтып, ақылдасамыз. Ол ақылдасқан кісі арызымыздың заңға сыймайтын жері болса да, тура мұнан еш нәрсе өнбес, әуре болма деп айтпайды, «ой, ісіңді түзеуге тек арыз берсең болады»,— дейді. Сонан соң бір-екі, үш қараның бұлын беріп, әлгі кісіге арыз жаздырамыз. Бірақ ол арыздан ештеме тағы болмайды, себебі сол: не арызымыз әуел бастан-ақ орынды емес, не болмаса әлгі арыз жазған ақылшымыздың өзі, сиырдың адам сөзіне қанша түсінерлік шамасы болса, оның да заң түсіну шамасы сонша; оның ниеті тек біздің ақшамызды алдап алмақ еді. Осындай кемшіліктен қара халық түгіл, біздің бас адамдарымыз да азат емес. Біздің болыс, ауылнайларымыз қызмет істерін жазып беріп тұруға орыстан песір жалдайды бір түлік малдың бұлын беріп; ол песірлер көбісінше іс мәнісін білмегендіктен, ауылнай-болыстар, әкімдерден ұят алдырып, әуре болып жүргені.

⁶ Текстегі тыныс белгілерін қазіргі пунктуациялық заңдылығымызға сай өзіміз қойдық, сондай-ақ, тексті қазіргі алфавит бойынша транскрипция жасадық.— Б. Ә.

Қос, бұл күнде заманымызға қарай, мұқтаждық жылдан жылға үйретіп келеді қыс күні жылы үйдің байдалы екендігін. Ал, үй салуға кірісейік десек, қазақтың өзінен жөнді терезе, пеш, есік (жасайтын), жөнді үй салатын бір адамымыз жоқ. Өнердің ең жаманы ағаш табақ, аяқ, күрек, балта, төрт аяқ арба болса, соларды да өзіміз істей алмай, базардан сатып аламыз. Малымыз бізге есепсіз көп май, жүн, тері береді, олардан өзіміз ешбір нәрсе істей алмай, терімізді 30 тиыннан 3 теңгеге шейін, майымызды 2—3 теңгеден сатамыз. Кент жұрты теріден дереу былғары істеп, өзімізге 2—10 теңгеге шейін қайта сатады; майдан шам құйып, бұтын 5—6 теңгеден сатады. Тіпті жерден илеп, кім болса сол істеп жатқан кірпішті өзіміз істей алмай, керек болса не казак-орыстан, не естек, не ноғайдан аламыз. Осылардың бәрі де оқып, үйреніп байқасаң, кез келген қазақ істейтін нәрселер, бірақ білім жоқ дадан болған соң, бізге бәрі де қиын көрінеді.

Атығай Қошан ақынның бір мұңшылық сөзі есімнен кетпейді. Ол мынау жаңа штат ашылған соң, уездің мекемесіне арызға барып, соның турасында айтыпты:

«Уезде бір қазақ бар помощник
Ол дағы іс етелмайды басып-көктеп.
Арызды айтар кісің уезнай
Күн қайда айтатұғын сөзіңді ептеп;
Сөзіңе қанша айтсаң да түспеген соң
Песірлер қуалайды пошел — кет деп...
Барар жер, басар тауың болмаған соң
Қақпадан кете алмайсың төгеректеп,
Бір ауыз тым болмаса тіл білмейсің
Өлдің ғой бізің қазақ тентіректеп...»

Міне, қазақтың осындай күйде екендігін аңғарып және біздің жұрт тумысында зерек, ақылды халық екендігін ескеріп, бұл құдайдың берген білімі зая кетпес үшін, бас әкімдеріміз қазаққа орысша жазу, тіл және әр түрлі өнер үйрететін әр уезге бір жақсы медіресе салдыруға жатыр деп есітеміз. Әр медіреседе жүзге шейін бала оқуға болады дейді. Құдай бұйырып, бұл хабар тек расқа шықса еді; Рас болғандай болса, бұрынғылардың айтып кеткен үгіттерін ұмытпасқа керек. «Темірді қызғанда соқ» және «Тентек ақылы түстен кейін енеді» деген. Әуелгі ақылдың керегі сол — әкімдердің осындай жақсы талабының үстінде кейінгі жастарға білім-өнер үйреттіріп, байдаланып қалуға керек, біздің халықты

жақсылыққа түсінбейтін халық екен деп таулары қайтып қалмасын. Екіншісі сол — уақытымен осындай істен байдалана алмай, артынан өкініп жүрмелік. Осы бұрынғылардың ақылын орнына келтірсек, кім біледі, манағы мақал қалыбынша, біздің арамыздан да «Өрге жүзетін» адамдар табылар».

Міне, Ыбырай бұл мақаласында өз халқының кемшілік жақтарын айқын дәлелдермен көрсете отырып, оның себебін ашып, бұл кемшіліктерден құтылар жол — жастарды мектепке беріп, оқу оқыту екенін көрсетеді, соған шақырады.

Осы бөлімде ел ішіндегі ұрлықты тоқтату үшін алынатын шаралар мен облыстық әскери губернатордың елді аралауы туралы ресми хабарлар жазылған. Сондай-ақ жаңадан сайланған волостной управительдер мен наградталған адамдар туралы хабарлар бар.

II бөлімде «Ел ішіндегі хабарлар» деген рубрикамен елде болған өрт, мал ауруы, және ауа райы туралы қысқа-қысқа хабарлар мен Орынбор мұнанайындағы (меновый двор) малдың, басқа да товарлардың бағасы қандай екендігі жазылыпты.

III бөлім шет жұрттардан келген хабарларға арналған. Мұнда Англия мен Ауғанстан арасындағы қақтығыс, қазақ жеріне тыныштық бермей тұрған түрікпендерді тәртіпке шақыру үшін Амудария генерал-губернаторының өз әскерімен солай қарай кеткені жазылыпты.

Ал газеттің 4-бетінің астыңғы белдеуі «Таңсық әңгімелер» деген рубрикамен түгелдей «Жиренше шешен» туралы әңгімеге арналыпты. Мұның «Қырғыз хрестоматиясына» кірген вариантынан біраз өзгешеліктері бар.

Енді бірер сөз газеттің тілі жайында болмақ.

Ең алдымен, газет қазақша жазылып, содан кейін орысшаға аударылғанға ұқсайды. Өйткені қазақша текстердің тілі жатық, өте жүйелі және қазақтың мәнерлі, көркемдеуіш сөздеріне толы. Газет таза орыс графикасының өзімен жазылғандықтан, кейбір сөздердің оқылуында қиындықтар кездеседі, дегенмен аңғарып, зердесін салған адам тез жүргізіп оқып кете алады. Қазақ тілінің өзіндік дыбыстары орыс алфавитіндегі әріптерге қосымша жүктелген. Мәселен, к әрпі қазақтағы әрі к-ні, әрі қ-ны білдірсе, г әрпі әрі г-ні, әрі ғ-ны білдірген. І, и дыбыстары бір-ақ и әрпімен, ы және жуан и да бір-ақ ы әрпімен таңбаланған. ң дыбысы н мен г

таңбаларының қосындысы арқылы берілген. Ал ұ, ү, ө дыбыстары үшін арнайы таңба алынбай, олардың бәрі у таңбасымен жазылған. Сол сияқты ә дыбысы а әрпімен берілген, сөз басындағы е дыбысы орнына, неге екені белгісіз, э таңбасы алыныпты. Сөздің жіңішкелігін білдіру мақсатында кейде жіңішкелік белгісі (ь) қолданылған. Мысалы: *эль* (ел), *бзь* (біз), *тль* (тіл) т. с. с. Газетте тыныс белгілері бірсыпыра дұрыс қойылған. Бірақ көп жағдайда жалғау мен шылау ажыратылмай, екеуі де өзінің алдындағы, байланысты сөзімен бірге жазылған. Дәстүр бойынша х әрпімен жазылып келе жатқан *хан*, *хабар*, *халық* деген сөздер газетте ауызша айтылуынша *қан*, *қабар*, *қалық* болып жазылған.

Атап айтатын жайт — газет тексінің лексикалық жағынан тазалығы. Мұнда оқымаған қазақ түсінбейтіндей сөздер жоқ деуге болады. Әкімшілік хабарлары жазылған ресми бөлімде ғана бірен-саран орыс әкімшілік терминдері кездеседі, ол да, көбінесе, қазақтың байырғы айту формасында жазылып берілген (песір, болыс, ауылнай, нагрет, мұнанай). Бұлардан өзге бірнеше сөз, атап айтқанда *штат*, *уезд*, *помощник*, *приговор*, *волостной управитель*, *областное правление*, *чрезвычайный съезд* орысша айтылуынша жазылыпты, өйткені бұл сөздер ол кезде халық арасында әбден сіңісті болмаған сөздер болса керек. Сондықтан олардың орысша транскрипциялануы сақталған. Араб-парсы сөздерін қолданғанда, олардың бұрыннан халыққа түсінікті болып кеткендерін ғана қолданған. Мысалы: *әкім* (қызмет адамдары), *кент* (қала), *мекеме* (канцелярия), *медіресе* (оқу орны) т. с. с. Газет материалдарындағы 2—3 сөздің ғана жай халыққа түпкі мағынасы түсінікті болмауы мүмкін. Оның бірі — *киная*. Бұл сөздің негізі арабтың сөзі болса да, татар тілінде «астарлап сөйлеу» мағынасында жиі қолданылатын сөз, газеттегі беретін мағынасы да осыған жуық.

— Шешен енді ойына бір нәрсе алып, тіке сөйлесуге үйдегі қарттан ұялып, *кинаямен* қызға қарап тізесін сипады. Әлгі *кинаялардың* мәнісі...

Осы сияқты *кетқұдайшылық* деген сөз де түсініксіз. Парсы тілінде саудагер деген мағынада *کد خودا* деген сөз бар екен. Мұның осы сөзден туындаған сөз болуы мүмкін. — Хан Жиреншеден: тәттіде не тәтті, қатты-

да не қатты? — деп сұрағанда, Жиренше «тәттіде тұз, қаттыда *кетқұдайшылық* қатты» деп жауап береді. Сонда қаттыда саудагер қатты деген ұғым туады, ол «саудагер алушыны аямайды» деген мағынада айтылды ма екен?! Сұлу деген мағынада бір-ақ жерде *гузель* сөзін қолданыпты. Мысалы: Мен саған, дұрұс, жазықтымын; сендей *гузельді* не киімге жарытпадым, не сый қонақтарың болса *ұялмай сыйлайтын* ауқат тауып бермедім.

Газет материалдарында қазақтың кейбір сөздері әкімшілік термині мағынасында қолданылған. Мысалы: *елші* (посол), *жарандар* (сотрудники), *бұйрық* (приказ), *төре* (господин), *жұрт* (страна).

Енді бірқыдыру сөздер мен сөз тіркестерінің қолданысынан жергілікті ерекшелік сипатын аңғарамыз. Жоғарыда келтірілген бір мысалда *ауқат* сөзі *азық-түлік*, *ас* мағынасында қолданылған болса, сол мағынада екінші бір жерде *мәзір* сөзі кездеседі. (Соның үшін бұл қаймақты өз сүтімді сауып сонан істедім. Бұл *мәзірім* сіздерге қос көрініп, мен бейшара бүгүн екі есе бақытты болдым). Сол сияқты *ер-ортаны болу* (жігіт ағасы болу немесе жер ортасы жасқа келу), *орнына келтіру* (орындау), *көрлісім жоқ* (көргенім жоқ), *сөйлес қылды* (сөйлесу) тәрізді сөз тіркестері бүгінгі әдеби тіл нормасынан тысқары жатқандықтан, бұларды жергілікті сөз қолданыс па деп топшылаймыз. Ал аң-ның *ау, жауап*-тың *жауап* түрінде кездесуі — көне түркі тілдік дәстүрдің салдары болса керек.

Ыбырай тілінде кездесетін бір фонетикалық ерекшелік — әдетте *ш* әрпі жазылатын *патша, қош, ғашық* деген сөздерді *патса, қос, асық* түрінде жазу. Бұл — оның басқа да шығармаларында кездесетін жайт.

Газет материалдарының грамматикалық құрылысынан қазіргі әдеби тілімізден бөлек тұрған ерекшелік таба алмаймыз. Сол дәуірдегі қазақ жазбаларында кездесетін өзге тілдік жалғау-жұрнақ, көмекші сөздер мұнда атымен жоқ. Қазақ тілінің өзіндік жалғау-жұрнақтары да, көбінше, ауызша сөйлеу тілінде кездесетін формада ұшырайды. Мәселен, ыңғайластық жалғаулық және көмектес септігі қосымшасы қызметін атқаратын *мен/бен/пен* формасы газетте дәл осы варианттарда және бұған қосымша *менен* тұлғасында кездеседі. Қазіргі тіліміздегі *сондықтан* себеп-салдар жалғаулығы газет-

те соның үшін түрінде, сияқты көмекші сөзі реуішті түрінде ұшырайды. Бұның соңғысы жергілікті сөз қолданыспен байланысты қаралса керек.

Қорыта айтқанда, Ыбырай жасаған бұл газет үлгісі — қазақ баспасөзі тарихынан белгілі орын алатын, сонымен қатар ұлттық жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйін танытатын бағалы документ.

* * *

ХІХ ғасырдың екінші жартысында жарық көрген қазақ тіліндегі екі газет және «Облыстық ведомостыларда» басылған қазақша материалдар қазақ әдеби тілінің сол кезеңдегі күй-жайын танытуда, жаңа ұлттық жазба әдеби тілді қалыптастырудағы Ыбырай, Абайлардан басталған демократиялық бағытты насихаттауда және әрі қарай жалғастыруда белгілі дәрежеде үлкен роль атқарды. Аталған газеттер жаңа бой көтере бастаған жазба әдеби тілдің бұрын болмаған стильдерін қалыптастыруда және оны лексикалық, грамматикалық жақтарынан нормалауда зор жұмыс атқарды. Әлденеше ғасырлар бойы қалыптасқан орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрін бұзып, баспасөзге халықтың сөйлеу тілі элементтерін батыл кіргізді. Араб әліппесі пайдаланылған қазақ жазбасына тыныс белгілерін енгізу жөнінде де газет алғашқы қадам жасады. Қазақ тілінің сол кездегі жағдайы, оны дамыту жолдары туралы әрі ғылымдық, әрі практикалық маңызы бар зор мәселені көтеріп, ол жөнінде пікір таласын ұйымдастырып, одан біршама дұрыс қорытынды жасады.

ІІІ ТАРАУ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТТАМАСЫ

Жазу-сызуы кенже дамыған, өзінің баспасы болмаған халықтарда ғылыми әдебиеттің де кеш жарық көретіні белгілі. Әдетте мұндай әдебиет алғаш пайда болған шақта өзге бір тілден аударма сипатында болады.

Қазақ тілінде бірінші кітап өткен ғасырдың 60-жылдарында баспа жүзін көрді десек, ғылыми әдебиет тарихы да одан әрі кетпейді деген сөз. Қазақ арасында қолжазба күйінде тараған, кейін кейбірі басылып та шыққан шежіре типті әдебиеттерді есептемегенде, Н. И. Ильминскийдің 1861 жылы Қазанда бастырып шығарған «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген кітабының соңында берілген текстерді ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерінің тұңғыш нұсқасы деп санауға болады. Кітаптың соңғы 50 бетінде табиғат география, тарих, жануарлар дүниесі және басқа да ғылым жаңалықтары туралы қысқа-қысқа орысша-қазақша екі тілде әңгімелер, дәрігерлік кеңестер берілген. Міне, осы кезден былай қарай орыс және қазақ тіліндегі жергілікті мерзімді баспасөз беттерінде ғылымның әр түрлі саласынан жазылған мақалаларды, кейінірек медицина, ветеринария тақырыбына арналған жеке кітапшаларды кездестіреміз. Жоғарыда айтқанымыздай, бұл материалдардың басым көпшілігі — орыс тілінен аударылған аударма материалдар. Сөйте тұра олар — бізге сол дәуірдегі қазақ әдеби тілінің жай-күйін танытуда, ғылыми түсініктерді жеткізуде тіліміздің ішкі мүмкіндіктерінің (сөз байлығының, сөз оралымдарының) қаншалық болғанын байқауда аса қажетті материал.

Қазақ тіл білімінде ғылыми-көпшілік әдебиеттер тілінің туу, қалыптасу процесі арнайы зерттеу объектісі болған емес. Сондықтан да қазақ әдеби тіліндегі ғылыми әдебиеттер стилінің қалыптасуы туралы қазақ тілшілерінің пікірі әр қилы.

М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов қазақ тілінде «Ғылыми әдебиеттер тілінің қалыптаса бастауы Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде» деп есептейді¹. Ғ. Мұсабаевтың пікірі де осы орайлас. Ол жалпы «Қазақ тілі лексикасының стильдік түрге саралана бастауын Октябрь революциясынан кейінгі кезеңге» жатқызады².

XIX ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөз тілін әңгімелей отырып, Р. Сыздықова сол тұстағы газет беттерінен «Үш-төрт түрлі стильге жататын

¹ Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961, 35-6.

² Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. (Лексика, фонетика). Алматы, 1962, 117-6.

материалдарды табуға болады: ең көбі қоғамдық-публицистикалық стиль, ғылыми стиль (тарихи-этнографияға арналған мақалалар), көркем әдебиет стилі және ресми іс қағаздары стилі» — деп жазады¹. Бұған қарағанда, XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ басқа стильдермен қатар ғылыми стильдің де бой көтергенін байқаймыз. Демек, бұл дәуірдегі ғылыми әдебиеттер тілін өз алдына жеке сөз етуімізге әбден болады. Әрине, бұл тұстағы ғылыми әдебиеттерде белгілі бір таза ғылым нәтижелері сөз болмайды, сол кездегі ғылымның қол жеткен табыстарын қарапайым халыққа түсінікті тілмен жеткізу мақсаты көзделеді. Сондықтан бұларды «Ғылыми әдебиет» деп атаудан гөрі «Ғылыми-көпшілік әдебиеттер» деп атауды жөн көрдік.

Ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілеріне біз қазақша діни әдебиеттерді де жатқыздық. Оның себебі діни кітапшалардың, біріншіден, көпшілік халыққа арналып, түсінікті, қарапайым тілмен жазылуында болса, екіншіден олардың белгілі бір арнайы тақырыпты сөз етуінде.

1. Әр түрлі пайдалы мәліметтер беретін кітапшалар

Ғылыми-көпшілік әдебиеттердің бірі — біз ілгеріде әңгіме еткен «**Самоучитель русской грамоты для киргизов**» (Қазан, 1861). Кітап авторы — Н. И. Ильминский.

Кітаптың алға қойған мақсатын оның атынан да, автордың қысқаша алғы сөзінен де байқауға болады. «Мен былтыр мешін жылы,— деп жазады автор,— қазақ ішіне шығұб, елдің игі жақсы ұлы-кіші адамдары менен танысыб, дәмдес болыб жүрген мезгілімде қазақ балаларының молдаға оқыб, өнер, жазу-білуге сондай жақсы көңіл салыб, зор талабдарының барын аңдаб, бір-ақ мұсылманша оқыб болған соң бір жағынан орысша жазуды да білгендері дым теріс болмас және өздері де ол талабдары менен қалай тартыныб қалады, бір өнер білгеннен екі өнер білгеннің қанша артықдығы менен ауырлығы бола қалар екен, орысшаны да білсін, мұсылманшаң болса ахіретүңе, орысшаң болса дүниенен декен бір сөз есіме кіріб еді... елінен кетірмей-ақ орыс жазуын білудің бір түрлі амал-айласы бола ма деб

¹ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдебиетінің тарихы. Алматы, 1968, 78-б.

қараб, қараған соң орыс сабағын бір кішкене кітаб менен білдүрүб, ол кітабды ауыл ауылға таратсақ не болур еді, тек неч кімнен көрсетусіз ақ һәр кім жалғыз оқи да түсінердей болсүн деб едук». 1859 жылғы бір хатында бұл кітапты жазу идеясын алғаш В. В. Григорьевтің бергенін айтады. Бұл кітаптың алдына қойған мақсатының қаншалық орындалып, қазақ арасына оның қаншалық тарап, орыс тілін өздігінен үйренушілерге қаншалық көмек бере алғаны бізге бимәлім. Кітаптың біз үшін құндылығы — оның соңында берілген текстердің әрі білімдік, әрі тілдік жақтары. Орысша тексті автордың өзі құрастырып, оны қазақшаға екінші біреу аударған, оны Н. И. Ильминскийдің мына сөздерінен көреміз.

«Этот самодельный мой русский текст (әңгіме жоғарыдағы текстер туралы болып отыр.— Б. Ә.) усердно перелагал на киргизский язык Бахтияров,— Алтынсарина я уже не застал в Оренбурге»⁴. Бұл аударманың тілі жеңіл, жатық, қазақ ұғымына сай, түсінікті болып келеді. Аудармашы орыс сөйлемдерін сөзбе-сөз аударуды мақсат етпеген, сөйлемдердің қазақ оқушысына түсінікті болу жағына күш салған тәрізді.

Мысалға мына бір сөйлемнің аудармасын алайық. «В совершенно холодных странах люди не вовсе оставлены без средств к жизни, и в совершенно жарких странах не умирают от жажды» (83-бет). Бұл сөйлем қазақшаға «Жердің мұқұм сууқ жағында да бендесін чарасыз қалдұрмай, сондай ыссы жерлерүнде де чөлден өлтірмей һәр бір жаққа тиісді-тиісді ауқат берген екен» түрінде аударылған. Мұнан байқайтынымыз — аудармадағы белгілі дәрежедегі еркіндік. Біріншіден, орысша тексте жоқ болса да, аудармада да тікелей айтылмаса да, қазақтың сол кездегі түсінігіне сай, жоғарыдағы жағдайларды жаратушы істеген екен деген ұғым берілген. Екіншіден, «люди не оставлены без средств к жизни» деген тіркес қазақша «бендесін чарасыз қалдырмай, тиісті-тиісті ауқат берген екен» түрінде еркін аударылған. «Люди» — осы арада «адамдар» түрінде емес, «бенде» деп жоғарыдағы түсінікке лайық дұрыс аударылған. Сол сияқты, «без средств к жизни» деген тіркес «шарасыз қалдырмай, тиісті-тиісті ауқат берген

⁴ Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891, с. 30—31.

«екен» болып шұбалаңқы болса да, өте жатық аударылған. Бұл арада «ауқат» деген сөз қолдан қосылып, «күнкөріс», «нафақа» деген ұғым үшін алынған. Мына сөйлем аудармасы да қазақша өте жатық. «Өзі (әңгіме маймыл туралы.— Б. Ә.) көбінесе ағач басында жүруге өш болады және біреу не қылса соны қылады...» (Орысшасы: Обезьяна большею частью любит лазить по вершинам деревьев. Обезьяны стараются делать то, что делает человек). Мұнда «любит» деген сөз осы арада «сүйеді» емес, «өш болады» деп, «стараются делать то, что делает человек» деген тіркес «біреу не қылса соны қылады» түрінде шебер, түсінікті аударылған. «Впереди их есть вожак — ученая, умная собака». Алдында жүріп отыратын әбден үйренген естірек башшы ит болады. Осындағы «ученая» дегенді «оқымысты», «умнаяны» «ақылды», «вожакты» «көсем» деп аударса, дұрыс болмаған болар еді, бұл арада *ученая — әбден үйренген, умная — естірек, вожак — башшы ит* делініп аударылған. Сол сияқты кейбір орыс сөздерінің мағынасы түсіндіріліп (описательно) аударылған. *Минута — көзді ашып-жұмғанша, аптека — дәрі сақталатұғын үй, океан — үлкен теңіз* т. с. с.

Жалпы көп жағдайда орыс сөздерінің қазақша баламалары дәл табылған. Мысалы: *обычай — әдеттері, лекарства — дәрілер, железная дорога — темір жол, домашние работы — үй қызметі, подают кушанье — ас тарту, доморощенные — қол тума, север — темір қазық, медицина — дәрігершілік, волки — шанышқы* т. б.

Тексте орыс сөздері өте аз кездеседі, олардың тек терминдік мәні бар, аударуға көнбейтін бірен-сарандары ғана алынған, оның өзіне де сол жерде түсінік беріліп отырған. Мәселен, «магнитті» ала отырып, жанына «темірді тартып алатұғын тас» деген түсінік беріледі. Кейінгі текстерде *магнитке* қазақ тілінің жалғау-жұрнақтарын қосып қолданады. *Магнитдеп* (намагнитить), *магнитдеген* (намагнитченной). «Компас» сөзін кіргізе отырып, сартша «құбыланама» деп түсінік береді. Сол сияқты *океанияға* «үлкен теңіз ішіндегі бөлек-бөлек аралдар», *насосқа* «желді суырып алатұғын» деген тәрізді түсініктер беріліп отырады. Бұлардан басқа *кит, товар, стакан* сияқты қазаққа бұрыннан таныс сөздер бар.

Әңгіме болып отырған текстерде баламасы әлі қа-

лыптасып болмаған, бір жерде олай, екінші жерде былай аударылған сөздер де бар. Мысалы «животные» деген сөз бір жерде «хайуандар», екінші бір жерде «жануарлар», үшінші бір жерде «жандұқтар» деп аударылыпты. *Поверхности земли* — жердің беті емес, *жердің жүзі* болып, *суша* — құрлық емес, *құрғақ жер* түрінде, *течение воздуха* — ауа ағыны емес, *желдің аққан лебі, земной шар* — томалақ жер болып аударылыпты. Бұл, әрине, аударманың алғашқы іздену сатысында кететін заңды кемшіліктер. Ал енді *бобердің* — *камшат, воздухтың* — *жел, мехтың* — *ішік, поводтың* — *жүген, щегольдың сыпайы* түрінде берілуі аудармашының көбірек ізденбеуінен кеткен қателіктер деуге болады. Ал дұрысында *боберді* — *құндыз, воздухты* — *ауа, мехты* — *аң терісі, поводты* — *тізгін, щегольді* — *кербез* деп аударудың қиындығы болмаса керек.

Тексте бірен-саран диалектизмдер де кездеседі. Мұқұм — *совершенно, жори* — *нарочно, чық* — *ничего*.

— Оны *жори* сынамақ үчүн қалай олай жұртсең де байағы өзінің тура көрсететұғұн жағынан *чық* танбай бұрұнғы қалұбына түсе береді (85-бет). Чечек дегенүміз кісіні жүдетүб кейбір уақытта *мұқұм* өлтүретүғұн ауру (127-бет).

Жалпы алғанда, тексте қазақ сөздері кеңінен қолданылып, оның кейбірі терминдік дәрежеге дейін көтерілген. Осы текст арқылы қазақ тілі сөздік құрамының сол тұстағы байлығы ғылымның жалпылама түсініктерін бере алатындай дәрежеде екендігі көрінеді.

Текстің грамматикалық құрылысында бүгінгі жазба әдеби тіліміздің нормасынан ерекшеленетін жағдайлар жоқ десе де болады. Көмектес септіктің қосымшасы және ыңғайластық мағына беретін *мен/пен/бен* шылауының орнына бұл тексте барлық жерде оның толық түрі *менен* қолданылған. Мысалы: Жеңіл чанаға бір талай итді жеқүб алдұнан бір әбден үйренкен естірек башшы иті болады *чық* нәрсе *менен* байламай бос жүркүзетүғұн (109-бет). Су ішінде нече ай нече күндер жүрүб су *менен* аспаннан басқа *чық* нәрсе көре алмады (86-бет).

Сол сияқты көсемше етістікке қосылып есімше туғызатын қазіргі *тын/тін* қосымшасы да мұнда бірыңғай *түғұн* формасында кездеседі. Мысалы: Тағы да бұ кісі *мінетүғұн* арбалардан басқа мал болсұн ауыр нәрсе-

лер тауарлар болсұн өз алдына басқа оларды да алұб жүретүгүн қадімгі азбар секілді арбалары бар (121-бет).

Тексте қазіргі тіліміздегі **немесе, я, яки** талғаулық шылауларының орнына **жа** шылауы, **үйткені** жалғаулығының орнына **неге десең** тіркесі келеді. Мысалы: Аралдардың... халқы жуас болады **неке десең** тамақ турұсында да **жа** бөтен керек нәрсесінің турұсында да көб қиындұқ көрмейді (93-бет).

Бұлармен қатар **және, не** шылаулары да кездесе береді. Мысалы: Өзі көбінесе ағач басында жүруге өш болады **және** тағы біреу не қылса соны қылады (99-бет). Чечек декенүміз өлтүрмекенде де не кісінің көзінен не құлағынан айрұлдұрады (127-бет).

Бір айта кететін жай — өзге тілдік жалғау-жұрнақтардан, есімдік сөздерінен бұл текстер мүлдем таза. Текстің орфографиясында араб жазуымен байланысты кездесетін кейбір ерекшеліктер сақталған. Яғни мұнда да **ш** әрпінің орнына **ч, г** орнына **к**, сөз аяғында **п** орнына **б** жазу кездеседі, бірақ бұл барлық жерде бірдей жүйелі емес.

Мысалы: Жеңіл чанаға бір талай итді жекүб алдұнан бір әбден үйренкен естірек башшы иті болады (109-бет). Міне, осы мысалдағы *шана* сөзінің басқы **ш** дыбысы **ч** түрінде, *жекүб* сөзінің соңғы дыбысы **б** түрінде, *үйренген* деген сөздегі **г** дыбысы орнына **к** әрпі жазылып берілген. Ал басшы деген сөздегі қосарлы **ш** естілетін жерге екі **ш** жазылған. Бұл жағдай орфографиядағы көне жазу дәстүрімен байланысты болуы керек. Сол сияқты араб әрпімен жазылған өзге жазбалардағыдай мұнда да екі қатаң дауыссыз қатар келгенде (көп жағдайда түбір мен қосымшаның жігінде), соңғысы ұяңдап, ұяң дауыссыз жазылады. Мысалы: *түсдүкке* (түстікке деудің орнына), *тиісді* (тиісті), *итді* (итті) т. с. с. Сөздің соңғы буынында қысаң **ы, і** естілетін жерлерде көп жағдайда **ұ, ү** жазыла береді: *қазұқ, жерлерү, сүртүб, асұб*, т. т.

Арабша жазу дәстүрін сақтап, мұнда да *әр, қызмет, құдай* сияқты кейбір сөздерді *һәр, хызмет, хұдай* түрінде жазу фактісі кездеседі.

Осындай кейбір жайттарды көрсете отырып, негізінен алғанда, текстің орфографиясының көне түркі жазу дәстүрінен біршама арылғанын, көп сөздерді жазуда

ауызша айтылу нормасы еске алынғанын баса айтуымыз қажет.

«1897 жылға қазақ үшін шығарған календарь» (Орынбор, 1898) деп аталатын документтің де текстері ғылым жаңалықтарын, дәрігерлік кеңестерді қазақ тілінде түсіндіруге арналған. Календарьды шығарушы — Торғай облыстық статистикалық комитеті. Торғай облыстық статистикалық комитетінің 1897 жылғы (5/IV) бір мәжілісінде «Қатаринский құрастырған қазақтар үшін календарь мен комитеттің хатшысы қызметін атқарушы Оссовский құрастырған адрес календарьды» баспаға ұсыну туралы мәселе қаралып, қаулы алынған⁵. Бұған қарағанда, календарьдың авторы В. В. Катаринский деуге толық негізіміз бар. Кітап 158 беттен тұрады, сыртқы бетінде «Календарь для киргизов на 1897 год. 1897 жылға қазақ үшін шығарған календарь» деп жазылған. Атына қарағанда, календарь екі тілде екен деп ойлауға болады. Ал, шындығында, ол бастан-аяқ қазақ тілінде, тек кейбір тақырыптардың қазақша аттарынан кейін жақша ішінде оның орысша аудармасы берілген. Бұл календарь беретін мәліметінің көптігі жағынан да, қазақ тілінде кейбір ғылым саласынан жүйелі түсініктер беруі жағынан да басқа материалдардан ерекше құнды. Оның үстіне календарьдағы қазақша текстердің тілдік ерекшеліктері өз алдына әңгіме етуге тұрарлық.

Календарь, негізінен, екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Торғай облысына әкімшілік жағынан бағынатын уездер мен қалалардағы мекемелердің аттары, онда істейтін адамдардың толық аты-жөні берілген. Облыстың халқының саны, шаруашылығы, саудасы, оқу орындары туралы 1885 және 1895 жылдардағы салыстырма мәлімет келтірілген.

Календарьдың екінші бөлегі 1897 жылға арналған табель-календарьдан басталады. Одан соң Россия империясына қараған ел-жұрттардың жер көлемі, халқы жайында статистикалық деректер берілген; империя халқы ұлтына, дініне, сословиесіне қарай бөлінген. Дүние жүзі халықтары жөнінен де осындай деректер бар. Календарьдың «Почта, телеграф тәртібі» деген тарауында хат, посылка, телеграмма жіберудің тәртібі мен оның

⁵ «Тургайские областные ведомости» газетінің 1897 ж. 20-номерін қараңыз.

тарифтері сөз болып, ұзындық, салмақ өлшемдері келтірілген.

Одан әрі «Жер дегеніміз не нәрсе?» деген тақырыппен жердің домалақтығы, үлкендігі, жердің күнді айналып жүруі турасындағы сол кездегі ғылыми түсініктер келтіріледі. Күн, ай, басқа планеталар жөнінде де осындай астрономия ғылымының қолы жеткен табыстарын қарапайым, халыққа түсінікті тілмен, кейде образды тенеулермен түсіндірген. Мәселен, Күн туралы «Күн болмаса, бұл дүние дүние болып жер үстінде бір нәрсе де тұрмас еді. Осындай дүниенің тұтқасы секілді болып тұрған Күн не нәрсе екен деп ойлағандарың бар ма?» деп сұрақ қойып, Күнде болатын құбылыстардың себебін түсіндіреді. Сөз арасында қазақ ұғымындағы кейбір нанымдардың негізсіздігін де батыл әшкерелей кетеді. Аспан әлеміндегі құбылыстарды, оның себебін түсіндіре келіп, «Жер үстінде Сіздер есітпеген, көрмеген, түсінбейтін керемет көп, бірақ бұл кереметтер надандардың айтқан «ит аунаса мал өледі, мысық бетін жуса, қонақ келеді» деген кереметтері емес. Иттенің ылағып жүрген әулиелігі болатын еді? Мысықтың қонақта не ісі бар, қонақтың мысықта не ісі бар? Тек бір құла далаға айтқан сөз» (37-бет) — дейді. Жоғарыдағы құбылыстарды ғылым ғана дұрыс түсіндіре алатынын айтады. «Оқымыстардың айтқан сөздері қандай анық, қандай түсінікті, көптірмей, семдірмей дұрысын түсіндіреді де қояды, оқудың пайдасы — осы», — деп оқушы назарын білім алуға аударады.

Аспан денелерінің атауын, ондағы құбылыстарды, көбінесе, қазақтың өз қолдануында бұрыннан бар сөздермен түсіндіреді. Мысалы: *күннің, айдың тұтылуы* (затмение солнца, луны), *құйрықты жұлдыз* (комета), *аққан жұлдыз* (метеорит), *таң жұлдызы* (Венера), *құс жолы* (млечный путь), *үркер, жеті қарақшы* (созвездие) т. т.

Бұдан кейінгі бір үлкен тарау ауыл шаруашылығына пайдалы аңдар мен құстарға арналған. Орман, шөптерге залалды жәндіктерді жеп құртатын уақ аңдар мен құстарға қысқаша сипаттама беріп, олардың пайдасын түсіндіреді, оларды өсіруге қамқорлық жасауға кеңес береді.

Қалендарьдың келесі бір тарауы дәрігерлік көмек тақырыбына арналыпты. Мұнда көшпелі халық арасын-

да жиі кездесетін аурулар саналып, олардың әрқайсысының белгілері келтіріледі, онымен ауырған адамдарға көрсетілетін алғашқы жәрдем, қолданылатын емдер туралы байыпты кеңес беріледі, бақсы-балгердің емінің зияндылығы да әшкереленеді.

Календарьдың соңғы тарауларында 1891 жылғы 25 марттағы «Көшпелі халықтарды басқару туралы ереже» мен «Торғай облысы қазақтарының бірігіп пішен үйіп сақтауларының турасындағы ереже» қазақшаға аударылып берілген.

Қысқаша айтқанда, календарьдағы келтірілген мәліметтер мен кенестердің қай-қайсысы да — сол тұстағы қараңғы қазақ қауымын ағартуға жәрдемдесетін қажетті материалдар. Әрине, бізге бұл календарьдың дәл тиражы мәлім емес, сондықтан оның қазақ халқы арасында қаншалық тарай алғанын білу қиын. Алайда, сол кезде қазақтар үшін ұлт тілінде календарь шығару фактісінің өзі біздің мәдениет тарихымыздағы белгілі дәрежеде ауызға аларлық оқиға екені күмәнсыз.

Сондай-ақ календарь материалдары бізге тілдік жағынан да қызғылықты. Жоғарыда біз тілін әңгіме еткен «Самоучительден» бұл документтің бір айырмашылығы — календарь орыс графикасымен жазылған. Бұл — сол кездегі Орынбордағы Б. Ж. Бреслин типографиясынан шыққан қазақша кітаптардың баршасына тән. Негізінен, орыс әліппесінің барлық әріптерін алумен қатар, қазақтың өзіндік дыбыстарын белгілеуге қосымша әр түрлі шартты таңбалар қосылған. Мәселен, ү дыбысы ү таңбасымен, ө дыбысы ө, э дыбысы э таңбасымен беріліпті, ал ң дыбысын белгілеуге ң таңбасы алынған. Алайда ғ, қ дыбыстары үшін арнайы таңба алынбай, олардың қызметі г, к әріптеріне жүктеліне салынған. Кітаптың орфографиясы мен пунктуациясы одан бұрынғы жазбаларға қарағанда біршама тұрақталған. Қос сөздердің арасына сызықша қою, жалғау-жұрнақты жалғанған сөзімен бірге жазу, тыныс белгілерін дұрыс, орын-орнына қоя білу сияқты жайттар байқалады.

Араб әрпімен жазылған қазақ жазбаларына тән сөз аяғындағы п дыбысының орнына б әрпін, сөз басында, сөз ішінде г дыбысының орнына к әрпін жазу сияқты дәстүр мұнда кездеспейді. Алайда сол тұстағы барлық жазбаларға тән буын үндестігінің толық сақталып жазылуы, кейде қысаң ы, і естілген жерлерде

ұ, ү әріптерін жазу фактісі бұнда да бар. Дегенмен мұның өзі көп жағдайда сөздің айтылу-естілуі бойынша жазуға тырысушылықтан туған тәрізді. Мәселен, *жүреді, үстінде, дүние, жүруіне, құдіреті, көрінбей, үлкейіп* сияқты сөздер естілуінше *жүреду, үстүнде, дүнүө, жүрууна, құдретү, көрүнбөй, үлкөйүп* түрінде жазылған, яғни орфографияда бұл арада негізгі етіліп фонетикалық принциптің алынғанын көреміз. Бұл жағдай сол тұстағы қазақ тілінің дыбысталу ерекшелігін танытуда өте құнды. Календарь текстерінің басты көңіл аударарлық жағы — оның лексикасының өзге тілдік кірме сөздерден біршама тазалығы.

Календарьдың алдына қойған мақсаты — қазақ халқына ғылыми білімді қарапайым, түсінікті тілмен жеткізу болғандықтан, кейбір терминдік мәні бар зат пен құбылыс атауларын қазақтың өз ұғымында бұрыннан бар сөздермен беруге тырысқан. Мысалы, *күннің қауымы* (солнечная система), *жердің жолдасы* (спутник земли), *құйрықты жұлдыз* (комета), *аққан жұлдыз* (метеорит), *күн ату* (солнечный удар), *жарақаттану* (ушибы), *домбығу* (обморожение), *үй иесі* (кибитковладелец), *қақ* (жалованье), *ашық қат* (простое письмо), т. с. с. Термин ретінде бірінші рет қолданып отырған сөздерінен кейін кей жағдайда оның орысшасын жақша ішіне беріп отырады. *Ғалымдар* деген сөз ол кезде қазақ арасында түсінікті болмаған болуы керек, ол сөздің мағынасын бірде *оқымыстар*, бірде *білім иелері* деген сөзбен беріпті. Мысалы: Бұ ойпаттарды *оқұмұстар* айдың теңіздері деп атайды... (36-бет). Ол жандықтардың әр қайсының жайын қалай өмүр шегетүнүн блу әншиін қара ксі түгүл *білім елеріне* де қыйын (47-бет).

Орысша берілген ғылыми терминдер бірен-саран. Мәселен, *телескоп, планета* сияқты сөздер келтіріледі де, оларға сол жерде-ақ қазақша түсінік беріліп отырады. «Осү күннен айналып жүретүн томалақтарды планета деп атайды. Оның мәні *жүретүн жұлдуз дегені*» (38-бет). «Бұл жарқыраған жолдүздү комета дейді, *құйрықты жолдүз дегені*» (45-бет).

Календарьда кездесетін орыс сөздері, негізінен, әкімшілік-басқару ісімен байланысты. *Начальник, кандидат, правление, приговор, песір, смотритель, выборный, сбор, итраф, списке* т. б. Олардың бірқатары өз тұлғаларын

сақтап жазылып берілсе, (начальник, приговор, смотритель, ведомство), енді бірқатары (поштовой, кандилат, песір, бланке, бороңке, кнеге, болұс) қазақтың ауызекі тілінде айтылуынша берілген.

Календарьдың тілін ғылыми-көпшілік әдебиеттер стилі ретінде қарап отырсақ та, онда көркем әдебиет стиліне тән образды теңеулер мен айшықты сөз өрнектері некен-саяқ ұшырап қалады. *Мұнарған аспан, сарқырап аққан сулар, көз жетпейтін теңіздер, толықсыған байлар, ұшы-қиыры жоқ құла дала, аршындап өлшегендей дәл, шашы ағарып, сақалы қуарып, қылышын сүйретіп қыс (келді), ата баладан, қыз анадан айрылып т. с. с. (Қылышын сүйретіп бір қойан секілді қыс бола ғалса, толұқсыған байлар бар малынан айрылып, жиған-тергенінен айрылып, қаңғырып ата баладан, қыз анадан айрылып, жұрт мықты әбгерде қалады)* (84-бет).

Бұл сияқты образды тіркестер текстің халыққа әбден түсінікті және әсерлі болуы үшін қолданылып отырған тәрізді. Қазіргі әдеби тілде бар кейбір сөздер календарь тексінде қазіргіден өзгешелеу мағынада қолданылыпты. Мәселен, «жоспар» сөзі қазір «күні бұрын жасалған мөлшер» ұғымын білдірсе, аталған тексте одан сәл өзгешелеу мағынада, яғни *долбар, шама* дегенді білдірген. Мысалы, не себеппен аспаннан түскен тас қызара тұғұнүн түсіндіру қиын, тек *жоспарын* айтып түсіндірмәсәм (46-бет). Сол сияқты *жандық* сөзі календарь материалында бастан-аяқ уақ аң, құс яғни орыс тіліндегі *животные* мағынасында қолданылыпты. Мысалы, Жар-қанаттар түнде ұшұп жүрөтүн көбелектер мен, қоңұздар мен, шыбындар менен, масалар мен, бөтен тап болған уақ *жандықтар* да болса жеп тамақтанады (51-бет). Қазіргі тілімізде мұның бірқатары *жәндік* деп аталады, ал *жандық* сөзі екі томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» (Алматы, 1959—61) енбепті. Бірақ батыс өлкесінде, оның ішінде Гурьев облысында, бұл сөз «уақ мал, қой-ешкі» мағынасында күні бүгінге шейін қолданылады. Сондықтан бұл сөзді осы өлкеге тән диалектизм деп қарауға болады. Осы сияқты календарьда диалектілік сипаттағы мынадай сөздер кездеседі. Мысалы: *мұғайын* (дәл), *реуішти* (сықылды), *жүдә* (тіпті), *шабар* (шабарман), т. с. с.

Мұғайын ырас, жер қазатын ақ-тышқанның әншіін тышқанға денесінің оқсастығынан басқа іш бір жақын-

дығы жоқ екені (51-бет). Волостной съездің болұсқа, пестірге, *шабарға* қақ (жалованье) кескен турасында жасаған приговорларын уездный начальниктер тағайын етуге областное правлениеге жібереді (71-бет). Саскүзөн зээрлі жыландарды да аймамайды, олардың шаққаны *жүдә* оның үстүндә ісірмейді (52-бет) т. б.

«Ешнәрсе қоспай» деудің орнына «көптірмей», «ешнәрсені кемітпей» деудің орнына «семдірмей» деген тәрізді ауызекі сөйлеу тіліне тән сөз оралымдары кездеседі.

— Оқұмұстардың айтқан сөздерү қандай анық, қандай түсүнүктү *көпгүрмей семдірмей* дүрүсүн түсүндүредү де қойады, оқудың байдасы осү (35-бет).

Қалендарь материалдарының грамматикалық құрылысында қазіргі әдеби тілімізден өзгеше құбылыс жоқ, қайта көп жағдайда бірдей түсіп жатады.

Әдетте, сол тұстағы араб әліппесіне негізделген жазбада, тіпті орыс графикасымен жазылған кейбір материалдарда да ыңғайластық жалғаулық пен көмектес септігі қосымшасы көбінесе бір-ақ тұлғада (**бірлән, менен, мынан**) кездесетін болса, сөз болып отырған материалдарда ол қазіргі тіліміздегі сияқты өзі жалғанған сөздің соңғы дыбысының ыңғайына қарай құбылып отырады. Мысалы: Ашық қатқа сыйа **мен** де, қарандашпен де жазуға болады, тілесе қай тіл **мен** жазсын (21-бет). Жана оңмен тұрмай ол құрт құрмұсқаны жойғанымен бек байдалы (48-бет). Қазіргі әдеби тіліміздегі **және, да/де, бірақ, не, немесе, сонда да** сияқты жалғаулықтар мұнда да қазіргі мағыналарында кездесіп отырады. Тек себеп-салдар салалас сөйлемдерді байланыстыратын **себебі, сондықтан, үйткені** шылауларының орнына аталған материалдарда кейде «оңүң үшүн», «не үшүн десеңіз» тіркестері қолданыла береді.

— Планетылерден айру үшүн жолдүздарды қозғалмайтын жолдүз деп атайды, *оның үшүн* олар бір тұрған орударынан қозғалып жүрмейдү (42-бет). Аққан жолдүздар көбенесе суға түсөдү, *оның үшүн* дүнүөнүн төрт бөлгенінің бірі қара жер, үш бөлгені су (47-бет). Бо ұзақ деген құстар қарлығаштардың кемісін толұқтайды, *не үшүн десең* бұлар үлкен қоңүздарды, құрттарды жейді (56-бет).

Қазіргі тіліміздегі талғау мәнді **я, я болмаса** шылаулары фонетикалық өзгеріске ұшырап, ауызша айтылу

формасын сақтап, **жа, жа болмаса** түрінде кездеседі.

— Жолдұздардың жерден алыстығын адам тілмен айтып, **жа** қағазға жазып түсүндүруге тым қыйын (44-бет). Әр бір көшпелі қазақ өзүнүң киіз үйү **жа** земленкесі, **жа** ағаш үйү болса, үй есі (кибитковладелец) деп саналады (68-бет). Сайлауды тағайын қылмағанда губернатор жаңадан сайлау қылғызады **жа болмаса** болушту жана онүң кандилатын өзүнүң қалауымен қойады (71-бет).

Мұндай азды-көпті қазіргі әдеби тіл нормасынан сәл ерекшелееу жайттар етістік тұлғаларында кездеседі. Көсемше етістікке қосылып, есімше туғызатын **тын/тін** қосымшасы бұл материалдарда да негізінен осы формада кездеседі, алайда кейде **тұғұн** формасы да ұшырайды.

— Жер секілді күннөн айналып жүрөтүн үлкөн үлкөн томалақтар бар (38-бет). Кеңсе ашылмайтын күндер, көз жетпейтін теңіздер т. б.

Етістіктің тұйық райлық мағынасы бұл материалдарда көбінесе *уға+керек*, *са+керек* формалары арқылы берілген, бірақ қазіргідей *у+керек* формасы да кездесіп қалады. Мысалдар: Күннің жерден миллион жарым үлкөндүгүнө қарамастан жер күннен айналып *жүрсе керек* (32-бет). Жарақаттанудан кісі талады, онүң үшүн әуелі ол кісінің есі бар мекен жоқ бекен *қарауға керек* (65-бет). Ол кісінің өлу тірі екенін блу үшүн аузына қаурсын, болмаса айна *ұстау керек* (61-бет).

Қорыта айтқанда, календарь текстері — XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тілінің лексикалық байлығын, грамматикалық құрылысын көрсететін айрықша құнды тілдік материал. Календарьдың тілі өзге материалдарға қарағанда қай жағынан да сөйлеу тіліне өте жақын.

Ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілері ретінде қаралуға тиісті тағы бір нұсқа — «Балықшы мен балық қақында» деп аталатын кітапша. Бұл кітап 1899 жылы Қазан университеті баспаханасынан А. С. Пушкиннің туғанына 100 жыл толуына орай шығарылған. Кітаптың толық аты «Балықшы мен балық қақында. Сказка о рыбаке и рыбке А. С. Пушкина. Для русско-киргизских школ». 44 беттік бұл кітаптың құрылымы төмендегідей: Кітаптың алғашқы 31 беті А. С. Пушкиннің өмірбаянын Бөкей қазақтарының өміріндегі кейбір жайттармен бай-

ланысты сипаттауға арналған. Одан кейінгі 8 беті (32—40) А. С. Пушкиннің «Балықшы мен балық туралы» ертегісінің қара сөзбен баяндалған қысқаша аудармасына, ал қалған 4 беті ертегідегі қазақ ұғымында жоқ нәрселерді қазақша түсіндіруге бағышталған. Кітаптың авторы белгісіз, бірақ оның мазмұнына, тіліне қарағанда, Бөкейлік қазақ екені көрініп тұр. Кітапта автор «Қандай кісі болған Александр Сергеевич Пушкин деген?» деп алып, ұлы ақынның өмірбаянын баяндайды. Оның ата тегінің орыс ақсүйектерінен, шешесінің Африкадағы князь тұқымынан шыққандығы, ақынның өленді жас кезінен жаза бастағаны, оның шығармаларының бүкіл Россияға тез тарағаны және басқа халықтар тіліне аударылғаны, ақынның орыстың әдеби тілін жоғары дәрежеге көтергені сөз болады. Кітап авторының ақын өмірбаянындағы деректерді Бөкей қазақтарының өмірімен салыстырғаны да қызықты. А. С. Пушкин туған жылы Бөкей екі өзеннің арасын жайлауға патшадан рұқсат сұрап еді; ұлы ақын орыс тілін әлемге танытқан кезде, 1841 жылы орыс-қазақ училищесі ашылып еді деп, қиыспайтын нәрсені қиыстыруға тырысады. Автордың келетін қорытындысы — Пушкин шығармаларын оқып-үйреніп, одан ғибрат алайық, халыққа пайдалы қызмет етейік, орыс тілін үйрету арқылы ғана қазақ балалары зор бақытқа жетеді деген өсиет. Ертегінің қара сөзбен мазмұнын бере отырып, оқып білім алған адам алтын балық сыйлаған бақытқа ие болады, бірақ білім балық тәрізді сені тастап кетпейді деген тұжырым жасайды.

Асылында, автор А. С. Пушкиннің өмірбаяны мен ертегісін негізге ала отырып, өзінің оқу-ағарту мәселесіндегі көзқарасын насихаттауға көбірек көңіл бөлгенге ұқсайды.

Кітаптың тақырыбы А. С. Пушкин ертегісінің қазақша аудармасы бола тұрса да, оны көркем әдебиет үлгісі ретінде қарауға болмас еді. Тілдік, стильдік сипатына қарағанда, бұл публицистикаға, ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілеріне жақын, бұл кітапты ғылыми-көпшілік әдебиет үлгісі ретінде қарау себебіміз де сондықтан.

Кітап кейбір қосымша белгілер енгізілген орыс графикасымен басылған. Ә, е дыбыстары үшін ä, ү, ү дыбыстары үшін у, ө дыбысын таңбалау үшін ö, дауыссыздан кейінгі ә дыбысы үшін я таңбаларын пайдаланған,

ал **ң** дыбысы үшін **н** таңбасы алынған. Соған қарамастан, кейбір сөздердің таңбалануында бірсыпыра қателер де орын алған, тыныс белгілері де дұрыс қойылмаған. Аударма өте шебер, жатық болып шықпаса да, қарапайым халыққа түсінікті тілмен жазылған.

Лексикасы, негізінен, ауызекі сөйлеу тіліне тән сөздерден тұрады, экспрессивті, образды сөздер, сөз тіркестері өте сирек кездеседі. Орыстың кейбір сөздерін қазақша аударып беріп отырған. Мәселен, дворянин — *ақ сүйек*, мужик — *қара шекпен*, чиновник — *төре*, служанки — *қызметшілер*, царевна — *ханым*, народ — *қалық*, конюшня — *ат азбары* т. т. Ал *школа*, *указ*, *стих*, *сочинения*, *перевод* сияқты сөздер аударылмай, сол күйінде алынған. Батыс қазақтарының тілінде кездесетін бірен-саран диалектизмдер де ұшырап қалады. Мысалы: Ей қатың, саған не болды? Альде *меңдуана жедің бе?* Кемпір *мұқұм* қатты ашуланып, шалдың жағына шапалақ бенен салып қалып, айтыпты (18-бет). Қарт уйне қайтып келсе онын *зилманкесинин* белгиси де калған жоқ (15-бет).

Кітаптың грамматикалық құрылысында қазіргі тілімізден ерекшеленетіндей жайттар жоқ деуге болады. Ыңғайластық жалғаулық және көмектес септігі қосымшасы мұнда *менен/бенен* түрінде кездеседі. Кейде ыңғайластық жалғаулық ретінде арабтың **һәм** жалғаулығы қолданылған; бірақ ол **ғәм** түрінде келеді: Оған орус теле бегректе унаған **ғәм** Өзиде осы тилде бек жаратқан (9-бет). Есімшенің осы шақтық жұрнағы мұнда, **көбінесе**, **тұғұн** түрінде кездеседі. Бу сонғы адамдар көзге коренбентун, кол менен остауга келмей **тугун**, сыныб жугалмай **тугун**, гам ауыр да женил де болмай **тугун**, ксилерге канша берседа кемимей **тугун** байлықты школга келип издейди (24-бет).

Басқа жалғау-жұрнақтардың баршасы да қазіргі әдеби тілімізде қолданып жүргендегідей.

Сөйлем құрылысында да қазіргі тілімізден айырмашылық байқалмайды, бірақ кейбір сөйлемдердің ауызша тілде қалай айтылса, солай жазылған жағдайлары бар. Мысалы: Брак оқыныш сол болды Пушкин коп жасамады... (8-бет).

Бұл кітаптың әдеби тіл тарихы үшін құнды жағы — қазақ авторының сол тұстағы жазба әдеби тіл деңгейінде өз ой-пікірін бұқара халыққа арнаған кітапта ер-

кін бере алуы. Кітаптың тілі өзінің қарапайымдылығымен құнды.

2. Жеке ғылым салаларына байланысты әдебиеттер

Жоғарыда біз ғылымның әр түрлі саласынан сол кезде ашылған жаңалықтар жайлы жалпы түсініктер келтірілген әдебиеттерге тоқталған едік. Бұлармен қатар жеке-жеке ғылым салаларынан да шыққан кітапшалар мен мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалар баршылық. Осылардың ішінен айрықша көзге түсетіні — медициналық әдебиеттер. Бұл тақырыптағы әдебиеттердің сол кездегі қараңғы қазақ қауымына қаншалықты қажет болғаны айтпаса да түсінікті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында жарық көрген «Түркістан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләятінің газеттерінде» ғана медицина тақырыбына арналған 40 шамалы мақала жарық көрген екен. Олардың көпшілігі — қазақ ішінде көбірек кездесетін шешек, безгек, өкпе ауруы, түйнеме т. б. аурулардың белгілері мен оларға қарсы істелетін емдер туралы дәрігерлік кеңес.

Біз әңгіме етіп отырған кезеңде Қазан баспаханаларынан қазақ тілінде араб шрифтісімен медицина тақырыбына арналған ондаған кітапшалар басылып шыққан. Солардың бірі — «Сабах» баспаханасынан 1888 жылы шыққан «**Арақ у яки арақдың зарары яки арақ ажал**» деген кітапша.

Кітаптың көлемі 24 бет, суреттермен иллюстрация жасалған. Мұнда арақтың шығу тарихы, оның адам организміне тигізетін зиянды әсері, одан сақтанудың жолдары баяндалған. Мұсылмандарға арақ ішудің бір жағынан күнә екені де ескертілген. Кітаптың тілі жеңіл, түсінікті, сөйлем құрылыстары жатық. Лексикасында араб-парсы сөздері жиі ұшырап қалады, орфографиясында түркі әдеби тіл әсері толықтай сақталған.

Кітапта кездесетін араб-парсы сөздері — бұрын біз талдаған текстерде көп ұшырай бермейтін, *хасыл, муафиқ, міллат, астағымал, тәсір, міржағат* тәрізді діни, кітаби сөздер. Керісінше, орыс сөздері тіпті аз. Кітаптың өн бойында *іспірт* (спирт), *пар, адрес, лафка* деген 4—5 сөз ғана кездеседі. Мұның бір себебі кітаптың мұсылман қауымына арналып шығуынан да болар, яғни арақ

ішуді діни түсініктер арқылы қойғызуды мақсат еткендіктен де болуы мүмкін.

Кітаптың грамматикалық құрылысында кездесетін бірен-саран ерекшеліктер түркі әдеби тіл дәстүрімен байланысты. Араб тілінің **һәм, уа, ләкін** сияқты көмекші сөздері қазақ тілінің өзіндік **осы, және, сондықтан** тәрізді жалғау-шылауларымен қатар жүреді.

Көсемше етістікке жалғанып, есімше туғызатын **тын/тін** жалғаулығы мұнда **тұғұн** формасында, ал ішін-ара **тұрған** түрінде де кездесіп қалады. Мысалы: Арақ — кісілерді һәлек етүб, келечекдегі бола **тұрған** несібдерін бұзүб, адамды түрлі ауруларға душар қыла **тұрған** бір зарарлы нәрсе (2-бет).

Сол сияқты **дүр/дүр** қосымшасы мұнда бейтарап сөздерге жалғанып, сөйлемнің аяғын тиянақтап, жалғанған сөзіне предикаттық мән беріп тұр. Мысалы: Арақ ішу мілләтіміздің басына зор бір фәлекет болғандықтан, біздің һәр қайсымызға қолдан келген қадарлы, осының астағымалына қарсы тұрғандық **лазымдүр** (5-бет).

Көмектес септігі қосымшасы қызметін атқаратын жалғау бас-аяғы бір-ақ жерде, **бенен** формасында кездеседі. Мысалы: ...оқучылардың осы төмендегі адрес **бенен** міржағат етуін өтінеміз (24-бет).

Кітаптың орфографиясында сөз аяғында **п** орнына **б, ш** орнына **ч** әрпін жазу сияқты араб жазуымен байланысты дәстүрлі ерекшелік орын алған. Сол сияқты түбір мен қосымшаның жігінде үндестік заңының сақталмауы, яғни көптік жалғауының бір ғана **лар/лер**, септік жалғауларының **ның/нің, ны/ні** варианттарының кездесуі мұнда да бар. Сөздің соңғы буынында қысаң **ы/і** қосымшасының орнына **ү/ү** көбірек жазылған (қи-үн, салқұн, етүб). Араб-парсы сөздерін түп нұсқадағыдай етіп жазуға тырысушылық байқалады. *Әр, әлек, пәлен, қазір, пәлекет, пайдалы* деген сөздер *һәр, һәлек, фәлан, хазір, фәлакат, файдалы* түрінде жазылған.

Араб графикасымен басылған басқа жазбалардан бұл кітаптың бір айырмасы — тыныс белгілері бірсыпыра дұрыс қойылған.

Медициналық әдебиеттердің орыс графикасымен басылған да бірнешеуі бар. Соның бірі — Қазанның университет баспаханасынан басылып шыққан «Глазная болезнь Трахома, ее заразительность причины распро-

странения среди сельского населения и способы предохранения. На киргизском языке» (Казань, 1898) деген кітапша. Кітаптың мазмұны оның атынан толық көрінеді. Бұл аурудың, көбінесе, ауылдық жерде кездесетіндігі ескеріліп, одан алдын ала сақтандыру мақсатымен жазылған және бұл аурумен ауырып, оны елемей асқындырып алған, сондай-ақ бақсы-балгерге көрініп, теріс емделіп, мүлдем көзінен айрылған адамдардың бірнеше мысалы келтірілген.

Барлығы 12 беттік бұл шағын кітапшаның тілі аударма болуына қарамастан, өте жатық, түсінікті, сөйлем құрылыстары қазақтың сол тұстағы сөйлеу тіліне жақын.

Ең алдымен, кітапшаның орфографиясы жайында бірер сөз. Қазақтың өзіндік дыбыстарын таңбалауда орыс әріптеріне әр түрлі шартты белгілер жамалған. Мәселен, ә дыбысы **ä** таңбасымен, ө дыбысы **ö**, ү дыбысы **u**, і дыбысы **i**, ал керісінше и дыбысы **і**, ң дыбысы **н** таңбаларымен берілген. **к, ғ, ұ, ы** дыбыстары үшін арнайы таңба алынбай, олардың қызметі **к, г, у, ы** (жуан и) таңбаларына қосымша жүктелген. Сөйтіп, қосымша алынған 4—5 таңба қазақ тілінің дыбысталу жүйесін, оның ішінде дауысты дыбыстарды бірсыпыра дұрыс көрсете алған. Орфографияда негізге алынған принцип фонетикалық принцип, яғни сөздің сөйлеу тілінде қалай дыбысталуы ескерілген. Сондықтан бұл кітапшада буын үндестігі жүйелі түрде сақталған (күнге, үйге, көзүнүн, туйөду, т. б.). Араб графикасын қолданған жазбалардай емес, мұнда **г** орнына **к**, сөз аяғында **п** орнына **б** жазу сияқты дәстүр жоқ. Тыныс белгілері де біршама дұрыс қойылған.

Кітаптың лексикасы түгелдей дерлік қазақтың төл сөздерінен тұрады, терминдік дәрежедегі араб-парсы, орыс тілі сөздері жоқтың қасы. Сондықтан қазақтың қарапайым сөздері медициналық терминдер мағынасында қолданылған. Мәселен, *ауру* деген сөз орыстағы «болезнь» деген мағынада қолданылған. *Больной* (ауру адам) мағынасында *науқас* деген сөздің пайдаланылғанын көреміз. Мысалы: *Науқас* бір нәрсени анық көремін деп әр даим екі көзун укалайды да журөду (5-бет). *Ем* сөзі орыстағы *лечение* және *лекарство* деген сөздердің мағыналарын береді. Қимге, маселен, кез келмеди: «солай көзум аурады, ауырғанына жыл болуп

барады, жаксылардын емде деген *емдери* менен емдеп карап едим, иш бір дару болмады...» деп арыз еткен ксини (3-бет). Қазіргі *аурухана* (больница) бұл кітапта түсіндірмелі жолмен «ауруларды қарайтын үй» деп берілген. Мәселен: *Ауруларды қарайтун уйго* барып емдетемин дегенине жыл өтті, ане мне деп, алыс деп бармайды (4-бет).

Неліктен екені белгісіз, көздің қарашығы (зрачки) дегеннің орнына *көздің қарамығы* деген сөз қолданылыпты. Мысалы: Сол еки *козунун қарамығы* креукеленип, ак тускон себепти нарселерди анык коралмайды (6-бет). Сол сияқты оңтүстік говорларына тән диалектілік ерекшелік делініп есептелетін *өте, тым* деген мағынадағы *катта* сөзінің бұл кітапта қолданылу себебі де бізге түсініксіз. Бурун онун еки көзу тап-таза жаркрап, *катта*, суп-сулу болуп туратын еді (4-бет). *Орындау* дегеннің орнына *орнына келтіру* тіркесінің қолданылуы жазба әдеби тіл дәстүрімен байланысты сияқты, өйткені бұл сол тұстағы қазақ жазбаларының көпшілігінде кездеседі.

Кітапта грамматикалық ерекшелік деп көрсететіндей қазіргі әдеби тіл нормасынан бөлек тұрған формалар кездеспейді. Көмектес септігі қосымшасы мағынасын беретін жалғаулық мұнда бастан-аяқ менен түрінде, ал көсемше етістіктен есімше тудыратын қосымша көбінесе, *тын* формасында келеді.

Мысалы: Бурун ол сондай жақсы шаруа кси еди, озу енбегн-менен бала-шагаларын осрип-өндретин... (6-бет). Сонымен қатар бірер жерде *тұғұн* формасы да кездесіп қалады. Олардын ишинде көзге оз алдына зіан келтретугуны «трахома» деген ауру.

Қазіргі әдеби тіліміздегі **және, немесе, бірақ, себебі, сөйтіп** сияқты жалғаулық шылаулар мен көмекші сөздер бұл кітапта жиі кездеседі. Қазіргі **үйткені** жалғаулығының орнына **неге** (не себепті) **десеңіз** тіркесі, **я, яки** жалғаулықтарының орнына **жа, жа болмаса** шылаулары қолданылған. Мысалы: Осундай ксилер кобенесе **жа** ыктиарсыз қайыр-садака сурап сонуменен канат килып турады; **жа болмаса** иш бир шаруаға жарай алмай тек уйдун ишине масыл болады (7-бет). Қим ким де бул ауруды биледи, **не себепти десениз** алде неше рет корген шыгар оздеринин калалас ксилеринин арасында (3-бет).

Кітаптың сөйлем құрылысында ауызекі тілге тән жүйе немесе орыс грамматикасы әсері байқалады. Мәселен, *Ауру онун колунун тиімегенин кайтсын, кундон кунго аскынып жаман болады* (4-бет). *Ақылсыздық истейди кимде-ким ауру ксилерди карайтун уйго бармай баксыга немесе баксы катынға барса* (11-бет). *Наукас канша аурса да тубонде козунен айрылады, уакытында емдетбесе* (6-бет).

Қорыта айтқанда, бұл кітап медицинаның кез келген тақырыбына арналған дәрігерлік кеңестерді қарапайым халыққа түсінікті тілмен жеткізуге әбден болатынын көрсетеді. Ол үшін қазақ тілінің сөз байлығы кеңінен пайдаланылған.

Басқа ғылым салаларынан мерзімді баспасөз беттерінде тарих, әдебиет және тілмен байланысты мақалалар жиі кездеседі. Мәселен, тарихтан «Дала уәләятінің газеті» бетінде шет ел саяхатшысы Вамберидің Орта Азияға жасаған сапары туралы есебі бірнеше номерге басылған. Сондай-ақ бұл газет бетінде әдебиет, тіл мәселелеріне арналған ғылыми айтыс ұйымдастырылған⁶. Мұнда сол кездегі қазақ әдебиеті мен тілінің жай-күйлері әңгіме болып, оның дамуы туралы пікірлер сарапқа түскен, газет редакциясы арнайы мақала жазып, ол айтыстарды қортындылап отырған.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі жөніндегі бұл мақалалардың ғылымдық жағын былай қойғанда, қазақ тілінің ғылыми мәселелерді кең талқылап, баяндай алу мүмкіндігінің қаншалық екенін көрсетуде зор пайдасы болғандығын көреміз. Бұлардан біз қазақша лингвистикалық терминдердің алғашқы қалыптасу жағдайын көз алдымызға келтіреміз. Мақала авторлары қазақ тілін өзге тіл элементтерінен қаншама таза сақтауға тырысқанымен, өз еңбектерінде ол әсерден мүлдем арыла алмағанын көреміз.

3. Қазақша діни әдебиеттер тілі жайында

Қазақ арасында ислам дінінің жазбаша таралу тарихы көп әріге кетпейді. Шоқан Уәлихановтың айтуына қарағанда: «Қазақтар орысқа бодан болғанға дейін мұсылман деген олардың аты ғана болатын, мұсылман

⁶ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971, 16—34-б.

әлемінде ерекше суниттік бұтақ құрайтын. Қазақтар мұсылман заңын ешқашан қабылдаған жоқ, ол саха-раға үкіметтің жарлығымен үкімге әуес бюрократтар-дың инициативасымен еніп отыр». Одан әрі Шоқан «ха-лық өз еркімен қабылдамаған исламды оған зордан та-ну арқылы орыс үкіметінің нені көздейтінін біз білмей-міз, түсінбейміз»⁷,— деп жазады.

Шынында да, патша үкіметі XVIII ғасырдың аяғын-да өзінің 1782, 1784 және 1787 жылдардағы указдары-мен қазақ даласында татар мектептері мен медреселе-рін салдыртып, қазына есебінен құранды бастырып, оны қазақтар арасына тегін таратқан⁸. Патша үкіметінің ондағы ойы халықтың ақыл-санасын дінмен шырмап, оны қараңғылықта ұстау, өзінің отаршылдық саясатын дін иелері арқылы жүргізу, сөйтіп, қазақты басқару ісін біраз жеңілдету еді. Бұл тұста араб тіліндегі діни кітаптарды қазақ немесе басқа түркі тілдеріне аудару мәселесі күн тәртібіне қойылған емес.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша үкіметі өзінің жоғарыдағы саясатының қате екенін тү-сініп, енді қазақ арасындағы мұсылман дінінің зиянды әсерін шектеуге, бара-бара жоюға бағытталған шара-лар қолдана бастайды. Бұл шаралардың қатарында қазақ арасында азаматтық білім беретін ұлт тілінде мектептер ашу, молдалардың қызметін шектеу, үкімет-тің рұқсатынсыз мешіт-медреселер салуға тыйым салу, жергілікті әкімшілік орындарында тілмаш, хатшы бо-лып істейтін татар, башқұрттарды қазақтармен алмас-тыру сияқты істер жүзеге асырылды.

Сондай шаралардың бірі ретінде патша үкіметі хри-стиан дінін уағыздайтын кітаптарды қазақ тіліне аудар-тып, қазақ арасына таратты, әр жерде миссионерлік миссия ұйымдастырып, оларды діни насихат жүргізуге бағыштады. Міне, осы тұста яғни XIX ғ. екінші жарты-сында қазақ тіліне көптеген христиан дінін уағыздай-тын кітап аударылады. Татар библиографы А. Қари-муллиннің есебі бойынша 1860—1917 жылдар арасында христиан діні мазмұнындағы 72 кітап қазақ тіліне ау-дарылған⁹. Бұл кітаптардың қазақ арасына қаншалық

⁷ *Валиханов Ч. Ч.* Собрание сочинений. Спб., 1904.

⁸ *Васильев А.* Материалы к характеристике взаимных отно-шений татар и киргизов. Оренбург, 1898, с. 5.

⁹ *Каримуллин А.* У истоков татарской книги. Казань, 1971, с. 158.

кең тарап және олардың халыққа қандай әсері болғаны бізге мәлім емес. Бірақ та қазақ арасынан христиан дініне кірушілердің саны оншалық көп болмаған сияқты. Мәселен, Букон станындағы қырғыз (қазақ) миссиясының есебінде оның 1892—1899 жылдар арасындағы жүргізген жұмысының нәтижесі ретінде 25 қазақтың христиан дініне кіргені көрсетіліпті¹⁰.

Жоғарыдағы миссионерлік кітаптардың біз үшін құнды жағы — олардың қазақ тілінің сол тұстағы сөз байлығын, сөйлеу тілі нормасын қағаз бетіне түсіргені. Бұл кітаптарды шығаруға Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский, А. В. Васильев тәрізді сол кездегі көрнекті орыс түркологтары да ат салысқан. Мәселен, В. В. Катаринскийдің «Ізгі Иосиф һәм ізгі Ғайб» деген кітапты аударғандығы «Дала уәләятінің газетіне» жарияланған рецензиядан көрінеді. (ДУГ, 1894, 42). Ал Ильминскийдің бұл мәселеде белсенді роль атқарғанын оның «Опыты переложения христианских вероучительных книг на татарский и другие инородческие языки в начале текущего столетия» (Қазань, 1883) атты еңбегінен байқаймыз.

Бұл кітаптардың тілі туралы белгілі түрколог-ғалым С. Е. Малов былай деген еді:

«В истории языка нельзя, пожалуй, из двух миссионерских литератур мусульманской и христианской, отдать предпочтения второй — христианской. Не касаясь ее идеологического содержания, переводы христианских вероучительных и нравоучительных книг были на хорошем, понятном массовому читателю, народном казахском языке»¹¹.

Бұл кітаптардың екінші бір құнды жағы — олардың орыстың қазақ тіліне лайықтап жетілдірілген графикасымен шығарылғандығы. Бұл әліппе қазақ сөздерін дұрыс жазуда кейбір кемшіліктері болуына қарамастан, араб жазуына қарағанда қазақ сөздерінің дыбысталу ерекшелігін әлдеқайда дұрыс беретін еді.

Христиан дінін уағыздайтын әдебиеттердің көптеп таратылуы оған қарсы жауап шара ретінде ислам дінін

¹⁰ *Елисеев Е.* Записки миссионера Буконского стана Киргизской миссии на 1892—99 гг. тип. Евдокимова, 1900.

¹¹ *Малов С. Е.* К истории казахского языка.— Известия АН СССР, ОЛЯ, 1941, № 3, с. 100.

дәріптейтін бірсыпыра кітаптардың басылып шығуына себепші болды.

Мұсылманша діни кітаптарды басқа тілге аудару «күнә» болып саналғандықтан, ондай тікелей аудармалар болған емес. Ал енді ислам дінінің негізгі шарттары мен оның уәкілдерінің «кереметтерін» насихаттауға арналған кітаптар болса да, олар, көбінесе, түркі аталған тілде жарық көрді. «Қырық қадис кітабы», «Қисса-и эн хазрет-и рәсулнің миғражға қонақ болғаны», «Қисса-и Жұм-жұма» тәрізді кітаптарды титулында «Қазақ тілінде» деп жазылғанына қарамастан, қазақ әдеби тілі ескерткіші ретінде қарай алмаймыз. Мұсылман дінінің негізгі шарттарын таза қазақ тілінде түсіндіретін бір-ақ еңбек бар, ол — Ыбырай Алтынсариннің «Шариат-ул-ислам» атты кітабы. Біз, ең алдымен осы еңбекке әдейі тоқтап, оның тілі туралы өз пікірімізді айта кетеміз.

«Шариат ул-ислам». Мұсылманшылықтың тұтқасы. (Қазан университетінің табиғханасында басма олынмышдүр, 1884 жылда). Кітап авторы — Ы. Алтынсарин. 76 беттік бұл кітап ислам дінінің негізгі шарттары мен парыздарын қазақтарға ана тілінде түсіндіруге арналған. Кітаптың кіріспесінде автор «татар, түрік және басқа халықтар діни кітаптардың өздеріне қажетті жерлерін өз тілдерінде түсіндіріп жатыр» дей келіп, «қараңғы туғандарымызға түсінікті тіл менен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік» деп жазады (5-бет).

Ағартушы Ыбырайдың дін атаулыға (мұсылман болсын, христиан болсын) қарсы болғаны, діннің халық ағарту ісіне кесел келтіретінін талай рет көрсеткені көпшілікке мәлім жай. Сөйте тұра ол аталған кітапты не мақсатпен және қалай жазды? деген сұрақты Ыбырай творчествосын зерттеушілердің бәрі де қойып, оған өздерінше жауап берді. Әрине, Ыбырай бұл кітапты дінді қадірлегендіктен не қазақтарға дінді насихаттау мақсатымен жазбағаны белгілі. Мұны толығырақ түсіну үшін сол тұстағы қазақ арасындағы ислам дінінің таралу жағдайын көз алдымызға келтірейік. Бұл кез алғашында патша үкіметінің қолдауымен етек алып жайылған ислам дінінің қазақ сахарасында дәуірлеп тұрған шағы еді. Халық келген ауқатты қазақтар мешіт, медресе салдырып, молда ұстап не қажыға баруды бә-

секеге айналдырған шақ еді. Молдалықтың тегін кәсіп екенін білген татарлар мен ортаазиялық қожалар надан халықты алланың атымен қорқытып, неше түрлі заңсыздықтарды «кәлам шарифте солай жазылыпты» деп іеке асыратын. Бұл кітабында Ыбырай қарапайым халыққа өз тілінде исламның негізгі шарттарын түсіндіре отырып, олардың дін жөніндегі «сауаттарын» ашып, молдалардың не болса соны дін жолы деп түсіндіруіне тойтарыс беруді көздеген. Сондай-ақ ол кезде патша үкіметі бекіткен оқу заңы бойынша мектептерде дін сабағын оқыту міндетті болатын. Ыбырай аштырған орысша-қазақша мектептерде де дін сабағы жүрді, орыстарға «православный» діні туралы сабақ болса, қазақтар үшін мұсылман діні негіздері оқытылатын еді. Міне, аталған кітап, екінші жағынан, осы оқушыларға оқу құралы ретінде пайдаланылуға тиіс болды. Мұнда да Ыбырай ислам діні жөніндегі түсініктерді оқушылардың ұғымына сәйкестеп, белгілі дәрежеде шектеуді, оның негізін ғана халыққа түсінікті етіп жеткізуді мақсат етті. Кітапты жазғандағы өзінің көздегені туралы Н. И. Ильминскийге жазған бір хатында ол былай дейді: «Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал, екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін... осы оқу құралын құрастыруға кірістім»¹². Ал дін сабағын мүлде жүргізбеу ол тұста мүмкін емес еді, онда қазақ балаларын мектептен мүлдем шошындырып алу қаупі бар-тын. Ыбырайдың бұл кітапты шығаруын Ильминский бастаған орыс ориенталистері де қолдай қоймаған тәрізді. Алайда кітап бірнеше жылдан кейін болса да, ақыры жарық көреді. Ал енді осы кітаптың тілі туралы не айтуға болады?!

Ыбырай шығармаларының тілін арнайы сөз еткен С. Хасанова: «Жалпы алғанда, «Шариат ул-ислам» қазаққа түсінікті тілмен жазылған. Мұсылманшылық туралы бұлай қарапайым етіп бере алу — үлкен шебердің ғана қолынан келетін іс. Алайда, бір қарағанда, бұл кітаптың авторы Алтынсарин деп айта қою қиын. Өйткені Ыбырай бұрын жазған «Хрестоматиясында» ұстаған принциптерінің көбін мұнда ұстай алмаған. Бұл еңбек шағатаизмнің элементтерінен құр емес. Шұбар-

¹² Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891, с. 327.

лау. Орфография мен пунктуация жағы да көңілдегідей емес. Әсіресе сөйлемдері шұбалаңқы, ондағы сөздердің қиюы жымдасып келе бермейді. Міне, осы себептерден бұл кітап Ыбырайдың сөз қолдану ерекшеліктерін айқындайтын құрал бола алмайды»¹³ — деп жазады.

Біздіңше, автордың «бұл кітап Ыбырайдың сөз қолдану ерекшеліктерін айқындайтын құрал бола алмайды» деген тұжырымымен келісуге болмайды. Осы негізде автордың бұл шығарманың тіл ерекшелігін сипаттауға көңіл бөлмегендігін де құптай алмаймыз.

Әрине, тақырыбына, мазмұнына сәйкес бұл кітаптың Ыбырайдың басқа шығармаларынан ерекше тұратыны рас. Алайда таза тілдік жағынан бұны сол тұстағы қазақша басылған өзге жазба ескерткіштердің қай-қайсысымен де салыстыра отырып, оған тілдік сипаттама беруге әбден болады. Өйткені бұл шығарманың да қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыруда алатын белгілі орны бар деп ойлаймыз. Тақырыбы таза дінді түсіндіретін шығарманың өзінде-ақ Ыбырайдың түркі әдеби тілі дәстүрінен қаншалық шыға алғанын байқауда да бұл шығарма аса қажетті материал.

Кітап араб әрпімен басылған. Бұл кітапты орыс графикасымен шығару жөнінде де ұсыныс болған болу керек. Өйткені ол туралы Ыбырай өзінің Н. И. Ильминскийге жазған бір хатында былай деп жазады:

«Мұндай оқу құралды, менің басында ойлағанымдай, орыс әрпімен жазу мүлде мүмкін емес; өйткені, мұндай дін кітабы, шарият тұрғыларына сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң қазақ арасында сенімді болмас еді, әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді...»¹⁴

Әрине, кітап араб графикасымен басылғаннан кейін, онда араб жазуымен байланысты негізгі орфографиялық дәстүрдің кейбіреулері сақталған.

1. Сөз аяғында естілетін **п** дыбысы орнына **б** әрпін жазу мұнда да жүйелі түрде орын алған (көрүб, қараб, жуаб, уәжіб).

2. Сөз аяғында не сөз ішінде келетін **ш** дыбысы орнына дәстүр бойынша **ч** таңбасын жазып жіберу кездеседі (үч, һеч, үчін, жаратқучы). Бірақ бұл барлық жер-

¹³ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 10-б.

¹⁴ Алтынсарин Ы. Шығармалар жинағы, 1957, 244-б.

де емес, көбіне **ш** естілген жерге **ш** әрпі жазылған (баршасы, шек, шүбаһ, реуішті).

3. Ауызша тілде басқаша айтылса да, кейбір араб-парсы сөздерінің дәстүрлі жазу формасы сақталған. *Руза* (ораза емес), *ғазаб* (азап емес), *халал* (адал емес), *харам* (арам емес), *һәр* (әр емес), *һеч* (еш емес), т. т.

4. Халыққа әбден сіңіп, айтылу, жазылуы қалыптасқан кейбір сөздердің өзінде **п**, **қ** орнына **ф**, **х** жазу тенденциясы байқалады. Мысалы: **файда**, **фиғыл**, **кафір**, **хұлық**, **ахирет** т. б.

Ал кітаптың грамматикалық құрылысында түркі әдеби тіл дәстүрі тым сирек кездеседі. Ондай жағдайлар төмендегідей.

Етістік түбіріне жалғанып есімше туғызатын **ар/ер/р** жұрнағы кітапта жүйелі түрде **ұр/үр** түрінде кездеседі. Мысалы:

Рузаны зарұрсыз ұстамағандар ахиретте зор ғазапта болұр (37-бет). Бұлай болғанда не екеуінің де тілегені орнұна келұр еді не біреуінің тілегені орнұна келұр еді (11-бет).

Халықтық тілдегі төл жалғаулықтармен қатар бірек жерде түркі әдеби тіліндік **уа**, **һәм**, **ләкін** жалғаулықтары кездесіп қалады. Мысалы: Ғараб тілін һер кімке білмек **һәм** қиұн **һәм** көб қара халыққа мүмкін де емес (4-бет). Соның үчүн де хұдай табарак **уа** тағала кәлем шарифінде бұйырды (61-бет). Хатта жеуке халал тамақты да мас болғанча немесе қалыбынан артық құсқанша жесе бұл да харам **ләкін** әлгі көғнардай (апиын) нәрселер болса да ауруларға дару сифатында зарұрлықдан берілсе харам болмас (50-бет).

Бұдан басқа барлық жағдайда қазақ тілінің өзіндік жалғау-жұрнақтары кеңінен пайдаланылған. Мәселен, көсемше етістікке жалғанып, келер шақтық есімше туғызатын қосымша мұнда, негізінен, **тын/тін** формасында кездеседі, тек бірен-саран жерде ғана оның толық түрі — **тұғын** ұшырайды. Көмектес септігі қосымшасы мен ынғайластық жалғаулық қызметінде түбірдің соңғы дыбысы әуеніне қарай **мен** жалғаулығының варианттарының бірі келе береді. Мысалы: Бұл садақа фақыр міскінге беріледі, уақытында бір түрлі себеб **пен** фітір бермегендер соңынанда қазасын өтемек уәжіб (39-бет). Бұл иман өз ақылы **мен..** иман келтір-

гендердің иманы болұр (9-бет). Енді соңғы төрт фарыз бен харам мәкру нәрселер тұрасын байан етелік (21-бет).

Түркі әдеби тіліне тән мыш, дүр, ұшбу, мәзкүр және ашық райлы етістікке жалғанып, көптік мағына беретін лар/лер тәрізді формалар мұнда мүлде кездеспейді.

Сөйлем құрылымдары қазақ тілі заңдылығына сай, жатық. Көптеген сөйлемдердің құрылысы Абай қара сөздерінің синтаксистік құрылысына өте ұқсас.

Кітап лексикасын әңгімелегенде, ең алдымен, оның ислам дінінің негізгі канондарын түсіндіруге арналғандығын еске ұстауымыз қажет. Дін туралы әңгіме оның негізгі терминдерін сақтай отырып айтылуға тиіс. Олай болмаса жұртқа нанымсыз болып шығар еді. Сондықтан автордың араб-парсы сөздерінен қанша қашқанымен, халыққа таныс арабша діни терминдерді пайдаланбасқа ешбір лажы болмады. Ыбырай қолданған араб-парсы сөздерін негізінен 3-ке бөліп қарауға болады. Бірінші топқа *намаз, руза (ораза), кафір, иман, мәкру, дәрет, аят, уәжіб, фарыз, ахирет, садақа, фітір, пайғамбар, табарак, міскін, кәлам шариф* сияқты қарапайым халық аузында да жиі қолданылатын, мағынасы түсінікті сөздерді жатқызуға болады.

Екінші топқа халықтың көпшілігіне аса көп таныс емес, бірақ діннің кейбір қағидаларын түсіндіру үшін қажет болған сөздерді жатқызуға болады. Олар сан жағынан көп те емес. Мысалы: *нақли, ғақли, мәсиғ, мәддат* т. б.

Үшінші топты құрайтын — күнбе-күнгі өмірде жиі қолданылып жүрген *шубаһ, файда, хылық, халал, харам, хисаб, жуаб, баб* тәрізді сөздер. Айырмашылығы — бұлардың таңбалануында ғана, яғни кітапта олардың жазба тілдегі нормасы ескерілген.

Кітапта араб-парсы сөздері оның басқа шығармаларымен салыстырғанда көбірек қолданылғанымен, лексикасының негізгі төсегі қазақтың қарапайым сөйлеу тілі екендігі белгілі. Әрине, кітаптың өзіндік ерекшелігіне байланысты қазақ тілінің бейнелі, айшықты сөздері мен тіркестері көп қолданылмаған.

Сол тұстағы көптеген жазбаларға тән бұл кітапта да *орындау* етістігінің орнына *орнына келтіру* тіркесі қолданылған. Мысалы: Осы уәжібтерді біле көре *орнұ-*

на келтірмеген кісі кінәһлі болур (25-бет). Һәр кімнің өз басы орнына келтірмей болмайтуғын фарыздарды фарыз ғайан деб атайды (34-бет). Сол сияқты баяндау етістігі мағынасында да баян ету тіркесі кездеседі. Мысалы: Енді соңғы төрт фарыз бен харам мәкру нәрселер тұрасын баян етелік (21-бет). Кітапта диалектілік сипаттағы *реуішти* (сияқты), *мұқым* (бүкіл), *там* (мола) тәрізді батыс өлкесіне тән бірер сөздер де кездеседі. Мысалы. ...намаз руза *реуішти* бұйрықтарын растамаса (8-бет). Осылайча мәсіке еткен мәсихтің үйінде тұрған *мұқым* кісіге мәддаты... бір тәулік (24-бет). Ибраһим пайғамбар ол тастардан өзі қалаб *там* жабты *тамды* орнатарда төрт бұрышына төрт тас қойды (43-бет).

Осылармен қатар «бір нәрсенің қожасы» деген мағынада бір-ақ жерде «егесі» сөзі қолданылады. Ей, екі дүнианың *егесі* құдайым һәр бенденің ниет фиғылы бір өзіне белгүлі-ді (5-бет). Бұл — оңтүстік қазақтарының тіліне тән диалектизм ретінде қаралады¹⁵. Келесі жерде *ие* түрінде келеді. Бір *иенің* барлығына һеч шек шұбаһ жоқ болса керек (10-бет).

Жоғарыдағы айтқандарымызды жинақтай келгенде, Ыбырайдың «Шариат ул-ислам» атты кітабының қазақтың жазба әдеби тілін халықтық тіл негізінде қалыптастыруда белгілі орны болғанын айтуымыз керек. Ең алдымен, бұл кітап өмірдің басқа салаларын былай қойғанда, таза дін шарттарын баяндауға да қазақ тілінің толық жарамды екенін көрсетеді. Сондай-ақ ол түркі әдеби тіліне тән кейбір грамматикалық формалардан біржола арылған, алайда автор орфографияда ғана бұл принципті дәйекті түрде ұстай алмаған. Мүмкін бұл — баспахана қызметкерлерінің кінәсынан да болуы. Қалай дегенмен де, Ыбырай Алтынсариннің бұл шығармасының ұлттық әдеби тіліміздің белгілі стилін қалыптастырудағы ролін бекерге шығаруға болмайды.

* * *

Христиандық діни кітаптардың қазақша аудармалары көп-ақ. Оларға жалпы тілдік сипаттама беру үшін және олардың қазақтың жазба әдеби тілін қалыптастырудағы ролін көрсету үшін барлығын талдап жатудың

¹⁵ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 96-б.

қажеті аз. Сондықтан біз олардың екі-үшеуін ғана алып, солардың тіл ерекшеліктеріне тоқталдық.

«Езгілікке үйрететін кнеге» (Қазан, 1892) атты кітапты Чиркова М. А. баспаханасында православиелік миссионерлер қоғамы шығарған. Жоғарыдағы қазақша атынан кейін орысша «Училище благочестія» деп жазылғанына қарағанда, орыс тіліндегі осындай кітаптың аудармасы болуы керек. Кітаптың негізгі мазмұны — христос пен оның әулиелерінің халыққа істеген «жақсылықтары» мен айтқан өсиеттері.

Кітап орыс графикасының жетілдірілген түрімен жазылған, яғни орыс әліппесіндегі негізгі әріптерге қосымша қазақ тілінің өзіндік дыбыстарын белгілеу үшін шартты таңбалар алынған. Мәселен, ә дыбысы үшін **ä**, ө дыбысы үшін **ö**, ұ дыбысы үшін **у**, ң дыбысы үшін **н** таңбалары қосылса, у, ұ дыбыстары бір ғана у арқылы, **і**, и дыбыстары **и**, қазақтың қысаң **ы-сы** мен орыстағы жуан **ы** дыбыстары бір ғана **ы** арқылы, **қ**, к дыбыстары **к** әрпімен, **ғ**, г дыбыстары **г** әрпі арқылы берілген. Бірақ бұл заңдылық үнемі сақталып отырмайды, кейде ә әрпі жазылатын жерге **а**, и әрпі жазылатын орынға **е** жазыла береді. Кітапта тыныс белгілері бірсыпыра дұрыс қойылған. Алайда жалғаулық шылаулар мен күрделі сөздердің жазылуында бірсыпыра қателер де кездеседі. Мысалы, *бара жатыр* деудің орнына естілуінше *бараятыр, онан соң, дым да* сөздері *онансон, дым-да* түрінде жазылған. Жалпы, *соң* шылауы үнемі өзінің алдындағы сөзбен бірге, ал *да/де* шылауы дефис арқылы жазылған.

Араб әліппесін пайдаланған қазақ жазбаларында *халық, хабар* түрінде жазылып қалыптасқан сөздер де кітапта қазақтың ауызекі тілде айтуынша, *калык, кабар* болып жазылған.

Кітап аударма болуына қарамастан, лексикасы өзге тіл элементтерінен барынша таза, қазақтың сөйлеу тілінің сөз байлығы кеңінен пайдаланылған. Кітаптың өн бойында 3—4 орыс сөзі ғана аударылмай алынған, олар — *монастырь, священник, преподобный, монах*. Бұл сөздердің беретін ұғымы қазақта бұрын болмағандықтан және олар тек христиан дінімен байланысты ғана қолданылатындықтан алынған болуы керек, бір есептен тілге сіңіру мақсатымен де әдейі аудармай алуы мүмкін. Мысалы: Аулие Макарий бр үйренушисимен

өзнін монастырынан шығыб, ботен монастырға, баратыр екен (8-бет). Онда, құлшылық бткен сон, *священник* калыкка өгут айтыпты (10-бет).

Ал енді «кітап» сөзі сол кезде-ақ қазақ арасында жиі қолданылатын, жалпы халыққа түсінікті сөз болса да, оның орнына «кнеге» сөзін алуы, біріншіден, «кітап» сөзін арабтікі деп қашуынан болса, екіншіден, орыс кітаптарын араб әрпімен жазылған кітаптардан ерекшелуу үшін болса керек. Мысалы: Осы Григорий бір рет Алла *кнегелерн* оқып отырғанда, оған бреу келип бек телмрипти... (11-бет). Жалпы кітапта араб-парсы сөздері өте сирек. Дегенмен діни терминдік көптеген орыс сөздері халыққа бұрыннан таныс араб сөздерімен берілген. *Святой — әулие, апостол — берісте* (періште), *мучитель — азаптаушы, милостыня — садақа, бог — алла, слуга — қызметші, проповедь — үгіт, на этом (том) свете — бу* (ол) *дүниеде* т. т. Сол сияқты қазақтың төл сөздері де діни термин ретінде пайдаланылған. *Тұрушылық* (житье), *тіленші* (нищий), *құлшылық ету* (молиться), *бұрыс дінде тұрушы* (иноверец), *үйренуші* (ученик), *құтқарушы* (спаситель), *жаратушы* (творец), т. с. с. Кітап тілінде бейнелі, көркемдеуші сөздер өте аз кездеседі. Мәселен, «Христосты ксини аспандағы патсалыгына тартып шығаратын *кармак* деп, өзүне апаратын *ау* деп, өзүне байлайтугун *бау* деп бил» (42-бет) деген мысалдағы *кармак, ау, бау* сөздері арқылы берілген тіркестерде не көркемдік, не бейнелегіштік қасиет, ешқандай мән жоқ, тек құрғақ ұйқас бар.

Кітаптың грамматикалық құрылысында қазіргі әдеби тіл нормасынан ерекшеленетін тілдік формалар кездеспейді десе болады. Тек бірер жерде түркі әдеби тілінің кейбір формалары кездесіп қалады, бірақ мұның өзі жүйелі емес.

Мәселен, қазақтың қазіргі әдеби тіліндегі не сол тұстағы халықтың сөйлеу тіліндегі *дейін/шейін* шылауының орнына бір-ақ жерде *ша* шылауы кездеседі. — Евангелиядағы соңынаша тозген кси бакытты деген сөзды устапты (6-бет). Сол сияқты келер шақ есімшенің *ар/ер/р* жұрнағы орнына *ұр/үр* формасы бір-ақ жерде ұшырайды. Сен де ксиникин кешр, онда ол да сени таур корүр (38-бет). Ал енді көсемшеден осы шақ есімше туғызатын *тын/тін* жұрнағы кітапқа біркелкі *түғүн* формасында, көмектес септігі қосымшасы және

ыңғайластық жалғаулық мен/пен/бен бірыңғай мен формасында кездеседі. Мысалы: Преподобный деп... омурун тлек тлеу мен өткзип, аулие болган ксилер айтылады (33-бет). Жаңа арада барлық затым мен кемем суға батты... (11-бет).

Миссионерлік қоғам шығарған екінші сондай бір кітап — «Ақыл бере тугун кнеге» (Из премудрости Исуса, сына Сирахова) атты кітап. (Қазан, 1894).

Кітаптың орфографиялық жүйесі бұдан бұрынғы әңгіме еткен «Езгілікке үйрететін кнеге» атты кітаптағыдай.

Кітап орыс графикасымен, оның қазақ тіліне лайықтап жетілдірілген түрімен басылған. Яғни қазақтың өзіндік кейбір дыбыстарын белгілеуге шартты таңбалар алынған (ү—у, ө—ө, ә—ä, ң—н). Қазақ сөздерін көбіне-көп естілуінше жазуға тырысқандықтан, кейбір сөздердің жазылуында (әсіресе дауысты дыбыстарды жазуда) емле қателері кездеседі. Дегенмен бұл кітап текстері арқылы сол кездегі қазақ сөздерінің айтылу нормасының қандай болғанын байқауға толық мүмкіндік бар. Екеуінің аты да «кнеге» болуына қарағанда және орфографиясы мен грамматикалық құрылысының көп жағдайда ұқсастығына қарағанда, екеуі де бір автордың не бірлескен авторлар тобының қолынан шыққан тәрізді. Бірақ соңғы кітаптың тілі лексикасының тазалығы, образдылығы, сөйлем құрылысының жатықтығы жағынан, алғашқыға қарағанда әдеби тілге әлдеқайда жақын. Мазмұнының өзі «Из премудрости Исуса...» деген аты болмаса, көбіне-көп ақыл-кеңес беруге арналған. Мұнда да жалаң үндеу емес, ғылыммен, тәжірибемен байланыстырылған, адамды сендіретін үгіт. Әрине, бұл үгіттің көпшілігі құдай атынан сөйленіп, құдайға құлшылық ету ісімен байланыстырылып отырады. Мәселен, «Блимдиктин он басы Кудайдан корку, Кудайдан коркысан, күнадан тыйларсын» (10-бет). «Кудай ақылдықты ойшылдықты жанбырдай жаудырады, ону тутунган ксини данкты кылады» (5-бет). «Жогары котарилген сайн бегрек те кешпейлдене бер, кудайдан ракым табарсын» (8-бет). «Буйуруктарын орнуна келтриб истеушиге гана кудай озун озу блдиреди. Кудай ар орнунда болады, онун үшун сен сак болуп жур» (45-бет).

т. т.

Бірақ көп жағдайда тәрбиелік мәні бар, өмір тәжі-

рибесінен алынған ақыл-кеңестерді де кездестіреміз, ондай жерде тілдегі ең бір бейнелі, шұрайлы деген тіркестер пайдаланылып кететінін аңғарамыз. Мысалы: «Ақылды адамдармен кенес, бликти адамдармен сойлес» (17-бет), «Астықты желписен шоби устне шыгады, ксини сойлетсен жаман ойы сыртына шыгады» (28-бет), «Ағаштын жақсы жаманы оган шыққан жемисинен блнеди ксинин ақылды ақылсызы, жақсылы жаманды айтқан созүнен блинеди» (28-бет), «Өшкенди үрсең жанар, тукурсен сонер, екеуи де бр ауздан шыгады» (30-бет) т. с. с. Сондай-ақ қазақтың мақал, нақыл сөздері де шебер пайдаланылған. Мысалы: «Кси өзунди таур корсин десен; онун жамандыгын жасырып, жақсылыгын асырып жур» (47-бет), «Азр асқа ата болуп барган кси уйатсыз кси...» (43-бет), «Ауыздыгын салмаган аттын бас бермегени секилди еркелетип оз еркимен осурген ул кыз да оз дегени менен журеди» (33-бет).

Бұл кітаптың тағы бір ерекшелігі — лексикасында өзге тілдік сөздер мүлде сирек. Кітаптың өн бойында орысша бірер сөз (кнеге, священник) кездеседі, олар да арабтың кітап, молла деген сөздерінен қашқандықтан, әдейі алынған болса керек. Араб-парсы сөздерінің қазақ тіліне әбден сіңісіп кеткендері ғана болмаса, жаңадан енгені байқалмайды. Әрине, кітаптағы әңгіме діни насихат болғандықтан, араб-парсы сөздері біршама орын алған. *Құдай, бишара, мүскун, садақа, күнә, тамұқ, тозақ, дүние, пайда, жауап* т. т. Д. Сұлтанғазин «Дала уәләятінің газетінде» жарияланған мақаласында¹⁰ араб-парсы сөздерінен қанша қашқанмен, онсыз жазу қиын екендігін, тіпті миссионер қоғамының шығарған осы сөз болып отырған кітаптың атының өзінде *ақыл* деген араб сөзі жүргенін айтады. Бірақ бұл да жазба тілдегі «ғақыл» түрінде емес, қазақтағы ауызша айтылуынша «ақыл» формасында жазылған.

Бұл кітаптың грамматикалық құрылысын әңгіме еткенде, ең алдымен, көзге түсетін жай *лық* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған абстракты зат есімдердің молдығы. *Білімдік, танушылық, ақылдық, ойшылдық, үлкеншілік, бәлгершілік, бақсылық, түс жорушылық, жақсылық, жамандық* т. б. Мысалы: *блмдик* ар нарседен бурун болган, *танушылык* буруннан-ақ келе жатыр

¹⁰ Дала уәләятінің газеті, 1896, № 31.

(1-бет), *балгершилік* ету, *баксылық* куру, тус *жорұшылық* барине де нанатугун ис емес, бари де бос соз (37-бет). Кудай не бу дуньяда, не ол дуньяда ксинин *жаксылыгына жаксылык, жамандыгына жамандык* кайтарар (18-бет).

Көсемше етістікке жалғанып, есімше туғызатын **тын/тін** жұрнағы кітапта көбінесе **тугун** түрінде кездеседі. Мысалы: Сөзун жанылыс айтпайтугун, окунушти ис истемейтугун кси бакытты (21-бет).

Көмектес септігінің қосымшасы **мен** түрінде де, **менен** формасында да келе берседі. Мысалы: Ауыздыгын салмаган аттын бас бермегени секилди еркелетип оз ерки мен өсурген ул кыз да оз дегени **менен** жүреди (33-бет).

Бір сөзбен айтқанда, бұл кітап та — сол тұстағы қазақ тілінің жай-күйін танытатын, қазақ тілінің тек нақтылы ғана нәрселерді сипаттау ғана емес, абстракты ой-пікірді көркем тіл өрнегімен жеткізе алатындығын байқататын тілдік материал.

* * *

Христиандық діни әдебиет аудармаларының тілін қарастыра отырып, біз олардың қазақтың сөйлеу тілінің мүмкіндіктерін соншалық мол пайдаланғанын, сөйлем құрауда қазақ тілінің, қала берді түркі тілдерінің, грамматикалық жүйесін, заңдылықтарын сақтай білгенін, қазақтың қарапайым сөздерін терминдік дәрежеге дейін көтере алғанын көреміз. Сондай-ақ қазақтың мақал-мәтел, қанатты сөздерін шебер пайдаланып, бейнелі сөз оралымдарын жасады. Тыныс белгілерін орынды қою арқылы да қазақ тілі пунктуациясын жетілдіруге ықпал етті. Ең бастысы, қазақтың жазба тілін түркі әдеби тілі әсерінен арылтуда елеулі үлес қосты.

IV Т А Р А У

РЕСМИ ІС ҚАҒАЗДАР ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТІЛДІК СИПАТТАМАСЫ

Әдеби тіл тарихын зерттеушілер ресми іс қағаздары не документтер тілін әдеби тіл стильдерінің бірі

ретінде қарайды. Қазақ тіл білімінде де бұл дау туғызбайды. Ал енді сол ресми іс қағаздар стиліне нені жатқызып, нені жатқызыбау керек деген мәселеде әр түрлі пікірлер бар. «Қазақ әдеби тілінің тарихы» оқулығының авторлары ресми іс қағаздары үлгісіне бұйрық, циркуляр, үндеу, указ, әр түрлі анықтама документтермен қатар, әкімшілік орындарына жазылған арыздарды, қызмет орнындағы адамдардың өзара жазысқан хаттарын жатқызады¹. Татар әдеби тілінің тарихын зерттеуші В. Хаков жеке адамдардың өзара жазысқан хаттарын бұл стильден бөліп қарап, эпистолярлық стильге жатқызады².

Қазақша ресми іс қағаздары стилі ерте кезден келе жатқаны белгілі. Қазақ хан-сұлтандарының орыс әкімшілік орындарымен жазысқан хаттары, арыздары мен мәлімдемелері XVIII ғасырдан бастап архивтерде көп сақталған. Солардың бір бөлегін яғни 1785—1828 жылдары жазылған қазақтың хан, сұлтан, старшиналарының хаттарын тарихшы профессор М. П. Вяткин 1940 жылы «Материалы по истории Казахской ССР» (М.; Л., 1940, IV том) деген атпен кітап етіп жариялады. Орталық архивтерден бұдан бұрын да, кейін де жазылған ресми документтер үлгілерін көптеп кездестіруге болады. Алайда біздің объектіміз — олар емес, нақтылы XIX ғасырдың екінші жартысында баспа бетінде жарияланып, көпшілікке тараған документтер, солардың тіл ерекшеліктері.

Әрине, біздің әңгіме етпек документтеріміз де жоғарыдағы қолжазба материалдардың заңды жалғасы, мазмұны жағынан да, формасы жағынан да сол типтес документтер, айырмасы — баспа бетін көргендігінде.

Баспадан шыққан материалдардың көпшілігі дерлік — орыс әкімшілік орындарының халық арасына тарату үшін шығарған документтері, сондықтан олар көп жағдайда орыс тілінен қазақшаға аударылған аударма материалдар болып келеді. Осымен байланысты сол тұстағы аударманың дәрежесін, аудармашылардың көбінесе басқа ұлт уәкілдері (татар, башқұрт) болғанын да ескермеске болмайды.

¹ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968, 15-б.

² Хаков В. Х. Развитие татарского национального литературного языка и его стилией. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1971, с. 52.

Ресми іс қағаздарының бірсыпыра үлгілері сол тұстағы қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз — «Түркстан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләяті газетінде», басқа да облыстық ведомостыларда жарияланды. Бұл тарауда біз олардан алынған кейбір документтердің де тілін әңгіме етеміз. Сондай-ақ эпистолярлық стильдің үлгісі ретінде, қолжазба бола тұрса да, қазақша жазылған бірен-саран хаттардың тілін де сөз етеміз. Ол хаттар — таза семьялық хаттар емес, белгілі қызмет адамдарының жартылай ресми, жартылай жолдастық ыңғайда жазған хаттары.

«Қазақ тіліндегі ресми іс қағаздары стилінің қалыптасуы және дамуы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация да қорғалды³. Алайда автор ол еңбегінде белгілі дәуірлердегі іс қағаздары үлгілерінің тіл ерекшеліктерін сөз етуден гөрі, жалпы ресми документтердің лексикасына, оның ішінде ресми документтерге тән терминдердің қалыптасып, дамуына көбірек көңіл бөледі.

1. Әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары

Баспа жүзін көрген қазақша делінген материалдардың алғашқыларының бірі — 1852 жылғы Орынбор шекара комиссиясының жергілікті қазақ әкімдеріне жолдаған қатынас қағазы. Көлемі бір-ақ бет, орысша-қазақша екі тілде басылған. Қысқаша мазмұны төмендегідей. Ордалықтардың (әңгіме — Бөкей ордасы туралы.— Б. Ә.) кейбір қызмет адамдары өздері орысша білмесе де, орысша жазылған қағаздарға қол қойып, мөрлерін басады. Ол хаттар олардың айтайын дегендерін дәл жеткізе алмауы мүмкін. Сондықтан орыс әкімшілік орнына жазған хаттарын қалауынша орыс, татар тілдерінің қайсысымен де жазуына болады.

130 сөзден тұратын бұл нұсқау-хаттың тілі, негізінен, қазақ оқушысына түсінікті, жатық. Хаттағы көптеген әкімшілік терминдерін қазақша түсінікті етіп беруге тырысқан (служебные переписки — қызмет бабында болатұғын қағаздар, должностные лица — лауазым иелері, дело — іс, канцелярия — махкеме, столначальник — стол бастығы т. с. с.). Әрине, қазақ тілінің ол

³ *Ергазиева Н.* Формирование и развитие официально-деловой речи в казахском языке. Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1972 (на правах рукописи).

кездегі сөз байлығы кез келген әкімшілік терминдерін аударуға жете бермегені хақ. Сондықтан кей жағдайда әкімшілік атауларын не орысшасынша қалдырып (комиссия, генерал-губернатор, советник) не араб-парсы сөздерімен аударып бергенін көреміз (пограничная комиссия — хыдудиа мекемесі, письмоводитель — қатіб, объявляет — ағлам қылады т. б.). Жалпы бұл документтің лексикасындағы 130 сөздің (қайталауын және шылауларды қоса есептегенде) 115-і қазіргі қазақ әдеби тілінде қолданылып жүрген сөздер. Қазіргі оқушыларға түсініксіз сөздер — *хыдудиа, қаю, қатіб, афзалт-лус, мухтарам, ағлам, акаһас, такмила, имза, айламыш* тәрізді араб-парсы сөздері. Бұл документтің орфографиясы мен грамматикалық құрылысында түркі әдеби тіл дәстүрі толық сақталған.

С, ж дыбыстары келетін орындарда **ш, й** жазылып отырады. Мысалы: **іш** (іс орнына), **йазу** (жазу), **шол** (сол) т. с. с. **Ш, г** әріптері жазылатын орындарға **ч, к** таңбалары жазыла береді (үчүн — үшін, көрмекі — көрмегі, ішлерке — істерге, бойынча — бойынша). Сондай-ақ түркі әдеби тілінің емле заңдылығына сай түбір мен қосымшаның жігінде үндестік заңының сақталмауы, сөздің соңғы буынына қысаң дауыстылар орнына ерін дауыстыларының жиірек келуі, араб-парсы сөздерінің негізгі тұлғасының сақталып жазылуы сияқты жайттар мұнда да кездеседі. Документте көне түріктік **дүр, илан, лар** тәрізді қосымшалар жүйелі түрде ұшырайды. Мұнда **дүр** қосымшасы етістіктің III жақтық қосымшасы орнына және сөйлемді тиянақтау мақсатында қолданылған. Мысалы: ... қағазлардан көріне**дүр**, ...ағлам қыла**дүр**; йазмай тұрған**дүр**, йазсада ықтиар**лүр**лар**дүр**. **Илан** қосымшасы тексте 2 рет кездеседі, екеуінде де қазіргі көмектес септігі мағынасын береді (қай тіл **илан**). Ал етістікке қосылатын **лар** жалғауына келсек, ол, көбінесе, қимыл иесінің көптігін білдіру ыңғайында жалғанған тәрізді. Мысалы: ... қай тіл **илан** өзлерінің ой уа мұрадларын баян қыл**үб** йаз**дүр**маққа колай**лү** көрселер, шол тіл **илан** қағазларына **һәм** йаз**дүр**сүнлар.

Документте сондай-ақ араб тілінің дәстүрлі **уа, һәм** шылауы кең қолданылған. Олардың кезектесіп қолданылуында ешқандай стильдік айырмашылық байқалмайды, тексте кездескен 7, жердің (4-еуінде — **һәм**,

3-еуінде — уа) алтауында қазіргі тіліміздегі ыңғайластық мағынадағы және, мен шылауларының қызметін атқарған. Көсемше етістікке жалғанып есімше туғызатын тын жұрнағы бұл документте тұрған формасында бір-ақ жерде кездеседі (...хызмет бабында болатұрған қағазлардан көрінедүр...).

«Жарлық. Степной кенерал кубернаторының қыр об-ластарының бастұқдарұна 29 майда 1890 жылда номір 1071-нчі». Бұл шағын ғана документтің, аударма болуына қарамастан, тілі жатық, сөйлем құрылыстары қазақ тілі грамматикасы заңдылығына сай, лексикасы біршама таза. Орыс тілінің әкімшілік терминдері көп жерде қазаққа түсінікті сөздермен аударылып берілген. Мысалы: *чиновники* — төрелер, *должностные лица* — қызмет адамдары, *начальники* — ұлықтар, *закон* — низам, *налоги* — алым, *распоряжение* — хукім т. б. Тек *генерал-губернатор*, *жандарал*, *ойазнай*, *облыс* сияқты бірен-саран сөздер ғана аударылмай, сол күйінде алынған.

«Орындау» етістігінің орнына «орнына келтіру», «душар болу» тіркесі «кіріфтар болу» түрінде берілген.

Документтің грамматикалық құрылысында қазіргі әдеби тіл нормасынан ерекшеленетіндей ешбір белгі жоқ. Бірер жерде «басқа» сөзінің орнына «ғайры», осы, бұл сілтеу есімдіктері орнына «мәзкүр», мен ыңғайластық жалғаулығы орнына «һәм» шылауы қолданылыпты. Бұлар — сол тұстағы жазба әдеби тілде жиі кездесетін формалар.

Ал документтің орфографиясында түркі әдеби тіл әсері, яғни г орнына қ, ш орнына ч, п орнына б жазу дәстүрі сақталған. Алайда ж орнына и, с орнына ш жазу сияқты жайттар мұнда кездеспейді.

Аталған газет бетінен бұлардан басқа да ресми іс қағаздары стиліне жататын көптеген документтердің тіл ерекшелігімен танысуға болады. Бірақ талданған документтер олардың барлығына тән жағдайды танытады. Кейбір іс қағаздарында (әсіресе бұйрық, циркулярларда) аудармашының тәжірибесіздігінен кейде адам түсінбестей болып құрылған сөйлемдер кездеседі, бірақ ол — барлық іс қағаздарына тән емес.

Бұдан біз қазақша ресми іс қағаздары тілінің түсінікті, жатық болуы, көп жағдайда, аудармашының ұлтына, біліміне, тәжірибесіне, көзқарасына байланысты

болатынын көреміз. Бірақ қалай десек те, сол XIX ғасырдың екінші жартысында-ақ қазақша ресми іс қағаздары стилінің қалыптасып, белгілі стандарттық қалыпқа түсе бастағанын байқаймыз. Міне, осы кезде қалыптасқан ресми документтер үлгісі кейінгі кездердегі, яғни XX ғасырдың бас кезіндегі тіпті, қала берді, Совет үкіметінің алғашқы жылдарындағы іс қағаздарында толығынан сақталды.

2. Қазақша заң жинақтары мен ережелер

Өткен ғасырда басылып шыққан ресми документтердің бірі — «Семипалат облысының беш диуанының барча халқының сайланмыш адамдарының 1885 йылында май айында чар бойында қарамола сиезінде жасалмыш ережесідүр» (Қазан, университет типографиясы, 1886) деп аталатын кітапша. Бұл кітапша ғылым әлеміне кейін, 60-жылдардың ішінде, мәлім болды, оның негізгі түп нұсқасы Татар АССР-і мемлекеттік архивінде 684227 номерлі істе сақтаулы. Бұл документтің біз үшін айрықша құнды бір жағы — оның жазылуына Абай Құнанбаевтың қатысуы. Бұл документ жайлы Абай шығармаларының алғы сөздерінде бұрыннан әңгіме болушы еді. Абайдың тұстасы Мүсірәлі ақсақалдың естелігіне қарағанда, Семейдің уездный начальнигі Қарамола съезі үстінде Абайға қазақтың ғұрпына, әдетіне, тұрмысына лайықты заң жобасын жасауды тапсырады. «Осы міндетті мойнына алған Абай,— дейді Мұхтар Әуезов,— бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білетін ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба болады»¹. Жоғарыдағы документтің соңында қол қойғандардың ішінде «Семипалат ойазының хұрметлі қазағы Ибраһим Құнанбай ұғлының» болуына қарағанда, бұл сол Мұхаң айтып отырған «Ереже» екендігі күмән туғызбайды.

Ә. Жиреншиннің айтуы бойынша: «Бұл заң сол кездегі ресми кеңсе, араб, парсы, ноғай тілдерімен жазылған, оны орышадан аударған — Айтбақин деген Қарқаралы дуанының тілмашы, тәрізі заңды Абай орыс тілінде жазған да, билерге қазақша өзі түсіндіріп оқып

¹ Әуезов М. О. Абай Құнанбаев.— Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967, 65-б.

берген»⁵. Документтің о баста орысша жазылып, қазақшаға аударылуы шындыққа сай келеді. Өйткені кітапша соңында «Верно. Переводчик Асанов» деген сөз бар. Бұған қарағанда, аударушы Айтбақин емес, Асанов деген кісі болғанға ұқсайды. Бұл документтің қоғамдық-саяси өмірдегі атқарған ролін ашуды тарихшы, заң ғалымдарының үлесіне қалдырып, оның тілдік ерекшелігін ғана әңгіме етейік.

Документ лексикасын тақырыптық жағынан алып қарағанда, оның мазмұнына сәйкес, ең мол жүйе әкімшілік заң терминдері екенін көреміз. Бұлардың басым көпшілігі — қазақтың байырғы сөздері негізінде жасалған терминдер, олар — *дағуа* (дау), *бітім*, *ғарыз*, *салауат* (кешірім), *береке бітім*, *салауат бітім*, *билік*, *айғақ*, *куаһлік*, *куман*, *куманчы*, *жан беру — жанчы*, *айғақ тазасы*, *шүйінші*, *ғайыб*, *құн*, *шариғат*, *ереже*, *қалың мал*, *түйе башлатқан бір тоғыз*, *қанлы ат*, *билік аты*, *дүре*, *жаза*, *барымта*, *сойыс*, *қонағасы*, *шығын*, *үлгі*, *жауабкер*, *даукер*, *төреші*, *төбе басы*, *шабарман* т. т. Қазақтың байырғы сөздері деп отырғанымыздың ішінде ертеректе еніп, халыққа әбден түсінікті болып кеткен араб-парсы сөздері де бар. Бұлармен қатар орыстың әкімшілік-заң терминдері де кең пайдаланылған. *Сиез*, *сома*, *положение*, *тритай* (суд), *жребие*, *кофия*, *прикавар*, *каталашка*, *метрически кнага*, *довернай*, *кфитансиа*, *чрезвычайни сиез*, *боласнай*, *ойаз*, *управитель* т. б. Кейбір етістік сөздері де терминдік мағынада қолданылған (ағарды — оправдается, күйеді — признается виновным, мойнына түсу — быть признанным). *Мужчина*, *женщина* мағынасындағы қазіргі *ер*, *әйел* орнына бұл документте *еркек*, *ұрғашы* сөздері алынған, ал *әйелі*, *жолдасы* орнына *хатұн* сөзін пайдаланған. Осыдан барып, *жесір әйел* орнына «тұл хатұн» тіркесі жасалған. Қазіргі *түрме* мағынасында бір-ақ форма — *набақты* сөзі қолданылыпты. Бұл — *абақты* сөзінің Шығыс Қазақстанға тән диалектілік варианты болса керек. Жалпы бұл документте диалектизм сөздер біренсаран ұшырайды. Мәселен, *хақарат* сөзі мұнда *балағаттау*, *тілдеу* мағынасында қолданылған.

— Агарда біреу әке-чечесін *хақарат* етсе, әке-чечесінің ыхтиары бойынча қазақ ғұрфына қарай жаза

⁵ Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961, 652-б.

салұнсұн... (21-бет). Шығыс говорларында осы мағынада *қақырақтау* сөзінің кездесетінін диалектолог Ж. Болатов көрсетеді⁶. Бұған қарағанда, соңғы екі тұлға о баста бір сөз болуы керек, біріншісі — жазба формасы да, екіншісі — ауызша таралған түрі болса керек. Осы сияқты *кілет* (азбар, ас үй мағынасында), *мұбада* (егерде, алда-жалда), *бауыр* (туысқан), *мешір* т. б. сөздерді келтіруге болады. *Шейін* (дейін) шылауының орнына тексте жүйелі түрде диалектілік *чақлы* формасы келіп отырады. Мысалы: Үй яки кілет бұзұб қаслық ниет бірлән қылса ұрлаған нәрсесінен башқа бір тоғұздан үш тоғұзға *чақлы* ғайып береді... (43-бет). *Мартаба* (рет), *һәмма* (барлығы) сөздері — жазба тілге тән формалар болса керек.

Аталған документтің грамматикалық құрылысында кездесетін қазіргі әдеби тіл жүйесінен ерекшеленетіндей жайттар, негізінен, *дүр*, *мыш*, *лар* қосымшалары мен *уа*, *һәм*, *бірлән* (илан) шылауларымен байланысты.

Мыш жұрнағы документте кездескен жерлердің барлығында да етістіктің ырықсыз етіс формасына қосылып, қазіргі тіліміздегі *ған* қосымшалы есімше етістік мағынасын берген. Жоғарыда *айтұлмыш*, *сұралмыш* дағуа, *кесілміш* жаза, *жасалмыш* ереже деген тәрізді тіркестер аясында қолданылған. Мысалы: Ұшбу бабдағы башында *йазұлмыш* екі дағуаны сиез билері бітүредүр (19-бет). *Мыш* тұлғалы есімше кейде көптік жалғауын қабылдап, зат есім сөздерінің қызметін де атқарады.

— Акарда билернің бітүмі талас болса *сайланмыш* дардан екі төбе башыны чығартұб аладылар (3-бет). *Мыш* тұлғалы есімшемен қатар оның *ған* тұлғалы түрі де қатар келе береді. Мысалы: Мұбада бұларның арасында талаш болса қалған ойазларының төбе башына жребие салұнұб чыққан кішінің ауған жағының бітүмі орнұғұб мақұл боладүр (3-бет). Акарда даукер *чақырұлған* күнінде келмесе *сұралмыш* дағуасын бош қалдырадүр (5-бет). Документте есімшенің *тын* формасының *тұрған* түрінде келген бірер жерін кездестіруге болады. Мысалы: Куманка сала *тұрған*... (13-бет).

Дүр қосымшасы өзі жалғанған етістік сөзіне предикаттық мән беріп, көбіне, қазіргі қазақ тіліндегі III жақтық *ды/ты* жалғауының орнына қолданылған.

⁶ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969, 185-б.

— Болоснай сиезде дағуалар үлкенлікіне қарай со-
масына қарай бітуладүр (1-бет). Күманчы жанчы төреші
даукернің ыхтиары бойынча билік айтадүр мұның билі-
күн жауабкер бұзалмайды бұл билік кофианың сырты-
на йазуладүр (17-бет). Бұл қосымша кей жағдайда
өзге сөз таптарына да қосылып, сөйлемді тиянақтайды.

— Қарамола сиезінде жасалмыш ережесі дүр (1-
бет). Һәммасын толұқ қылұб... йазарға би міндетлідүр
(15-бет). Дүре набақты шерік болған ауқатлы кішілерке
биұруға көбінесе тиүшли дүр (27-бет).

III жақтық етістікке көптік қосымшасының қосылып
келуі мұнда өте сирек, дегенмен кездесіп қалады.

— Даулашқанлар һәр екі тарафы сүйкен билерін
таңлаб аладылар. Йоқарыда айтұлмыш бойынча таңлаб
чығарадылар (1-бет).

Қазақ тілінің өзіндік және, я, яки, бірақ шылаула-
рымен қатар сирек те болса өзге тілдік **ya**, **һәм**, **ләкін**
шылаулары кездесіп қалады. Мұнда **ya**, **һәм** шылаула-
ры **және** ыңғайластық шылауының қызметін атқарған.
Мысалы: Береке бітүм **һәм** салауат бітүм қыларға мүм-
кін (7-бет). Арық бұзғанлар, көфір-құдұқ бұзғанлар-
ға **ya** өзке біреуінің өз еңбекі бірлән жасаған ибрларын
бұзғанларға чығұннан басқа ғайыб биұрладүр (25-бет).
Бұл екі шылау қатар келгенде қазіргі тіліміздегі **сон-
дай-ақ** шылауының мағынасын береді.

— Икірма йылқыдан артұқ барұмта қылған кіші-
лерден ұры басы бір қанды ат бір билік **ya** **һәм** үч
тоғуз ғайыб барчасынан алұнадүр (27-бет). Ыңғайлас-
тық мен шылауының орнына кейде **бірлән** да қолда-
нылған. Қалыңдық **бірлән** күйеуін айыруға мүмкін бо-
лады күйеу қыздан икірма беш йаш үлкен болса... (29-
бет). Негізінен **бірлән** шылауы есім сөзінен кейін келіп,
қазіргі тіліміздегі көмектес септігі қызметіндегі **мен** жал-
ғауының қызметін атқарған.

— Қазақча айғақ тазасы декен дау айағы күман
бірлән тоқталады (11-бет). Йалғұз тілмачның кнекеке
тіркекені никах болмайды... молла **бірлән** қиұлса никах
тахакіқ боладүр (51-бет). **Бірлән** шылауының **илан**
варианты біреу жерде ғана кездеседі, ал **мен** (менен)
варианты мүлде кездеспейді.

Ләкін шылауы да документтің өн бойынша бір-ақ
жерде кездеседі, онда да қалыпты **бірақ** шылауының

мағынасын беруден гөрі, «тек» деген сөздің орнына қолданылған тәрізді.

— Ол ие болған кіші хатұнны йа қалған малны алуұна йаки үйүне кіркізүб алмайды ләкін тұл хатұнның алуұна чаруасын басқарүб тұрады (35-бет). Осы сияқты қазіргі сияқты, тәрізді сөздерінің орнына біреер жерде реуішлі көмекші сөзі қолданылған.

— Өткені осү реуішлі болүб хисабланадүр (13-бет).

Документтің синтаксистік құрылысында қазіргі әдеби тіліміздің сөйлем жүйелерінен өзгешеленетіндей жайттар жоқ. Сөйлемнің басқа түрлерінен гөрі оның сабақтаса және араласа байланысқан түрлері жиірек кездеседі. Документ тілінде қазіргі әдеби тіліміз үшін норма болып саналмайтын *орнына келтіру* (орындау), *орай қылу* (жеткізу), *жаһат қылу* не *жаһат ету* (тырысу), *күманка салу* (күмандану), *мойнына түсу* (мойындау) тәрізді тұрақты тіркестер мен *алуға болады*, *болуға міндетті*, *айтмаққа тиүшли*, *қыларға мүмкін* сияқты еркін тіркестер кездеседі.

Жоғарыда айтқанымыздай, документтің орфографиясында түркі әдеби тіл дәстүрі толықтай сақталған. Ең алдымен, араб-парсы сөздерін жазуда мүмкіндігінше олардың сол тілдегі тұлғалары сақталынған. Ауызекі тілде басқаша айтылатынына қарамастан, мына сөздер төмендегіше таңбаланыпты: *һәр*, *хисаб*, *мағқұл*, *ниқах*, *куаһлік*, *ғарыз*, *ғайыб*, *һәмма*, *мөһір*, *тахақиқ* т. с. с. Бұл принцип кейінгі кезде кірген орыс сөздерін жазуда да қолданылған (положение, жребие, кофия, заслуга, прикавар, кфитансиа, чрезвычайни сиез, метрически кнеке т. т.). С келетін жерде *ш* әрпін жазу мұнда да бар, бірақ барлық жағдайда емес. Көбіне *кісі*, *сол*, *бас*, *талас* сияқты сөздер *кіші*, *шол*, *баш*, *талаш* болып жазылыпты. *Ж* мен *н* сәйкестігі де осы тәрізді (йыл — жыл, йоқарыда — жоғарыда, йаш — жас, йазұлады — жазылады), бірақ бұл *с/ш*-ға қарағанда аз және тек басқы позицияда ғана. Сол сияқты *ш* дыбысын *ч* таңбасымен таңбалау да жиі кездеседі (чақыру — шақыру, чақлы — шақлы, барча — барша, күманчы — күманшы). Бірақ *шүйінші*, *шарифат*, *төреші*, *шабарман*, *шығын* деген сөздердегі *ш* әрпі сақталған. П естілсе де сөз аяғында *б* жазу (барүб, жауаб), *г* орнына *к* жазу (прикавор, бірке, ережеке), үндестік за-

нының сақталмауы тәрізді жайттар бұл документте де орын алған.

Араб графикасымен жазылған өзге материалдар тәрізді мұнда да тыныс белгісі қойылмаған. Тек бір-ыңғай мүшелерді ажырату мақсатында кейбір жерде олардың арасына сызықша қойылған жағдайлар кездеседі, бірақ ол да жүйелі емес.

Қорыта айтқанда, бұл «Ереже» — XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдеби тіліміздің, дәлірек айтсақ, оның ресми кеңсе стилінің үлгісі дерлік тілдік материал. Бұл документтен сол тұстағы жаңадан кіре бастаған юриспруденцияға байланысты терминдік лексикамен қатар, қазақтың байырғы кейбір көнерген сөздерінің терминдік дәрежеде кәдеге асқанын көреміз. Сондай-ақ ресми документтер тілі синтаксисінің қазақ тілі заңдылығына сай біраз жетілгенін байқауға болады.

Дәл осы тақырыпқа арналып, бұдан 10 жыл кейін шыққан бір документ — ол «Дала уәләятінің газетінде» жарияланған «Дала уәләятіндегі облұсдардың тергеуі турасынан» деген мақала (орысшасы — «О судопроизводстве в степных областях»). Ол сот ісін жүргізу процесіне байланысты заңдылықтарды халыққа түсіндіруге арналған. Бұл мақаланың тілін бұл арада сөз еткендегі мақсатымыз, біріншіден, жоғарыда келтірген заң терминдерінің қалыптасуы, тұрақтану жағдайын байқау болса, екіншіден, ресми іс қағаздары стилінің өзіндік ерекшелігін айқындай түсу. Сонымен қатар аударманың сапасы туралы да кейбір пікірлерімізді ортаға салу ниетінен аулақ емеспіз.

Ең алдымен, мақаланың орысшадан бірсыпыра жатық, түсінікті тілмен аударылғандығын, сөйлем жүйелерінің қазақ тілі синтаксисіне сай екендігін, лексикасына қазақ тілінің сөз байлығы кеңінен пайдаланылғанын айтуымыз керек. Мақаланың грамматикалық құрылысы мен орфографиясы да барынша қазақ тілінің сол тұстағы жазба әдеби тілінің заңдылықтарына сәйкес екендігін көрсетуіміз абзал.

Мақаланың лексикасын жоғарыдағы «Қарамола съезінде жасалмыш ережемен» салыстыра әңгімелегенде, сол кездегі әдеби тілімізде кейбір заң терминдерінің біраз тұрақталып, қалыптасып қалғанын көруге болады. Мәселен, екі документте де *айғақ* — орыстағы *сви*

детель, айып (біріншіде ғайыб) — *обвинение, жаза — наказание, жауабкер — обвиняемый, даукер — потерпевший, жан беру — присягнуть, куәлік — свидетельствo, мойнына түсу* (алу) — *признание* дегенге балама ретінде бір мағынада жұмсалған. Бұл арада екі документтің біріншісінің қазақтың ата дәстүрі мен шарият жолы және орыс әкімшілігінің заңының қоспасы ретінде жасалған ереже екендігін, ал мына мақалада түсіндіріліп отырған орыс әкімшілік заңы бойынша жүргізілетін істің жөн-жосығы екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан бірінші документте кездесетін кейбір әкімшілік-заң терминдері мұнда кездеспейді, керісінше, бірінші документте жоқ заң терминдерінің мұнда орын алғанын көреміз не кейбір терминдердің мағыналарында едәуір өзгеріс болғанын байқауымыз. Мәселен, соңғы заң ережесінде билер билігі жүйесі сөз болмағандықтан, *би, төбе башы, тритай суд, куманға салу* сияқты терминдер, сондай-ақ кінәлі адамға тағылатын айып пен салынатын жаза жүйесі де өзгеше болғандықтан, *қанлы ат, билік ат, түйе башлатқан бір тоғыз, құн, береке бітүм, салауат бітүм* тәрізді терминдер мұнда кездеспейді. *Суд* (сод) сөзі екеуінде де кездескенімен, біріншіде ол «тритай суд» деген тіркесте жалпы билік айтушы мағынасында қолданылса, соңғысында ол белгілі әкімшілік орны мағынасында дәлдене түседі (сод — заң ісімен айналысатын мекеме, судиа — іс жүргізуші адам). Мысалы: *содда* ісі бар кісі *судиадан* сұраусыз неч жерге кетуге мүмкін емес (ДУГ, 1896, 3). Соңғы мақалада орыстағы «потерпевшийдің» *даукер* деген аудармасымен қатар, *жоқшы, қуғыншы* деген де атаулары кездеседі. Сол сияқты «обвиняемый» сөзінің *жауабкермен* бірге *жазаға кіріфтар, жазакер, істі адам, содты адам* түріндегі синонимдері қолданылған.

Заң терминдері ретінде соңғы мақалада қазақтың байырғы сөздері жиірек қолданылған. *Тергеу — судопроизводство, тінту — обыск, жариа тергеу — публичный разбор, шығын — расход, құпия — негласно, іс қорғау — защита, мойнына салу — заставить признать, кірледі — обвиняется, іс немесе жұмыс — дело* (судебное), *ісі қара болу — признан виновным, кефіл — поручательство, сенімді адам — благонадежное лицо* т. т.

Бірен-саран сөздерді саяси-әлеуметтік термин ретін-

де пайдалану ниетін көреміз. *Қауым — общество, халық — публика, кеңес — заседание, шәкірт — учащийся, жөн — правило, рет — порядок, әйел — женщина, хатұн — жена.*

Орыс әкімшілік-заң терминдерінен қазақшаға аударылмай, сол күйінде қолданылғандары — *закон, ката-лашке, паспұрт, копия* (судебного постановления), *земски сома, подписке, удостоверение, поверени, адвокат, довереносты, гражданский* (жұмыс). Бұл сөздерге газеттегі дәстүр бойынша қазақша түсінік берілмеуіне қарағанда, бұлар сол кезде халық арасына кең тараған, түсінікті сөздер болса керек.

Газет мақаласынан диалектілік ыңғайдағы сөзді кездестірмейміз. Егер «Қарамола съезінде жасалмыш ережеде» орыстың «тюрьма» сөзі *набақты* түрінде таңбаланған болса, мақалада ол қазіргі тіліміздегіше *абақты* түрінде қолданылған.

Аталған мақаланың грамматикалық жүйесі қазіргі әдеби тіліміздің нормаларына түгелдей сай келеді. «Дала уәләятінің газетінің» басқа номерлерінде кездесетін түркі әдеби тілдік кейбір формалар (*бірлән, мыш, дүр*, етістікке көптік қосымшасы қосылу, есімшенің *тұрған* формасы т. с. с.) мұнда кездеспейді. Бұл мақалада кездесетін көне әдеби тіл формасы — *һәм, уа* шылауларының қолданылуы. Мақалада халықтың өз төл жалғаулықтарымен (бірақ, яки, жаңа да) қатар ыңғайластық жалғаулық қызметінде *һәм* (кейде қосарланып «уа һәм» түрінде) қолданылған. Мысалы: Ағарда ісді кісінің жаза қылғаны рас қой деб ойласа һәм бұл жазасы үчүн абақтыға түсетін болса судиа онан не залок алады не кефілге береді *уа һәм* (сондай-ақ) ісі қара болыб не абақтыға не каталашкеке жабылса бұрынғы жатқаны жаза күніне қосылмайды (ДУГ, 1896, 3).

Мақаланың орфографиясында түркі әдеби тілі дәстүрінің ізі сақталған. Мұнда ж орнына *й*, с орнына *ш* жазу сияқты дәстүр жоқ, бірақ *п* орнына *б*, *г* орнына *к*, *ш* орнына *ч* жазу сияқты жайттар кездесіп қалады. Бұл мақалада ерекше байқалатын бір жағдай — көптік жалғауы қосымшасының қатаң *тар/тер* вариантының орнына оның ұяң *дар/дер* вариантының актив қолданылуы. Мысалы: *облұсдар, қазақдар, ісдер*, т. т.

Қорыта айтқанда, бұл мақаланың тілін талдау арқылы біз ресми іс қағаздары стилінің біраз жетілгенін,

зақ-әкімшілік терминдерінің тұрақтала бастағанын, сондай-ақ аударма сапасының да жақсара бастағанын көреміз.

3. Эпистолярлық стиль материалдары

Қазақ тіліндегі ресми іс қағаздары стиліне шартты түрде белгілі қоғам қайраткерлерінің хаттарын да жатқызуға болатын тәрізді. Өйткені ол хаттар, әдетте, жартылай семьялық (интимный), жартылай ресми мәселелерге арналады. Ол хаттардың стилінде де ресми документтерге тән белгілі заңдылық, дәстүр қатаң сақталды. Біздің бұл тарауда ресми документтер тілімен салыстыра талдамақ болып отырғанымыз — Ыбырай Алтынсарин мен Н. И. Ильминскийдің қазақша жазған хаттары. Әрине, бұл хаттар тасқа басылған материалдар емес және олардың үлкен қоғамдық мәні де бола қоймауы мүмкін. Дегенмен бұл хаттардан сол тұстағы қазақ әдеби тілінің кейбір лексикалық, грамматикалық, орфографиялық нормаларын байқауға болады. Москвадағы Ленин атындағы кітапханада сақталған Н. И. Ильминскийдің жеке архивінен Ыбырайдың қазақша жазылған бір хатын татар тарихшысы М. А. Османов тауып, ол туралы «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысында» (1968, № 12) мақала жарияланған болатын. Онда хаттың мазмұны орысша баяндалып, хаттың жазылу тарихы әңгіме болған еді. Зерттеушінің топшылауынша, хат 1883 жылы Баяділ Кейкин деген кісіге жазылған болуы керек. Бірақ хат адресаттың қолына тимеген. Оқытушы Мазохиннің кейін мойындағанындай, хаттың ішінде Баяділ атына жазылған қатты сөздер оны ренжітер деген оймен және мектеп үйі туралы конфликт реттелгеннен кейін ол хат кезінде арналған кісісіне тапсырылмай қалады да, кейін, Ыбырай қайтыс болғаннан соң, ол Ыбырайдың басқа хаттарымен бірге Н. И. Ильминскийге жіберіледі. Бұл — күдік туғызбайды. Сол сияқты хаттың бұрын еш жерде жарияланбай, Ильминскийдің архивінде сақталуы да құпия сыр емес. Ағартушының орыс тілінде жазылған хаттары Н. И. Ильминский шығарған «Алтынсарин туралы естеліктерде» түп нұсқа бойынша өзгертілмей жарияланған да, олардың ішіндегі қазақша жазылған бір хат аударылып жарияланбай, сол күйінде архивте қалып қойған болуы керек.

Хаттың мазмұнынан ұлы ағартушының мектепке, мұғалімге деген қамқорлығын тағы бір рет байқағандай боламыз.

Бұл хат бізге тілдік жағынан өте қызғылықты. Бұдан біз, біріншіден, Ыбырай тұсындағы жеке адамдар арасындағы хат үлгісін көрсек, екіншіден, ұлы ағартушының өз ана тілінің сөз байлығын қалай жете пайдаланғанын байқаймыз. Оған анығырақ көз жеткізу үшін хат тексін өз транскрипциямызда толық жариялап, ендігі әңгіменің желісін хаттың тіл ерекшелігіне бұрмақпыз.

«Қадырдан ағамыз Байекеге көп сәлем».

Бағдүнде алхамдиллә сәләмат бармыз. Бұл жақтың қары жұқа, малы семіз, бірақ малда да, адамда да сыр-хау бар. Адам ауруы қорасан, малда сығыр бірлә түйе өліп жатыр.

Мұның бағдүнде жаңа арада үчитіл Мазохинден хат жолықтым. Моллалар Бақтұбайның тұрған үйінен қуамын деб машақатланұбдүр.

Биұл школда болған уақытұмда Бақтұбай жамағатым бірле тұрамын дегенсоң, мен айтұб едүм сол Бақтұбайның осы тұрған фәтерінде тұрұр, аның үчүн учитіл болған адамлар жақын жерде тұрмаса, күн-түн қатынамағы боран-чашын болғанда мүшкіл болса керек деб. Және осы Бақтұбайның тұрған үйі түбінде школға керек болады деб былтыр школ ачқан уақытда да ауыз (ча) нече рет өзіңізке де айтұлған сөз еді.

Һәр нәчік әуелде школының медіресе жайларында болмақына рұқсат берулері рас болса, школның өзіне кереклі орынларын алұб файдаланмасқа түбінде де мүмкін емес. Бұл реуішлі һәр бір молла һәм ғайри қазақлар күнде біреуі келұб учитіллерке азар берұб жәбірлей берселер, школның да күн көрұб тұрмағы қиұн болса керек.

Соның үчүн хәзіретүңізден көб өтінемін бұл тығызлықларны кім етұб жүрсе де қойдұрсаңыз еді. Моллалар айтадұмыс шәкірд балалар оқытуға керек деб. Сұраб қарасақ, медресеке оқимын деб келкен де бір шәкірд жоқ. Мұндан көрінедүр тек школға тығызлық беруінің талабы бар екенлігі. Егер бұ тұғрыда сізің маслиқатұңызға тоқтамасалар, өтінемін маған тез ара-

¹ Хат мазмұнына карап отырып, тыныс белгілерін өзіміз қойдық.— Б. Ә.

да хабар берсеңіз еді тиушлі хакімлерке мұндай кісі басына хакімлік етүб учитіллерке абида беруден құтқарсаңыз еді деб жазұб өтінмекім үчін. Хазірде сізден бір ақыл сұрамай нәм хабарұңызға еріштірмей бөтен кішілерке білдіруні лайық көрмекен үчүн сізні бимазалаб хат йаздым ғайыбқа биұрмайсыз деб.

Хайыр дұғаларыңыздан үмідде қалучы ихласы қызметкеріңіз Ибраһим Алтұнсарин, 28 ғинуарда».

Ең алдымен, бұл хат, сол тұстағы өзге ресми хаттарға тән, текстің басында келетін ұзыннан-ұзақ жартылай арабша, жартылай қазақша, текске қатысы жоқ арнау сөздерден аулақ. «Қадірден ағамыз Байкеге көб сәлем» деп бастайды да, бір-екі сөйлеммен амандықты қысқаша айтып, өзінің негізгі айтайын деген мәселесіне тікелей көшеді. Хаттың тілі жатық, сол тұстағы қазақтың сөйлеу тілімен жазылған. Сөйлемдері қысқа, айтайын деген ойы анық.

Алайда хат ішінде сол тұстағы қазақ қауымы қолданған көне жазба әдеби тіл (тюрки) әсері аз да болса кездесіп қалады. Ол әсер, ең алдымен, орфографияда байқалады. Кей жерлерде **с, ж** дыбыстарының орнына **ш, й** дыбыстарын жазып жіберу, түбірге қосымша қосылғанда үндестік заңының сақталмауы сияқты жайттар мұнда да бар. Мысалы, *тиісті, кісілер, жазды, керекті, орындар* сияқты сөздер хатта *тиушлі, кішілер, йаздым, кереклі, орынлар* түрінде жазылған. Қазіргі емле заңдылығымыз бойынша сөздің соңғы буынында қысаң **ы/і** жазылатын жерлерге **ұ/ү** жазу, **ш** орнына **ч** әрпін жазу — тікелей орфографиялық ерекшеліктермен байланысты. Сол сияқты грамматика саласында да әр тұста өзге тілдік **нәм, бірлә, дүр** жалғау-шылаулары қылаң береді. Бірер жерде етістіктің шартты рай формасынан кейін **лар/лер** көптік жалғауының жалғану фактісі бар (... Күнде біреуі келүб жәбірлей берселер... немесе «сіздің мәслихатыңызға тоқтамасалар...»). Бұл арада **лар/лер** қосымшасы басқа бір тілге еліктеуден емес, субъектінің көптігін білдіру мақсатында әдейі қолданылған сияқты. Сол кездегі жазба тіл нормасына сәйкес қазіргі **себебі, сондықтан, сықылды, жайлы** (туралы) көмекші сөздерінің орнына **аның үчүн, соның үчүн, рәуішлі, тұғрұда** сөздері қолданылыпты. Сондай-ақ қазіргі **у** формалы тұйық рай етістікке «керек», «үшін» көмекші сөздерінің қосылуы арқылы берілетін

етістік мағынасы хатта мақ+үчүн, мақ+керек формалары арқылы берілген. Есімшенің ар/ер/р формалары да мұнда ұр/үр түрінде кездеседі. Мысалы, ...Мен айтұб едүм сол Бақтұбайның осы тұрған фәтерінде тұрұр, аның үчүн учитіл болған адамлар жақын жерде тұрмаса күн-түн қатынамағы боран-чашын болғанда мүшкіл болса керек деб.

Хаттың лексикасы, негізінен, қазақтың байырғы сөздерінен тұрады. Қазіргі тіл нормасы тұрғысынан алып карағанда, көнерген, диалектизмге тән бірен-саран сөздер де бар. Мәселен, *еріштіру* сөзі — көне түркі жазба ескерткіштерінде «кездестіру» мағынасында жиі ұшырайтын сөз. Сол сияқты *жамағат* (туысқан мағынасында), *азар беру* (мазасын алу), *жайлары* (үйлері), *рауишли* (сықылды) т. с. с. сөздер де қазір осы мағынада қолданыла бермейді. Хатта араб, парсы сөздерінің саны да мардымсыз, барының өзі (медіресе, шәкірд, хакім, ғайры) — жай халыққа түсінікті, күнделік айтылып жүрген сөздер. Терминдік мағынадағы *школ*, *учитіл*, *ғинуар*, *фәтер* сөздерінен басқа бір-ақ жерде «ренжіту» мағынасында орыстың «обида» сөзін қолданыпты. Ол да стильдік мақсатта, айтайын деген ойын күшейтіңкіреп жеткізу ыңғайында қолданылса керек.

Ыбырайдың өз қолымен жазылған бұл хатты тілдік жағынан талдау бізге ұлы ағартушының ана тілінің сөз байлығын тек көркем шығармасында ғана емес, эпистолярлық стильде де орынды да шебер пайдаланғанына көзімізді жеткізеді.

Көрнекті ориенталист, Қазан университетінің профессоры Н. И. Ильминскийдің белгілі себептермен 1858—60 жылдары Орынбор қаласында тұрып, шекара комиссиясы мекемесінде қызмет еткені мәлім. Сол жылдары Н. И. Ильминский қазақ тілін үйренуде үлкен табыстарға жеткен. Соның бір айғағы — оның қазақ достарына қазақша хат жаза алатындай дәрежеге жетуі.

1971 жылы біз Москвадағы В. И. Ленин атындағы кітапхананың қолжазба қорынан Ильминскийдің өз қолымен қазақша жазған бір хатын кездестірдік. Бұл хат, біріншіден, Ильминскийдің қазақ тілін қаншалық меңгергендігін көрсетсе, екіншіден, қазақ тілінің сол кездегі жай-күйін білу үшін таптырмайтын материал.

Бұл хаттың тілдік жағынан құндылығы — автордың өзге тіл әсерінен әдейі қашып, шамасы келгенше, оны таза қазақша жазуға тырысуы. Бұл хатта сол тұстағы жазба документтерде жиі кездесетін түркі әдеби тілдік грамматикалық формалар мен араб-парсы сөздері некен-саяқ ұшырайды. Араб-парсы сөздерінен хатта кездесетіндері — *мектеб, кітаб, хәріф, міскін, әкім* тәрізді қазақ арасына кең тараған, жалпы халыққа түсінікті сөздер. Оның есесіне бірсыпыра орыс сөздерін кіргізіп жіберген. Олар — *азбука, правило, пример, рассказ, учитель, комиссия, пошта*. Татар тілінен қанша қашканымен, кейбір сөз тіркестерінде автордың татар тілінен хабардар екені байқалып қалады. Мәселен, «көкірегіме тамырын салұб», «көңілдерін салұб» деген тіркестер қазақ тілінде «көкірегіме тамырын жайып», «көңілдерін қойып» болып айтылуы керек еді. Сондай-ақ «түзүгіне теңдестіру», «көкірегім тыныш болған жоқ» (қазақша «көңілім көншімеді» болуы керек), «нешік бұзайын», «сәлем жүрүтүб» тіркестері де таза қазақша сөз қолданыс деуге келмейтін тәрізді. «Қалды» (*қала берді, оның үстіне* мағынасында), «жоғса» (*әйтпесе* мағынасында), «менім» (*менің* орнына), формалары әдеби тіл нормасынан гөрі ауызекі тілдік норма деуге келіңкірейді.

Хаттың грамматикалық құрылысы қазіргі әдеби тіл нормасымен бірдей деуге болады. Көне әдеби тіл көрінісі деп көмектес септігі қосымшасының менен түрінде, есімшенің **тың** формасының **тұғұн** түрінде, етістік түбіріне жалғанып, есімше туғызатын **ар** жұрнағының **ұр/үр** түрінде келуін ғана айтуға болады. «Енді» сөзінің «имді» болып жазылуы, сондай-ақ бір-ақ жерде **һәм** шылауының кездесуін түркі әдеби тіл әсері деп қараймыз. Ал енді хаттың орфографиясына келетін болсақ, мұнда да **г** жазылатын жерге **к, п** жазылатын жерде **б, ш** естілетін жерде **ч** жазу тәрізді түркі әдеби тілдік дәстүр сақталған.

Бір сөзбен айтқанда, Н. И. Ильминскийдің бұл хаты — қазақ әдеби тілінің сол кездегі жағдайын танытатын тілдік материал.

* * *

Қазақша ресми іс қағаздары стилі екі түрлі арнадан сусындады. Оның бірі — сонау көне дәуірлерден бермен қарай үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми документтер үлгілері. Сонымен қатар XIX

ғасырда қазақ жерінің Россия мемлекеті қол астына кіруімен байланысты орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары мен қатынас қағаздары қазақшаға аударылып, қазақ ішіне тарады.

Жалпы іс қағаздарының сыртқы формасы мен стильдік жүйесі дүние жүзінің бірсыпыра тілдерінде, оның ішінде көршілес елдер тілдерінде, өзара ортақ болатын тәрізді. Сондықтан қазақ тіліндегі ресми іс қағаздарының қалыптасуына негіз болған көне түркілік іс қағаздары үлгілері мен орыс тіліндегі іс қағаздары үлгілері бірін-бірі жоққа шығарған жоқ, қайта бірін-бірі толықтырып, тез тіл табысып кетті.

Іс қағаздарына тән ерекшелік — олардың негізгі баяндау формасы мен стилінде тұрақтылық, дәстүр жалғасы сақталатындықтан XIX ғасырдың екінші жартысындағы, тіпті XX ғасырдың бас кезіндегі қазақша іс қағаздарының тілінде көне түркі әдеби тілдік дәстүрлі грамматикалық формалар мен сөз өрнектері көп уақыт сақталып келді. Дегенмен олар уақыт озған сайын, қазақ арасынан шыққан оқыған интеллигенттердің саны көбеюімен байланысты өзгеріске ұшырап, ондағы өзге тілдік элементтер халықтық формалармен алмастырыла бастағанын көреміз.

XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ

I Т А Р А У

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОРЫС ТҮРҚОЛОГТАРЫ
МЕН ҚАЗАҚ АҒARTУШЫЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қазақ тілі әрегіректе қазақ халқын құраған ру, тайпа тілдері ретінде, ал берегірек, XV—XVI ғасырлардан былай қарай, қазақ халқының біртұтас ауызекі сөйлеу тілі ретінде әлденеше ғасырлар бойы сол халықпен бірге жасап келе жатқаны мәлім. Сонымен қатар өзінің көркемдігі мен бейнелілігі жағынан дүние жүзінің ешбір жазба әдеби тілінен кем түспейтін қазақ халқының ауызша әдеби тілі болды. Ол тілдің үлгісі алуан түрлі ауыз әдебиет жанрларында, шешендік толғауларда сақталды.

Қазақ халқы өзінің жазу мәдениетінде бірсыпыра уақыт бойы жазба әдеби тіл ретінде түркі тілдес халықтардың сауатты ұрпақтарына жақсы таныс болған, белгілі дәрежеде нормаланған шағатай немесе түркі (тюрки) аталған тілді пайдаланды. Бұл тіл барлық кезде бірқалыпты болған жоқ¹. Шамамен XV—XVI ғасырлардан бастап тайпалардың өз алдына жеке халық болып қалыптасуларына, территориялық жіктелулеріне

¹ Бұл аталған әдеби тілдің әр кезеңдегі сипаты, негізгі кезеңдері және соған сай атаулары жайлы осы кезге дейін түрколог ғалымдар арасында бірыңғай пікір жоқ. Қараңыз: *Радлов В. В.* Ярлыки Токтамыша и Темира Кутлуга. ЗВО, том III. Спб., 1889, с. 2; *Самойлович А. Н.* К истории литературного средне-азиатско-турецкого языка.— В кн.: Алишер Навои. М.; Л., 1946, с. 18—23; *Боровков А. К.* Алишер Навои как основоположник узбекского литературного языка. Там же., с. 118—120; *Щербак А. М.* К истории узбекского литературного языка древнего периода.— В кн.: Академику В. А. Гордлевскому к его 75-летию. М., 1953; *Janos Eckmann, Chagatay Manual.* США, 1966; *Баскаков Н. А.* Введение в изучение тюркских языков. М., 1962, с. 132.

байланысты түркі әдеби тілінің локальды варианттары пайда болды². Қазақ авторлары да шағатай аталған тілді пайдалана отырып, өз шығармаларына қазақтың ауызша әдеби тілінің элементтерін (лексикада болсын, грамматикада болсын) молынан кіргізіп отырды. Сөйтіп, қазақ авторларының қолданысында түркі әдеби тілінің тағы бір локальды варианты қалыптасты. Алайда соңғы әлденеше ғасырлар бойы шаруашылық ыңғайында көшпенді жағдайда өмір сүрген қазақ халқында жазба ескерткіштерді сақтап, оны көшіріп тарту сияқты дәстүр кең өріс алмағаны мәлім. Сондықтан XVI—XVIII ғасырларда өмір сүрген тарихта аты белгілі қазақ ақын-жырауларының шығармалары халық арасына ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, сақталған. Бұған қарап, әрине, аталған дәуірде қазақ халқының жазба ескерткіштері мүлде болмаған деген қорытынды шығаруға әсте болмас. Бұл дәуірдегі қазақтың деген жазба ескерткіштерді тауып, оның сыр-сипатын ашу — зерттеушісін күтіп тұрған іс. Ал қазақ ақын-жырауларының ауызша таралып, ел аузында сақталған шығармаларына келсек, бұлар қазақтың көне әдеби тілінің бір көрінісі ретінде ауыз әдебиеті үлгілерінен (фольклорлық шығармалардан) бөлек қаралуы керек³.

1. Қазақтың көне жазба әдеби тілі немесе «кітаби тілі» жайында

Акад. В. В. Радлов «Оңтүстік Сібір және Жонғар даласын жайлаған түркі тайпаларының тілдері (наречия)» атты еңбегінде қазақтардың өз әдебиет туындыларын «халықтық сөздер» және «кітаби өлеңдер» деп екіге бөлетінін айта келіп, «Соңғы өлеңдерді қазақтар жатқа айтпайды, кітаптан оқиды... Бұларды шығарушылар — молдалар мен қазақ оқығандары, сондықтан олардың сөз саптауында исламдық әдебиеттің немесе

² *Қайдаров А. Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка. Алма-Ата, 1969, с. 40; *Закиев М. З.* О периодизации истории тюркских письменных литературных языков.— Советская тюркология, 1975, № 5.

³ *Сыздыкова Р. Г.* О формах казахского литературного языка донационального периода.— Советская тюркология и развитие тюркских языков в СССР (Тезисы докладов и сообщений). Алма-Ата, 1976, с. 190—191. *Соныкі.* Әдеби тілдің статусы.— Қазақ ССР ҒА Хабаршысы, 1979, № 6.

кітаби тілдің әсері анық байқалады '...' — деп жазған болатын.

В. В. Радловтың бұл арадағы айтып отырған «кітаби тілі», сөз жоқ, орта азиялық түркі әдеби («шағатай» аталған) тілі де, «кітаби өлеңдер» деп отырғаны — сол тұста қазақ жеріне кең тарай бастаған шығыс әдебиетіндегі мазмұнға құрылған «қиссалар» деп аталған өлең кітаптар мен сол шығыс әдебиетінің аудармалары.

Алғашқы қолданылысында (В. В. Радловтың аталған кітабында) «кітаби тіл» деген термин сол орта азиялық түркі әдеби тілінің синонимі ретінде немесе орыстағы «книжный язык» дегеннің қазақша аудармасы ыңғайында қолданылса да, кейінірек, тіпті қазірге дейін, ол көп жағдайда Октябрь революциясынан бұрынғы қазақша басылып шыққан кітаптардың, қазақ әкімшілік орындарының іс қағаздарының, баспасөздің тіл ерекшеліктерін көрсетуге пайдаланылатын термин ретінде көбірек қолданылатын болды. Яғни мұндағы беретін ұғымы жоғарыдағы орта азиялық түркі әдеби тілінің қазақ топырағындағы көрінісі сияқты. Бірсыпыра қазақ тілшілерінің арасында ХІХ ғасырдың екінші жартысында баспа бетін көрген қисса, аударма әдебиеттер, ХХ ғасырдың бас кезіндегі бірсыпыра ақындардың өлеңдерінің тілі де осы «кітаби тілдің» үлгісі ретінде танылып жүр.

Сөйтіп «кітаби тіл» деген терминді қазақ филологтары әр түрлі ыңғайда қолданатындықтарын байқаймыз. Бұған толығырақ көз жеткізу үшін «кітаби тіл» туралы белгілі тіл, әдебиет зерттеушілерінің ілгерілі-кейінді айтқан пікірлеріне шолу жасай кеткеніміз орынды болмақ.

Мәселен, қазақ жазба әдеби тілінің бірінші дәуірінде (яғни ХVІІІ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың басына дейінгі) жасаған ақындардың тілін проф. Н. Т. Сауранбаев «Орта Азия түріктерінің тілі», яғни «шағатай тілі» деп аталатын тілмен астарлас еді деп табады. «Қазақ арасындағы сауатты ақындар,— деп жазады Н. Т. Сауранбаев,— қиссаларды, кейбір әңгімелерді шығыс дәстүрі деп осы тілде жазған, бірақ қазақ тілінің ерекшеліктерін көп ендірген». Сөйтіп,

⁴ Радлов В. В. Наречия тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть III. Спб., 1870, с. 19.

Абайдың алдында жазған осындай ақындардың тілін, іс қағаздары мен хан жарлықтарын, сұлтандар мен билердің бұйрық-хаттарын, т. б. яғни «Орта Азия түріктерінің жазба әдеби тіліне» еліктеп жазылған туындылардың тілін Н. Т. Сауранбаев «Кітаби тіл» деп атайды⁵.

Проф. Б. Кенжебаевтың айтуынша, XIX ғасырда, XX ғасыр басында қазақ тілінде шыққан кітаптардың көпшілігінің тілі араб, парсы, шағатай, татар, башқұрт, өзбек сөздерімен аралас жазылған. Аты қазақша дегені болмаса, көбінің тілі де, емлесі де түсініксіз еді. Оларды қалың бұқара түгіл, қазақтың мұсылманша оқыған, хат танитын адамдары да түсінбеді. Сол кезде-ақ қазақ тілінде шығып жүрген кітаптар «тюрки» тілінде басылып шығарылды...⁶ Бұл пікірге қарағанда, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы баспа бетін көрген кітаптардың барлығы да «тюрки» тілінде жазылған және оның тілі «қалың бұқара түгіл, қазақтың мұсылманша оқыған, хат танитын адамдары да түсінбейтін» бірнеше тілдердің қоспасы болады. Бұл арада «кітаби тіл» деген термин қолданылмайды, бірақ оның мағынасын «тюрки» сөзі береді.

Революциядан бұрынғы қазақша шыққан кітаптар туралы айта келіп, проф. М. Балақаев, М. Томанов және Е. Жанпейісовтер: «Олардың қазақша жазды деген аты болмаса, задында хикая, қисса, өлеңдердің тілі бөгде сөздермен былғанған, қарапайым қазаққа түсініксіз болатын... Олардың тілі татар, башқыр тілдерінің әсерімен шұбарланған ауытқымалы, қоспа тіл болды. Оның жалпыхалықтық қасиеті болмады, сондықтан ол белгілі ұлттың табан тіреген әдеби тілі болып қалыптаса алған жоқ. Ертедегі «кітаби қоспа тілдің» әсері көп жылға шейін қазақ әдеби тілін дұрыс бағытта дамытуға бөгет болып келді»⁷ — дейді.

Бұл мәселеде проф. Ғ. Мұсабаевтың пікірі төмендегідей. «...Орта Азия түркі халықтарында «шағатай» (көне өзбек) әдеби тілі деп аталатын кітаби тіл қол-

⁵ Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілінің совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері. — Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Лингвистикалық серия, 5-шығуы, 1948, № 77.

⁶ Кенжебаев Б., Есназаров Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1966, 9-б.

⁷ Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. Алматы, 1961, 58—61-б.

данылды. Бұл тіл қазақтың халық тілінен басқашарак болды. Соның өзінде халық тілінің негізі сақталады. Осы кітаби тіл ХХ ғасырға дейін қазақ даласында да қолданылып келген... «Кітаби тіл» қазақ халқы жақсы түсінетін, бұқараға кең тараған тіл болды..., өйткені кітаби тілдің негізі — көне түркі тілі, қазақ халқына жат тіл емес»⁸. Автордың бұл арадағы «кітаби тіл» деп отырғаны — шағатай (көне өзбек) тілі. Бұл жағынан автор жоғарыдағы Б. Кенжебаевтың пікірімен үндес келсе де, соңғы тұжырымы (кітаби тілдің жалпы халыққа түсініктілігі, түсініксіздігі) жағынан екеуінің пікірі бір-біріне қарама-қайшы. «Кітаби тілде» жазылған шығармалардың тілін Ғ. Мұсабаев «көне әдеби тіл» үлгісі деп қарайды.

«Қазақ кітаптары басылған «кітаби тіл» мен Алтын Орда кезінде жырлаған ақындардың тілі, әрине, бір емес... қарапайым халықтың жүрегіне жол тауып, елік-тіре түсу мақсатымен молдалар «кітаби тілге» сөйлеу тілінің де жұрнақ-жұқаналарын ендіріп отырған, оның үстіне татар тілінен, қала берді басқа да түркі тілдерінен талғамсыз келіп қосылған сөздер араласып, айтарға «дуалы», есітерге «киелі» қоспа тіл пайда болған. Біздің өткен ғасырдағы ақындарымыз көбіне осы қоспа тілде жазғандар» — дейді Ә. Құрышжанов. Одан әрі автор «ХХ ғасырдың басындағы» «кітаби тіл» о бастағы қалпынан, қала берді тіпті ХІХ ғасырдың ортасында қолданылған түрінен, едәуір өзгеше екенін айтып, бұл тілді одан бұрынғы тіл дәстүрінен бөлектеп «қоспа тіл» болмаса «кітаби тіл» деп атауды ұсынады⁹. Бұл пікірді Р. Сыздықова одан әрі айқындай түседі.

«... қазақ даласындағы қолданылған кітаби тіл таза шағатай тілі, яғни көне өзбек тілі емес... Қазақ авторларының бірде біреуі таза шағатай тілінде ешбір шығарма жазған емес. Ал кітаби тіл деп жүргеніміз бұдан өзгеше құранды тіл болады», — дей келіп, ол тілдің ерекшеліктерін сипаттайды. «Қазақ кітаби тілі грамматикасы мен лексикасы жағынан қазақ тілі элементтерінен, одан соң көне өзбек тілі және басқа түркі (көне

⁸ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 160—165-б.

⁹ Құрышжанов Ә. «Кітаби тіл» материалдарынан.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шығуы. Алматы, 1969, 72-б.

ұйғыр тілі — эпистолярлық нұсқаларда) тілдері элементтерінен, лексикасы жағынан араб-парсы элементтерінен, лексика мен орфографиясы жағынан татар тілі элементтерінен құралды»¹⁰.

Р. Сыздықованың пікірінше, «кітаби тіл» деген термин шағатай әдеби тілінің қазақ топырағындағы көрінісінің атауы сияқты. Қазақ ССР тарихында «кітаби тіл» деген термин көбіне-көп ХХ ғасыр басындағы кітапшыл ақындар тілі ыңғайында айтылады¹¹.

Қорыта келгенде, қазақша әдебиеттерде «кітаби тіл» деген термин негізінен екі түрлі ыңғайда қолданылып жүр: біріншісі — сол шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің («тюрки») мағынасында; екіншісі — шағатай тілінің қазақ авторлары шығармасында қолданылған түрі. Бұл терминді кейбір авторлар ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақша шығармалардың тілін көрсететін атау ретінде де пайдаланып жүр.

Егер жоғарыдағы авторлардың (Б. Кенжебаев, Ғ. Мұсабаев, Н. Сауранбаев т. б.) айтқанындай, «кітаби тілді» шағатай немесе орта азиялық түркі әдеби тілінің синонимі ретінде танитын болсақ, онда бір нәрсеге екі түрлі атау тағып, ұғымды ауырлатудың қажеті қанша? Ол жағдайда ХVІІІ, ХІХ ғасырда өмір сүрген сауатты қазақтардың баршасы өз туындыларын түркі әдеби тілінде жазған болады және ол тілді жете меңгерген болады. Ал, шындығына келсек, ХІХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген қазақ азаматтары Шоқан, Махамбеттер өздерінің ағайын-тумасына жазған хаттарын шағатай не түркі әдеби тілінде жазуы ешбір мүмкін емес. Мысалға Махамбет Өтемісұлының архивте сақталған 1839 жылы Хиуадан өзінің елдегі жолдастарына жолдаған хатын алайық. Көлемі бір беттен аспайтын осы қазақша хатта түркі әдеби тіліне тән кейбір орфографиялық, грамматикалық белгілерді кездестіруге болады:

1. Сөз басындағы ж дыбысы жүйелі түрде и әрпімен берілген;
2. Қазіргі әдеби тілімізде с дыбысы келетін орын-

¹⁰ Сыздықова Р. ХІХ ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі. — Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығы. Алматы, 1963, 26-б.

¹¹ Қазақ ССР тарихы. 1-том. Алматы, 1957, 580-б.

дарда (мағынаға нұқсан келмейтін жағдайда) ш әрпі жазылған;

3. «Де» етістігі мен одан туындаған етістік формаларында сөз басындағы д орнына т әрпі жазылған;

4. Кейбір сын есім сөздерінің соңында г, ғ, қ, к дыбыстары сақталып отырған;

5. «Бол» етістігі кей жерде «ол» түрінде, «мен» есімдігі «бен» түрінде ұшырайды;

6. «Еді» етістік формасы жүйелі түрде «ерді» түрінде келеді;

7. Түбірге қосымша қосылғанда қазіргідегідей үндестік заңы сақталмай, қосымша көбінесе бір тұлғада жалғанған;

8. Араб-парсы тілінен енген сөздердің көп жағдайда о бастағы тұлғалары сақталып жазылған.

Хаттағы өзге тілдік морфологиялық белгілерге көмектес септігі қосымшаларының **бірлән, бірән** түрінде келуін, ыңғайластық жалғаулық қызметінде **уа, һәм** қосымшаларының жұмсалудың, жіктік жалғауының III жағы қосымшасының **дүр** болып келуін, есімшенің **тын/тін** қосымшасы орнына **тұрған** сөзінің келуін жатқызуға болады. Лексикасы негізінен қазақ сөздерінен тұрады, ерекшелігі — қазіргі тілімізде кездеспейтін 10 шақты араб-парсы сөзінің кездесуі. Бірақ бұл көрсетілген «ерекшеліктер» Махамбет өз хатын шағатай аталған таза түркі әдеби тілінде жазды деуге негіз бола алмаса керек.

Осы сияқты XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы қазақ сұлтандарының өзара жазысқан хаттары мен патша әкімшілік орындарына жолдаған арыз-шағымдарын таза шағатай тілінде жазылды деп тағы да айта алмаймыз. Олай болса, бұл документтерді қай тілде жазылған деп тануымыз керек?!

Сөз жоқ, бұл документтердің тілінде түркі әдеби тілінің дәстүрлі орфографиясы, кейбір морфологиялық формалары, қалыптасқан сөз тіркестері мен жекелеген лексемалары сақталды, бірақ олардың негізгі төсегі — қазақтың байырғы сөздері мен дағдылы грамматикалық құрылысы еді.

Егер «кітаби тілді» түркі әдеби тілінің өзі емес, оның қазақ авторлары қолданған түрі, қазақ топырағындағы көрінісі ретінде қарайтын болсақ, оның да анықтауды қажет ететін жақтары баршылық. Ең алдымен, «кітаби

тілдің» басты белгілеріне нелер жатады?

Проф. М. Балақаевтың пікірінше: «...Тіліміздегі кітаби тіл элементтері, негізінен алғанда, ескі шағатай тілі мен татар тілі элементтері, араб және парсы тілінен ауысқан сөздер»¹². Р. Сыздықова «кітаби тілде» жазылған шығармаларға, «негізінен, ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін, уағыздайтын, тарихын баяндайтын аударма әдебиет пен қисса-жырларды» жатқызады да, ал сол тұстағы қазақ әдеби тілінде, оның публицистикалық стилінде, тіпті жаңа жазба әдеби тілде кітаби тілдік элементтер болса, ол діни тақырыпқа жазылған қиссалар мен исламның бес парызын түсіндірген шығармалардың әсері емес, әріден келе жатқан, бір кезде қазақтардың да ата-бабаларына ортақ болған, кейіннен ресми-эпистолярлық және іс қағаздары стилінде сақталған орта азиялық әдеби тілдің (түркінің немесе шағатай тілінің) ізі, сарқыншағы немесе тікелей ықпалы деп тануымыз керек»¹³ — деп көрсетеді. Бұған қарағанда, белгілі жазба нұсқаларды кітаби тілге жатқызуға негіз болып жүрген «ерекшеліктеріміз» орта азиялық түркі әдеби тілінің орфографиялық дәстүрі, кейбір грамматикалық формалары мен лексикалық топтары болып шығады. Бұл «ерекшеліктер» ХІХ ғасырдың екінші жартысына (Ыбырай мен Абай шығармаларына) дейінгі қазақша жазба нұсқалардың баршасына тән. Тіпті оның сарқыншағы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы жазба әдебиеттерде де жиі ұшырайды. Бұдан Ыбырай мен Абай да құралақан емес, олардың көркем шығармаларында болмағанмен, Абайдың «қара сөздерінде», Ыбырайдың «Шариат ул-исламында», қазақша жазған хаттарында жоғарыдағы түркі әдеби тіліне тән делінген «ерекшеліктер» кездесіп қалады. Әрбір сауатты деген қаламгердің өз заманындағы әдеби тіл нормасынан тыс кете алмайтыны сияқты Ыбырай мен Абай да өздеріне дейінгі жазба әдеби тіл нормаларын арақідік пайдаланған. Ол тіл, біздіңше, қазақтың көне әдеби тілі еді. Бұл тілдің лексикасы түгелінен қазақтыкі болғанымен, араб-парсы сөздері қазіргіден көбірек еді. Грамматикалық құры-

¹² Балақаев М. Әдеби тіліміздің қалыптасу тарихынан бірер сөз.— «Қазақстан мұғалімі» журналы, 1964, № 2.

¹³ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968, 83-б.

лысы, негізінен, қазіргі әдеби тіліміздегідей болғанымен, онда бірен-саран шағатай әдеби тілінің формалары сақталған еді. Ал орфографиясында араб жазуымен байланысты түркі әдеби тілінің дәстүрі молынан орын алушы еді. Міне, біздің көпшілігіміздің «кітаби тіл» деп жүргеніміз де осы тіл болатын. Сондықтан, біздіңше, ХІХ ғасырдың екінші жартысында Ыбырай мен Абай негіздеген жаңа жазба әдеби тіл қалыптасқанға дейін қазақ қаламгерлерінің пайдаланған тілін «кітаби тіл» деп атамай, көне қазақ жазба әдеби тілі деп атаған дұрыс. Өйткені туыстас түркі халықтарының ешбірінде «кітаби тіл» деген ұғым да, термин де жоқ, керісінше, қазіргі жазба әдеби тілдері қалыптасқанға дейінгі жазба туындыларын көне әдеби тілде жазылды дейді. Жалпы қазақтан өзге түркі тілдес халықтардың көпшілігінде (азербайжан, өзбек, татар, ұйғыр, түрікмен т. б.) «көне әдеби тіл» деген термин әлдеқашаннан қалыптасқан.

Сөйтіп, қазақ қаламгерлері ХVІ ғасырдан өткен ғасырдың екінші жарымына дейін осы аталған қазақтың көне жазба әдеби тілінде ресми іс қағаздарын жазды, өзара хат жазысты.

2. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыру мәселесіне

Бұл жағдайға белгілі дәрежеде өзгеріс енгізген тарихи оқиға Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылуының аяқталуы болды. Бұл процесс аяқталмай тұрып-ақ, Россиямен тығыз қарым-қатынас жасаған өткен ғасырдың орта тұсында-ақ түркі халықтарының жекелеген қайраткерлері өз ұлттарының жазба тілінің халықтың сөйлеу тілінен алшақтығына, оның өзге тіл сөздерімен шұбарланғанына көңіл аударған болатын.

Қазақтың алғашқы ағартушысы Шоқан Уәлиханов өз туындыларын, негізінен, орыс тілінде жазса да, туған тілін жоғары бағалады, оның тазалығы үшін күресті. Ол қазақ тілін татар және өзге де халық сөздерімен шұбарлауға қарсы болды. Шоқанның жолдасы Ш. М. Ибрагимов Шоқан туралы жазған естелігінде мынадай қызық мәлімет келтіреді. «Шоқан өз әкесінің аулына келген бойда қазақтың атақты суырып салма ақыны Орынбай оны қуанышпен қарсы алып, өлеңмен мақтай

бастады. Сол кезде Шоқан Орынбайға: «Сен қазақ тілін шағатай, татар сөздерімен шұбарлама, қазақ тілінің көркемдік қуаты онсыз да жетіп жатыр» — деп ескерту жасайды»¹⁴. Дегенмен объективті жағдайға байланысты Шоқан қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыру мәселесін күн тәртібіне қоя алған жоқ, қазақша жазбаларында өзіне дейінгі көне әдеби тілді пайдаланды. «Егер Шоқан қазақ халқы арасынан сауатты ортаны тапқан болса,— деп жазды акад. Веселовский,— ол өз халқының данышпаны болған болар еді және өз тайпаластарының әдеби қайта туу процесін өзі бастаған болар еді... Оның негізгі көздегені қазақ оқушысы үшін жазатын қазақ публицисі немесе қазақ әдебиетшісі болу еді, бірақ өмір одан ориенталист ғалым немесе қазақтар туралы жазатын орыс әдебиетшісі болуын талап етті»¹⁵.

Өз тұсындағы татар әдеби тілінің жағдайына қинала отырып, татар ағартушысы Каюм Насыри да былай деп жазған болатын. «У русских татар в употреблении книги, написанные на первых двух наречиях: джагатайском, а особливо турецком. В незначительных сочинениях, составленных татарами в России, язык в грамматических формах представляет смесь форм из двух главных «наречий» — джагатайского и османского и обременен словами арабскими и персидскими, так что некоторые сочинения, переполненные множеством слов из этих языков, делаются непонятными для неученого простолюдина»¹⁶.

К. Насыридің тұстасы, қазақ ағартушысы Ыбырай Алтынсарин да дәл осы кезде Н. И. Ильминскийге жазған бір хатында:

«Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын»,— деп жазған еді. Бұл екі ағартушы да кейін өз ұлттарының жазба әдеби тілдерін халықтық негізде қалыптастыруда көп еңбек етті. Бұған сол кездегі тарихи жағдай да себепші болды.

Бұл кез Россияда капитализмнің дамуымен байланысты оның отар елдерінде де саяси-әлеуметтік маңызы

¹⁴ Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. Спб., 1904, с. 42.

¹⁵ Бұл да сонда, 34-б.

¹⁶ Насыров К. Краткая татарская грамматика, изложенная в примерах. Казань, 1860, с. 111.

бар прогрессивтік шаралардың іске аса бастаған шағы еді. Қазақ халқының алдыңғы қатарлы орысша оқыған бөлегі Қазақстанның артта қалуын жоюдың бір жолы ретінде орыс халқының мәдениеті мен техникасының табыстарын үйренуге шақырды, қазақ балалары үшін мектеп ашып, онда орыс тілімен қатар ана тілін үйретуді көздеді. Ана тілінде оқытатын мектеп ашу деген сөз, бір жағынан, қазақтың сол тұстағы шағатай әдеби тілі әсерінен әлі құтылмаған жазба тілін халықтың ауызша әдеби тілі мен сөйлеу тілі негізінде қайта құру деген сөз еді.

Сөйтіп, «XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ қоғамының тарихи даму факторларына байланысты жазба әдеби тіл мұқтажы күшейеді. Ол тілді екі жерден ізлеу керек болады: не бұрыннан қолданылып келе жатқан, бірақ қазақ мәдениетінде қызмет сферасы бұ кезде тарылған ортаазиялық жазба тілді пайдаланып, соны жандандыру, немесе жаңа жазба әдеби тілдің ірге тасын қалау»¹⁷.

Мұндай ардақты мақсат жолында қызмет ету құрметі қазақтың ұлы ағартушылары Ыбырай мен Абайдың үлесіне тиді.

Ыбырай Алтынсарин бірінші болып өз халқын орыстың озық мәдениетіне жеткізудің негізгі күрескері болды. Қазақ халқының экономикалық және рухани дамуын тездетудің негізгі құралы етіп ол барлық қазақ ауылдарында орыс-қазақ мектептерін ашу міндетін қойды. «Школы — это главные пружины образования казахов... На них и в особенности на них надежда, в них же будущность казахского народа»¹⁸ — деп жазды Ыбырай. Осы жолда ол өзінің барлық саналы өмірін сарп етті. 1864 жылғы 16 мартта Торғай бекінісінде өзі ұйымдастырған бірінші орыс-қазақ мектебінің ашылуымен байланысты Н. И. Ильминскийге жолдаған хатында былай деп жазған еді. «8-го января совершилось давно ожидаемое мною — открытие школы, и поступили в нее 14 киргизских мальчиков, мальчиков славных, смыслащих! Как голодный волк за барана, взялся горячо за ученье детей...»¹⁹. Мұндай мектептердің әрбір уезде, ал

¹⁷ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 33-б.

¹⁸ Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891, с. 229.

¹⁹ Бұл да сонда.

кейін әрбір болыста ашылуына ол қаншама еңбек сіңірді! Қазақ мектептерінің инспекторы қызметін атқара жүріп, Ыбырайдың бұл мектептердің оқу-материалдық базасын жасауды, оларды мұғалім кадрлармен қамтамасыз етуді, ең ақырында, ана тілінде оқулықтармен жабдықтауды да өз мойнына алуына тура келді. Міне, Ыбырайдың атақты «Қырғыз хрестоматиясы» мен «Қырғыздарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты оқулық кітаптары тікелей мектеп мұқтажығынан туып, өзінің сабақ беру тәжірибесінен жинақталған еді.

Ыбырайдың ағартушылық идеясының жүзеге асуына тарихи объективті жағдайлармен қатар В. В. Григорьев, Н. И. Ильминский, В. В. Катаринский сияқты орыстың шығыстану ғылымының көрнекті уәкілдерімен тіл табысып, қоян-қолтық жұмыс істеуі үлкен себепші болды. Аталған ғалымдардың қазақ өлкесін тарихи, этнографиялық, тілдік жағынан зерттеп білу мақсатында істеген жұмыстары, көп жағдайларда, Ы. Алтынсариннің ағартушылық идеясына сай келіп жатты. В. В. Григорьев Орынбор шекара комиссиясының председатели ретінде, ең алдымен, орыс әскери әкімшілігінің бюрократтық саясатын іске асыруға тиісті болса да, екінші жағынан, ғалым ретінде қазақ халқының тарихы мен этнографиясы, ауыз әдебиеті мен тілі жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын да қатар жүргізіп отырды. В. В. Григорьев Ыбырайдың білімін, орысша сауатын өздігінен жетілдіруіне көп көмек көрсетті, кейін оның ағартушылық идеясын жүзеге асыруына да қамқорлық жасады. Оның тарихи, этнографиялық тақырыпқа жазған еңбектерін былай қойғанның өзінде, қазақ тілі туралы жазған мақалалары да бар²⁰. В. В. Григорьев туралы сол кездің өзінде берілген төмендегідей бағаны айта кету орынды. «Председатель комиссии В. В. Григорьев со своей стороны старался ослабить татарское влияние посредством возбуждения и усиления народных элементов степной жизни. Так, он старался поднять значение национального киргизского языка, заставляя толмачей писать на нем официальные бумаги»²¹.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ даласында мектеп

²⁰ Григорьев В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. Оренбург, 1862.

²¹ На память о Н. И. Ильминском. Казань, 1892, с. 145.

ашудағы, оған оқу құралдарын жасаудағы және оны мұғалім кадрларымен қамтамасыз етудегі практикалық жұмыстарына тікелей қамқорлық еткен адамдардың бірі Н. И. Ильминский болды. Қазан университетінің профессоры, көрнекті шығыстанушы ғалым Н. И. Ильминскийдің кездейсоқ себептермен Орынбор қаласына келіп, шекара комиссиясында жұмыс істеуіне тура келді. Н. И. Ильминскийдің жергілікті халық тілін үйрену жөніндегі талабы оны Ыбырай Алтынсаринмен кездестірді. Сөйтіп, Ыбырай оның қазақ тілін үйренуіне жәрдемдесе, Ильминский кейін Ыбырайдың ағартушылық жоспарының іске асуына үлкен қамқорлық жасаған адамдардың бірі болды. Әрине, сөйте тұра Ыбырай Н. И. Ильминскийдің түпкі миссионерлік мақсатын қолдап, оның «ағартушылық» жүйесін қабылдаған жоқ. Ыбырайдың ағартушылық идеясы толықтай орыс революцияшыл демократтары — Н. Г. Чернышевский, В. Г. Белинский, Н. Қ. Ушинскийдің көзқарастарына негізделді²².

Орынборда болған 3 жылында Н. И. Ильминскийдің қазақ тілін жете меңгергендігі сонша, тіпті осы тілде сөйлесуге, хат жазысу дәрежесіне дейін жеткенін көреміз. Ақмешіт қаласындағы Самреке деген мұғалімге қазақ тілінде (араб шрифтсімен) хат жазуы — мұның айқын дәлелі²³. Бұл хатта көңіл аударарлық екі мәселе бар. Оның біріншісі — Ильминскийдің қазақ балаларын орысша оқытудың жолдары мен әдістері туралы пікірлері болса, екіншісі — қазақ тілін таза сақтаудың қажеттігі туралы кеңесі. Н. И. Ильминский қазақ тілінің оқыту жүйесінің таза сақталуына қатты көңіл бөледі. «Қазақ балаларына түрліше оқытқаныңда, — деп жазады ол осы хатында, — қазақ тілі арасына ноғай сөздерін тығып бұзбаңыз, оларға да солай үйретіңіз. Қазақ тіліндегіше ноғай тілінде шешендік жоқ». Одан әрі қазақ тілінің сөз байлығын әңгіме ете келіп, «Қазақ тілінде не тілесем, көкірегімдегіні білдіруге жетерлік сөздер бар» — деп жазады ол.

Қазақ тілінің байлығы, оралымдылығы, оны дамытудың қажеттілігі туралы Н. И. Ильминскийдің негізгі

²² Ситдыков А. С. Педагогические идеи и просветительная деятельность И. Алтынсарина. Алма-Ата, 1949, с. 31—35.

²³ Әбілқасымов Б. Н. И. Ильминскийдің қазақша хаты.— Қазақ ССР ҒА Хабаршысы, 1973, № 5.

көзқарастары нақ осы Орынборда өткізген үш жылында қалыптасады. Оның 1861, 1862 жылдары жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия», «Самоучитель русской грамоты для киргизов» атты оқулық кітаптары Орынборда жазылып, Қазанға барысымен басылып шығады. «Ер Тарғын» жырын да қазақ арасында жүргенде жазып алып, 1862 ж. бастырып шығарады. Орынборда болған жылдары туралы өзі кейін (1870 ж.) князь Ухтомскийге былай деп жазды: «Менің Орынбор өлкесінде өткізген үш жылдық қызметім мені қырғыздармен (қазақтармен — Б. Ә.) жақындастырды. Біздің көзқарасымызша цивилизациядан мақұрым, татарша мүлдем сауатсыз көшпелі халықтың сөйлеу шеберлігін тамаша меңгергендігін көргенде, мен таң-тамаша қалдым. Ертедегі түрік тұрмысының көптеген іздерін өзінде сақтап қалған қырғыз тілін мен ерекше ұнаттым. Қырғыз даласы менің халық тіліне деген сүйіспеншілігімді мүлде қалыптастырды, оған мен тілдік зерттеу үшін нағыз таптырмайтын документ ретінде қарай бастадым. Ал кітаби тілді алатын болсақ, ол, көбіне-көп, әр түрлі тілдер мен диалектілердің кездейсоқ жасанды қоспасы. Мен Қазанға осындай түп көтере өзгерген көзқараспен оралдым»²⁴.

Н. И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия» атты оқулығы оған дейінгі шыққан түркі тілдерінің грамматикаларымен²⁵ салыстырғанда, ғылыми жағынан да, практикалық жағынан да көш ілгері тұратын, түркологияда белді белес ретінде танылатын еңбек болып саналады. Бұл еңбек кейін өзге түркі тілдерінің грамматикасы мен екі тілді сөздіктерін жасауда негізгі үлгі болды²⁶. Бұл кітаптың өз кезінде атқарған тағы бір қызметі қазақ тілінің өз алдына жеке тіл екенін танытып, оның грамматикалық, фонетикалық жүйелері мен сөздік қорының өзге түркі тілдерінен айырмашылығын, ерекшелігін көрсету болды. Н. И. Ильминский осы кітабында мысал үшін алынған қазақ сөздерін ең алғаш рет орыс графикасымен жазып берді. Бұл үлгінің кейін Ыбырай Алтынсаринге өз

²⁴ На память о Н. И. Ильминском. Казань, 1892, с. 149.

²⁵ *Казем-Бек А.* Грамматика турко-татарского языка. Казань, 1839; *Иванов М.* Татарская грамматика. Казань, 1842, и др.

²⁶ *Кононов А. Н.* История изучения тюркских языков в России. Доктоярский период. Л., 1972, с. 216.

хрестоматиясын орыс графикасымен жазуы үшін көп пайда келтіргенін айтпасақ та түсінікті.

Екінші жағынан, Н. И. Ильминский қазақтың сол тұстағы көркем әдебиет тілінің үлгісі ретінде «Ер Тарғын» жырын кітап қылып бастырып, ауыз әдебиет мұраларын жазып таратудың үлгісін бастаса, «Самоучитель русской грамоты для киргизов» деген кітабында 40—50 беттік ғылыми-көпшілік тақырыптағы қазақша текстер беріп, қазақтың сөйлеу тілін әдеби тіл дәрежесіне жеткізуге болатындығын тағы бір көрсетті.

1870 жылдардан бастап Ташкент қаласында «Түркістан уәләятінің газеті» атты өзбек, қазақ тілінде мерзімді баспасөз шыға бастады. Бұл газеттің тілі шағатай әдеби тілі әсерінен мүлдем таза, қазақтың сол кездегі сөйлеу тілі үлгісін негізге алды.

Бұл жағдайлар Ыбырайдың «таза қазақ тілінде оқулық кітап» шығару жөніндегі идеясын біржола қанаттандырды. «Қырғыз хрестоматиясын» құрастыру, жазу үстінде Ыбырайдың үлкен-үлкен принципті, қазақ халқының болашағы үшін маңызы орасан зор мәселелерді шешуіне тура келді. Оның бірі — қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің болашақ даму бағытын айқындау еді. «Қырғыз хрестоматиясына» кіргізген өзінің төл әңгімелері мен өлеңдерін, сондай-ақ халық ауыз әдебиет үлгілерін халықтың сол кездегі сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілінің негізінде жазды. Сөйтіп, ол әлденеше ғасыр бойы ауыз әдебиет тілі мен сөйлеу тілі дәрежесінде қалып бара жатқан қазақ тілінің ұлттық жазба әдеби тіл ретінде дамуына негіз қалады. Міне, осы өзі негізін салған жазба әдеби тілде ол қазақша газет шығару мәселесін де күн тәртібіне қойып, оның алғашқы үлгісін өз қолымен жасады. Осы тілмен ол «Шарифат ул-ислам» атты ғылыми-көпшілік кітап жазып, онда ислам шарттарын көпшілік халыққа қарапайым қазақ тілінде түсіндірді.

Ыбырай Алтынсарин өз кезінде қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін халықтық негізде қалыптастыру үшін қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дұрыс көрсететін алфавитке көшудің қажеттігін де жақсы түсінді. Ол кездегі қазақ жазбасында қолданылып жүрген араб әліппесі қазақ тілінің өзіндік дыбысталу, сөйлеу ерекшеліктерін дәл бере алмайтын еді және мектепте оқып, тез сауаттануға да қолайлы бола бермейтін. Сондықтан

Ы. Алтынсариннің алдында қазақ жазуына орыс алфавитін енгізу мәселесі тұрды.

Ыбырайдың бұл қызметі өз кезінде-ақ әділ бағаланып, өзінен кейінгі оқыған жастар арасында қолдау тапқанын көреміз.

Мәселен, Ыбырайдың өз көзі тірісінде 1884 ж. «Оренбургский листок» газетіне басылған «Әдебиет тұрғысынан қазақтар үшін Алтынсариннің маңызы» деген мақалада авторлар («Торғай облысының қазақтары» делінген.— Б. Ә.) Ыбырайдың ағартушылық еңбегін, ақындығын және қазақ жазба әдеби тілін жасаудағы жұмысын төмендегіше бағалаған.

«... Орыс мектебі бізге Алтынсаринді берді, ол — орыс тәрбиесінің жемісі еді. Оны біз фанатизм мен надандыққа қасқая қарсы шыққан, қазақтарды оқу-білімге, жаңа өмірге жетелеген алғашқы қаһарман деп танимыз. Оны біз Шекспир, Байрон, Гете, Пушкин және басқа орыс классикалық әдебиетінен сусындаған халық ақыны деп білеміз... Алтынсарин бірінші болып қазақтың жазба тілімен жазып көрді және алғаш рет орыс әліппесін беріп қойған жоқ, халқына арнап оның бірінші грамматикасын да берді. Алтынсарин шығармалары тілдік, баяндау және қолданған әдістері жағынан таза халықтығымен, шынайылығымен, қарапайымдылығымен және терең мазмұндылығымен ерекшеленеді»²⁷.

Ыбырайдың тұстасы А. Алекторов өзінің «Письменная литература киргизов»²⁸ деген мақаласында: «Наиболее блестящим представителем киргизского народа со стороны литературного творчества может быть назван И. А. Алтынсарин, справедливо считавшийся Пушкином киргизов», — деп жазды. 1888—1902 жылдар арасында шығып тұрған «Дала уәләятінің газетінің» бетінде қазақ әдеби тілінің жайы, оның болашағы кең талқыланып, келелі-келелі пікірлер айтылғаны белгілі. Мақала авторларының бірі — Асылқожа Құрманбаев «Қазақ тілі турасында» деген мақаласында қазақ халқының шаруашылық, өмір тіршілігіне сай өзге түркі халықтарынан тілі де өзгешерек дамығанын айта келіп, «Қазақ тілі туралы өз тілін ғана емес, өзге де көптеген шығыс тілдерін жетік білетін, сондықтан

²⁷ Оренбургский листок, 1884, № 5.

²⁸ Астраханский вестник, 1894, № 1377.

оларды өзара салыстыруға мүмкіндігі болған белгілі Алтынсарин «Қазақ тілінің байлығы соншалық, онымен кез-келген тақырыпқа кітап жазуға болады» деуші еді... Қазақ тілінің байлығын Алтынсарин сөз жүзінде ғана дәлелдеп қойған жоқ, таза қазақ тілінде орыс әрпімен «Қырғыз хрестоматиясы» атты кітап жазу арқылы іспен көрсетті. Бірнеше жүздеген беттен тұратын бұл кітапта бірде-бір қазақтікі емес сөз жоқ, ал «Сөз басы», «Түлкі мен қарға», «Жаз» т. б. өлеңдері өзге тіл элементтерінен тазалығымен тамаша екені былай тұрсын, оның үстіне қазақ тілінің, қазақ поэзиясы мен сөз саптауының тамаша үлгісі болып табылады»²⁹ — деп жазды. Одан әрі автор өз мақаласын: «Қазақ халқы мен оның тілін құрметтеушілерге марқұм Алтынсариннің салған жолымен жүрсе жарайды, оның қазақ тілін жөндеп, оның ережесін бір ізге келтірудегі бастаған ісін әрі қарай дамытса жарайды» — деп қорытады. «Қазақ тілі турасында 5—6 ауыз сөз» деген мақаласында³⁰ Д. Сұлтанғазин қазақ тілінің өзге түркі тілдері сияқты жеке тіл екенін айта келіп, кейбіреулердің қазақтардың әдеби тілі — татар тілі деген пікірлерінің қате екенін, олай болғанда қазақтарға өз тілімен сөйлеп, жазғанда басқа бір тілмен жазуына тура келер еді, ал бұл — халықтың сауаттанып, ғылым-білім алуына үлкен қиындық келтіреді деп көрсетеді. «Сондықтан,— деп жазады ол,— «Қырғыз хрестоматиясының» авторы марқұм Алтынсариннің көрсеткеніндей, қазақтарға өз ана тілін дамыту әрі пайдалы, әрі өте қажет».

Кейінгі кездегі Ыбырай творчествосын сөз еткен әдебиетші, тілші ғалымдарымыздың еңбектерінде де Ыбырайдың қазақтың жаңа сападағы жазба әдеби тілін қалыптастырудағы қызметі мен алатын орны кеңінен көрсетіліп келеді³¹.

«Қазақ әдеби тілін,— деп жазады көрнекті тілші ғалымдарымыз А. Ысқақов пен Р. Сыздықова,— ха-

²⁹ Дала уәләятінің газеті, 1894, № 27.

³⁰ Бұл да сонда (1890, № 6).

³¹ Әуезов М. Ы. Алтынсарин — қазақ әдебиетінің зор қайраткері.— Социалистік Қазақстан, 1955, 11 апрель.; Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсариннің жазушылық қызметі. Алматы, 1965; Сауранбаев Н. Қ исторни казахского литературного языка.— Вестник АН КазССР, 1947, № 12/33. Алтынсарин Ы. Собрание сочинений в трех томах. Т. I. Алма-Ата, 1975 (Вступительная статья проф. Б. Сулейменова).

лықтың байырғы төл тілі негізінде дамытуды, оны демократияландыруды бастаушы да, оған үлгі көрсетуші де Ы. Алтынсарин болғаны аян... Алтынсарин қазақтың байырғы төл әдеби тілін ұлттық әдеби тіл дәрежесіне көтеруге жаршы ғана емес, оның бастаушысы, оған бағыт беруші болды. Алтынсариннің өз шығармалары қазақ әдебиеті тарихы үшін қандай құнды болса, қазақтың ұлттық әдеби тілінің тарихы үшін де сондай қымбат. Өйткені, қазақтың әдеби тілі жөніндегі прогресшіл бағыт Алтынсарин бастаған, салған жолмен дамыды»³².

Ы. Алтынсарин шығармаларының тілін кандидаттық диссертация көлемінде зерттеген тілші С. Хасанованың келетін қорытындысы да осы типтес. Зерттеушінің өз сөзімен айтатын болсақ, «Ыбырайдың ХІХ ғасырдың екінші жартысында, кітаби жазба тілдің сайрандап тұрған кезінің өзінде, шығармаларын таза қазақ тілінде, халықтық тілдің негізінде жазуы — оның қазақ тілін тазарту жолындағы күресінің жүзеге асқандығы. Ол өз мақсатын орындап қана қойған жоқ, басқаларға даңғыл жол көрсетіп, қазіргі әдеби тіліміздің жасалуына, оның дамуына негіз қалап берді»³³.

Қазақтың жаңа демократиялық бағыттағы поэзия тілін қалыптастыруда Ыбырай Алтынсариннің кіші тұтасы Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың сіңірген еңбегі бір төбе. Абай қазақ жазба поэзиясының тақырыбы тайыздап, мазмұны сұйылып, түрі жұтаңдай бастаған шағында тарих сахнасына шықты. Олай дейтін себебіміз, Абай алдындағы көпшілік ақындар шығармаларының басты тақырыбы — қазақ қоғамына капиталистік қатынастармен ере келген жаңалықтарды даттау, мазмұны — жалаң насихат, түрі жағынан — қазақтың үйреншікті 11 буынды қара өлең ұйқасы мен 7—8 буынды жыр ағымы болатын. Ал тілдік жағына келсек, онда да бұрын талай шиырланған бейнелеуіш сөздер мен қалыпты тіркестерге бой ұру басым еді, оның үстіне жазба дәстүр әсерімен қазақ өлеңіне шағатай жазба әдеби тілінің көне элементтерінің там-тұмдап кіре бастағаны байқалатын. Сондықтан да Абайдың:

³² Ысқақов А., Сыздықова Р. Абай және қазақ әдеби тілі.— Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1971, № 5, 41-б.

³³ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 95-б.

«Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау
Өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерден көрініп тұр-ау» —

деуі тегіннен-тегін айтылмаса керек-ті. Осы бір шумақтағы «өлеңі бірі — жамау, бірі — құрау» деген тіркесті әр зерттеуші өзінше түсініп, өзінше түсіндіреді. Кейбіреулер мұны Абай өлеңнің идеясымен байланысты айтты десе, енді бір топ зерттеушілер мұнда Абай Шортанбайлардың шығармаларындағы мол қолданылған өзге тілдік сөздерді меңзеп отыр дегенді айтады.

Біздіңше, Абай бұл жерде өлеңнің бір жағындағы кемшілікті ғана айтып отырған жоқ, жоғарыда көрсетілген, оның идеясы, мазмұны, формасы және тіліндегі олқылықтардың баршасын тілге тиек еткен сияқты. Шумақтың соңғы жолындағы «Кемшілігі әр жерден көрініп тұр-ау» деген сөйлем соны аңғартқандай. Осы тақырыпқа арнаған «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген екінші бір өлеңінде жоғарыдағы біздің пікірімізді ақынның өзі ашып бергендей болады. Мұнда ол ақындардың «көр-жерді өлең қылғанын», «сөз арасын бөтен сөзбен былғағанын», «әркімге арнап мақтау өлең айтқанын», «қайыр тілеп сөз қадірін кетіргенін» сынайды.

Сөйтіп, ұлы ақын өзіне дейінгі ақын-жыраулардың өлендеріне сын көзімен қарай отырып, өлеңге үлкен талап қойып, өлең сөздің қадірін көтереді, оның тақырыбын кеңейтіп, мазмұнын молайтады, түрін байытып, тілін тазартады. Абайдың өлеңге қояр талабы төмендегідей:

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы».

Абайдың мүлдем жаңа сипаттағы поэзия жасаудағы үлгі тұтқаны — орыстың XIX ғасырдағы реалистік демократиялық поэзиясы болса, қолданған тілі халқымыздың әлденеше ғасыр бойы сұрыпталған ауызша әдеби тілі мен сол кездегі сөйлеу тілі еді. Осы екі арнаны сарқа пайдаланып, ондағы қарапайым сөздерді талай оаққа құбылту арқылы өзінің образ жасау мақсатына шеберлікпен пайдаланды.

Абайдың қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы сіңірген қызметі мен алатын орны бірсыпыра зерттеушілердің еңбегінде ілгерілі-кейінді жанжақты сөз болғаны мәлім.

Сонау 30-жылдардың орта кезінде-ақ профессор Құдайберген Жұбанов қазақ тілшілерінің арасынан бірінші болып, Абайдың «қазақ әдеби тілін жасаудағы қызметін» дұрыс көрсеткен болатын. Қ. Жұбановтың сөзімен айтсақ, «Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдебиет тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, онда ақымыз кететін түрі жоқ»³⁴.

Абайдың «әдеби тілін жасаудағы еңбегін» автор одан әрі былай түйіндейді. «Әдебиет тіліндегі халық үлгісінің басы артық қосарларын жоюмен қабат, шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерін қуып, әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тіліміздің іргесін қалайды»³⁵.

«Абай да,— деп жазды академик-жазушы М. Әуезов,— Пушкин сияқты, өз еңбектерінде бізге грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры жағынан қазақтың бүгінгі сөйлеп жүрген әдебиеттік тілінің қалпынан көп айырмасы жоқ тіл үлгісін қалдырды»³⁶. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихын сөз ете отырып, проф. Н. Т. Сауранбаев былай деп тұжырым жасайды. «Возникновение казахского письменного-литературного языка во второй половине XIX века тесно связано также с именем и творчеством выдающегося поэта и мыслителя Абая Құнанбаева. Ни язык фольклора, ни простой разговорный язык в силу своей социальной обусловленности идеологией феодального общества и ограниченности не могли удовлетворить принципиально новых мыслей, новых чувств поэта. Поэтому Абай, последовательный новатор пошел по новому, причем правильному пути, именно по пути создания нового литературного языка»³⁷.

³⁴ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966, 289-б.

³⁵ Бұл да сонда, 305-б.

³⁶ Әуезов М. О. Абай Құнанбаев.— Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967, 276-б.

³⁷ Сауранбаев Н. Т. К истории казахского литературного языка.— Вестник АН КазССР, 1947, 12/33, с. 36.

Проф. І. Қ. Кенесбаев та Абайдың «Қазақтың жаңа әдеби тілінің ірге тасын қалағанын» айта келіп: «Великая историческая миссия Абая заключается как бы в обнародовании общенародного языка, он поднял богатые языковые достояния устного творчества и народно-разговорной речи до уровня литературного языка»³⁸, — деп көрсетеді.

Ең ақырында, Абайдың өзінен бұрынғы әдеби тілге көзқарасы, жаңа сипаттағы жазба әдеби тілді негіздеуде еткен еңбегі оның шығармаларының тілін жан-жақты талдаған филология ғылымының докторы Р. Ғ. Сыздықованың еңбектерінде³⁹ кеңінен сөз болады. Зерттеушінің келген қорытындысын өз сөзімен айтсақ: «...Абай өзіне дейінгі ғасырлар бойы шындалып, нормалары бірте-бірте тұрақталып, әдеби сипат алып өмір сүріп келген қазақ әдеби тілін әрі қарай жалғастырып, бірқатар жаңа бағыт-белгілер қосып, оның даму барысындағы келесі, жаңа этапын бастайды»⁴⁰. Барша зерттеушілердің пікірінше де, Ыбырай мен Абай өз творчестволары арқылы қазақтың жаңа сападағы көркем әдебиет тілін жасап, әдеби тілдің көркем әдебиет стилін қалыптастырды. Сонымен бірге кейінгі кездегі зерттеулер олардың публицистикалық стильдің де негізін қалады деп айтуымызға мүмкіндік беретін тәрізді. Ыбырайдың әр түрлі тақырыпқа жазған ғылыми-публицистикалық мақалалары мен қазақша шығарған қолжазба газеті, Абайдың ғылыми-дидактикалық тақырыптағы «қара сөздері» біздің жоғарыдағы пікіріміздің дұрыстығына айқын дәлел бола алса керек. Бұл ағартушылардың өз кезінде жазысқан хаттары, Абайдың өз қолымен тізген Қарамола съезіндегі «Ережелері» бізге әдеби тілдің тағы бір жанры — ресми іс қағаздары жанрының алғашқы үлгілерін көз алдымызға келтіргендей болады. Мұның бәрі айналып келгенде, екі ұлы кемеңгердің бірін-бірі толықтыра отырып, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізін қалады деген пікірдің дұрыстығын тағы да дәлелдейді.

³⁸ Кенесбаев С. Қ. Абай — основоположник казахского литературного языка. — Советский Казахстан, 1955, № 9, с. 125.

³⁹ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968. Соныкі. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. Алматы, 1970.

⁴⁰ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 47-б.

Бұл тараудағы қазақ әдеби тілінің тарихына жасаған шолуымыз төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы жазу мәдениетінде бірсыпыра уақыт жазба тілі ретінде түркі әдеби тілін пайдалана жүріп, оның қазақ авторлары қолданған тағы бір қазақтық вариантын қалыптастырды. Бұл тіл қазақ топырағында өткен ғасырдың екінші жартысына дейін аса көп өзгеріссіз өмір сүріп келді. Ол тілдің халықтық сөйлеу тілінен біраз алшақтығына қарап, қазақ филологтары оны «кітаби тіл» деп атады. Ал, шындығына келсек, бұл тілді қазақтың көне жазба әдеби тілі деп атаған дұрысырақ еді.

XIX ғасырдың орта тұсынан бастап қазақтың ұлттық жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыру мәселесі күн тәртібіне қойылып, қазақ ағартушыларының шығармаларында, сол тұстағы мерзімді баспасөз беттерінде оның іргетасы қаланды. Бұған орыс түрколог ғалымдары да белгілі дәрежеде қамқорлық жасады. Осыған орай қазақ әдеби тілінің тарихын оның өз алдына халық ретінде тарих сахнасына шығуымен байланыстыра қарап, негізгі 3 кезеңге бөлуге болар еді.

1. *Қазақтың көне жазба әдеби тілі* (XV ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін);

2. *Қазақтың жаңа жазба әдеби тілі* (XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін);

3. *Қазақтың қазіргі әдеби тілі* (XX ғасырдың 30-жылдарынан қазіргі күнге шейін) ⁴¹.

II Т А Р А У

ЖАЗБА НҮСҚАЛАРҒА ТӘН ОРФОГРАФИЯЛЫҚ ДАҒДЫ

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ жазбаларында араб графикасына негізделген жазу дәстүрі

⁴¹ Әрине, қазақ әдеби тілінің тарихын кезеңдерге бөлудің біздің объектімізге тікелей қатысы жоқ және әр кезеңдегі әдеби тілдің белгілері мен сипаты толығырақ зерттеуді қажет етеді. Біз бұл арада мұны оқушыға ой салу мақсатында айтып отырмыз.

берік орын алды. Тек өткен ғасырдың орта тұсынан былай қарай, дәлірек айтсақ, 60-жылдардан бастап араб жазуының түркі тілдерінің, соның ішінде қазақ тілінің, сөйлеу ерекшелігін дәл бере алмайтындығы сыналып, араб әліппесін жетілдірудің не өзге бір жазу түрін қабылдаудың қажеттілігі сөз бола бастады. Мұндай пікірлер орыс түркологтарының еңбектерінде, Ыбырай Алтынсариннің хаттарында, сол тұстағы мерзімді баспасөз беттерінде көрініс тапты.

Мәселен, қазақ тілінің алғашқы грамматикасын жазған Н. И. Ильминский: араб-татар алфавиті қазақ тілі дыбыстарын, әсіресе дауысты дыбыстарын, дәл бере алмайды — дей келіп, «он делает даже то, что стуже-ывая и скрываая фонетические особенности киргизского языка, для последнего существенно важные, влечет его к поглощению языком татарским и, следовательно, к уничтожению»¹ — деп жазды. Белгілі ориенталист А. Васильевтің пікірінше: «Вследствие образовавшейся у киргизов слепой привязанности к арабской транскрипции, ныне редкий из них задумывается над неприспособленностью к фонетическим особенностям их языка и никто не предвидит тех печальных результатов, к которым приведет их в будущем это подражание татарским учителям»².

Ыбырай Алтынсариннің Н. И. Ильминскийге жазған хаттарында қазақ тілі үшін араб жазуының келе бермейтіндігі, оның «қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретіндігі» әлденеше рет көрсетілетіні белгілі. Бұл пікір сол кездегі мерзімді баспасөз — «Дала уәләятінің газетінің» бетінде қолдау тауып, ол жайында бірнеше мақала жарияланады. Солардың ішінде Р. Дүйсенбаевтың «Қазақ алфавиті туралы мәселеге» деген мақаласы айрықша көңіл аударуға тұрарлық. Мұнда автор араб әліппесінің басты кемшілігі — ондағы дауысты әріптердің аздығы және сол аз әріптердің кейде дәстүр бойынша жазыла бермейтіндігі деп көрсетеді. Сонда ылғи дауыссыз әріптер арқылы таңбаланған бір-біріне ұқсас сөздерді дұрыс оқу қиындық келтіреді. Сондықтан қазақ тілінің дыбыстық жүйесін

¹ *Ильминский Н. И.* Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческому языку. Казань, 1883, с. 19.

² *Васильев А.* О киргизском языке и его транскрипции. Оренбург, 1896, с. 2.

толық бере алатын алфавит жасау қажеттігін ескертеді³.

Басқа жазуды қабылдайық дегенде, бірінші кезекте орыс алфавитін енгізу мәселесі тұрды.

«...Русский алфавит,— деп жазды Н. И. Ильминский,— с небольшим только приспособлением, способен вполне выразить оттенки и особенности киргизской фонетики и сделает киргизский язык самостоятельным, каков он на самом деле есть и каковым должен быть в интересах киргизского образования и развития»⁴. «Дала уәләтінің газетінің» тұрақты авторларының бірі О. Әлжанов «Орыс әліппесі араб жазуына қарағанда қазақ тілінің дыбыстарын дәл және жақсы бере алады», — дей келіп, орыс жазуын пайдаланғанда, орысша оқитын қазақтарға да, қазақша білемін деген орыстарға да үлкен жеңілдік болар еді деп көрсетеді⁵. Бірақ орыс жазуына көшу мәселесі бірден шешіліп кете алмағаны белгілі, бұның төңірегінде әлденеше рет ғылыми айтыс, әр түрлі пікір таластары болды. Бұл жөнінде кейінірек тоқталамыз. Дегенмен алғашқы тәжірибе ретінде орыс әліппесімен шыққан қазақша нұсқалардың да болғаны оқушыға бұрыннан мәлім. Бірақ та біз қарастырып отырған баспа нұсқалардың көпшілігі араб жазуымен басылғаны, тек кейбір ғылыми-көпшілік әдебиетке жатқызған кітапшалар мен христиан дінін уағыздайтын әдебиеттердің ғана орыс графикасымен шыққаны тағы белгілі.

1. Араб жазулы нұсқалардың орфографиясы

Араб әліппесін пайдаланған түркі халықтарының баршасына ортақ бір жазылмаған орфографиялық заңдылық бар болатын. Оның мәні түркі халықтарының әрқайсысының тіліндегі өзіндік фонетикалық ерекшеліктерін ескерместен, барлығын бір жазу үлгісіне бағындыру еді. Араб жазуындағы негізгі принцип араб сөздерінің негізгі ана тіліндегі тұлғасының өзгермей жазылуын, қосымшалардың ауызша тілде қалай құбылуына қарамастан, бір тұлғада берілуін берік сақтайтын морфологиялық принцип болатын. Аталған прин-

³ Дала уәләтінің газеті, 1897, № 10.

⁴ *Ильминский Н. И. Воспоминания об И. А. Алтынсарине.* Казань, 1891, с. 173.

⁵ Дала уәләтінің газеті, 1894, 39.

циптің пайдалы және зиянды жақтарын проф. И. А. Батманов төмендегіше сипаттаған еді.

«Морфологический и этимологический принципы орфографии, распространенные среди народов Средней Азии в дооктябрьский период, с одной стороны, обладали тем преимуществом, что носили универсальный характер, позволяя один текст понимать представителям различных языков (узбекского, казахского, киргизского, туркменского, каракалпакского), одинаково писать, но различно читать применительно к особенностям родного языка. С другой стороны, эти принципы орфографии обладали и отрицательным свойством, не отражали фонетических особенностей языков Средней Азии и тем самым затрудняли оформление и развитие национальных языков»⁶.

Бұл принцип ширек ғасырлар бойы қалыптасқандықтан, оны бұзу оңай шаруа емес еді және ол жазушының сауатсыздығын көрсететін белгі болатын. Қазақша жазбаларда, әсіресе баспа нұсқаларда, жоғарыдағы қалыптасқан жазу дәстүрінің кейбірінің көп уақыт сақталуының мәні де осында болатын. Дегенмен біз қарастырып отырған кезеңде жазба тілде бұл дәстүрдің бірсыпыра бұзылғанын, қазақтың ауызекі және ауыз әдеби тілінің нормаларының біртіндеп кіре бастағанын көреміз. Енді қазақша материалдардағы қазіргі әдеби тілмен салыстырғандағы орфографиялық ерекшеліктер дегенге тоқталайық.

Баспа нұсқаларда араб алфавитіндегі барлық әріп таңбалары түгел дерлік сақталған, оның үстіне парсы тілі арқылы енген ب، چ، ژ әріптерінің таңбалары мен қазақтағы мұрын жолды ң дыбысының таңбасы ретінде алынған н мен к әріптерінің қосынды таңбасы نک да кездеседі. Қазақ тіліндегі 11 дауысты дыбыс дәстүр бойынша араб әліппесіндегі 3 таңбамен берілгендіктен, бірнеше дыбыстардың бір таңбамен таңбалануы сөз мағынасын ашуда үлкен қиындық келтіргені мәлім.

Мұның керісінше, араб әліппесі қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды таңбалауда көп кемшілік келтіре қойған жоқ. Қайта араб тіліндегі дауыссыздардың жу-

⁶ Батманов И. А. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946, с. 267.

ان және жіңішке варианттарын білдіретін ظ : ز : ط
ث тәрізді басы артық таңбалар да қазақ жазбаларында дәстүр бойынша жазылып жүрді.

Араб әріптерімен орыс тілінен енген сөздерде кездесетін в, ц дыбыстарын дәл беру мүмкіндігі болмағандықтан, оларды у, тс таңбаларымен беруге тура келді.

Жазба нұсқаларда қазіргі қазақ тіліндегідей буын үндестігі немесе сингармонизм толық сақталып, сөз бірыңғай жуан не жіңішке болып келіп отырған. Ал үндестіктің екінші түрі — дыбыс үндестігінің көрінісіне келсек, онда қазіргі әдеби тілімізден ерекшелену келетін жазу нормасы болғанын байқаймыз. Ол — ерін үндестігінің сақталуымен байланысты.

Қазіргі қазақ тілі вокализмінің қырғыз, алтай сияқты түркі тілдерінен басты бір айырмасы — ерін үндестігінің жоққа тәндігі⁷. Ерін дауыстылары қазіргі әдеби тіл нормасы бойынша сөздің соңғы буындарында қысандайды, ал ауызша айтылуда кейде естілгенімен, жазуда еленбейді. Біз тілін әңгімелеп отырған өткен ғасырдағы баспа нұсқаларда еріндік дауыстылардың сөздің барлық позициясында да, соның ішінде сөздің соңғы буындарында да жазыла бергенін көреміз.

Бұл фактінің барлық жазбаларға тән екендігін мына төмендегі мысалдар айқын көрсетеді.

نى بولار سىنى ساتوب الغان پولوم
قايتوب اوتەر دونيادين مينك كونوم

(«Қожа Ғафан», 4-бет)

اول ييا بولغان كشى خاتوننى ييا قالغان مالنى اولونا
ياكى اوينا كر كيزوب اليايدى لكين تول خاتونينيك او
لوناچار واسين باسقاروب تور ادى، «Қарамола ережесі»,
(35-бет) شالا اولكان كسى كوز كا جودا ولكان

سيكلدينيب كورينادو، اول كسنيك الو ترى ايكا-
نين بلو اوچون اوزينا... اينا اوستاوكيراك «Қазақ
календары», 61-бет) نين بولغاندا جومباق

ايتوب تاپا الماغان ادامغا توزدو سو ايچيروپ ايوب
سالاتوغان اادات بار ايكان
(«Түркстан уәләятінің газеті», 1875, 2)

⁷ Кеңесбаев І., Мұсабаев F. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 242-б.

— Не болар сені сатұб алған пұлұм

Қайтұб өтер дүниадан менің күнұм («Қожа Ғафан», 4-бет). Ол ие болған кіші хатұнны йа қалған малны аулұна йаки үйүне кіркізүб алмайды ләкин тұл хатұнның аулұна чаруасын басқарүб тұрады («Қарамола ережесі», 35-бет). Шала өлгөн кісі көзгө жүдө өлгөн секілденіп көрүнөду, ол кісінің өлү тірі екенін білу үшүн аузына... айна ұстау керек («Қазақ календары», 61-бет). Той жиын болғанда жұмбақ айтұб таба алмаған адамға түздү су ічірүб айүб сала тұған әдет бар екен («ТУГ», 2, 1875).

Мысалдардан көрініп тұрғандай, ерін дауыстыларының көбірек кездесетін орындары — кейбір есім тудыратын жұрнақтар мен өлі түбірлерде, көсемше, етіс, рай жұрнақтарында, кейбір шылаулар мен жалғаулардың құрамында. Сөздің соңғы буындарында еріндік дауыстылар ұ, ү-нің жазылуы кей жағдайда түбірде еріндік дауыстының болуымен байланысты да емес, яғни тек қана ерін үндестігінен деуге де келе бермейді (кіркізүб, басқарүб, ічірүб).

Мұның себебін, біріншіден, араб жазуындағы тұрақты орфографиялық ереженің болмауынан десек, екіншіден, қазақтың ауызекі тіліндегі буын үндестігінің ол кезде қазіргіге қарағанда әлдеқайда күштілеу болғандығынан іздеуіміз дұрыс сияқты. Революцияға дейінгі қазақ тілі грамматикаларының авторлары қазақ тілінде ерін үндестігінің қандай дәрежеде екендігін дәл көрсетпегенімен, қосымшалардағы дауыстылардың түбірдегі дауысты дыбыс ыңғайына қарай құбылып отыратындығын айтады. Мәселен, П. М. Мелиоранский былай деп көрсетеді: «...в речи простого народа варьирование гласных в суффиксах постоянно соблюдается. Так, напр., суффикс, изображаемый в письменном языке *ئىك* (ның), звучит то *ның*, то *нің*, то *нұң*, то *нүң* и т. д.»⁶.

Араб жазуындағы дауыссыз дыбыстардың емлесімен байланысты қиындықтар қатаң-ұяң қосарлы б/п, г/к дыбыстарының жазудағы таңбалануында. Б, п фонемаларының басты бір ерекшелігі — б фонемасының қазақтың төл сөздерінде сөздің аяғында, ал п фонемасының сөздің басқы позициясында естілмеуі. Түркі тілде-

⁶ Краткая грамматика казак-киргизского языка. (Фонетика и этимология). Ч. I./Сост. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 16.

рінің ертерек дәуірінде бұл екі дыбыс фонемалық жағынан ажырап, дифференцияланбаған жағдайда болған. Қарақалпақ тілінің фонетикасына байланысты Н. А. Баскаковтың: «Фонетическая дифференциация согласных б, п реализуется в заимствованных арабских и персидских словах, а также в лексике, заимствованной позже из русского языка»...⁹ — дегенінің қазақ тілінің біз қарастырып отырған жазба нұсқаларына да тікелей қатысы бар. Бұларда да көп жағдайда бұл екі дыбыс ажыратылмай, бірінің таңбасы екіншісінің орнына жазыла береді. Мысалы, «Түркстан уәләятінің газетінде» *падиша, пұл, пұт, почта, положение* сияқты өзге тілден енген сөздер п әрпінен басталып жазылса, ал *пайда* сөзі *байда* болып, б әрпімен жазылған. Өзге жазбаларда да *Петербор, прикауар, приканчик, почта* сөздері бірыңғай п-мен жазылған «Самоучитель...» кітабында *пычак, піл, пайда* сөздері де п-мен жазылған. Ал, негізінде, сөз ортасында, әсіресе сөз аяғында, келген п дыбысының орнына б жазыла береді.

كوچانى ارالاب دوكانداردينيك الدى مینان اتقا
 منب اساغوب جيلدام كيتوب بارا جاتسا دوكانداردينيك
 للدونا سو سببوب قويغان سهبهبدین اتی تايوب جغليب
 سول اياغی اتدينيك استوندا قالب سويهكى تالقان
 بوب كيتوبتی (1881, 15) «Түркстан уәләятінің газеті»
 اوغرينيك شيريك جولداس بولادی ات بيروب
 اتداندورغان، برکه اورلوققا باروب بليچكان....
 («Қарамола ережесі», 45-бет)

— Көшені аралаб дүкендердің алды менен атқа мініб асұғұб жылдам кетүб бара жатса дүкендердің алдұна су сеуіб қойған себебден аты тайыб жығылыб сол аяағы атдың астұнда қалыб сүйекі талқан боб кетүбті («ТУГ», 15, 1881). Ұғырының шерік жолдасы болады ат берүб атдандұрған, бірке ұрлұққа барүб білічкен... («Қарамола ережесі», 45-бет).

Бұл дәстүр түркі тілдерінде ертеден келе жатқан құбылыс сияқты. Көне өзбек тілі материалдарына сүйеніп отырып, А. М. Щербак былай деп жазады :

⁹ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Ч. II. Фонетика и морфология. М., 1952, с. 62.

«Графически б и п, как правило, не различаются(ب). Только отдельные составители пользуются приемом разграничения б и п, вводя особый знак для п(پ)... Однако, употребление особого знака ни в одном тексте не является регулярным»¹⁰.

Қазақ жазбаларында г, к әріптерінің қолданылуында да осындай ерекшелік байқалады. Сол тұстағы қазақ тілінің дыбыс құрамында г дыбысы, сондай-ақ қазақ жазбасы пайдаланған алфавитте оны бейнелейтін арнайы таңбаның (گ) болуына қарамастан, біз сөз етіп отырған араб жазулы материалдардың баршасында оның орнына көп жағдайда к әрпі жазылып отырған. Бұл — *газета, гимназия, губернатор, генерал* сияқты орыс сөздерімен қатар, байырғы қазақ сөздерінде де және барлық позицияда да ұшыраса беретін жағдай.

بولوسناي اوپراييتيلنيك قولونداغى كينيكاين
كيسولوب بيريلكان كفيتانسيسلى خاتون باينان
تيوشلى ايكانليكينا كواھليكا جارامايدي
(«Қарамола ережесі», 29-бет)
بار ماكنيت ديكيين («Самоучитель...», 85-бет)
مايميز بر زالوم كيلكان بزكا، ماليم بار ديب
بزلهر كه جالا جاويپ (Таһир», 9-бет.

— Болұснай управителнің қолұндағы кнекеден кесу-лүб берүлкен кфитансиасы хатұн байына тиүшли екен-лікiне куаһликке жарамайды («Қарамола ережесі», 29-бет). Бір темірді тартуб алатұғұн тас бар макнит дeкeн... («Самоучитель...», 85-бет). Танымаймыз бір залым келкен бізке, малым бар деб бізлерке жала жауыб («Таһир», 9-бет.

Г дыбысы естілген жерге к әрпінің жазыла беруі, біріншіден, бұл дыбыстардың түркі тілдерінде мағына ажыратарлық функциясының болмағандығынан деп білуіміз керек. Бұл дыбыстардың жеке фонемалық мәнге, не болып, дифференциациялануын Н. А. Баскаков араб, парсы тілдерінен сөз ену дәуірімен байланыстырады¹¹.

¹⁰ Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 79—80.

¹¹ Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Ч. II. М., 1952, с. 68.

Екіншіден, араб әліппесінде г дыбысын таңбалайтын арнайы әріптің болмауымен байланысты жазу тәжірибесінде көп уақыт бойы оның орнына к әрпін жазу дәстүрге айналып кетті. ХІХ ғасырдағы қазақ баспа нұсқаларында да бұл дәстүр көп жағдайда сақталғанын көреміз. Бұл жайында белгілі шығыстанушы ғалым В. В. Григорьев былай деп көрсетеді:

«...буква *س* (персидского происхождения), хотя и допущена в азбуку, никогда не употребляется, ни в письме, ни в печати, ни киргизами, ни татарами, и звук *س* обозначается ими тою же самою буквою как и звук к, то-есть кяфом (*ك*), и никто не жалуется на какие-либо от того бедствия»¹².

Ф, х, һ әріптері қазақ жазбаларында, негізінен, араб-парсы тілінен енген сөздерде ғана жазылған және мұндай сөздерде барлық позицияда да келе береді. Мысалы: *хабар, хұрмет, хазірет, хат, халық, хүкім, хұсысы, фарманнама, фікір, һәр, һөнер, һәм, ыхтиар, насихат, рұхсат, шафағат, дәфтар, лтифат, никах, шаһар, жаһад, мәшһүр* т. б. Бұл әріптер, сонымен қатар, орыс тілінен енген сөздердегі **ф, х** фонемаларын таңбалауға да кеңінен қолданылған (форым, фабрика, картофел, фонар, афисер, лафка, расхот, хутор, граф т. т.). Бұл әріптердің өткен ғасырдағы жазба нұсқаларда араб, парсы және орыс сөздерін жазуда қолданылуының кейін сол сөздердің дұрыс жазылып қалыптасып кетуіне зор пайдасы тиді.

Түркі жүйелі тілдер үшін буын үндестігі қандай міндетті болса, сөз ішінде және сөз аралығында, түбір мен қосымшаның жігінде көршілес дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, оларды өзгертіп отыруы заңды құбылыс. Бұл әсерлердің жазуда кейде еленбей қалатындары да болады, бұл — белгілі тілдің жазу тәжірибесінде қандай принципті негіз етіп алуынан да болады.

Қазақ жазбаларында қолданылған араб жазуы морфологиялық принципке негізделгендіктен, көп жағдайда дыбыс үндесу заңдылықтары (ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал заңдары) сақталмаған. Мәселен, түбірдің соңғы дыбысы қатаң дыбыс болса да, оған ұяң не үнді дыбыстардан басталған қосымшалар қосыла

¹² Григорьев В. В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. (Письмо к Ильминскому). Оренбург, 1862, с. 7.

берген (уақыт-дан, түс-ді, қазақ-дың, міндет-лі). Мұндай жағдай түбірдің соңғы дыбысының қатаң-ұяңдығына қарамастан көптік жалғауларының көбінесе бір вариантта (лар//лер) қосылуынан да байқалады (халық-лар, адам-лар, сөз-лер). Сол сияқты көпшілік жағдайда басқаларынан гөрі табыс септігінің **ны//ні** варианты жиі ұшырайды. Сөздерге қосылатын жалғау, шылау сияқты қосымшалардың бөлек, бірге жазылуында да белгілі бір қатаң заңдылық байқалмайды. Мәселен, ілік септігінің қосымшасы **كلى** (нын) көбінесе өзі жалғанған сөзден бөлек жазылса, **да/де, ғой, ақ, соң** шылаулары, керісінше, өзінің алдындағы сөзбен бірге жазылып отырған. Мысалы, *алғансоң, жүрітсеңде, түскенсоң, білседе, чақырмайақ, керекғой*, т. б.

Менен (бірлән, плән) қосымшасы көмектес септігі қызметінде келсін, жалғаулық шылау ретінде келсін, бәрібір, барлық жағдайда алдыңғы сөзден бөлек жазылып отырған.

— Өзге біреунің өз еңбегі **бірлән** жасаған ибрларын бұзғанларға чығұннан басқа ғайыб бұйрыладүр («Қарамола ережесі», 25-бет). Өзінің табан ақы маңдай тері мен күнін көріб жүрген адам («ДУГ», 3, 1896). Казитдің бәсі... почта менен жеткізіб тұруға екі сом отүз тиін («ТУГ», 14, 1873).

Ма//ме сұраулық шылаулары да өзінің алдындағы, кейде соңындағы сөздермен қосылып жазылған. Чақырама (чақырмайма), жіберді мекен, қойармекенсіндер т. с. с. Көп жағдайда көмекші етістіктер де негізгі етістіктермен қосылып жазылған. Мысалы, жүрүчеді, жазалмайды, неғыларедім.

Белгісіздік, болымсыздық есімдіктерінің құрамында келген **неш, һәр** сөздері құрамындағы сөздерден бөлек жазылған (неч теме, һәр бір).

Екі, үш сөзден біріккен жер-су, адам аттары көп жағдайда бөлек жазылған. Мысалы: Кара мола, Қабар ақ үй (болысы), Ақ келін (елі), Абылай хан, Біләл бай Смақ ұғлы т. т.

Жоғарыда айтылған орфографиялық ерекшеліктердің қай-қайсысы да барлық жағдайда және барлық жазбаларда бірыңғай сақталып отырмаған. Мұны қазақ тілін зерттеген орыс ғалымдары өз кезінде дұрыс көрсеткен. Мәселен, Н. Катанов: «Орфография у киргиз до сих пор не установились; этим самым объясня-

ется разнообразное писание как в коренных киргизских словах, так и иностранных»...¹³ — десе, П. М. Мелиоранский: «Правила орфографии соблюдается киргизами сообразно с познаниями каждого отдельного лица, а так как грамотность между ними развита слабо, то сплошь и рядом в их писаниях приходится наталкиваться на различные ошибки, нередко затрудняющие понимание. Помочь в этом случае может только практика»,¹⁴ — деп жазды.

2. Орыс графикасымен басылған нұсқалардың орфографиясы жайлы

Бұл арада, ең алдымен, қазақ жазуына орыс графикасын енгізумен байланысты мәселеге тоқтала кетуді жөн көрдік.

Архив документтері арқылы біз орыстан өзге халықтар жазбасына орыс графикасын енгізудің үлкен мемлекеттік саясат ретінде дүркін-дүркін қолға алынғанын, орыс графикасын қолданудың екі түрлі жобасы болғанын, бұл графиканы қазақ жазбасына бірінші болып кімдер пайдаланғанын көреміз.

Асылында, о баста қазақ жазбасына орыс графикасын енгізу идеясын орыс оқымыстылары берген сияқты. Олар қазақтарды қалайда татар ықпалынан тезірек шығаруда, қазақ тілін шағатай тілі дәстүрінен арылтуда қазақ жазбасына орыс графикасын қолданудың зор маңызы болуға тиіс деп ойлады.

Н. И. Ильминский ең алғаш тәжірибе ретінде орыс графикасын жекелеген қазақ сөздерін жазуға өзінің 1861 жылы жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» деген кітабында қолданады. Кітаптың грамматика және фонетика бөлімдеріндегі мысалға алынған қазақ сөздері мен сөздік бөліміндегі реестр сөздер, кейде түгел сөйлемдер, орыс графикасымен транскрипцияланған. Онда қазақтың өзіндік дыбыстарын таңбалауға орыс алфавитінде жоқ қосымша белгілер алынған. Мәселен, ә-ні *ä* таңбасымен, ө-ні *ö*, ү-ні, *i*, *ы*, *ң*-ды *н*, *қ*-ны *к*, *ғ*-ны *г* таңбаларымен белгілеген.

¹³ *Алекторов А. Е. Песня алашница Байтоки на смерти хана Джангира. Казань, 1898* (см. предисловие Н. Катанова).

¹⁴ *Краткая грамматика казак-киргизского языка. (Фонетика и этимология). Ч. I./Сост. П. М. Мелиоранский. СПб., 1894, с. 13.*

Сондай-ақ, у, і таңбасы қазіргі у, і-мен қатар кей жағдайда ұ, и дыбыстарын таңбалауға да пайдаланылған. Сөйтіп, Ильминский қазақ сөздерін жазу үшін орыс графикасының үстіне он шақты қосымша белгі алған.

Автордың өзі айтқандай, бұл кітап, негізінен, шығыс тілдерін зерттеушілерге арналғандықтан, қазақ тілінің сол тұстағы фонетикалық жүйесін, грамматикалық құрылысын, сөз байлығын көрсетуде аса қажетті және пайдалы құрал болғанымен, сол кездегі көпшілік қажетін өтейтіндей оқулық бола алмады. Сондықтан болу керек, бұдан кейін шыққан «Самоучитель русской грамоты для киргизов» кітабының қазақша бөлегін, «Ер Тарғын» жырын араб графикасымен бастырғанын көреміз.

Н. И. Ильминский пайдаланған «жетілдірілген» орыс графикасының кемшілігін өз кезінде В. В. Григорьев те көрсеткен болатын. Ол Н. И. Ильминскийге былай деп жазды:

«Вы же, извините, испестрили русскую азбуку, безо всякой в том нужды, латынскими буквами; довели ее этим и другими тонкостями до совершенного неудобства в практике. Сочиняя свой русско-киргизский алфавит, вы действовали как кабинетный ученый, который заботится о том только, чтобы угодить на свою ученую братию, удовлетворить лишь ее требованиям. Но если вы полагаете, что он годен к употреблению в дело киргизами, — вы очень ошибаетесь»¹⁵.

В. В. Радлов өзінің 1870 жылы жарық көрген «Образцы народной литературы тюркских племен Южной Сибири и Джунгарии» деген хрестоматиялық материалдарын орыс графикасымен жазғаны мәлім. Мұнда ол қазақтың өзіндік дыбыстарын белгілеу мақсатымен орыс әріптеріне қосымша он шақты таңба пайдаланды. Мәселен, ү дыбысын у таңбасымен, ұ дыбысын бірде у, кейде у таңбасымен, ө-ні ө, и дыбысын бірде, і, бірде j белгісімен, ң дыбысын н, қ дыбысын к, ғ дыбысын қ таңбаларымен береді. Сөз басындағы диалектілік дж дыбыстарының қосындысы үшін әдейі п таңбасын алады, л дыбысын, неге екені белгісіз, латындағы l (L)-мен таңбалайды. Бұл қосымшалар, негізінен, Н. И. Иль-

¹⁵ Григорьев В. О передаче звуков киргизского языка буквами русской азбуки. (Письмо к Ильминскому). Оренбург, 1862, с. 2.

минский пайдаланған әріптерге ұқсағанымен, онымен бірдей емес.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында қазақ жазбасына орыс графикасын енгізу мәселесі қайта көтеріледі. 1871 жылғы Н. И. Ильминскийге жазған хатында Ы. Алтынсарин қазақ жазбасын орыс графикасына көшіру принципін, негізінен, қуаттай отыра, бірақ бұл жұмысты халықтың сауаттану дәрежесіне лайықтап жүргізу керек екенін, ең алдымен, халықтың өз тілінде білім беретін азаматтық (дүниелік) кітаптарды көптеп шығаруға күш салу қажеттігін ескертеді.

«Бірақ мәселе мынада,— деп жазды ол,— орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасына, тап біздің ойлағанымыздай, тез және жеңіл сіңе қоймайды. Бірінші жағынан, фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан, орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс еместігінен... Шынына келгенде, қазақ сөздері орыс әрпімен анағұрлым дұрыс жазылатын болса да, татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретін болса да, көп уақыттарға дейін татар жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін біз еске алуымыз керек. Мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек»¹⁶. Ал 1873 жылғы Н. И. Ильминскийге жазған хатында өзін «Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша әскери губернатордың қазақ балалары үшін орыс алфавитімен оқу құралын құрастыруға қатысу үшін Қазанға жібергелі отырғанын» айтады¹⁷. Бірақ әр түрлі себептермен Ыбырайдың бұл сапары созылып кетіп, ақырында аяқсыз қалады. Сол жылы Орынбордан оқу округы құралады да, қазақша оқулық шығару ісін сол округтің попечителі П. А. Лавровский өз қолына алады. Орынбордың облыстық архивінде генерал-губернатор канцеляриясының 8481-номерлі (6-фонд, 10-опись) «Об употреблении киргизского языка взамен татарского во всех деловых бумагах, в коих объявляются киргизам, касающиеся до них распоряжения и писать в этих бумагах киргизский текст русскими буквами и

¹⁶ *Ильминский Н. И.* Воспоминания об И. А. Алтынсарине. Казань, 1891, с. 228.

¹⁷ Бұл да сонда, 230—231-б.

пр». деген ісі сақталған. Бұл істе қазақ жазуына орыс графикасын пайдалануға қатысты 1876—80 жылдар арасындағы жазысқан әр түрлі қатынас қағаздар сақталған. Бұларға қарағанда, жоғарыдағы мәселе оқу министрі граф Толстойдың Орынбор оқу округын аралауымен байланысты тағы қолға алынғанын көреміз. Граф Толстой өзінің 1876 жылы (4/XII) патшаның атына жазған рапортында «татар алфавитін орыс әліппесімен алмастыру» қажеттігін төмендегіше негіздейді. Оның пікірінше, қазақтар 3 жолмен татарланып барады: а) Медресе бітірген молдалар, шәкірттер қазақ арасына саудагер болып араласуда; ә) ауқатты қазақтар өз балаларын татар медреселеріне көптеп оқуға беруде; б) әкімшілік орындарының өзі араб графикасымен қазақтар үшін қаулы-қарар тарату, әлі де болса үкімет орындары мен қазақтар арасындағы істерде татар тілмаштарын пайдалану арқылы жағдай жасап отыр. Осыларды айта келіп, патшадан, біріншіден, әкімшілік орындарының қазақтарға қатысты іс қағаздарының баршасын орыс графикасымен қазақ тілінде жазуға, екіншіден, осымен байланысты қазақ даласындағы татар тілмаштарын бара-бара қазақтармен ауыстыруға жарлық етуін сұрайды. Сол кезеңде осы тақырыпқа ішкі істер, оқу министрліктері мен жергілікті әскери әкімшілік орындарының арасында қатынас қағаздар жиілейді. Бұлардың барлығы да жоғарыдағы пікірді бір ауыздан қолдайтындықтарын білдіреді. Алайда 1877 жылғы 24 июньдегі министрліктің іс басқарушысының хатынан біз бұл мәселенің белгісіз уақытқа кейінге қалдырылғанын байқаймыз. Онда былай деп жазылыпты: «Государь император по всеподданнейшему докладу моему, Высочайше повелеть соизволил во избежание каких-либо усложнений в среде магометанского населения во внутренней киргизской среде при настоящем политическом положении дел на востоке приостановиться приведением во исполнение собственно по названной орде, впредь до времени и обстоятельств более благоприятных, постановления о замене татарского языка киргизским с введением в употребление русского алфавита в деловых сношениях с киргизами».

1878 жылдың басында Орынбор генерал-губернаторы Н. А. Кржижановский оқу министріне тағы да хат

жолдап, онда төмендегідей ұсыныстар жасайды.

1) Қазақтарға арнап алфавит жасау және сол алфавитпен әр түрлі ғылым салаларынан оқулықтар жазу үшін 1872 жылы Қазанда құрылған комиссия жұмысының созылып кеткенін ескертіп, сол жұмысты жандандыруды сұрайды.

2) Діни кітаптарды қазақ тіліне аударып, орыс әрпімен қайта бастыруды ұсынады.

3) Өз балаларын оқыту үшін қазақтардың татар, башқұрларды шақыруына тыйым салуды қажет деп табады.

4) Бұдан былай болыстың хатшылығына орыс әрпімен оқи, жаза білетіндерді тағайындауды дұрыс деп санайды.

5) Әзірге қазақ мектептері орысша сауатты адамдарды біртіндеп дайындап жатқан кезеңде, үкіметтің бұйрық-жарлықтарын орыс әрпімен қазақ тілінде таратуды жөн көреді.

6) Әзірге болыстар мен ауылдардағы татар тілмаштарын алмастыруға мүмкіндік жоқ екенін ескеріп, бұл жағдайдан шығудың бірден-бір жолы — мектеп ашу екенін, алайда ол үшін мұғалімдердің жетіспейтіндігін айта келіп, мұғалімдер даярлайтын оқу орнын ашу мәселесін қояды.

Бұған қайтарған оқу министрінің жауабында (24/I-1878 ж.) орыс әліппесін өзгеріссіз қолдана беру қажеттілігі ескертіліп, қазақ тілінде басшылыққа алатын оқулықтардың бар екендігі, тек соны көбейту керектігі айтылады. Сондай-ақ діни кітаптарды аударудың мектепке қатынасы жоқ екенін ескертіп, татар тілмаштарын алмастыруды біртіндеп, үкімет тарапынан істеліп жатқан шара дегізбейтіндей етіп жүргізуді ұсынады. Өз пікіріне қосымша етіп бұратана халықтар үшін алфавит шығару жөніндегі Петербург университеті шығыс тілдері факультетінің шешімін жібертеді. Бұған қарағанда, сол жылдары шығыстанушы ғалымдар арасында Россиядағы орыстан өзге халықтар үшін алфавит жасаудың принциптері жөнінде ғылыми талас жүріп жатқаны байқалады. Жоғарыдағы шығыс тілдері факультетінің шешіміне көңіл аударсақ, ол таластың, негізінен, орыс алфавитінің өзін өзгертпей алу керек пе, әлде оған қосымша әріптер қосу керек пе деген мәселенің төңірегінде болғанын көреміз.

Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінің мәжілісінде кезінде Ильминский, Радлов қолданған орыс алфавитінің қосымша енгізген түрі мақұлданбайды. Қандай да болсын кітап шығарғанда орыс әліппесінің өзін ешбір өзгеріссіз, қосымшасыз қолдануды ұсынады. Өз пікірлерінің дұрыстығына мына төмендегі жайттарды дәлел ретінде келтіреді.

1) Тілдің барлық реңкін бере алатын дүние жүзінде бірде-бір жетілген алфавит жоқ, бірақ одан өмірде келіп жатқан қиындық байқалмайды;

2) Араб әліппесі түркі халықтарының дыбыстық құрылысына үйлеспесе де, осы алфавитті олар осы кезге дейін пайдаланып келді;

3) Европа тілдері үшін пайдалануға толық икемді орыс әліппесі араб алфавитіне қарағанда осы күйінде де қазақ тіліне жарайды.

Бұл қорытынды 1876 жылғы 29 апрельде Қазан университетінің жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамының мәжілісінде талқыланады. Онда В. В. Радлов «Орыстан өзге халықтар тілдерін дұрыс транскрипциялау үшін орыс әліппесін қалайша өзгерту керек» деген тақырыпта хабарлама жасайды. Мұндағы айтылған пікірлерді қорытындылай келіп, қоғамның председатели проф. Шестаков мынадай пікір айтады: «...Как самый реферат, так и вызываемые им замечания, наглядно доказали нам, что русская азбука, без всяких значков, неудобна для транскрипции инородческих говоров, потому что при такой транскрипции невозможно полное соответствие между звуком и его обозначением;... У нас существует две системы транскрипции: одна, более точная и вместе с тем имеющая ученое основание, допускает различные знаки при русских буквах, помогающие более ясному и правильному обозначению звуков; другая система, опасаясь призрака обособленности и сепаратизма инородцев, упорно, во что бы то ни стало, силится употреблять русскую азбуку без всяких значков, жертвуя точностью изображения звуков и пользами инородцев... Теперь перед нами наука, в лице двух своих представителей, высказываются за первую систему. Да будет услышан голос ея теми, которые трудятся на поприще образования инородцев»¹⁸.

¹⁸ Известия Общества археологии, истории и этнографии при Имп. Казанском университете. Т. II, 1879, с. 60—61.

Сөйтіп, Қазан университеті шығыстанушы ғалымдарының Петербург университеті ғалымдары пікіріне қарсы түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл көрсететіндей қосымша белгілер қосу қажет деген пікірде болғанын көреміз. Алайда Петербург университеті ғалымдарының қорытындысын ресми әкімшілік органдарының қолдауы себепті бұдан кейінгі шыққан кітап, газеттерде, ресми іс қағаздарында орыс әліппесінің көп өзгермеген түрі қолданылады. Соның бір дәлелі — 1879 жылы шыққан Ы. Алтынсариннің 2 кітабы мен қолжазба газеті.

Ыбырай өзінің «Қырғыз хрестоматиясын», негізінен, сол өзгертілмеген орыс графикасымен шығарады. Мұнда қазақтың өзіндік дыбыстарын белгілеуге арнайы таңба алынбайды десе де болады. Қ, к дыбысы бір к таңбасымен, у, ұ, ү, ө дыбыстары бір ғана у әрпімен, а, ә дыбыстары а арқылы, ғ, г дыбыстары г таңбасы арқылы берілген. Тек қана ң әрпі үшін ңг қосындысы, і дыбысы үшін и, ал, керісінше, и дыбысы үшін і таңбасы алыныпты, сөзді жіңішкерту үшін кей жерде ь таңбасы да жазылған (Мысалы: ел-эль). Ыбырай шығарған «Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку» кітабы да, қолжазба газеті де осы графикамен транскрипцияланған. Ал Н. И. Ильминскийдің транскрипциялау принципімен шыққан христиан дінін насихаттайтын қазақша кітаптар мен медицина, ветеринария тақырыбына жазылған ғылыми-көпшілік кітапшалар бұдан басқашалау.

Ы. Алтынсариннің шәкірті А. Балғымбаевтың естеліктеріне қарағанда, ресми түрде орыстан өзге халықтар жазуын орыс графикасына көшіру туралы заң (положение) 1906 ж. 31 мартта шыққан. Соның өзінде оған қарсы шығушылардың пікірінен қорыққан орыс әкімшілік орындары осы мәселеге арнап, 1910 ж. июньде Петербургте кеңес шақырады. Жергілікті халықтан уәкілдер қатысқан бұл кеңесте жоғарыдағы заңның көп жеріне өзгерістер енгізіліп, орыс жазуы тек ресми документтер мен оқулық кітаптарға ғана қолданылатын болсын деген шешімге келеді.

Сөйтіп, 30—40 жыл бойына айтысқа түскен араб жазуын орыс графикасымен алмастыру мәселесі ақырында өзінің тиянақты шешімін таба алмай аяқталады.

Қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерін толық көрсете

алатын орыс графикасына негізделген қазіргі алфавитке халықтың қалауы бойынша тек совет өкіметі тұсында ғана, яғни 1940 жылы көшкеніміз баршаға мәлім.

Енді орыс графикасымен басылған нұсқалардағы кейбір орфографиялық заңдылықтарға тоқталайық.

Ең алдымен, бұл нұсқаларда араб жазулы матерналдарда кездесетін п, г дыбыстарының орнына б, к әріптерін жазу фактысы кездеспейді, яғни п, г дыбыстары естілген жерде, әсіресе сөз аяғында, п, г әріптері жазылып отырған. Мысалы: Қазақ халқы көшіп-қонып, шаруалық қылып, ...бұл күнде бөтен қатар жұрттардан әрбір ісі кемге соғып жүр (Ыбырай, Қолжазба газет).

Сондай-ақ, бұл нұсқаларда мен шылауы көмектес септігі қызметінде келсін, ыңғайлас жалғаулығы қызметінде келсін, бәрібір, алдыңғы сөзден бөлек жазылып, ауызша айтылудағы варианттары сақталып отырады. Мысалы: Бір орамда орыс пен қазақты көрдім (Ыбырай, Начальное руководство..., 60-бет). Ашық қатқа сыйа менен де, қарандаш пен де жазуға болады, тілесе қай тіл мен жазсын («Қазақ календары», 21-бет).

Жалпы бұл нұсқалардың көпшілігінде жалғау, жұрнақтар өздері жалғанатын сөзімен бірге жазылып, шылау сөздер бөлек жазылған.

— Қарт үйіне қайтып келсе, оның зилмәнкесінің белгісі де қалған жоқ («Балықшы мен балық, 15-бет). Ертеген мезгілде мен тайға міндім де орамға шықтым (Ыбырай, Начальное руководство..., 60-бет), т. т. Бірақ соң шылауы көп жағдайда алдыңғы сөзбен бірге де жазылып кеткен реттері жиі кездеседі.

— Қойларды көріп, қозылар маңырай бастады, сонансоң, қойларға қарсы жүгірісті (Ыбырай, Начальное руководство..., 59-бет). Әр кім ... запас пішені біткенсоң сол сағатында... волостной управителге білдіреді («Қазақ календары», 88-бет).

3. Жазбаларда пайдаланылған пунктуациялық белгілер жайында

Жоғарыда айтқанымыздай, біз қарастырған жазба (баспа) нұсқалардың көпшілігі араб графикасымен басылған. Араб жазуында бергі кезге дейін белгілі бір ережеге сай қолданылған тыныс белгілері болған емес.

Сондықтан жалғыз қазақ емес, араб жазуын пайдаланған шығыс тілдерінің қай-қайсысында да көпке дейін тыныс белгілері болмады. Түркі тілдерінің алғашқы грамматикасын жазған проф. А. Қазем-Бек бұл жайында былай деп жазған болатын.

«В восточных языках нет знаков препинания (исключая в Алкоране). Это одно из существенных причин, по которым книжный язык всегда отличается от языка разговорного. Если персынину или турку вздумалось бы писать своим разговорным языком какую-нибудь сказку или роман, то такое сочинение для азиатца было бы столько же запутано и непонятно, сколько для европейца любое романтическое сочинение без всяких знаков препинания, без больших букв и без всякого отделения предметов; турки, чтобы облегчить эти неудобства, которыми их язык изобилует преимущественно пред восточными языками, прибегают в книжном языке к частному употреблению союзов, деепричастий, причастий и других частей речи, которые служат у них к соединению фраз и предложений, составляющих одно и целое, нередко чрезвычайно длинное»¹⁹.

Біз қарастырып отырған араб жазулы баспа нұсқалардың көпшілігінде де тыныс белгілері кездеспейді.

Алғашқы баспасөзіміз — «Түркстан уәләтінің газеті» де тыныс белгілерін пайдаланбаған. «Дала уәләтінің газетінің» алғашқы жылдардағы номерлерінде де ешбір тыныс белгілері қойылмаған. Тыныс белгілері қойылмағандықтан және бас әріп болмағандықтан, сөйлем жігін ажырату, сондай-ақ тексті түсініп оқу өте қиындық келтіргені байқалады. Осыны сезген газет редакциясы 1894 жылдан бастап сөйлемдердің жігін ажыратуға сирек те болса сызықша, әр түрлі жұлдызшаларды пайдалана бастайды. Ал 1896 жылғы 4 августағы 31-номерінен бастап тыныс белгілерінің жаңа жүйесі туралы әдейі хабарлама жариялап, оны газет бетінде қолдана бастағанын көреміз.

Бұл хабарламада осы күнгі қолданылып жүрген тыныс белгілерінің сызықшадан басқасының барлығы

¹⁹ Қазем-Бек А. Грамматика турко-татарского языка. Спб., 1839, с. 436.

да көрсетіліп, олардың қолданылатын орындары туралы қысқаша түсінік берілген²⁰.

Алайда бұл тыныс белгілері жүйесін сол тұстағы баспа нұсқалардың ешқайсысы да қолданбаған, тіпті ХХ ғасырдың басындағы жазбаларда да бұл жүйе дұрыс сақталмаған²¹.

Ал орыс графикасымен басылған әдебиеттердегі жағдай бұдан өзгеше. Бұл нұсқаларда тыныс белгілерін қоюда араб жазулы әдебиетке қарағанда, біраз ілгерілегендік байқалады. Қос сөздер арасына сызықша қою, сөйлемдердің арасын нүктемен бөлу, бірыңғай мүшелер мен құрмалас сөйлемдегі бағыныңқы сөйлемдер арасына үтір қою тәрізді пунктуациялық заңдылықтар біркелкі дұрыс сақталған. Алайда бұл жазбалардың баршасында тыныс белгілері қазіргі тіліміздегідей орны-орнына дұрыс қойылған десек, ол артығырақ айтылған сөз болар еді. Кейде тыныс белгілерінің дұрыс қойылмаған орындары кездесіп қалып отырады, Ыбырайдың біз мысал алып отырған шығармаларының өзінде де төл сөзді сөйлемдерде тырнақша қойылмаған.

Сөйтіп, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақша жазба материалдар екі графикада жарық көрді, көпшілігі — араб жазуымен, аз бөлігі — орыс графикасымен. Біріншілерінде морфологиялық принципке негізделген араб жазуына тән орфографиялық заңдылықтар, негізінен, сақталады. Бұл, көбінесе, сөздің соңғы буындарында ерін үндестігінің сақталуынан, керісінше, дыбыс үндесу заңдылықтарының ескерілмей, түбірге қосылатын қосымшаның бір вариантта ғана жалғануынан т. б. көрінеді. Бірақ дәл осы кезеңде орфографияда бұрынғы жазу дәстүрінің бұзылып, сөйлеу тілі элементтерінің де кіре бастағанын көреміз.

Орыс графикасымен жазылған нұсқалар бірер стильде ғана көрінсе де, бұлар арқылы жазба әдеби тілге қазақтың сөйлеу тілі ерекшеліктері молынан кіре бастады. Орфографияда қосымшалардың варианттылығын ескеру, яғни дыбыс үндестігін сақтау, шылау, жалғау-

²⁰ Бұл жөнінде толығырақ Б. Әбілқасымовтың «Қазақ жазбасында тыныс белгілерін қолдану тарихына катысты соны деректер» (Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1963, № 3) атты мақаласын қараңыз.

²¹ Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. (Октябрь алды және 20—30-жылдар). Алматы, 1968, 129—131-б.

лардың жазылуын бір ізге түсіру, тыныс белгілерінің дұрыс қойылуына мән беру тәрізді біраз жаңалықтар көрінді.

Алайда бұл дәуірдегі жазбаларда жоғарыда айтылған орфографиялық заңдылықтардың бәрінде бірдей қолданылмағаны мәлім. Оның басты себебі орфографиялық нормаларды айқындайтын зерттеудің, оны басшылыққа алуға жәрдемдесетін құралдардың болмауынан екендігі түсінікті.

III Т А Р А У

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілін танытатын баспа нұсқалардың лексикасын әңгіме еткенде, әрине, қазақ тілінің сол тұстағы бүкіл сөз байлығы туралы әңгіме қозғалмайтыны өзінен-өзі түсінікті болса керек. Өйткені біз тілін әңгіме етіп отырған баспа нұсқалар әдеби тілдің барлық емес, кейбір стильдерін ғана қамтиды. Сондықтан бұл жұмыста біздің алға қойған мақсатымыз — жоғарыда талданған жазба нұсқаларда кездесетін сөздерді тақырыптық жағынан жүйелеу, оның негізгі қабаттарын ашу, ондағы жалпы түркі немесе қазақ сөздері мен араб-парсы және орыс сөздерінің арасалмағына, даму тенденциясына барлау жасау, сондай-ақ әдеби тілімізге жаңа кіре бастаған және қазір қолданылудан ығыстырылған кейбір сөздердің сол кездегі атқарған қызметі мен қолданылу аясының қандай болғанын көрсету.

1. Қазақ тілі лексикасының жаңа сөздермен толығыуы

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік жағдайындағы болған өзгерістер ең алдымен тілдің лексикасынан көрінетіні мәлім. Сондықтан ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі лексикасын сипаттау үшін сол тұстағы қазақ қоғамында болған саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістерге қысқаша шолу жасай кету орынды болмақ.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы қазақ халқының

экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени дамуындағы елеулі кезең болғаны белгілі. Мұның мәні Қазақстан территориясында түгелдей Россия мемлекетіне қосылу аяқталып, онда капитализм дамуының ықпалы көріне бастауына байланысты еді. (Әрине, бұл жерде біз, Қазақстанның капитализм дәуіріне соқпағандығын атап кетуіміз керек).

Қазақстан экономикасында бұрынғы натуралды мал шаруашылығының одан әрі дамуымен бірге, оның товарлы түрі мен егіншілік кәсіпке халық бірте-бірте бет бұра бастады. Сауданың айырбас түрі біржола қалып, ақша айналымы кең өріс алды. Қазақстан территориясында қалалардың саны күрт өсті.

1868—69 жылдардағы патша үкіметінің қыр облыстарын басқару жөніндегі ережелері Қазақстанда ел билеу, әкімшілік жүйесінің жаңа түрін енгізді. Қазақстан территориясы 3 генерал-губернаторствоға бағынған 6 облысқа бөлінді, ал облыстар уезге, уездер болыстарға, олар ауылдарға бөлінді. Дәстүрлі билер сотымен қатар, азаматтық соттар да болды. Би, молдалардың праволары едәуір тежеліп, енді олар сайланатын болды.

Бұл ережелердің мәдениет саласындағы басты бір жаңалығы уездік қалаларда орыс және қазақ балалары оқитын бастауыш мектептердің ашылуы болды. Қазақ балаларының станциялардағы орыс мектептеріне оқуына рұқсат етілді. Әрбір уездік қалаларда медицина пункті, байланыс бөлімшелері ашылуы көзделді. Бұл дәуірдегі осынау прогрестік шаралардың қатарына ұлт тілінде кітап бастыру, газет шығару сияқты әрекеттерді де жатқызуға болады.

Қоғамдық мәні бар бұл тәрізді өзгерістер қазақ әдеби тілін жаңа ұғым атауларымен байытты. Халық өміріндегі бұл жаңалықтармен байланысты келген жаңа ұғымдарды сөзбен бейнелеуде, атауда, ең алдымен, тілімізде бұрыннан бар сөз туғызу тәсілдерін пайдаланып, жаңадан сөз жасау, халықтың бұрыннан қолданып келе жатқан байырғы сөздеріне жаңа мағына телу, яғни оның қызмет өрісін кеңейту қажет болды. Бұл тәсіл қажеттілікті толық өтей алмаған жағдайда өзге тілден, атап айтқанда орыс тілінен, сөздер алу, кей жағдайда араб-парсы сөздерін пайдалану фактілерінің де орын алғанын байқаймыз.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ

жазба әдеби тіл лексикасы негізгі үш тәсілмен, яғни: 1) қазақтың байырғы өз сөздерінің түрленуі арқылы, 2) тікелей орыс сөздерін қабылдау жолымен, 3) араб-парсы сөздерін некен-саяқ пайдалану тәсілімен толықты.

Лексиканың жаңа сөздермен толығыуы қоғамдық өмірдегі алуан түрлі өзгерістермен байланысты болғандықтан, оларды тақырыптық топтарға бөліп қараған жөн.

Экономикалық өмір, сауда-саттықпен байланысты сөздер. Бұл дәуірде жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ даласында да едәуір экономикалық өзгерістер болғаны белгілі. Ішкі Россиядан қоныстанушылардың көптеп келуімен байланысты қазақ арасынан да егін кәсібімен шұғылданушылар шыға бастады. Мал шаруашылығының өзінде де оның товарлы түрін өсіру, мал тұқымын асылдандыру тәрізді жағдайларға бетбұрыс байқалады. Ал сауда-саттықтың бұрынғы айырбас түрі қалып, ақша айналымы кең өріс ала бастады. Ең алдымен, *шаруа* сөзі бұрын *шаруа бағу, шаруа істеу, шаруа адам* сияқты тіркестерде күнделікті өмірде жиі кездесетін қарапайым тіршілікті білдіретін сөз болса, біз сөз етіп отырған дәуірде ол *егін шаруасы* (земледелие), *мал бағу шаруасы* (животноводство) деген тіркестерге, шаруашылықтың белгілі бір саласын танытатын термин мәніне ие болғанын көреміз. Сонымен бірге ол орыстағы *сельское хозяйство* деген ұғымды да берген («Шаруа қауымы» — общество сельского хозяйства...). Осы сияқты *кәсіп* сөзі де табыс табу үшін қылатын айла-амал ретінде жаңа мағына үстеді. Осыдан барып, *кәсіпші, кәсіпхор* (белгілі кәсіппен айналысушы адам) сөздері пайда болды. Әр түрлі кәсіп иелерін көрсететін *жезші, етікші, тігінші, күндікші* (поденщик) сияқты терминдік ынғайдағы сөздерді де сол тұстағы баспасөзден жиі кездестіреміз. И. Букиннің «Қазақша-орысша сөздігінде» «кәсіп» сөзін «промышленная профессия» деп аударыпты. Бұған қарағанда, *кәсіп* — кез-келген жұмыс емес, өндірістік мәні бар жұмыс деген ынғайда қолданылғанын байқаймыз²². Сауда-саттықпен кеңінен айналысқан бұл дәуірде *базар, керуен, кірекеш, саудагер, сатушы, алушы* тәрізді сөздер кең қолданысқа түседі. Сауданың жаңа түрімен байланысты *көтерме сауда* (аукцион), *ортақшы* (компанион), *қарыз* (заем) сияқ-

²² Букин И. Киргизско-русский словарь. Ташкент, 1883.

ты да сөздер баспасөз бетінен орын тебе бастайды. Тілімізде бұрыннан бар мұндай атаулармен қатар экономикалық өмірдегі жаңалықтар тілімізге термин ретінде көптеген орыс сөздерін ала келгенін көреміз. Мәселен, сол тұстағы баспасөз тілінде *көпес, аренда, зауыт, за-датка, лафка, вексель, приказчик, расхот, йарманка, мұнанай, землемер, десятина* сияқты орыс сөздері жиі қолданылған. Қазақта бұрын болмаған *канфит, пірандік* тәрізді тағам атаулары мен *самауар, бөшке* сияқты құрал-сайман атаулары қазақтардың айтуынша біраз өзгертілген күйде кездеседі.

Әрине, сол тұста жарық көрген екі тілді сөздіктерде, халық ақындарының өлең-жырларында бұлардан өзге де терминдік мағынадағы сөздер кездеседі. Біздің объектіміз баспасөз бетіндегі жаңа типті лексика болғандықтан, оларды жеке-жеке сөз етпей, тек ынғайы келген жерде салыстыру мақсатында ғана келтіреміз.

Қоғамдық және саяси-әкімшілік құрылысқа байланысты сөздер. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тілі лексикасын байытқан үлкен бір топ жаңа сөздер (терминдер) осы саяси құрылыс, әкімшілік, заң істерімен байланысты болып келеді. 1868—69 жылдардағы «Ережеге» сай құрылған әкімшілік орындарының атаулары ресми документтерде, көбінесе, сол орыс тіліндегідей *облыс, ояз* (уезд), *болыс, округ, станица* түрінде кездеседі. Сол тұстағы мерзімді баспасөзде, ғылыми-көпшілік, әдеби еңбектерде кейде *крайды — уәләят, уезді — дуан* деп аударып қолдану да байқалады. Осы әкімшілік бөліктерді басқаратын лауазым иелерінің жұмыс орны мен атақ-дәрежелері де көп жағдайда орысша алынған. Мәселен, жазба нұсқалардың көпшілігінде дерлік *уездной начальник, военный губернатор, волостной, старшын, кандидат, писарь, переводчик* тәрізді лауазым аттары мен *чиновник, князь, советник* (тайный, надворный), *коллежский асессор, податной инспектор, майыр* (майор), *жанарал* (генерал) сияқты атақ-дәрежені білдіретін орыс сөздері кеңінен қолданылған. Бұл сөздердің халық арасына сіңісіп кеткені соншалық, оларды сол тұстағы ақын-жыршылар өз шығармаларына да еркін енгізіп отырған. Мысалы:

«*Старчын болус болам деб
Ысыраб қыб малны төкмендер*» (Шортанбай).
«...Сахараның мұндай жайын біліб келген

Безектеб *губернатор* болған жоқшы» («ДУГ»)
«... Ұстап алып өлтірді
Жанарал, кінәз, майырды...» («Қамбар»).

Алайда қазақша газеттердегі кейбір мақалаларда *чиновникті* — *төре, дворян*ді — *ақ сүйек, начальникті* — *ұлық, канцелярияны* — *мекеме, сотрудникті* — *жаран* деп қазақшалау кездеседі, бірақ бұл жүйелі құбылыс емес және сол тұстағы әр сөздікте әр түрлі болып келеді. Мәселен, И. Букиннің сөздігінде *начальникті* — *әкім* деп аударса, Н. И. Ильминский оны бір жерде «бастық», екінші жерде «әкім» деп аударыпты. Осындай ізденістердің қатарына әкімшілік лексикасын төмендегіше аударып қолдануды жатқызуға болады. *Пограничная комиссия* — *хыдудиа мекемесі, письмоводитель* — *хатиб, крестьянин* — *қара шекпен, должностные лица* — *қызметдегі адамдар не лауазым иелері*, т. т. Кейбір бірнеше сөзден тұратын әкімшілік орнының атауы аударылмай, сол күйінде берілген де фактілері кездеседі. Мәселен, *министерство внутренних дел, центральный статистический комитет, младший чиновник особых поручений* дегендер аударылмай, осы күйінде алынған, ал аударған жағдайда да ондайлар көп сөзді болып, мағынасы түсінікті болып шықпаған. Мысалы: «от министерства финансов» деген тіркесті қазақша *падшалық қазынасын билеп тұрғушы уәзір хазіретлерінің мағлұмнамасы*, «исполняющий обязанности» дегенді *орнындағы істерді басқарып тұрғушы* деп аударған. Баспасөз бетінен сол дәуірдегі казак қоғамында болған әлеуметтік өзгерістерді көрсететін *бай, кедей, жатақ, қайыршы, би, сұлтан* сияқты сөздерді жиі кездестіреміз. Мұның ішінен *жатақтар* әлеуметтік топ ретінде сол ХІХ ғасырдың екінші жартысында пайда болғаны байқалады, өйткені газет беттерінен олардың өмірін басқаларға үлгі ретінде ұсынған мақалаларды кездестіреміз. Ал *би, сұлтан* сөздерінің мағынасында өткен дәуірлермен салыстырғанда біраз өзгерістер байқалады. *Би* — бұрынғыдай тек билік айтушы адам емес, әдейі 3 жылға сайланып қойылатын әкімшілік иесінің атауы. *Сұлтан* сөзінің бұрынғы әкімшілік термині ретіндегі мағынасы жоқ, тек хан тұқымынан шыққан адам деген ыңғайда оның атына қоса қолданылатын белгі ретінде сақталғанын байқаймыз²³.

²³ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968, 62—63-б.

Осы сияқты *расписканы* — *тіл хат*, *пропускіні* — *жол хат* деп қазақша қолданумен қатар, олардың орысша варианттары да кездесіп қалады. Бұл дәуірдегі баспасөзден біз сот істерімен байланысты қалыптаса бастаған заң терминдерін көптеп кездестіреміз. Бір көңіл аударарлық жай — юриспруденциямен байланысты лексикада қазақтың бұрыннан қолданылып келе жатқан сөздерінің термин ретінде көбірек пайдаланылуы. Оның себебі ол кезеңде бірсыпыра уақыт азаматтық соттармен қатар дәстүрлі билер сотының жарыса өмір сүруінде болса керек. Сондықтан билер сотында қалыптасқан көпшілік терминдер азаматтық сот істерінде де кеңінен қолданыс тапты. Мәселен, орыстағы *истец* деген сөздің орнына қазақша документтерде *қуғыншы*, *жоқшы* деген сөздер қолданылған, *обвиняемый* — *жауапкер*, *жазакер*, *дело* — *іс*, *адвокат* — *қорғаушы*, *поручительство* — *кефілге алу*, *свидетель* — *куа*, *куагер*, *право* — *ыхтиар*, *проступок* — *жаза*, *решение* — *билік* болып қалыптасқан. «Қарамола съезінде жасалмыш ережеде» бұлардан басқа да терминдік мағынадағы қазақ сөздері баршылық. Олар *дағуа* (дау), *ғарыз*, *бітім* (береке бітім, салауат бітім), *күман*, *жан беру*, *айғақ тазасы*, *шүйінші*, *ғайыб* (күн, дүре, түйе башлатқан бір тоғыз...), *қалың мал*, *қанлы ат*, *билік аты*, *жаза*, *барымта*, *сойыс*, *қонағасы*, *шығын*, *төбе басы би*, т. т. Орыстағы *привлеченный к ответственности* деген тіркес *жазаға кіріптар болған*, *преступник* — *ісі қара адам*, *признание* — *мойнына түсу*, *признается виновным* — *күйеді*, *оправдание* — *ағару* болып аударылған.

Заң терминдерінің ішінде орысша алынғандары да бірсыпыра. Мәселен, *суд*, *судья* терминдері сол күйінде өзгеріссіз алынған. Мұнда *суд* (сот) *қылмысты ашатын іс-әрекет* (осыдан барып *соттау*, *ісі соттағы адам*) мағынасын білдірсе, *судья* — *іс жүргізуші* кісі ретінде жеке-жеке термин ретінде қалыптасқан. Осы сияқты *залог*, *каталашка*, *доверенность*, *дознание*, *приговор*, *копья*, *квитанция* сияқты сөздерді қазақтардың айтуында кездесетін аздаған өзгерістерімен баспасөз бетінен жиі ұшыратамыз. Заң терминдерін қазаққа түсінікті етіп аударамын деп отырып, араб-парсы сөздеріне жүгінуге мәжбүр болған жағдайлар да кездеседі. Заң сөзінің өзі ол тұста қазіргі мағынасында емес, әдет-

ғұрып, дәстүр ұғымын береді, ал *заң* сөзінің орнына *низам* термині, кейде орыстағы *закон* сөзі қолданылған. Сол сияқты *нифла* (положение), *баб* (статья) терминдері ұшырайды. Бірақ бұлар көп тұрақтап қала алмады, өйткені кейбір документтерде олардың орысша варианттары да қосарлана пайдаланылғанын көреміз. Жоғарыдағы келтірілген қазақша заң терминдерінің бірсыпырасы күні бүгінге дейін сол мағынасында қолданылады, ал бірқатарлары басқа сөздермен ауыстырылды.

Оқу-ағарту, мәдени өмірге байланысты сөздер

Өткен ғасырда айтарлықтай жанданған оқу-ағарту ісінің қоғам өміріне зор ықпалы тиді. Ол тілден де орын алды. Бұл тұста қазақ әдеби тілінде оқу-білімге байланысты көптеген сөздер мен тіркестер пайда болды. Олардың бірқатары түркі әдеби тілі арқылы, мұсылманша оқу арқылы келген араб-парсы сөздері болса, енді бірсыпырасы қазақтың төл сөздері мен орыс тілінен енген элементтер болды.

Бұл тұста мұсылманша оқытатын медреселермен қатар орысша-қазақша оқытатын мектептер, училищелер ашыла бастағаны мәлім. Осыларды бір-бірінен ажырату мақсатында біраз терминдік ізденіс болғаны байқалады. Мәселен, алғашқыда мұның бәрін *медресе* (шаруа үйрететін медресе — сельскохозяйственная школа, ұстаз даярлайтын медресе — учительская семинария) деп, *оқытушыны* — *молла*, *оқушыны* — *шәкірт* деп қолданса, кейін *медресені* тек мұсылманша оқытатын оқу орнын атауға қалдырып, орысша-қазақша оқытатын мектептерді *школа* немесе *мектепхана* деп атаған. Соңғыда сабақ беретіндерді *учитель* деп атаған. *Семинария*, *гимназия* типті оқу орындары сол орысша күйінде аталған. Бұларда сабақ беретін оқытушыларды көбінесе *ұстаз* деп атаған, бұл кезде *оқытушы*, *оқушы* сөздерінің қазіргі беретін терминдік мағыналарына әлі ие бола алмағанын көреміз. Оқу-ағарту ісінде араб-парсы сөздері көбірек орын алған. *Қітап*, *дәфтер*, *қалам* сияқты құрал-жабдық атауларымен қатар, *хәріф*, *әліпби*, *әуез*, *лұғат*, *хисаб*, *наһу* тәрізді сөздер оқу-педагогикалық терминдер ретінде қалыптасқан. Оқу-ағарту, білім деген мағынада *өнер-ғылым* тіркесінің қолданылғанын көреміз. Баспасөз бетінде белгілі бір ғылым са-

лаларының атауын қазақша аударып беруге тырысушылық та байқалады. Мысалы, *жан-жануарлар ғылымы* (зоология), *ағаш-су ғылымы* (ботаника), *тау-тас ғылымы* (геология), *ұлама* (профессор), *мадрис* (преподаватель, ученый), т. т.

Газет шығару ісінің пайда болуымен байланысты тілімізге *казит*, *редакция* (кейде *казит шығарушылар*), *казит алушылар* (подписчики), *басмахана* (типография) тәрізді жаңа сөздер кірді. Редакция қызметкерлерін «казитшілер» немесе «казит басатындар» деп атағанын көреміз. Мысалы: Омбы уезінің молласы Бөкен Адықұғлы *казит басатындарға бір* хат жіберкен (ДУГ, 1888, 41). Осы мақаланың өзінде «от редакции» дегенді «казит шығарушылардан» деп аударыпты. Бұған қарағанда «редакция» терминінің қазақша баламасының бірсыпыра уақыт тұрақтамағанын көреміз.

Газеттерде «кітапхана» (библиотека) термині де ұшырайды, осымен байланысты «көп қауымға тиішлі кітапхана» (публичная библиотека), «кітап оқығұшылар» (читатели) деген термин мағынасындағы тіркестер пайда болады.

Әрбір уездік қалалар мен станицаларда почта байланысының ашылуымен байланысты тілімізге *почтавой*, *кантор*, *телеграм*, *заказной хат* сияқты орысша терминдер кіреді. Сондай-ақ *простое письмоны* — *әншейін хат*, *посылканы* — *аманат бұйым*, *ценное письмоны* — *ақчалы хат* деп аудару фактісі де байқалады, бірақ бұлар орныққан терминдер емес.

Баспасөз бетінен медициналық тақырыпқа жазылған мақалаларды жиі кездестіруге болады және осы тақырыпқа арналған жеке кітапшалар да баршылық. Бұлардан біздің байқайтынымыз — негізгі медициналық терминдер қазақтың бұрыннан қолданылып жүрген байырғы сөздерінен жасалған. Мәселен, *дәрігер* (врач), *дәрі* (лекарство), *ем* (лечение), *жара*, *жаралы* (рана, раненый), *ауру* (болезнь), *науқас* (больной), *дәріхана* (аптека), т. т. Бірақ қазіргі мағынасында *аурухана*, *емхана* сөздері ол кезде әлі термин ретінде қалыптаса қоймаған, сондықтан оларды көбінесе түсіндірме жолымен «адамдарды қарайтын жер» деп берген. Медициналық тақырыптағы мақалаларда *іспірт*, *капля*, *палатно* сияқты бірен-саран орыс сөздері аударылмай алынған.

Біз талдаған материалдардан қазақ тілінің төл сөздері мен араб сөздері термин ретінде оқу-ағарту, мәдениет саласында және юриспруденцияда көбірек қолданылғанын көреміз. Оның бір себебі бұл салалардың бұрыннан бар екендігінде ғана емес, олардың бірсыпырасының жаңадан болған өзгерістермен қоса қабат өмір сүруінде болса керек. Керісінше, әкімшілік-басқару, сауда-саттықпен байланысты терминдік мағынадағы сөздердің орыс тілінен көбірек енгенін байқау қиын емес. Қазақтың байырғы сөздерінен жаңа мағынадағы термин жасауда өнімді тәсіл ретінде түбір сөзге жұрнақ жалғау және түсіндірме жолымен сөз тіркестіру көбірек орын алған. Қазақ тілінің дәстүрлі сөз тудыру амалы — түбір сөзге *шы/ші* жұрнағын қосу арқылы жаңа мамандық иелерін білдіретін бірсыпыра сөздер жасалған. Мәселен, тілде бұрыннан бар *етікші, тігіншінің* үлгісімен *казитші* (газет шығарушылар), *қорғаушы* (адвокат), *қуғыншы, жоқшы* (истец), *оқығушы* (читатель) сияқты көптеген терминдік мағынадағы жаңа сөздер жасалған. Мұндай сөз жасау қызметіне парсы тіліндік *кер, хана* жұрнақтары да кеңінен пайдаланылған. *Саудагер, шайхананың* моделімен *дәрігер* (врач), *жазагер, жауапкер* (обвиняемый), *қызметкер* (слуга), *мектепхана* (школа), *басмахана* (типография), *кітапхана* (библиотека), *дәріхана* (аптека), *атхана* (конюшня) сөздері жасалған. Кейбір орыс сөздеріне қазақ тілінен бір сөзбен балама таппаған жағдайда оның мағынасын түсіндірме жолымен не екі-үш сөздің тіркесуімен берген. Мысалы: *иностранний* — *бөтен жұрт, крестьянин* — *қара шекпен, счетчик* — *есеп алушы, земледелие* — *егін шаруасы, посылка* — *аманат бұйым, циркуляр* — *жария бұйрықнама*, т. т.

2. Сөз мағыналарының дамуы

Қоғамдық өмірдегі болған жаңалықтармен байланысты пайда болған жаңа ұғымдарды атауда, жоғарыда көрсеткендей, бұрыннан бар модельдермен жаңа сөздер жасау, шет ел сөздерін пайдаланумен қатар, кей жағдайда байырғы сөздерге жаңа қосымша мағына жүктеу не көнерген сөздерге жаңа мағына теліп активтендіру фактілері кездеседі. Мәселен, тілімізде «бөлме»

сөзі «үйдің ішкі бөлігі» ретінде әуелден бар болатын. XIX ғасырдың екінші жартысында баспасөз бетінде бұл сөздің мағынасының біраз кеңейіп, орыс тіліндегі *отдел, отделение, участок* дегендердің баламасы ретінде қолданылғанын көреміз (*технически бөлме* — технический отдел, *есеп алу бөлмесі* — переписный участок, *бөлме бастығы* — зав. участком, *выстафка бөлмелері* — отделы выставки). Қазіргі әдеби тілімізде «бөлме» сөзінің соңғы мағыналары жойылып, өзінің о бастағы негізгі мағынасында қалғанын, ал *отдел* сөзі — *бөлім, отделение* — *бөлімше, участок* — *участок* болып өзара жіктеліп қалыптасып кеткенін көреміз. Осы сияқты «қауым» сөзінің де көп мағыналы сөз болғанын байқау қиын емес. Ол, ең алдымен, өзінің негізгі мағынасы «топ адам» дегенді білдірген. Сонымен бірге ол орыс тіліндегі *общество, публичный* дегендерге балама ретінде де қолданылған.

Мысалы: Қазнаны һәм жер шаруасын басқаратын министрстволар хабар алыбды Түркстанның *шаруа қауымы* һәм императорски русски *технически бөлменің қауымы* Ташкен шаһарында шаруа һәм өнер іс турасынан выстафка ашады деген (ДУГ, 1896, 49). Мұндағы «шаруа қауымы» орысшадағы «общество сельского хозяйства» дегеннің, «технически бөлменің қауымы» — «отделение технического общества» дегеннің аудармасы ыңғайында қолданылып, екеуінде де *обществоның* баламасы болып тұр. Енді бір жерде «публичная библиотека» дегенді «көп қауымға тиісті кітабхана» деп аударған. Қазіргі тілімізде *общество* — «қоғам» делініп, *публичный* «көпшілік» болып қалыптасып кетті, ал «қауым» сөзі о бастағы «топ адам» мағынасын білдіреді.

Бұл тұста *шар* сөзі актив қолданысқа түседі²⁴. Әр түрлі сайлау науқанымен байланысты *шар салу, шарға түсу, шарға кіру* сияқты тіркестер пайда болады, мұның біріншісі, қазіргіше айтсақ, «дауыс беру», екінші, үшіншісі — «дауысқа түсу» мағынасын берген. Оның үстіне тағы бір жерде ол «әуе шары» деген тіркесте де қолданылған. Ал қазір *шар* сөзінің мағынасы едәуір кеңейіп, «жер шары», «биллиард шары» т. с. с. жалпы домалақ нәрсенің синонимі ретінде жиі қолданылатын болды.

²⁴ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 188-б.

Енді бір топ сөздердің ол кезде берген мағынасы мен қазіргі мағынасының бірдей емес екендігін көруге болады. Мәселен, баспасөз материалдарында *қызметкер* сөзі 'слуга', 'прислуга' дегенді ғана білдірген, қазіргі беретін 'работник', 'служащий' мағыналары ол кезде әлі жоқ. Мысалы: Әбдіұғла өлетұғұн күні ерте мынан салт ат мінуб дөрт *қызметкері* мынан ауға шыққан екен (ТУГ, 1880, 1). Осы тәрізді 'жауап' сөзінің ол кезде берген мағынасы қазіргіден басқаша болған. Ол орыс тіліндегі *вопрос* немесе қазіргі тіліміздегі 'мәселе' дегеннің мағынасын берген. Мысалы: Бұрұн бидайдай жіберетін астықды енді диірменге тартып ұн қылып жіберсек қайтеді деген *жауап* чықды (ДУГ, 1896, 31). Мұндай мағынасы өзгерген сөздердің қатарына *кеңес, партия, лақаб, насихат, өнер, хүкім*, т. б. жатқызуға болады.

Біз талдаған материалдарда сол кездің өзінде-ақ көнеріп, архаизмге айнала бастаған кейбір көне сөздер актив қолданылған. Мәселен, қазіргі тіліміздегі 'аң' мағынасында бірсыпыра нұсқаларда оның көне түрі — 'ау' қолданылған. Бұл — «Түркстан уәләятінің газетінде» жүйелі түрде кездеседі және И. Букиннің «Қазақша-орысша сөздігінде» «*ау — сеть, охота, невод; аушы — ловец, охотник, рыбақ*» деп беріліпті. Ал қазіргі әдеби тілімізде *ау* сөзінің мағынасы тарылып, ол тек «*сеть, невод*» мағынасында ғана жұмсалады. Сол сияқты *шық* сөзі қазіргі тілімізде жеке қолданылмайды, тек кейбір тұрақты тіркестердің құрамында ғана сақталып қалған. Мәселен, «Шық бермес Шығайбай», «Шық үндемеді» дегендердегі *шықтың* беретін мағынасы *еш, ештеңе, дым* дегенге келеді. Осы мағынада *шық* сөзі біз талдаған кейбір нұсқаларда кездеседі. Мысалы: Су ішінде нече ай нече күндер жүрүб су менен аспаннан басқа *чық* нәрсе көре алмады («Самоучитель русской грамоты для киргизов», 1861, 86-бет). Оны (компасты айтып отыр.— Б. Ә.) қалай-олай жүрітсең де, баяғы өзінің тура көрсететұғын жағынан *чық* танбайды (Бұ да сонда, 85-бет).

3. Әдеби тіл лексикасының негізгі қабаттары мен олардың өзара арасалмағы

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі лексикасының негізгі қабаттарын әңгімелегенде,

жоғарыдағыдай тек терминдер төңірегінде ғана сөз болып қоймайды, мүмкіндігінше барлық сөздер қамтылады. Бірақ біздің тілін сөз ететін объектіміз — XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалар мейлінше мол да көлемді болғандықтан, олардағы қолданылған барлық сөздерді қамту ешбір мүмкін де емес, ондай мақсатты біз өз алдымызға қойғанымыз да жоқ. Сондықтан біздің талдауымыз газеттердің әр жылдағы жеке номерлері мен кітаптардан алынған үзінділер негізінде жасалып, ондағы байырғы қазақ және өзге тілдік сөздердің сандық арасалмағы ашылады, сондай-ақ өзге тіл сөздерінің сол тұстағы даму тенденциясы, кіру қарқыны сөз болады.

Сөз жоқ, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазба әдеби тілі лексикасының негізгі де мол қабаты — қазақтың байырғы сөздері. Қазақ ағартушылары Шоқан, Ыбырай, Абайлардан басталған ана тіліне, оны таза сақтауға деген көзқарас одан кейінгі орыс мектебінен тәрбие алған сол тұстағы интеллигент жастар тарапынан қолдау тапқанын біз сол кездегі мерзімді баспасөз беттерінен айқын көреміз²⁶. Баспасөз бетінен, сондай-ақ, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін жасау қажеттілігі жайлы пікірлердің де алғашқы жаңғырығын байқауға болатын еді. Бұл талап сол кезде қазақтар арасына кең тарай бастаған ислам дінін тежеу мақсатында татар ықпалына қарсы күрескен Н. И. Ильминский, В. В. Григорьев, В. Н. Қатаринский сияқты орыс миссионер ғалымдарының қызметімен де үндесіп жатты. Бұл жағдайлар сол кездегі жазбаларда, шама келгенше, қазақтың өз сөз байлығын кеңінен пайдалану тенденциясын туғызды. Бұған дәлел — сол кезде жарық көрген көркем әдебиет стиліне жататын туындылардың, мерзімді баспасөздің, ғылыми-көпшілік әдебиеттер тілінің барынша тазалығы (ол жөнінде осы еңбектің алғашқы тарауларында сөз болған). Біздің бұл айтқанымызды «Дала уәләятінің газетіндегі» қазақ тілі жайында мақала жазған авторлардың пікірлері де растай түскендей. Мәселен, Асылқожа Құрманбаев өзінің «Қазақ тілі турасынан» деген мақаласында газет редакциясын «Өзге әр түрлі бөтен тілдерді араластырмастан қазақтың таза тілімен жазып үлгі көрсетуге»

²⁶ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971, 20—30-б.

шақырды²⁶. Мұндай пікірді Дінмұхамед Сұлтанғазин де айтады.

Тіл тазалығы үшін күресе отырып, бұл авторлардың ешқайсысы қажетті жағдайда басқа тілден термин ретінде сөз алуға әсте қарсы болған емес. Бірде-бір тілдің өзінен экономикасы, мәдениеті жоғары көршілес халықтардың тілдерінен сөз ауысусыз дамымайтындығын, мұның объективті процесс екенін жақсы түсінді. Д. Сұлтанғазин бұл туралы былай деп жазды:

«Әлбетте, қазақ тіліне қай жұрттың тілінен болса да сөз қосуға қарсы келгеніміздің орны жоқ және мүмкін емес..., себебі халықтың тілі, сөзі халықтың өзі тәрізді өсіп-өнеді, өзгереді, түрленеді»²⁷.

Сөйтіп, әдеби тіл лексикасының негізгі қабаты — қазақтың байырғы сөздері бола тұрса да, одан кейінгі қабаттарын араб-парсы, орыс сөздері құрағанын көреміз. Бұлардың өзара арасалмағын есептеп шығармас бұрын соңғы шет тіл сөздерінің қазақ тіліне кіру кезеңдерін және себептерін, оларды транскрипциялаудың негізгі принциптерін сөз ете кетуіміз артық болмас.

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздер

Араб-парсы тілдерінен ауысқан сөздерді шамамен болса да дәуірлеу қиын²⁸. Бірқатар тіл тарихын зерттеушілер бұл тілдерден сөз ауысуды орта ғасырлардан басталады деп жүр²⁹. Шындығында да, қазақ тіліндегі көптеген араб-парсы сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына әбден бағынып, қазақтың байырғы сөз, қосымшаларымен жымдаса кірігіп, басқа тілдік қасиетін жойып кетуі — олардың талай ғасырды басынан кешіргендігінің айқын айғағы сияқты. Екінші жағынан, бірсыпыра дінмен, оқу-жазумен байланысты сөздердің кейінде яғни XVIII—XIX ғасырларда реакциялық бағыттағы панисламизм қозғалысы дәуірлеп тұрған кезеңде кіргені байқалады. Ал XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, дәлірек айтсақ, өткен ғасыр-

²⁶ Дала уәләятінің газеті, 1894, 27.

²⁷ Дала уәләятінің газеті, 1896, 31.

²⁸ «Қазақ тіліндегі араб-иран тілдерінен ауысқан сөздер» деген диссертациялық еңбегінде Л. Рүстемов араб-парсы тілдерінен енген сөздерді шартты түрде XV ғасырға дейін және XV ғасырдан кейін енген деп екіге бөліп қарайды.

²⁹ Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962, 98-б.

дың 60-жылдарынан бастап, патша үкіметі ислам дініне тежеу салып, жалпы панисламизмге қарсы белсенді күрес жүргізгені мәлім.

«XIX ғасырдың бірінші жартысында,— деп жазылған Қазақ ССР тарихында,— патша өкіметі ислам дінін қолдап, мешіттер салуға, мұсылманның діни кітаптарын басып шығаруға ақша босатып отырған еді. Ал сонан кейінгі жерде патша өкіметі ислам діні мен мұсылман діни қызметкерлерін қолдаудан іс жүзінде бас тартты. Мұндай теріс айналудың себебі: мұсылман діни қызметкерлерінің көптеген өкілдерінің орысқа қарсы позицияда екендігіне бұл кезде патша үкіметінің көзі жетті, бұлар кейде Орта Азия хандарының, ал олар арқылы Түркияның агенттері болатын...

1868 жылдың «Ережесі» бойынша қазақтың діни істері Орынбор мүфтиінің (мұсылман діни қызметкерлері бастығының) қарауынан алынды. Молдалар жалпы азаматтық басқармаға, ал ол арқылы — Ішкі істер министрлігіне бағынатын болды. Молдаларды халық сайлайтын болды, бірақ бір болысқа бір молдадан артық сайланбауға тиіс және оның Россия мемлекетінің қол астындағы адамнан болуы міндетті еді. Молдалардың молдалық атағын бекітетін және оны молдалықтан шығаратын облыстық басқарма болды. Сұраусыз мешіт салуға, жаңа мұсылман медреселерін ашуға тыйым салынды»³⁰. Бұл шаралардың үстіне 1888 жылғы оқу министрі граф Толстойдың қазақ даласындағы әкімдерге берген мына нұсқауын қоссақ, патша үкіметінің бұл іске қаншалық мән бергенін байқау қиын емес. Ол нұсқауда былай деп жазылған: «...пресечь мусульманской пропаганде путь в среду киргизов и что для этого прежде всего необходимо безотлагательно заменить в местных управлениях переводчиков и письмоводителей из татар и башкир природными киргизами, воспитавшимися в русских учебных заведениях ...а затем постепенно вводить в официальную переписку с местным начальством киргизский язык с русским алфавитом»³¹. Бұл нұсқаудың алғашқы бөлегінің қаншалық тез орындалғанын төмендегі фактіден көруге болады. Сол 1883 жылдың июнь айында жоғарыдағы нұсқауға жауап ре-

³⁰ Қазақ ССР тарихы. Т. I. Алматы, 1957, 417-б.

³¹ Васильев А. Материалы к характеристике взаимных отношений татар и киргизов. Оренбург, 1898, с. 12.

тінде Торғай облысының әскери губернаторы Константинович татар, башқұрттардан уездік мекемелерде бірде-бір аудармашы, болыстарда бірде-бір хат жүргізуші қалмағанын граф Толстойға хабарлаған³².

Бұл жағдайлар қазақ тіліне араб-парсы сөздерінің жаңадан кіруіне де белгілі дәрежеде тежеу салған сияқты. Осы жағдайлардан ба, әлде газет редакциясы газетті таза қазақ тілінде шығаруға тырысқандықтан ба «Түркстан уәләятінің газеті» тілінде араб-парсы сөздері өте сирек кездеседі, кездескенінің өзі о бастағы тұлғасын мүлде өзгерткен, халықтың ауызекі тілінде қолданылып кеткендері ғана. Ал «Дала уәләятінің газеті» шыға бастаған ХІХ ғасырдың 80—90 жылдары араб-парсы сөздерінің жаңадан кіру қарқынының мүлде әлсіреп, тіпті тоқталған кезі болатын. Оның үстіне бұл газет патша администрациясының органы болғандықтан, өз бетінде патша үкіметінің жоғарыдағы татаризмге қарсы саясатын насихаттаушы да болды. Сондықтан «Дала уәләятінің газеті» қазақ тіліне араб-парсы сөздерін көбірек кіргізуге ынталы болған жоқ. Сол кезде қазақ тілі грамматикаларын жазған орыс ориенталистері де (Ильминский, Мелиоранский, Васильев, Лаптев т. б.) қазақ тіліне араб-парсы, татар тілдерінің тигізген әсеріне қарсы күресіп, «Дала уәләятінің газетінің» бұдан аулақ болуы үшін барлық шараны істеп бақты...

Дегенмен сол кездегі баспасөзде халық ұғымына әбден сіңіп, оның қажетіне асып жүрген араб-парсы сөздері кеңінен қолданылды.

Қазақ тілінде қолданылып жүрген араб-парсы сөздері жайында көрнекті түрколог П. М. Мелиоранский өз кезінде былай деген еді:

«Некоторые из этих слов (араб-парсы сөздерін айтып отыр. — Б. Ә.) повсеместно в употреблении, так что их знает всякий киргиз, другие известны лишь муллам да грамотеям, а простому народу не понятны. О таких словах много говорить не приходится, так как встречаются они только в письменном языке, причем начертание их обыкновенно правильно, а в произношении грамотей и муллы стараются подражать своим учителям. Другое дело слова арабские и персидские,

³² Бұл да сонда.

перешедшие в живую народную речь, — эти в большинстве случаев совершенно окиргизились»³³.

Біз тілін сөз етіп отырған баспа нұсқалардан да тап осы жағдайды айқын көруге болады, яғни ондағы араб, парсы сөздері екі бөлініп тұрады. Оның бірі — өте ертеде және ауызша кіріп, қазақтың өз төл сөзіндей болып неше түрлі грамматикалық қарым-қатынасқа түскен сөздер. Екінші — жазба әдебиет арқылы кейінгі кездерде кірген, әлі өздерінің негізгі мағынасы мен формасын жоймаған сөздер.

Орыс тілінен енген сөздер

Қазақ тілі лексикасына орыс тілінен енген сөздерді кейбір зерттеушілер 4 кезеңге бөліп қарайды. 1-кезең — XVII ғасырға дейін; 2-кезең — XVII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін; 3-кезең — XIX ғасырдың екінші жартысынан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін; 4-кезең Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі дәуірді қамтиды³⁴. Бұл бөлуде белгілі дәрежеде шарттылық болумен қатар, негізінде, тарихи, тілдік фактілерге сүйенушілік те бар екенін көреміз. Айтылған дәуірлерде орыс тілінен енген сөздердің сандық мөлшерінің бірдей еместігі өз алдына, олардың тақырыптық жағынан да бөлек-бөлек болып айрылып тұратындығын аңғару қиын емес.

Сөз жоқ, біз әңгімелеп отырған 3-дәуір яғни XIX ғасырдың екінші жартысында орыс сөздері молынан кірді. Оның басты себебі, жоғарыда көрсеткеніміздей, қазақ өлкесінде болған экономикалық, саяси-әкімшілік және мәдени өзгерістермен байланысты еді. Сол тұстағы зиялы қауым орыс тілінен кірген сөздерді жатсынған жоқ және оны табиғи заңды құбылыс ретінде қарады. Ұлы ағартушылар Ыбырай, Абай орыс тілін қазақ қоғамын қараңғылықтан шығарып, прогреске бастайтын бірден-бір құрал ретінде түсініп, кейінгі ұрпақты орыс мәдениетін, тілін білуге шақырса, олардың идеясын қуаттап, жолын қуған қазақ интеллигенттері орыс тілін үйренуге, одан қажетті жерінде сөз алудан қаш-

³³ Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология/Сост. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 69—70.

³⁴ Мусабаев Г. Г. Лексика современного казахского языка. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1960, с. 25.

пауға үндеді. «Дала уәләятінің газеті» бетінде жарияланған бір мақаласында Асылқожа Құрманбаев былай деп жазды:

«Араб, фарсы һәм өзге тілдерді білгенменен білімді болмайды... Біздің қазақлар бұл аз ғайдалы тілдерді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегін һеч қылғанча, онан да өзінің қазақ тілін һәм орысша тілді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегін һеч қылса жарар еді; бұл тіл бізге өзге тілдерден гөрі көбірек қажетті болса керек»³⁵.

Бұл авторлардың орыс тілінен енген сөздерді қалайша транскрипциялау қажеттігі жөніндегі айтқан пікірлерінің де әрі ғылыми, әрі практикалық мәні зор екенін көреміз.

«Қазақ тіліне кірген орыс сөздері турада айтатынымыз,— деп жазды Дінмұхамед Сұлтанғазин,— бұларды жазғанда сөздердің оңайлығына әм қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Қазаққа ұғымды болса, орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсастырып жазуға тырысу керек. Мысалы, қазақтар «жандарал», «жанарал» дейді әм «генерал» дегенді де жақсы пайұмдайды. Сол себептен *генерал* деп жазу керек. Орыстың көп сөздері қазақ тілінде ешбір өзгерген жоқ. Мысалы, *князь*, *судья*, *писарь* деген сөздер»³⁶.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа әдебиеттерде олардың стиліне, көтерген тақырыбына қарай бірінде аз, бірінде көп дәрежеде орыс сөздері кездеседі. Баспа нұсқаларды стиліне қарай талдасак, орыс сөздерінің ресми іс қағаздары мен публицистикалық әдебиеттерде көбірек кездесетінін, ал тақырып жағынан алғанда, саяси-әкімшілік, экономика тақырыбындағы әдебиеттер мен мақалаларда молынан ұшырайтынын байқаймыз.

* * *

Біздің зерттеу объектіміз болып отырған — XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалардың лексикасындағы байырғы және өзге тілдік сөздерге жасаған сандық есептеудің қорытындысын төмендегі кестемен көрсетуге болады.

Есептеуге алынған материалдар әр түрлі стильден алынды және бір ғана «Дала уәләятінің газетінен»

³⁵ Дала уәләятінің газеті, 1894, № 27.

³⁶ Дала уәләятінің газеті, 1890, № 6.

Материалдың аты және стилі	Жылы	Барлық сөз	Оның ішінен							
			Байырғы қазақ сөздері		Араб-парсы сөздері		Орыс сөздері		Ономастикалық атаулар	
			са-ны	%	са-ны	%	са-ны	%	са-ны	%
1. «Айман—Шолпан» қиссасынан (көркем әдебиет стилі)	1896	628	497	79	70	11	—	—	66	10
2. «Түркістан уәлаятінің газетінен» (публицистикалық стиль)	1881	661	484	73,2	58	9	50	7,5	69	10,3
3. «Дала уәлаятінің газетінен» (публицистикалық стиль)	1890	1067	751	70,4	206	19,7	59	5,6	51	4,7
4. Ыбырай құрастырған қолжазба газеттің бас мақаласы (публицистикалық стиль)	1880	565	452	80	88	15,5	25	4,5	—	—
5. «Облыстардың тергеуі турасынан» (ресми іс қағаздар стилі)	1896	854	608	71	169	20	77	9	—	—
6. «Қазақша календарьдан» (ғылыми-көпшілік әдебиет стилі)	1897	527	481	91	28	5	4	1	14	3

алынған түгел номерді есептегенде³⁷, көлемдері жағынан шамалас келеді. Бұл материалдар уақыт жағынан да, бір-бірінен өте алшақ кетпейді, әрі кетсе 10—15 жылдардың төңірегін қамтиды. Мұнда алға қойылған мақсат — қазақ тілінің байырғы сөздері мен өзге тілдік лексиканың әдеби тілдің әр түрлі стильдеріндегі арасалмағын байқау, өзге тілдік сөздердің аталған дәуірде қай стильде көбірек қолданылғанын, оның себептерін ашу.

³⁷ Дала уәлаятінің газетінен алынған бұл материал басқаларға қарағанда, көлемі жағынан көптеу болды. Оның себебі есептеуге алынған нөмірдегі мақаланы бөлгіміз келмеді.

Жоғарыдағы жасалған сандық есептеу нені көрсетеді?

Ең алдымен, бұл тұстағы баспа нұсқалардың лексикалық құрамында араб-парсы және орыс сөздерінің, салыстырмалы дәрежеде алғанда, өте көп еместігін көреміз. Баспа нұсқаларды жалпылай алғанда, араб-парсы сөздерінің 5-тен 20 процентке, орыс сөздерінің 1-ден 9 процентке дейінгі аралықтағы мөлшерде ғана болғанын аңғаруға болады. Бұл тұрақсыздықтың (колебание) материалдардың стиліне, тақырыбына және авторларына байланысты екендігін айтуымыз қажет. Мәселен, көркем әдебиет стиліне жататын кіссаларда өзге тілдік сөздер тым аз болса, ғылыми-көпшілік әдебиеттер мен публицистикалық мақалаларда одан көбірек, ал ресми іс қағаздарында барынша көп қолданылғанын көреміз. Ол — түсінікті де. Ресми материалдар көбіне-көп аударма болатындықтан және автордың не аудармашының қалауынша сөз таңдауына ерікті бола бермейтіндіктен, онда сол оригиналдағы сөздер не бұрын қалыптасып қалған терминдік шет тіл сөздері жиі қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ, публицистикалық стильден алынған үш материалдың үшеуінде өзге тілдік сөздердің арасалмағының бірдей еместігін көреміз. Мысалы, Ыбырай құрастырған қолжазба газет пен «Түркстан уәләятінің газетіне» қарағанда, олардан 10 жылдай кейін шыққан «Дала уәләятінің газетінде» араб-парсы сөздерінің көбірек қолданылғанын байқаймыз. Оның себебі, біріншіден, газеттің ресми орган болғандықтан, онда ресми материалдың көп берілуінен болса, екіншіден, газеттің аударма болуымен байланысты орыс сөздеріне халыққа түсінікті балама іздеймін деп еріксіз араб-парсы сөздерін кіргізіп жіберуінен деп ойлаймыз. Ал «Түркстан уәләятінің газетінде» араб-парсы сөздерінің саны аз да, оның есесіне, орыс сөздерінің саны бірсыпыра. Газет ең алғашқы баспа органы болғандықтан және орысша ресми материалдарды аударуда тәжірибесінің аздығынан оларды көбіне сол тілдегіше алған. Мұнда да орыс сөзінің санын көбейтіп тұрған, көбінесе, әр түрлі әкімшілік атаулары мен ресми мекеме аттары. Өзге тілдік сөздерден барынша таза, қазақтың халықтық тілінің байлығын молынан пайдаланған материал — Ыбырай Алтынсариннің өз қолымен жазған қолжазба газеті. Мұндағы автордың өзі жазған бас мақала тікелей қазақ халқының қалың көп-

шілігіне арналғандықтан, оның таза халық тілінде жазылуына көп көңіл бөлінген.

Бұл баспа нұсқалардағы өзге тілдік сөздердің өте көп еместігін қазіргі баспа нұсқалардың тілімен салыстыра отырып та көрсетуге болар еді. Осы мақсатта біз «Лениншіл жас» газетінің 1978 жылғы бір номеріне жарияланған «Жер — қазына, су — алтын» атты проблемалық очеркті алып, ондағы байырғы қазақ (түркі негізді), араб-парсы және орыс сөздеріне сандық талдау жасадық. Очерктегі жалпы сөз саны (қайталауларын қоса есептейміз) 1342 болды, оның ішінен байырғы қазақ сөзі дегеніміз — 1061 сөз, яғни 79,1 процент, араб-парсы сөздері — 177, яғни 13,2 процент, орыс сөздері — 73, яғни 5,4 процент, ономастикалық атаулар — 31, яғни 2,3 процент болып шықты.

Бұдан бұрынырақ «Социалистік Қазақстан» газетінің бас мақаласына жасаған сандық талдауымызда араб-парсы сөздері 15,7 процент болса, орыс және сол арқылы келген интернационалдық сөздер 18,4 процент болған болатын³⁸.

Бұдан шығар қорытынды — XIX ғасырдағы баспа нұсқалардағы кездесетін араб-парсы сөздерінің саны бүгінгі әдеби тіліміздегіден еш те бір артық еместігі.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жазба әдеби тілінің лексикасы қоғамдық өмірдің сан саласында болған үлкен өзгерістерге байланысты толығып, даму үстінде болғанын көреміз. Бұл дамуды қазақтың кейбір төл сөздерінің терминдік дәрежеге көтерілуінен, қайсыбір сөздердің бұрынғы мағынасына қосымша жаңа мағына үстеуінен, енді бір топ сөздердің тілімізде бұрыннан бар сөздерге қосымша қосылуы не өзара бірігуі негізінде жаңа мағынаға ие болуынан көруге болады. Сондай-ақ бұл дамуды әдеби тілімізге шет тілдерден көптеген терминдік мағынадағы сөздердің кіруінен де байқауға болады. Бұлардың көпшілігі орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген интернационалдық сөздер болатын. Бірақ бұл кірме сөздер тіліміздің әлденеше замандар бойына қалыптасқан грамматикалық құрылысына не фонетикалық жүйесіне өзгерістер енгізе алмады.

³⁸ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971, 97-б.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Қай тілдің болсын, оның негізі — грамматикалық құрылыс пен негізгі сөздік қордан тұратындықтан, олар ғасырлар бойына түбірлі өзгеріссіз сақталады. Бірақ уақыт озған сайын тілдің грамматикалық құрылысы баяу да болса өзгеріске ұшырайды, жетіледі, өңделеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысында өзінен бұрынғы көне әдеби тілден, сондай-ақ қазіргі жазба әдеби тіл құрылысынан ерекшеленетіндей түбірлі айырым белгілер бар дей алмасақ керек. Дегенмен қазіргі әдеби тіліміздің грамматикалық құрылысымен дәл бірдей деп тағы да айта алмаймыз.

Жалпы грамматикалық құрылыс өзгереді дегенде, көбіне өзгеріске бейім тұратын ондағы сөз тудырушы, сөз байланыстырушы амалдар болып келеді. «Тілдегі грамматикалық амалдар мен тәсілдердің жиынтығы әдетте грамматикалық құрылыс деп аталады»¹. Бұл тараудағы біздің сөз етпегіміз — тілдегі бар категориялардың талдап отырған жазба нұсқаларда бар-жоғын жіпке тізіп санап шығу емес, жоғарыда көрсеткеніміздей, тілдегі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші, сөз байланыстырушы амалдардың көрінісі, өзгеру-жетілу жолдары, олардың нормалану жайы туралы болмақ.

«Сөз тудыратын қосымшалар, әдетте, лексикалық категория деп есептеледі»². Сондықтан біз де сөз тудырушы амалдардың көрінісін осы еңбектің «Лексика» тарауында сөз еткенбіз. Бұл арада баспа нұсқалар арқылы сөз түрлендіруші және сөз байланыстырушы (жалғастырушы) тәсілдерде байқалатын кейбір өзгерістер мен жаңалықтарға ғана тоқталамыз. Олардың көне әдеби тіл мен жаңа әдеби тілдегі көрінісі, даму тенденциялары сөз болады, ал қазіргі жазба әдеби тілімізге өзгеріссіз жеткен формалар бұл жерде арнайы сөз болмайды.

¹ Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, морфология. Алматы, 1967, 7-б.

² Бұл да сонда, 10-б.

1. Сөз түрлендіруші жұрнақтар

Тілдегі «...бір алуан жұрнақтар өздері жалғанған сөздерден лексикалық мағынасы басқа немесе басқа бір сөз табына тән жаңа сөздер тудырмайды, түбірі я негізі қай сөз табына тиісті болса, сол сөз табына тиісті сөздер, демек, ішкі категориялық формалар ғана тудырады. Белгілі бір сөз табының өзіне тән ішкі категориялық жаңа формалар тудыратын осындай жұрнақтарды форма тудыратын жұрнақтар деп есептейміз...»³ — деп көрсетілген қазақ тілінің ғылыми грамматикасында. Мұндай жұрнақтар, әдетте, әр сөз табына телулі болады, бұл жерде оларды бас-басына талдаудың қажеттілігі болмаса керек. Біздің сөз еткелі отырғанымыз — қазіргі әдеби тіл үлгісінен сәл де болса ерекшелігі бар, етістік түбіріне жалғанып, есімше тудыратын **ған, ар, тын** жұрнақтарының әр түрлі варианттары жайлы.

Мыш тұлғалы есімше жайлы

Қазіргі қазақ әдеби тілінде етістік түбіріне **ған//қан, ген//кен** жұрнағы жалғанған есімшенің өткен шақтық делінетін түрі екі түрлі қызмет атқаратыны белгілі. Оның біріншісі — атрибуттық функциясы болса, екіншісі — предикаттық қызметі.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы жаңа жазба әдеби тіл материалдарында да есімшенің бұл түрінің, негізінен, осы қызметтерде жұмсалғанын көреміз. Сонымен қатар, бұл дәуірдегі кейбір жазба нұсқаларда есімшенің бірінші атрибуттық қызметіндегі **ған//қан, ген//кен** жұрнағының орнына **мыш//міш** қосымшасы қосылған вариантының да кездесетінін көреміз. Бірақ бұл баспа нұсқалардың барлығында емес, кейбірінде, атап айтсақ, «Дала уәләятінің газетінде», ресми іс қағаздары үлгілерінде, қиссалардан «Бозжігіт» қиссасында ғана кездеседі.

— Бүгінгі тұрған жерінде аталмыш құранды мұсылман көруге мүмкін бола бермейді (ДУГ, 1896, 3). Менің есіміме берілміш прошеніде... Ұшбу бабдағы башында йазұлмыш екі дағуаны сиез билері бітіредүр

³ Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, морфология. Алматы, 1967, 11-б.

(ресми іс қағаздарынан). Ұйқламыш кішідек йатұрлар («Бозжігіт», 62-бет).

Мыш//міш жұрнағы түркі тілдерінің ілгергі дәуірінде өткен шақтық есімше жасайтын өнімді форма болғанға ұқсайды. С. Е. Малов бұл форманың көне түркі ескерткіштерінде жиі кездесетінін көрсетеді⁴ және ол орхон ескерткіштерінде өткен шақтық есімше жасайтын бірден-бір жұрнақ болған тәрізді⁵. И. А. Батмановтың енисей ескерткіштерінің тілі жайлы зерттеулерінен **мыш//міш** жұрнағының өткен шақтық есімше жасаудағы өнімді форма болғанын байқаймыз.

«В языке памятников,— деп жазады И. А. Батманов,— было представлено две глагольно-именных формы, они же и причастия: 1) на **-мыш**, **-міш** (прошедшего времени) и 2) на **-ар**, **-ер** (будущего времени)»⁶. Сонымен қатар, бұл форманың кейде предикативтік қызметте қолданылғаны да көрсетіледі⁷.

А. Н. Кононовтың байқауларына қарағанда: Форма на «мыш» (фонетические варианты: **мыш**, **міш**, **муш**, **мүш**) является одной из древнейших и встречается в своем морфологически сложившемся виде уже в орхонских надписях, где она, имея 2 фонетических варианта аффикса (**мыш** и **міш**), морфологически выступает одновременно и как *verbum infinitum* (причастие, отглагольное имя), и как *verbum finitum* (в значении одного из прошедших времен), равным образом и в других памятниках, как напр. Кудатку-Билиг, Turfan Texte, Китаб-и Коркуд, в памятниках чагатайской литературы и др»⁸.

Бұдан әрі автор бұл форманың жоғарыдағы екі түрлі қызметінен өзге қазіргі түрік тілінде қимыл атауы

⁴ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951, с. 46, 187, 198. *Его же*. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. М.; Л., 1959, с. 11 и 44.

⁵ Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. Алма-Ата, 1971, с. 208—214.

⁶ Батманов И. А., Арагачи З. Б., Бабушкин Г. Ф. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, с. 142.

⁷ Батманов И. А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, с. 92—93.

⁸ Кононов А. Н. Турецкая глагольная форма на **-мыш**.— Ученые записки ЛГУ. Серия филологических наук, вып. 1, № 20, 1939, с. 34.

(помен actionis) қызметін де атқаратындығын сөз етеді⁹.

Мыш аффиксінің шағатай тіліндегі көрінісі жайлы А. М. Щербак төмендегідей пікір айтады.

«Причастие прошедшего времени на **-miş** — южная и восточная форма, соответствующая западной с аффиксом **-ган**, в «чагатайском» языке употребляется так же часто, как и в языке «Огуз-намэ». Тем не менее, в отличие от последнего и от языка ранних уйгурских текстов, в «чагатайском» языке форма на **-miş** вводится преимущественно как причастная и остается глагольной лишь в особых случаях»¹⁰.

Түркі тілдерінің бұдан кейінгі дифференциациялану дәуірінде **-мыш** аффиксі өнімді тұлға ретінде түркі тілдерінің оңтүстік, шығыс тобында сақталып қалады да, өзге топтарында ол **-ган** жұрнағымен ауыстырылады. Алайда түркі тілдерінің оңтүстік, шығыс тобына жататын тілдердің бәрінде бірдей бұл тұлға күні бүгін өнімді жұрнақ емес. Мәселен, қазіргі түрік, азербайжан, түрікмен тілдерінде бұл өнімді форма болғанымен, өзбектің ауызекі сөйлеу тілінде бұл форма қолданылмайды, тек кітаби-әдеби тілінде кездеседі¹¹. Өз кезінде проф. К. Жұбанов бұл форманы сырттан келді деп қарамай, қазақ жұртын құраған тайпалардың бағзы біреуі үшін төл формант болған болар деп топшылайды. «Қазақ тілінің қазіргі морфологиясында **міс** тұлғалы қосымшаның болмауына қарап, біз Төле-міс секілді кісі аттарында келетін **міс** қосымшасынан ада-күде бас тарта алмаймыз. Оңтүстік түркі тілдерінде **міс** тұлғасында қолданылатын бұл жұрнақ қазақ тіліндегі **ген** қосымшасының синонимі, яки өткен шақтық есімшенің көрсеткіші бола тұрып, қазақ тілінің ең болмағанда өткендегі бір қабаттарында ұшырасқан болуы ықтимал»¹²,— дейді автор бұл туралы.

Қазақтың көне жазба әдеби тілінде де бұл форма біраз уақыт ған жұрнағымен жарыса қолданылып кел-

⁹ Бұл да сонда, 35-б.

¹⁰ Щербак А. М. К истории узбекского литературного языка древнего периода. Академику Гордлевскому В. А. к его 75-летию. М., 1953, с. 321.

¹¹ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 272.

¹² Жубанов Х. Из истории порядка слов в казахском предложении. Алма-Ата, 1936, с. 54.

ген. М. П. Вяткиннің «Қазақ ССР тарихы бойынша материалдарында»¹³ бұл форма өткен шақтық есімше қызметінде жиі кездеседі.

— Сентябрінің 25-күнінде Жанұзақ мырза бірлән иберміш кітабыңызны жолықтырдұм (142-бет). Қаю мархұм ханның жтаһады илә жәбір көрміш кімсәнәлар һеч бір разылықға еріштүрмей қалмады (453-бет). Бұл тұлғаның ішінара Абай қарасөздерінде ұшырайтынын және оны Абайдың стильдік мақсатта қолданғанын Р. Сыздықова да көрсетеді¹⁴.

Мыш тұлғалы есімшенің баспа нұсқаларда кездесуі де өте сирек. Мәселен, «Дала уәләтінің газетінің» біз талдаған 3 номерінің ексуінде (1890 ж. 17/VIII, 1896 ж. 10/III) ол форма мүлдем кездеспейді, ал 1902 жылғы 3 февральдағы номерінде ған тұлғалы есімше 93 рет, **мыш** тұлғалысы 5 рет кездеседі. Іс қағаздарында да сирек ұшырайды.

Мыш аффиксінің «Дала уәләтінің газетінде» кездесуінің бір ерекшелігі — оның етістіктің ырықсыздық жұрнағы жалғанған түріне ғана қосылып қоймай, бірден етістік түбіріне тікелей жалғана беретіндігі. Мысалы: — Қазақ әйелдерінің ерге чыққандан кейін көрміш ғұмырдары бір тарчылық илән та өлкенүнче қысымчылықта дүр (ДУГ, 1899, 43). Почта арқылы жіберміш нәрседері Орски қаласы менен чығыб барады (ДУГ, 1891, 12). Бұл мысалдардағы **мыш** жалғанған сөздің беретін мағынасына қарағанда, ол өткен шақтық емес, келер шақтық есімшені білдіріп тұр деуге болады. Сондай-ақ «Қарамола съезінде жасалмыш ереже» аталатын документте **мыш** тұлғалы есімшеге көптік жалғауы қосымшасы қосылып, есім мағынасында септеліп келген түрін де кездестіреміз.— Ағарда билернің бітімі талас болса, сайланмышлардан екі төбе башыны чығартұб аладылар (3-бет).

Қазіргі әдеби тілімізде **мыш** жұрнағын атрибуттық қызметте қайта тірілту тенденциясы байқалады.

— Ал енді айтылмыш мақалада қозғалған фактілерге тікелей көшелік («Қаз. әдебиеті», 1968, 10/II). Жоғарыдағы аталмыш өлеңін кино тілінде сөйлеткен Ол-

¹³ Вяткин М. П. Материалы по истории Казахской ССР. Т. IV. М.; Л., 1940.

¹⁴ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 285-б.

жас батыл да тапқыр («Лен. жас», 1968, 3/IX). Бұл арада **мыш** аффиксті есімше ешқандай стильдік қызмет атқарып тұрғаны байқалмайды, оны ған тұлғалы есімше оңай-ақ ауыстырар еді. Біздіңше, бұл — авторлардың көне формаға жалаң еліктеуінен туған «жаңалық» тәрізді.

Қорыта айтқанда, **мыш** аффиксі жаңа жазба әдеби тіл үшін норма болған жоқ, берісі көне әдеби тілден, әрісі түркі әдеби тілінен дәстүр бойынша сақталып қалған форма еді. Жаңа әдеби тілде бұл форма кейбір стильдерде өте сирек қолданылған болса, қазіргі әдеби тілімізде ол — нормадан тыс құбылыс деп саналады.

Ұр, үр тұлғалы есімше

Қазіргі қазақ әдеби тілінде негізгі және туынды түбір етістіктерге **ар//ер//р** жұрнақтарының жалғануы арқылы есімшенің келер шағы жасалады. Оның ең негізгі синтаксистік қызметі — баяндауыш болу, атрибуттық қызметте тым аз қолданылады¹⁵. Бұл форма — түркі тілдерінде ертеден бар көне форма. Мәселен, орхон жазбаларында бұл тұлғаның әр түрлі 9 фонетикалық варианты (ұр/үр, йұр/йүр, ар/ер, ыр/ір/р) кездеседі, олар, негізінен, 2 мағынаны (келер шақтық есімше және дағдылы, үнемі болып тұратын істі, қимылды білдіретін етістік мағыналарында) білдіріп келеді екен. Соның ішінде жиірек кездесетіні — өзі жалғанған етістік түбіріне келер шақтық есімше мағынасын беретін **ұр/үр** варианты¹⁶. А. М. Щербак көне өзбек (шағатай) тіліндегі бұл форма туралы: «Причастие на (а) р, -(ā) р, -(у) р, -(ү) р выражает настоящее-будущее время и употребляется преимущественно в составе предиката»¹⁷, — деп жазады. Бұл формалар түркі тілдерінің кейінгі дифференциациялану дәуірінде де барлық тілдерде, негізінен, жоғарыдағы қызметте сақталып қалғанға ұқсайды. И. А. Батмановтың айтуына қарағанда, азербайжан тілінде ғана бұл форма дифференциацияланып, **ыр** варианты осы шақты, **ар** — келер

¹⁵ Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. Алматы, 1967, 179-б.

¹⁶ Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, 1971, с. 210—211.

¹⁷ Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 145—147.

шақты білдіретін тәрізді¹⁸. Өзге көптеген түркі тілдерінде бұл тұлға сол о бастағы бірнеше вариантында осы күнге шейін кездесе береді, бірақ оның әр түрлі варианты ешқандай мағыналық жүк көтермейді. «Қазіргі татар әдеби тілі» атты монографияда бұл форма туралы:

«Выбор варианта аффикса с широким или узким гласным почти не зависит от фонетических условий и не влияет на семантику формы. Некоторые же глаголы в разговорной речи встречаются в двух вариантах — языр — язар, атыр — атар, сатыр — сатар, из которых литературной нормой является второй»¹⁹, — деп жазылған. Бұған қарағанда, татардың қазіргі әдеби тілінде де негізгі әдеби норма **ар**, **ер** екенін көреміз.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқаларда қазіргі әдеби тіліміздің нормасы болып саналатын есімшенің **ар**, **ер**, **р** тұлғасымен қатар, **ұр**, **үр**, (**ыр/ір**) тұлғасы да жиі кездеседі.

— Бізден соңғылар бұ айдаларды қылған қағаздарұн оқұб көруб арасынан тағы да ақылды адам чығыб жұрт пайдасына мұнан да қиынырақ айла чығар**ұр** деб ойлаймыз (ТУГ, 1876, 3). Осы турада бір таңсық ескі қазақча мақал бар би деген ақ сарағат бол**ұр** бір елде біреу ғана табатұғын батыр деген бір ит бол**ұр** екі қатұнның бірі табатұғын (ДУГ, 1896, 31). Сен де кісінікін кешір, онда ол да сені тәуір көр**ұр** («Езгілікке үйрететін кнеге», 38-бет). Бұ ішлерінің хақиқатын біл**ұр**ке... бір себеб илән да тығызлық қыл**ұр**ға... («Самар губернаторының циркуляры»), т. т. Ыбырай шығармаларында да бұл форманың өнімді қолданылғанын С. Хасанова көрсетеді²⁰. Басқа нұсқалардан Ыбырай шығармаларында қолданылған бұл форманың бір ерекшелігі — оның, көбінесе, **ыр/ір** тұлғасында кездесуі. Бұл — орыс графикасының **ұ**, **ү** дыбыстарын беру мүмкіндігінің жеткіліксіздігімен байланысты болуы мүмкін. Әйтпесе, оның араб графикасымен терілген «Шариат ул-ислам» кітабында бұл форма бірыңғай **ұр/үр** түрінде берілген.

¹⁸ Батманов И. А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе, 1959, с. 95.

¹⁹ Современный татарский литературный язык. М., 1969, с. 250.

²⁰ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 91-б.

— Бұлай болғанда не екеуінің де тілегені орнына келүр еді не біреуінің тілегені орнұна келүр еді (11-бет).

Бұл тұлғаның қазақ тілі үшін жат болмағанына оның кейбір ауыз әдебиеті нұсқаларында кездесуі де дәлел бола алады.

— Ата-анасы қызына айтүр ерді не хәсіретің уа не сырхауың бар деб («Бозжігіт», 3-бет).

...Бір гауһар қойынында тұрүр жайнаб...

Екі аққу бір шетінде жүрүр бөлек.

Бір жайын тынбай жүрүр дөп-дөңгелек

(А. Васильев. «Образцы киргизской словесности», 1900, Вып. II), т. т.

Бұларға қарағанда, ұр/үр варианты көне жазба әдеби тілге тән норма болса керек. XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба нұсқаларда оның қолданылуына келсек, жаңа жазба әдеби тілдің нормасы әлі қалыптасып болмаған дәуірде мұның ауызша сөйлеу тілі нормасы ар, ер, р мен қатар жарыса келуі заңды құбылыс деуге болады. Бірақ негізгі тенденция — бұл формаға қарағанда, ар, ер, р формасының көбірек қолданылуы. Оған дәлел — жоғарыда келтірілген, сандық есептеу жүргізген «Дала уәләтінің газетінің» 3 номері мен «Түркстан уәләтінің газетінің» бір номерінде ұр/үр формасының бір-ақ рет ұшырауы (ДУГ, 1890, 33). Сондай-ақ сол тұстағы кейбір жазба нұсқаларда («Қазақ календары», «Қарамола» съезінде жасалмыш ереже», т. б.), қиссалардың көпшілігінде бұл форма кездеспейді.

Абай шығармаларының тілін сөз еткен Р. Сыздықова онда есімшенің ар, ер, р тұлғалы түрінің ғана болғанын, Абай оны атрибуттық қызметте көбірек жұмсағанын көрсетеді²¹. Жоғарыда біз келтірген мысалдардың баршасында ұр/үр тұлғалы есімше бір ғана предикаттық қызметте кездеседі.

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалар материалдарынан ұр/үр формалы есімшенің қолданылу аясының біраз тарылып, оның біржола ар, ер, р формасымен ауыстырыла бастағанын көруге болады.

²¹ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 258—263-б.

Есімшенің тын<тұғын<тұрған формалы түрі

«Негізгі және туынды етістіктер түбіріне алдымен көсемшенің а, е, й жұрнақтары, содан кейін тын/тін жұрнақтарының қосылуы арқылы ауыспалы осы шақты есімше жасалады. Бұл жұрнақтың арғы төркіні — тұрған сөзі, ол ықшамдалып, алғаш тұғын болған, әдеби тілде ол тын, тін болып қысқарып, жуанды, жіңішкелі фонетикалық варианттарға бөлініп қолданылады»²².

Біз тілін сөз етіп отырған баспа нұсқалардың қазіргі әдеби тілімізден бір ерекшелігі — оларда тын/тін жұрнақтарымен қатар оның ертедегі варианттарының жарыса қолданылуы.

Көркем әдебиет нұсқаларында, әсіресе қиссаларда, бұл жоғарыдағы варианттардың қай-қайсысы да кездеседі. Діни сарындағы қиссаларда көбінесе тұрған формасы басым келсе, өзгелерінде тұғын мен тын/тін қатар келеді, дегенмен тұғын формасы жиірек ұшырайды.

— Бұларының ішінде сарайыны қарай тұрған йағни қарауылчы бір кәнизак бар ерді («Бозжігіт», 115-бет). Бұларының қорықпайтұғын бәрі батыр («Зарқұм», 4-бет). Ұратұн бұ нәубет келді маған («Зарқұм», 19-бет). Айта-тұғын шаһзаданың дәл өзімін («Таһир», 16-бет). Жан бар ма хат йазатын ічіңізде («Үш қыз», 19-бет) т. т.

Газеттер материалына келсек, «Түркстан уәләятінің газетінде» бұл есімше екі түрлі тұлғада (тұрған және тұғын) кездеседі, алғашқы жылдардағы номерлеріне тұрған тән болса, кейінгі жылдарында тұғын басым.— Осы фебралдың жиырма үшінші күніне че біздің казитді ала тұрған кісінің есебі сарт тілінде басыла тұрған казитді төрт жүз қырық кісі қазақ тілінде басыла тұрған казитді екі жүз қырық кісі болды (ТУГ, 1877, 6). Бұл жаңғы болатұғын генерал губернаторға қарай тұғын Ақмола облұсы Семей облұсы Жетісу облұсы дейді (ТУГ, 1882, 4).

«Дала уәләятінің газетінде» тын/тін-нің жоғарыда көрсетілген варианттарының қай-қайсысы да орын алған, бірақ көбірек ұшырайтыны тұғын формасы. Мәселен, газеттің 1890 жылғы 33-номерінде тұғын формасы 8 рет, тын формасы 2 рет кездеседі, өзге формалар кездеспейді, ал 1896 жылғы 10-номерінде бірыңғай тын формасы 45 рет кездеседі. Газеттің 1902 жылғы 5-но-

²² Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, морфология. Алматы, 1967, 179-б.

мерінде, керісінше, **тұғұн** формасы 19 рет, ал **тын** варианты 7 рет кездеседі. Бұған қарағанда, бұл формалардың газетте қолданылуынан белгілі бір заңдылық табу қиын, олардың бірінде аз, бірінде көп қолданылу себебін ондағы мақалалардың сипатына, авторларына байланыстыра қарау жөн тәрізді.

Ыбырай Алтынсарин шығарған қолжазба газетте **тын** формасы да, **тұғұн** да қатар кездесе береді.

— Күн қайда айтатұғын сөзінді ептеп. Болмаса қағазбен жазып көрсететін адамдары бар. Сөйтіп, баспасөз стилінде де негізгі форма — **тұғын** болғанға ұқсайды.

Ғылыми-көпшілік әдебиеттерде де **тұғын** мен **тын** формалары жарыса қолданылған. «Балықшы мен балық хақында» (Қазан, 1899) деп аталатын кітапшада, негізінен, **тұғұн** формасы басым.— Бұл адамдар көзге көрінбейтүн, қол менен ұстауға келмейтұғұн, сыныб жоғалмайтұғұн, гәм ауыр да жеңіл де болмай **тұғұн**, кісілерге қанша берсе де кемімейтұғын байлықты школға келіб іздейді (24-бет). Ал «Қазақ календарында» (Орынбор, 1896) **тын/тін** формасы **тұғұн**ға қарағанда, әлдеқайда жиі кездеседі.

Ресми іс қағаздары үлгілерінде көбіне-көп **тұрған** формасы қолданылған, Ильминский, Алтынсарин хаттарында **тұғын** мен **тын** қатар келеді.

Р. Сыздықованың айтуына қарағанда, «Бір тұлғаның екі вариантын (әңгіме — **тұғын**, **тын** формалары туралы.— Б. Ә.) пайдалану — қазақ поэзиясының тілінде Абайға дейін-ақ қалыптасқан тәсіл... Дегенмен Абай кезеңінде бұл тұлғалардың тілдегі, оның ішінде ауызекі сөйлеу тілі мен проза тіліндегі, нормасы, негізінен, толық түрлері болған»²³.

Мұны сол тұстағы шыққан қазақ грамматикаларының авторлары да көрсетеді. Мәселен, Н. И. Ильминский: «Причастие **турған**, занимая место вспомогательного после деепричастия на **а**, теряет **р**: вместо **бара тұрған** говорят **бара тұғын**, и еще сокращеннее **баратын** (в последнем случае оно сливается с деепричастием и следует его системе звуков)»²⁴, — десе, П. М. Мелно-

²³ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 273-б.

²⁴ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, с. 10.

ранский: «Тұрған мало-помалу сократилось в тұғұн. В современном разговорном языке сокращение идет еще дальше. Теперь в живой киргизской речи нередко слышится форма **алатын, түсетін**»²⁵, — деп сол тұстағы жазба әдеби тілдік норманы ашып көрсетеді.

Сөйтіп, баспасөз материалдарынан біз **тұрған** көмекші сөзінің қазіргі тіліміздегі **тын/тін** қосымшасына айналуына дейінгі даму сатысын толық көре аламыз.

Ғ. Мұсабаев бұл процесті қазақ тіліндегі түбір сөздің қосымшаға айналу фактісіне мысал ретінде келтіреді. Сонда, автордың схемасы бойынша, **тұрған > тұғын > тын** болуы керек²⁶. Біздің баспасөз материалдарына сүйене отырып, бұл схемаға өз тұсымыздан мынадай қосымша қосуымызға әбден болар еді: **тұрған > тұған > тұғұн > тын**. Бұл құбылыстың тек қазақ тіліне ғана тән екендігін өзге туыстас тілдер фактісі айқын көрсетеді.

Орхон-енисей жазбаларында, одан кейінгі шағатай әдебиетінде есімшенің мұндай формасы жоқ. **Тұрған** сөзі — бұларда толық мағыналы сөз. Бірақ шағатай тілінің кейінгі дәуірінде бұл сөздің көмекшілік қызметте жұмсала бастағанын байқаймыз. Мысалы: — Хан аңа кіші иберді неч заманда йаманлашмаған құданда болұб келе **тұрғанмыз** теб («Шаджра-и турк», 46-бет). Ата-сының келе **тұрғанын** ешітіб қаршұ чықты (Бұ да сонда, 68-бет).

Түркі тілдерінің бұдан кейінгі даму тарихында **тұрған** сөзі кейбір тілдерде (татар, қырғыз) осы тұлғада есімше жасайтын форма ретінде сақталған.

Татар тілінде **тұрған** сөзі көсемшеден кейін келіп, есімшенің аналитикалық түрі дегенді жасайтын көрінеді²⁷. Басқа тілдерде ол әр түрлі тұлғалық өзгерістерге ұшыраған. Мәселен, өзбек, ұйғыр тілдерінде ол **диган** (диган) аффиксіне айналса²⁸, алтай тілінде **тан** формасында қалыптасқан. Тек қарақалпақ тілінде ғана ол **тұғын** формасына ауысып, қазақ тіліндегідей, есімше-

²⁵ Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология/Соот. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 62.

²⁶ Мусабаев Г. К вопросу о словообразовании.— Исследования по грамматике и лексике тюркских языков. Ташкент, 1965, с. 19—21.

²⁷ Современный татарский литературный язык. М., 1969, с. 246.

²⁸ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 238.

нің ауыспалы осы шағын (хазирги — келер мәхәлин) жасайды²⁹.

Біз бұдан бұрын шыққан еңбегімізде³⁰ «Дала уәлә-тінің газетінде» кездесетін **тұрған** формасын көршілес татар тілінің әсері деп қарау дұрыс сияқты деген болжам айтқан болатынбыз. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалардың тілін зерттеу үстінде ол пікіріміздің ұшқарырақ айтылғанын аңғардық. Сөйтіп, жоғарыда аталған баспа нұсқаларда кездесетін ауыспалы осы шақтық есімше жасайтын формалардың **тұрған** варианты — қазақтың көне жазба әдеби тіліне тән норма болса, **тұғын** (тұғұн) жаңа жазба әдеби тілдік норма болған. Ал **тын/тін**, негізінен, сол тұстағы ауызекі сөйлеу тілінде қолданылған да, жаңа жазба әдеби тілдің қалыптасу кезеңінде жазба тілге де ене бастаған сияқты.

2. Сөз жалғастырушы амалдар хақында

Сөз жалғастыратын қосымшалар әдетте жалғаулар деп аталады. Жалғаулар сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырады да, олардың араларындағы жалпы қарым-қатынастарды білдіреді³¹. Қазақ тіліндегі жалғаулардың жүйесі төртке бөлінеді. Олар — көптік жалғау, тәуелдік жалғау, септік жалғау және жіктік жалғау.

Көптік жалғау

Түркі тілдерінде көптік категориясының бағзы заманнан бері берілуінің негізгі морфологиялық тәсілі — сөз түбіріне **лар/лер** қосымшасының қосылуы арқылы. Орхон-енисей жазбаларында, одан кейінгі шағатай әдебиеті үлгілерінде бұл жалғау жоғарыдағы бір ғана вариантта (лар/лер) көрінеді³². Қазіргі түркі тілдерінің бірсыпырасында да (өзбек, татар, қарақалпақ, ұй-

²⁹ Хазирги қарақалпақ тили. Нокис, 1974, 207-б.

³⁰ *Әбілқасымов Б.* Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971, 125-б.

³¹ Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. Морфология. Алматы, 1967, 12-б.

³² *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, 1971, с. 143. *Щербак А. М.* Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 118.

ғыр, түрікмен тілдерінде) көптік жалғауы, негізінен, осы бір вариантта кездеседі. Қазақ жазба әдеби тіліндегі көптік жалғауының үндестік заңына бағынып, **лар/лер, дар/дер, тар/тер** түрінде құбылып келуі ауыз-екі тіл арқылы пайда болған кейінгі кезге тән құбылыс болса керек.

XIX ғасырдағы жазба нұсқалардың бірсыпырасында ол үндестік заңына бағынбай, бір-ақ вариантта (**лар/лер**) кездеседі. Мысалы:

— Даулашқанлар һәр екі тарафы сүйген билерін таңлаб аладылар бірақ би хисабын положение бойынча ұлұқлар чығарады («Қарамола ережесі»). Қазақларның өз араларында мұсылманча жазатұғын һәм өзлерінің жазуыны танитұғынлары өз ішлерүнен чығадылар... (ДУГ, 1881, 1). Эмма олтурған халайықлар айтдылар ендігі заманның адамлары қандай болұр бізлерге бір жуаб айтұңыз деділер (Шортанбай).

Бірақ бұл барлық жазбаларға бірдей тән жағдай емес, көпшілік үлгілерде ол жалғаудың **дар/дер** варианты қатарласа қолданылса, бірсыпырасында қазіргі әдеби тіліміздегідей оның барлық варианттары бірдей кездеседі. Көптік жалғауының **дар/дер** варианты, қазіргі тіліміздегідей, ұяң және сонор дыбыстарға ғана қосылмай, дауысты немесе қатаң дыбыстардан кейін де жалғанып келе бергенін көреміз. Мысалы:— Бір ойазға қараған жердерді һәм қаладарды жер жөніне қарай есеп алұчыдарға бөліб береді (ДУГ, 1896, 10). Бұл Бұхар мен Хиуаның әмір иедерінің қасдарында нөкердері бар (Бұ да сонда). Сонда тұрұб мен айтдұм жер дүниедегі адамдар керуенчідер диханчыдар чаруачыдар пайдасы тиер үчүн жаралған дедұм (ТУГ, 1875, 8). Бұл құбылыс, яғни **лар/лер**-дің орнына **дар/дер** вариантының қолданылуы, сол тұстағы баспа нұсқалардың баршасына емес, тек кейбіріне, атап айтқанда, «Дала уәләятінің газетінің» кейбір номерлеріне тән, сондай-ақ «Түркістан уәләятінің газетінде» бірен-саран жерде ұшырайды. Бұған қарағанда, бұл құбылысты ауызекі тілдің әсері немесе солтүстік-шығыс облыстары қазақтарының сөйлеу тіліне тән диалектілік құбылыс деп қарау дұрыс сияқты. Өйткені қазіргі диалектологтарымыздың материалдары да бұл фактіні жоққа шығармайды. Мәселен, Ж. Болатов солтүстік-шығыс говорларында **дар/дер** жалғауының қолданылу өрісінің **лар/лер** үлесінен ке-

нейе түскенін айтса³³, Ж. Досқараев «Қазақстанның оңтүстік-шығысында тұратын қазақтардың тілінде сонор л дыбысы айтылатын сөздерде республиканың солтүстік-батысының тұрғындарында ұяң д дыбысы қолданылады»³⁴, — деп көрсетеді.

Көптік жалғауының қазіргі барлық варианттары біз талдаған ғылыми-көпшілік әдебиет нұсқаларында («Самоучитель...», «Қазақ календары»), діни әдебиет үлгілерінде (христиан дінін уағыздайтын аударма кітапшалар мен «Шариат-ул ислам»), «Түркстан уәләтінің газетінде» кездеседі. Бірер мысал:— Көгөрүп мұнарған аспанмен таласқан таулар, ұзүндүғү бір айлық сарқырап аққан сулар, көз жетпейтін теңіздер, дариялар, көлдер, осулардың бәрі де жердің үстүндө («Қазақ календары», 27-бет). Су ағүзүб құлатқан тамдардың дүбірі ағыб бара жатқан кісілер мынан малдардың қычқырған дауыстары судың сарқыраған дауысына қосұлыб у-чу болыбды (ТУГ, 1881, 15). Сендердің көзкөздерің көрүп тұрғанына — гөре, құлақ-тарың да есітіп тұрғандарына — гөре бакыттысыңдар. («Евангелие», 36-бет).

Баспа нұсқалар тілін жалпылай алғанда, сол кездегі жазба әдеби тіл үшін негізгі норма лар/лер варианты болғанға ұқсайды. Бұны сол кездегі грамматика авторлары да көрсетеді. П. М. Мелиоранский «Қазаққырғыз тілінің грамматикасында» көптік жалғау қосымшасы лар, лер, дар, бірақ сөйлеу тілінде басқы л дыбысы д-ға, кейде т-ға айналады деп көрсетеді³⁵.

Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен бір айырмашылығы сол, ол — етістік жіктелгенде көпше III жақта ешбір қосымша қосылмайды, яғни етістік сөзінің баяндауыш қызметін атқарып тұрғанда, III жақтағы бастауышпен сан жағынан қиысуы міндетті емес. Солай бола тұрса да XIX ғасырдағы баспа нұсқалар материалдарында етістіктің III жағында көптік жалғауын қосу фактілері жиі кездеседі.

³³ *Болатов Ж.* Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы.— Кітапта: Қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шығуы, Алматы, 1960, 163-б.

³⁴ *Досқараев Ж.* Абай, Ыбырай шығармаларындағы кейбір тілдік ерекшеліктердің халық говорларына қатысы жайында.— Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959, № 11.

³⁵ Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I. Фонетика и этимология/Сост. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 38.

— Екеуіне де Базарбай қалұң бермеді тірі болса өз-лері бір қыз алұрлар... деб («Қыз Жібек», 2-бет). Осы күнде селден болған залалды есеб қылыб жатұрлар дебді (ТУГ, 1881, 15). Қазақлардың асыл тегін бұлай деб айтадылар (ДУГ, 1894, 20). Даулашқанлар һәр екі тарафы сүйген билерін таңлаб аладылар («Ереже», 1-бет). Ушител келді. Шекірттер тұрұп оған басын изеді-лер (Васильев, 21-бет).

Бұл құбылыстың Абай қарасөздерінде, атап айтқанда оның 38-сөзінде, тіпті қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетінін көрсете келіп, Р. Сыздықова: «...етістіктің III жағына лар жалғануы — қазақ тілі үшін кірме құбылыс, ол, бір жағынан, кітаби тілдің әсерімен, екінші жағынан, грамматиканы суреттеген орыс ғалымдарының жаңылысуынан, үшінші жағынан, мүмкін, татар әдеби тілінің (әсіресе Орынбор, Қазандарда басылған кітаптарда) де ықпалынан пайда болған болу керек»³⁶— дегенді айтады.

Біздің ойымызша, Р. Сыздықованың жоғарыдағы пікірінің бірінші бөлегін, яғни «кітаби тіл әсері» дегенін шартты түрде қолдауға болады. Өйткені, бұл құбылыс жазба тіл дәстүрімен, анығырақ айтсақ, шағатай аталатын орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрімен байланысты. Қазақтың сол тұстағы сөйлеу тілінде мұндай форманың болмағандығына оның Ыбырай шығармаларында, орыс графикасымен шыққан ғылыми-көпшілік әдебиеттерде, христиан дінін уағыздайтын кітапшаларда кездеспеуі дәлел бола алады. Бұл аталған әдебиеттер норма етіп қазақтың сол кездегі сөйлеу тілін алғандығы белгілі. Ал «кітаби тіл» деген терминге келетін болсақ, оны қазақ тіл мамандарының қолдануында бірізділік болмағаны мәлім. (Бұл туралы осы жұмыстың 117—124-беттерін қарауға болады). Біздің ұғымымызша, «кітаби тіл» дегенді «қазақтың көне жазба әдеби тілі» дегенмен ауыстыру дұрыс болар еді. Егер осы тезисті дұрыс деп тапсақ, көптік жалғау қосымшасы лар/лер-дің етістікке жалғануын сол көне жазба әдеби тіл дәстүрінің сақталуынан деп білгеніміз дұрыс. Сол кездегі қазақ тілі грамматикалары авторларының III

³⁶ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 289—290-б.

жақтық жіктік жалғауының көпшесі ретінде лар/лер-ді көрсетуі де тегіннен-тегін болмаса керек³⁷.

Сонымен қатар, кейінірек XX ғасырдың басында, етістіктің III жақтағы көпше мағынасын белгілі бір морфологиялық формамен білдіру, яғни бастауыш болып тұрған сөздер жанды нәрселердің атауы болып, олардың қимылы өз алдарына бөлек-бөлек болған (дифференциацияланған) жағдайда оның баяндауышын бастауышпен сандық жағынан бірдей ету тенденциясының орын алғанын да жоққа шығаруға болмайды³⁸.

Септік жалғау

Тіліміздегі септеу жүйесі — түркі тілдерінің ерте дәуірінен бермен қарай аса көп өзгеріссіз сақталып келе жатқан тілдік құбылыс. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштері делінетін орхон жазбаларында септік жалғауының 7 түрі көрсетіледі³⁹. Шағатай әдеби тілінде де септік жалғауының саны осындай⁴⁰. Бірақ кейбір жалғаудың формасы мен мағынасында айырмашылық та кездеседі.

Біз тілін сөз етіп отырған XIX ғасырдағы баспа нұсқаларда септік жалғауының саны мен сапасында қазіргі тіліміздегі септік қосымшаларынан айтарлықтай айырма жоқ. Дегенмен септік жалғауының бірер фонетикалық варианты жайында арнайы тоқтала кету қажет тәрізді.

Қазіргі қазақ тілінде табыс септігі қосымшасының **ны/ні, ды/ді, ты/ті, н** сияқты варианттары бар. XIX ғасыр жазбаларында, негізінен, осы варианттар толық

³⁷ Ильминский Н. И. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, 34-б. Терентьев М. Грамматика турецкая, персидокая, киргизская и узбекская. Кн. I. Спб., 1875, с. 146—147. Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Оренбург, 1897, с. 72.

³⁸ Карашева Н. Грамматические особенности языка казахской публицистики начала XX в. (на материале журнала «Айкап»). Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1960, с. 46—47. Дмитриев Н. К. Грамматика башкирского языка. М.; Л., 1948, с. 221—222.

³⁹ Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII в. Алма-Ата, 1971, с. 146—157.

⁴⁰ Шербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 100—110.

кездескенімен, кейде бірыңғай олардың бір ғана түрі — **ны/ні** қолданылатын жағдайлары да байқалады.

Мысалы: Кеңерал кубрнатор... һәр қайсысының қалай оқұйтұғыныны һәм қайдан келкенлеріні кім баласы екенлеріні сұраб һәр балаларының дәфтерлеріні көрген (ДУГ, 1888, 3). Менің мініб келген түйемні он жеті түйеге қошсаңлар он сегіз боладұр (ДУГ, 1888, 7).

Қырап деб қорықты бізнің халқымызны
Біреу түгіл өлтірер жалқымызны

(«Зарқұм», 1888, 10-бет).

Агарда билер айғақ қуаһлүкін мағқұл көрмесе оларны чақыртмай-ақ ішлеріні күманға саладұр («Ереже», 1886, 9-бет). Адамға керекді нәрселерні табу бек киұн болса да, арақны атдаған сайын... табуға мүмкіндұр («Арақ у...», 1900, 3-бет).

Әрине, табыс жалғауының бір-ақ вариантын пайдалану аталған жазбалардың баршасының тіліне тән норма болмаған, сондай-ақ бір жазбаның өзінде бастан-аяқ жүйелі сақталып отырылмаған. Бұны, біздің ойымызша, әрісі орта азиялық түркі әдеби тілінен, берісі көне жазба әдеби тілімізден сақталып келе жатқан дәстүрдің аракидік бой көрсетуі деп түсінуіміз қажет. Өйткені жоғарыдағы **ны/ні** варианты орхон-енисей ескерткіштерінде, шағатай әдеби тілінде табыс септігінің бірден-бір негізгі формасы болғаны мәлім. Кейбір түркі тілдерінде (татар, ұйғыр) күні бүгінге шейін осылай. Қазақтың көне жазба әдеби тіліне жатқызып жүрген қазақ сұлтандарының патша әкімшілік орнына жазысқан хаттарында да бұл форма табыс септігінің бірден-бір қосымшасы болғанға ұқсайды.

— Бітімшілік қылайұқ деб хан илә сөзлешсек де қарарға келмей қылған ішлерүні танұб малларұңызны бермейміз деб танды ұғрыларны йашырды («Материалдар», 306-бет).

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалардың кейбірінде жазба дәстүрдің ізі некен-саяқ ұшырағанымен, негізінен, оларда табыс септігінің сол тұстағы ауызша әдеби тілімізге тән варианттарының түгел қолданылғанын көреміз.

Осы тәрізді баспа нұсқаларда кездесетін көне түрік-тік форманың бірі — шығыс септігінің қалыпты **дан/**

ден, тан/тен, нан/нен қосымшаларымен қатар кездесетін дын/дін тұлғасы.

— Сүйтүб жүргенде Тарғынның өзі қартайды ажал келүб дүниядың көчді («Ер Тарғын», 1871, 39-бет). Қысдың жақсылығындың қазақтардың қырдағы тебінде жатқан малдары піченге қараған жоқ (ДУГ, 1891, 16).

Дын/дін формасы сөз болып отырған қазақ жазбаларының барлығына емес, оның кейбіріне ғана тән, онда да жүйелі құбылыс емес. Мәселен, «Дала уәләтінің газетінің» 1890 жылғы 33-номеріне жүргізген сандық есептеуімізде шығыс септігі келген 27 жердің тек біреуінде ғана дын қосымшасы жазылған, қалғандарында қазіргі әдеби тіліміздегідей дан/ден, нан/нен (тан/тен кездеспейді) қосымшалары жалғанған. Бұған қарағанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазбаларында некен-саяқ ұшырайтын бұл құбылыс — берісі қазақтың көне жазба әдеби тілінен, әрісі орта азиялық түркі әдеби тілінен сақталып қалған көне реликт. Бұл форманың Х ғасырдағы көне ұйғыр жазуы ескерткіштерінде және одан көп кейінгі шағатай әдеби тілінде шығыс септігінің басты көрсеткіші болғанын зерттеушілер көрсетіп кетеді⁴.

Қазіргі тіліміздегі септік жалғауларының ішінен арнайы тоқталып өтуге тиістісі — көмектес септігінің қосымшасы. Қазіргі қазақ тілінде мен қосымшасы (фонетикалық варианттары — бен, пен) екі түрлі қызмет атқаратыны мәлім. Біріншіден, ол көмектес септік жалғауы ретінде ортақтастық, бірлестік, құралдық, көлемдік, мезгілдік, себептік, қарсылықты мағыналарды білдіріп, есім мен етістікті байланыстыру қызметін атқарса, екінші жағынан, бірыңғай мүшелерді жалғастыратын шылаудың қызметін атқарады. Мен-нің көмектес септігінің қосымшасы ретінде қаралуы түркі тілдерінің ішінде тек қазақ тіліне ғана тән, өзге түркі тілдерінде ол бірыңғай шылау ретінде қаралады⁵.

Түркі тілдерінің ертерек кезеңінде бұл шылау бірле, кейінірек бірлә, бірлән, білә, білән, илә, илән тұлғаларында жоғарыдағы функцияда орхон-енисей ескерткіш-

⁴ Батманов И. А., Арагачи З. Б., Бабушкин Г. Ф. Современная и древняя енисейка. Фрунзе, 1962, с. 161. Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 107.

⁵ Искаков А. И. Морфологическая структура слова и именные части речи в современном казахском языке. Автореф. дис... д-ра филол. наук. Алма-Ата, 1964, с. 108—109.

терінде, ұйғыр, шағатай әдебиеті нұсқаларында кездеседі⁴⁴. Қазақтың көне жазба әдеби тіліне де бұл формалар жат болмаған. «Қазақ ССР тарихы бойынша материалдарға» кірген қазақ би, сұлтандарының орыс әкімшілігіне жазған хаттарында бірыңғай **бірлән**, **илә** тұлғаларын ұшыратамыз.

— Өзүмізге ерік бермей қайық **бірлән** күчлік қылыб өткізділер (145-бет). Болұб өткен хан қырғыз қазақларның ықтиарлары **илә** сайлаулары бойынча ол ұлұғ императыр ағзам хазіретлерінің ыхтиары **илә** тағайындалған ерді (269-бет). Бұ йыл барған алачалар молла Жарылғас **бірлән** Очырты бинің барған елінден Аллақұли хан бажы һәм зекет бірісін де алмады (Махамбеттің хатынан).

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, яғни жаңа жазба әдеби тіл қалыптаса бастаған дәуірде, жоғарыдағы көне түріктік формалар бірте-бірте ығыстырылып, оның орнына қазақтың халықтық тіліне тән форма **менен** (мен) кіре бастайды. Кейбір жазбаларда, атап айтсақ, ресми іс қағаздарында, «Дала уәләятінің газетінде», көне түріктік формалар (**бірлән**, **илән**) және таза қазақтық **менен** (мен) қатар қолданылса, «Түркістан уәләятінің газетінде», ғылыми-көпшілік әдебиеттерде, ауыз әдебиет үлгілерінде олар мүлдем кездеспейді. Ресми іс қағаздарында көне түріктік формаларды қолдану норма болғанға ұқсайды. Біз талдаған іс қағаздарының (жарлық, циркуляр, ереже, т. б.) көпшілігінде **мен** шылауы бірыңғай **бірлән**, **илән** түрінде қолданылған. Мұнда ол әрі көмектес септігінің қызметін, әрі ыңғайластықты білдіретін шылаудың қызметін қоса атқарған. Мысалы: Иалғұз тілмачның кнегеге тіркегені **никах** болмайды ұрғачы **бірлән** еркек арасына молла **бірлән** қиұлса **никах** тахақиқ боладұр («Ереже», 51-бет). Бұл шылаудың «Дала уәләятінің газетінде» қолданылуына келсек, мынадай заңдылықты аңғаруға болады. **Бірлән**, **илән** формасы көбіне газетте жарияланған ресми документтер мен жеке адамдардың мақаласында кездеседі, сондай-ақ газеттің алғашқы жылдардағы номерлерінде жиі ұшырайды. Мәселен, газеттің біз сандық талдау жасаған 1890 жылғы 33-номерінде **илән** 9 рет,

⁴⁴ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951, с. 27. Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 191—192.

менен 11 рет кездесе, 1896 жылғы 10-номерінде илэн кездеспейді, менен 4 рет, мен 7 рет кездесті. Бірлэн, илэн формаларының оқта-текте кейбір діни сарындағы қиссаларда, Шортанбай, Дулат шығармаларында кездесіп қалатын жағдайлары да бар, ол, бір жағынан, авторларының өз заманындағы көне әдеби тілдік нормадан шыға алмағандығынан болса, екінші жағынан, аталған қисса материалдарының көнелігінен де болуы мүмкін. Ыбырай Алтынсарин өзінің «Қырғыз хрестоматиясына» енгізген әңгімелерінде, қолжазба газет нұсқасында, тіпті «Шариат-ул исламда» көне түріктік бірлэн, илэн формаларын қолданбайды, ал біз жоғарыда келтірген қазақша (араб графикасымен жазған) хатында 2—3 жерде бірлэн тұлғасын пайдаланған. (Малда сығыр бірлэн түйе өліп жатыр. Бақтұбай жамағатым бірле тұрамын дегенсоң, мен айтұб едіүм...»). Мұның себебін, хаттың кімге арналғанын ескеріп, Ыбырайдың көне әдеби тіл нормасын әдейі сақтауынан деп түсінуіміз керек сияқты.

Біз сөз етіп отырған бірсыпыра жазбаларда менен және мен (пен, бен) аралас, қатар қолданылған. «Түркістан уәләятінің газетінде» бірыңғай менен формасы, қазақша қиссаларда, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде, Березин, Васильев жинап бастырған ауыз әдебиет үлгілерінде көбінесе менен формасы кездеседі. С. Хасанованың зерттеуіне қарағанда, Ыбырай шығармаларында бұл жалғаулықтың менен және мен түрлері аралас қолданылған, менен түрі оның өлендерінде көбірек ұшырайды⁴. Осы арада бір ескере кетерлік жай мынандай. Автор Ыбырайда кездесетін мынан тұлғасын сөз ете келіп, «сол кездегі шағатай тілінің элементі болып саналатын бұл жалғаудың түрі Ыбырай шығармаларындағы грамматикалық тұлғалардың негізін құрай алмайды» деген қорытынды жасайды. Біздіңше, бұл, әрине, ұшқарырақ айтылған пікір, әйтпесе мынан формасының шағатай тіліне ешқандай қатысы жоқ, менен-нің — ауызекі сөйлеу тіліндік формасы деп ойлаймыз. Мен формасының қазіргі тілімізге тән фонетикалық варианттарын (бен, пен) қолдану Ыбырай шығармаларында, христиан дінін уағыздайтын орыс графикасымен шыққан кітапшаларда, қазақша календарьда кездеседі.

⁴ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 88—89-б.

— Бір төре осындай іспен гүнәлі болыпты («Хрестоматия», 10-бет). Өз еркімен өсүрген ұл қыз да өз дегені менен жүреді («Кнеге», 33-бет). Ашық қатқа сия менен де, қарандашпен де жазуға болады, тілесе қай тіл мен жазсын («Қалендарь», 21-бет).

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдеби тіл үшін норма — менен формасы ал оның қалған варианттарының (көне түркілік бірлән, илән, сөйлеу тіліндік мен, пен, бен) қолданылуы жазбаның характеріне, авторына, оқушысына қарай факультативті болған. Екінші бір байқалатын жайт — мен қосымшасының ол тұста септік жалғауы ретінде танылмауы. Сондықтан да мен қосымшасы көп жағдайда өзінің алдындағы сөзден бөлек жазылған. Түптеп келгенде, әңгіме оның жалғау ретінде өзі жалғанған сөзге қосылып не бөлек жазылуында да емес (ол кезде ондай қатаң заңдылық та болмаған ғой), сол кездегі қазақ тілі грамматикаларының көпшілігінде ол септік жалғауы ретінде қаралмайды, тек қана 1897 жылғы Орынборда миссионерлер қоғамы шығарған грамматикада ғана қазақ тілінде 7 септік жалғауы бар екені айтылып, «творительный падеж (отвечает на вопросы, кем, чем, с кем, с чем, на ком, на чем) образуется через приставку частицы менен (сокращенно мен, пен, бен)» — деп көрсетілген⁴⁶. Мұның өзінде де менен жалғау делінбей, шылау (частицы) деп көрсетілген. Сондай-ақ көмектес септігінің негізгі формасы ретінде менен тұлғасының көрсетілуі де біздің жоғарыдағы пікірлерімізді қуаттай түсетін сияқты.

Жіктік жалғау

Жіктік жалғау — бастауыш пен баяндауышты синтаксистік жолмен байланыстыратын грамматикалық тәсіл. Қазақ тілінде кез келген сөз табы жіктік жалғауын қабылдап, баяндауыш қызметін атқара алады. Сондықтан да жіктік жалғауларын кейде баяндауыштық жалғаулар (аффиксы сказуемости) деп те атайды. Жіктік жалғауының үш жағы болады. Біз тілін сөз етіп отырған баспа нұсқаларда оның I, II жақтық формаларында бүгінгі әдеби тілімізден ерекшеленетіндей жағдай

⁴⁶ Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. Оренбург, 1897, с. 29.

байқалмайды, сондықтан да біздің сөз етпегіміз — көсемше тұлғалы етістік жіктелгенде жіктік жалғауының III жақтық формасы деп танылатын **ды/ты** қосымшасы туралы болмақ. Қазақ тілі грамматикасында бұл қосымша туралы былай делінген:

«Форма третьего лица единственного числа **ды/ді** (бара-ды, келе-ді) исторически восходит к глаголу состояния **тұр** (в значении «стоять»). Это положение подтверждается тем, что данный аффикс в некоторых тюркских языках употребляется в первоначальной (исходной) форме. Например, в языках юго-западной группы окончание III лица будет **дур — дүр**»⁴⁶.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқаларда, оның ішінде ресми іс қағаздары мен «Дала уәләятінің газетінде», кейбір ғылыми-көпшілік кітапшаларда, **дүр/дүр** (кейде **тұр**) көмекшісі кездеседі. Оның қолданылуының екі түрлі жағдайы байқалады. Біріншіден, көсемше тұлғалы етістікке жалғанып, бастауыш пен баяндауышты қиыстыратын III жақ көрсеткіші ретінде қаралады, мұнда ол, көбінесе, ауыспалы келер шақ мағынасын береді. Мысалы: Менің мініб келген түйемні он жеті түйеге қошсаңлар он сегіз бола **дүр** (ДУГ, 1888, 7). Мал басы өседүр, жер өсмейдүр (ДУГ, 1890, 20). Не-мере йаки жиен болса... алұб қачқан малы қайтмайдүр екінчі мәртаба алұб қачса... жаза салұнадүр («Ереже», 27-бет). Екіншіден, **дүр** көмекшісі етістіктен өзге сөз таптарына қосылып, оларға нақтылық, кәмілдік сияқты модальдық мән беретін тәрізді.

— Қазақ деген сөз ноғайдың сөз боладүр//ілкін бойдақ деген сөздүр. Өзге жай жолдан теміржолдың өзгече болатындұғының баяны бүдүр. Қазақ әйелдерүнің ерге чыққандан кейін көрміш ғұмырдары бір тарчылық илән та өлгенүнче қысымчылықтадүр (ДУГ). ...Қарамола съезінде жасалмыш ережесідүр. Һәммасын толұқ кылұб... йазарға би міндетлідүр («Ереже»). Арақды атдаған сайын... табуға мүмкіндүр. Біздің һәр қайсымызға... осының астағымалына қарсы тұрғандық лазымдүр («Арақдың зарары»).

Абай шығармаларында да дүр формантының осы жоғарыдағы екі ыңғайда қолданылғанын айта келіп, Р. Сыздықова: «Абай дүр-ді кітаби тілге тән морфоло-

⁴⁶ Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, с. 330—331.

гиялық тұлға ретінде құдай ісінің кәмілдігіне сенетін топтар үшін өзінің құдай, тәңір туралы жазған жолдарында әдейі қолдануы мүмкін» — деген болжам жасайды⁴⁷. Бірақ біздің келтірген мысалдарымыздың мазмұнында құдаймен, дінмен байланысты пікірлер байқалмайды. **Дүр**-мен келген сөздердің баршасының да, әдетте, сөйлем аяғында оның баяндауышы болып келуіне қарағанда, оның сөйлемді тиянақтаушылық қызметінің басым екендігін байқау қиын емес.

Көрнекті түрколог Н. А. Баскаков **дүр**-ді жақпен байланыстыра қарауды да, сондай-ақ оның да баяндауыш қызметіне қатысты деп тануды да қате деп көрсетеді.

«Показатель вида **дыр//дір//ды//ді//т**,— деп жазады ол,— в формах настоящего-будущего времени является рудиментом полной формы причастия вспомогательного глагола **тур-ур** в разных степенях его фонетической эволюции: **турур > тур > дур > ды > т** и не имеет отношения к категории лица»⁴⁸. Осы мақаланың екінші бір жерінде **дур//тур, дыр//тыр, ды//ді, т** қосымшалары туралы айта келіп: «Неправильное отнесение в парадигме спряжения имен, например связки **дур//тур, тыр//тир** (с вариантами), к аффиксам сказуемости объясняется смешением двух категорий: а) категории лица, которой выражается отношение субъекта и предиката, и б) категории вида, а иногда модальности, представляющих собой особые лексико-грамматические категории...»,⁴⁹ — деп жазады.

Бұл пайымдауларға қарағанда, **дүр** қосымшасы сөйлемдегі ойға айтушының (жазушының) субъективтік көзқарасын ғана білдіретін сөз формасы тәрізді. Автордың келтірген мысалында жаңа ұйғыр тілінде **дүр** өзі қосылған сөзбен бірге (*алған — дүр — мән* 'может быть я взял') күмәндық ишараны білдіретін көрінеді. Э. В. Севортян бұл форманың көбіне-көп оғыз тілдері тобына тән екендігін айтады.

«В языках,— деп жазады ол,— главным образом

⁴⁷ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 287-б.

⁴⁸ Баскаков Н. А. Система спряжения или изменения слов по лицам.— Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II, морфология. М., 1956, с. 266.

⁴⁹ Бұл да сонда, с. 274—275.

огузской группы, в роли предикативного аффикса 3 лица встречается стяженная форма аориста от **тур//дур** 'стоять', 'пребывать' — **дыр//тыр** (в четырех вариантах). Употребление его ограничено настоящим длительным временем, долженствовательным наклонением, факкультативно возможно в будущем категорическом, да и то, по преимуществу, в азербайджанском, турецком или гагаузском языках»⁶⁰. Қалай болғанда да, XIX ғасырдағы қазақ жазбаларында кездесетін **дүр** форманты жалпы халықтық тілге тән тұлға емес, жазба тіл арқылы өзге түркі тілдерінен енген кірме құбылыс тәрізді.

3. Өзге кейбір грамматикалық құбылыстар хақында

«Өзге кейбір грамматикалық құбылыстар» дегенде біз, негізінен, қазіргі әдеби тілімізге қарағанда, ол тұста актив қолданылған немесе қазір мүлдем қолданылмайтын кейбір формаларды сөз етпекпіз. Бұл орайдағы біраз сөз кейбір шылаулар төңірегінде болмақ.

Че шылауы жайында

Қазіргі әдеби тіліміздегі септеулік шылау **шейін**-мен қатар XIX ғасыр жазба нұсқаларының кейбіреуінде дәл осы мағынада **че** шылауының жиі қолданылғанын көреміз. **Шейін** шылауы сияқты бұл да барыс жалғаулы сөзді меңгереді де, мекендік немесе мезгілдік құбылыстың шегін білдіреді. Бұл күнге **че** бікірің қалай аман? («Қисса-и Юсуф-Зылиха»). Бір иылға **че** зағфрандай болуб сарғайды («Бозжігіт»). Қазақ осы күнге **че** оқұғанның байдасы жоқ деб жүруші еді (ТУГ, 1878, 14). Бір жылдың ішінде жиырма дөрт нөмірден отыз алты нөмірге **че** басұб чықса керек (ТУГ, 1878, 14). Агарда сен өзіңе бақыт тауыб алған болсаң ғұмырыңның ахырына **че** бақытлы болғайсын деді (ДУГ, 1902, 5). Біз тілін талдаған басқа жазбаларда бұл форма кездеспейді, оларда бұл қызметте бірыңғай **шейін** шылауы қолданылған. «Қарамола съезінде жасалмыш ережеде» **шейін** шылауының орнына бастан-аяқ диалектілік **чақлы** формасы қолданылыпты. Мысалы: Агарда ғайыб алушы

⁶⁰ Севортян Э. В. Категория сказуемости.— Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II, морфология. М., 1956, с. 21.

кесілмiш ғайыбын алмаймын десе бiр айға **чақлы** на-бактыға отұрғұзады (21-бет). Алұб қашқучы игiтден бiр тоғұздан үч тоғұзға **чақлы** ғайыб алынадұр (21-бет). Ал жоғарыдағы екi газеттiң бiреуiнде яғни «Түрк-стан уәләятiнде» че шылауы жиi қолданылған болса, «Дала уәләятiнiң газетiнде» че өте сирек ұшырайды. Сонда бұл форма казак тiлiне жат, өзге тiлдiк форма ма?

XVIII ғасырдың аяғындағы казак хан-сұлтандарының орыс әкiмшiлiгiне жазған хаттарында бұл форма **шейiн** шылауымен жарыса, қатар қолданылған.

— Бiзлернi бұ уақытға че сiздiң бiрлән атыштұрұб чабыштұрұб иүрген Нұрғали ханның халакаты уа харабаты дев бiлемiз (51-бет). XVII ғасырдағы Әбiлғазы баһадұрдың «Шежiре-и түрк» атты шығармасынан да бұл шылауды жиi кездестiремиз. Шежiренiң тарауларының (баб) аттарының өзi-ақ «Адамдын та мұғұлға че», «Мұғұлдан Чыңғыз ханға че» сияқты болып келедi. Бұларға қарағанда, че шылауының қолданылуы казак тiлiнiң көне дәуiрi үшiн нормативтi құбылыс болғанға ұқсайды. Казак тiлiнiң алғашқы грамматикаларын жазушылардың iшiнен И. Лаптев өзiнiң «Қазак-қырғыз тiлiнiң материалдарында» **ша** (барыс септiк жалғауынан кейiн) до (чего-либо) дегендi бiлдiретiн послелог деп көрсетедi⁵¹. Ендi арғы-бергi түркi тiлдерiнiң материалдарына жүгiнейiк. Көне түркi ескерткiштерiнде (мәселен Орхон жазбаларында) қазiргi **шейiн**-нiң қызметiнде **тәгi** формасын пайдаланған. Мысалы: Темiр қапығқа **тегi** iртимiз. 'Мы преследовали до железных ворот'⁵². А. М. Щербак «Көне өзбек тiлiнiң грамматикасында» **шейiн** шылауының мағынасын беретiн төмендегi тұлғаларды көрсетедi: **тәгi**, **тәру**, **дәгру**, **дәгiн**, **тәгiнче**⁵³. Бiрақ екiншi бiр жерде «предельный падеж» формасы деп **қача ~ гача**, **ча ~ чә** тұлғаларын келтiредi. Бұл мысалдардағы айтылған аффикстерге көңiл аударсақ, оның мағынасының жоғарыдағы **шейiн**-нiң мағынасымен бiрдей екенiң көремиз. Түнгача 'до ночи', бiр дiрамдiң **јуз тумәнгәчә** 'от одного дирама до ста туманов'⁵⁴.

⁵¹ Материалы по казак-киргизскому языку, собранные И. Лаптевым. М., 1900, с. 96.

⁵² Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, 1971, с. 234.

⁵³ Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 197.

⁵⁴ Бұл да сонда, 109-б.

Қазіргі өзбек тілінде **шейін**-нің мағынасын беретін **гача** деген күрделі аффикс бар. А. Н. Кононов мұның **га** (барыс септігі) және **ча** (<**чай** — ин<**чағ** — ин) деген екі компоненттен тұратынын айтып, «продуктивный аффикс, образующий от имени прилагательных, наречий и местоимений наречия со значением предела во времени» — деп көрсетеді. Енді бір жерінде «Аффикс **гача** при именах существительных дублирует послелогои **қадар**, **довур**» деп, мынадай мысалдар келтіреді. Тошкент-**гача** 'до Ташкента'. Улар бели**гача** сувга ботиб турганлар 'Они стояли по пояс в воде'⁵⁵. Л. З. Будаговтың сөздігінде **че**-ні (چە) татарлық форма (қазақша — **чейін**, башқұртша — **чайұн**, түрікше — **же**, шағатайша — **жа**, **ча**, **че**) деп көрсете келіп, оның мағынасын нәрсенің жетер шегін білдіру, орысша **до**, пока дегенмен мағыналас, барыс септікті қажет етеді деп анықтайды⁵⁶. Мұндағы «татарлық форма» дегені «жалпы түріктік» дегенмен барабар, сол мағынада алынған болса керек, өйткені қазіргі татар тілінде **шейін** шылауының мағынасында барыс септікті есімдерден кейін **чақлы**, **хәтле**, **қадар** шылаулары қолданылады⁵⁷.

Сөйтіп, **че** формасы — XIX ғасырдағы жазба нұсқаларға түркі әдеби тілінен дәстүр бойынша ауысқан форма, қазақ тіліне де жат болмаған. Осы орайда қазақ тіліндегі **ған** формалы есімшеден кейін келіп **шейін** мағынасын беретін **ша/ше** аффиксі де (барған-ша, келген-ше дегендегі) бір кездегі осы **че** шылауы болуы керек деген ой келеді.

Мысалы: Бұл жасқа келгенше (~келгенге шейін)... әурешілікті көре-көре келдік (Абай). Қонақтар үйге келіп кіргенше (~кіргенге шейін), Сағиттың көңілі тынбады (С. Мұқанов). Ол форма бір кезде барыс септіктегі есімшемен үнемі қатар қолданыла жүріп, барыс септігінің қосымшасы қысқарып, **ша/ше** есімшенің түбіріне жымдаса кірігіп, жұрнаққа айналуы мүмкін. Бұған бір дәлел — XIX ғасырдың өзінде П. М. Мелиоранский **ша/ше**-ні послелог деп қарап, «в соединении с послелогом **ша** (ше, ше) причастие настоящее-будущего

⁵⁵ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 284—285, 308.

⁵⁶ Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т. I. Спб., 1869, с. 501—502.

⁵⁷ Современный татарский литературный язык. М., 1969, с. 319.

времени употребляется для обозначения в придаточном предложении того действия, которое составляет предел, или срок действия главного предложения»⁵⁸, — деп жазган еді.

Уа, һәм жалғаулықтары жайында

Біз тілін сөз етіп отырған жазбалардың бірсыпырасында қазіргі тіліміздегі да/де, мен, және ыңғайластық жалғаулықтарының орнына, кейде солармен жарыстыра, парсы тілінің уа, һәм жалғаулықтары қолданылған. Бұл жалғаулықтар сол тұстағы жазба әдебиет үшін нормативтік форма болған тәрізді, өйткені барлық стильде де бұлар кездесіп отырады.

Мысалы: Қолұн көтергенче айал бермей

Аны һәм гүрзі бірлән салыб қалды («Зарқұм», 16-бет). «Хисса-и Хожа Ғафан уә һәм Сәдуахас» (1880). Бұ мәртнің мұндай батырлығын ерлігін қайратын қарауылчы құлдары уа қарауылчы күндері Ақжүніс аруға айтады («Ер Тарғын», 4-бет). Рас көркем салмақды еді һәм алал жүрүб тыныш жүрүчү еді (ДУГ, 1893, 11). Кімде кім ғарүзны өзлерүнче жаздұрсалар кереклі сөзлерүні жаздұрадылар һәм не жазғанын ұғадылар (ДУГ, 1888, 1). Арақ — адамдар үчүн зарарлы нәрсе һәм оның зарарларын санаб бітіруге мүмкін емес («Арақ у...», 2-бет). Чығұнын қайтарүб үстүне һәм ғайыб салады. Нағашысынан мал алүб қачса оған жаза жоқ һәм алүб қачқан малы қайтмайдүр («Қарамола ережесі», 27-бет).

Бұл мысалдардан көрініп тұрғанындай, уа, һәм жалғаулықтары бірыңғай мүшелерді не құрмалас сөйлемдерді жалғастыру қызметін атқарады. Кейде уа, һәм жалғаулықтары қатар қолданылып, қазіргі тіліміздегі бірыңғай мүшелердің ең соңғысының алдынан келетін сондай-ақ деген шылаудың мағынасын береді. Мысалы: Өзге уақытта сан һәм жазу уа һәм сурет салуды үйретеді (ДУГ, 1897, 25). Бұрұмта қылған кішілерден ұры басы бір қанды ат бір билік атдан уа һәм үч тоғұз ғайыб алұнадүр («Қарамола ережесі», 27-бет).

Бұл жалғаулықтардың «Дала уәләятінің газетінде» қаншалық жиі қолданылғанын оның әр жылғы номер-

⁵⁸ Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. II. Синтаксис/Сост. П. М. Мелиоранский, 1897, с. 54.

леріне жасалған сандық есептеулер айқын көрсетеді. Мәселен, газеттің 1890 жылғы 33-номерінде **һәм** — 20 рет, **уа** — 14 рет, **және** — 7 рет қолданылса, 1896 жылғы 10-номерінде **һәм** 39 рет қолданылыпты, ал **және**, **уа** жалғаулықтары мүлдем кездеспейді.

Газеттің 1902 жылғы 5-номерінде **һәм** — 20, **уа** — 6, **және** — 7 рет қолданылыпты. Мұның бәрінде олар бірыңғай жалғаулық шылаудың қызметін атқармаған, кейде сөйлем жігін ажырату үшін де пайдаланылып, тыныс белгісінің қызметін атқарған жағдайлары кездесіп қалады. Мысалы: Сол дауылдан бір қаланың медресесі бұзылып екі баланы өлтірген **һәм** ұстазы **уа** нече шәкірті өлімнен қалған (ДУГ, 1890, 33). Арбаның дөңгелегі дөңгелеб жүретұғын темірден яки болатдан соққан жолы болады **уа** бұл жолды релсе деп атайды (ДУГ, 1894, 24). Мұны газет бетінде жарияланған Катаринскийдің «Ізгі Иосиф», «Ізгі Ғаиб» деген аударма кітаптарына жазылған рецензиядағы мына бір пікір де дәлелдейтін тәрізді.

«Как на особенность киргизского изложения этих книжек,— деп жазылған мұнда,— надо указать на знаки препинания, которые обыкновенно отсутствуют в арабском начертании, вследствие чего для ясности речи в киргизском изложении всегда приходилось прибегать к повторительным частицам **و** (**уа**), **هم** (**һәм**). С течением времени эти частицы вошли в такое употребление, что их стали ставить более двух раз в одном и том же предложении. Благодаря этим повторительным частицам, всякое изложение принимало вид вялый, тяжелый и крайне неприятный для слуха читателей»⁵⁹.

Бұл жалғаулықтардың «Түркстан уәләятінің газетінде», Ыбырай Алтынсарин шығармаларында, В. Радлов, А. Васильев жинап бастырған ауыз әдебиеті үлгілерінде, орыс графикасымен шыққан өзге жазбаларда кездеспеуін шығарма авторларының, редакцияның бұл шет тілдік формалардан әдейі қашуынан деп білуіміз керек. Өйткені бұл жалғаулықтар бірсыпыра уақыт жазба әдеби тіліміздің кейбір стилдерінде актив қолданылып келді. Тіпті қазіргі күннің өзінде кейбір әдеби очерк-

⁵⁹ Дала уәләятінің газеті, 1894, 42.

⁶⁰ Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968, 134—135-б.

терде оның некен-саяқ ұшырап қалатын реттері де жоқ емес”.

Турада, турасында, тақырыпты, хұсысында, соның үшін шылаулары жайында

Қазіргі әдеби тіліміздегі туралы, жайлы, жөнінде, жайында қатыстық шылауларының орнына ХІХ ғасырдағы жазбаларда турада, турасында, тақырыпты, хұсысында (хұсұсда) шылау сөздері қолданылған.

— Осы турада бір таңсық ескі қазақча мақал бар (ДУГ, 1896, 31). Волостной съездің болұсқа, пәсірге, шабарға қак (жалованья) кескен турасында жасаған приговорларын... областное правлениюге жібереді («Қазақ календары», 71-бет). Олар тамақ турұсында да жа бөтен керек нәрсенің турысында да көб қиындық көрмейді. («Самоучитель...», 93-бет). Осы хұсұсда біз бұрын һәр түрлі сөз жазыб едік (ДУГ, 1899, 22). Қазақ өлген адамды жерге апарып қою тақырыпды орыс газитдерүнде біреу жазыпды (ТУГ, 1873, 36).

Бұл әңгіме болып отырған кезеңде біз жоғарыдағы шылаулардың қазіргі туралы, жайлы варианттарын кездестірмейміз. Тек Абай қарасөздерінде ғана біреу жерде тұғралы формасын ұшыратамыз.

— Сіздерге адам ұғылының мінездері тұғралы біраз сөз жазыб ядкар қалдырайын (Абай, 185-бет). Ыбырай шығармаларында негізінен турасында формасы жиі қолданылған. Тек арабша жазған хатында бір жерде тұғрыда вариантын қолданыпты.

— Егер бұл тұғырда сіздің маслихатыңызға тоқтамасалар, өтінемін, маған тез арада хабар берсеңіз еді (Ыбырайдың хаты). Бұған қарағанда, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жаңа жазба әдеби тіл үшін жоғарыдағы турада, турасында, хұсысында формалары норма болса керек. И. Лаптевтің «Қазақ-қырғыз тілі бойынша материалдарында» қазақ тіліндегі шылаулар деп осы турада, турұсында формаларын көрсетіп, оны «о, относительно» деп аударады⁶².

⁶¹ Әбілқасымов Б. Көнергенге көп әуес болмасак. — Сөз өнері. Алматы, 1978, 120-б.

⁶² Материалы по казак-киргизскому языку, собранные И. Лаптевым. М., 1900, с. 96.

Қазіргі әдеби тіліміздегі **сондықтан** шылауының орнына көп жағдайда **соның** (аның) үшін, **сол тақырыпты, сол себепті** тәрізді күрделі шылаулар қолданылған.

— Бұл иман надан халықта болды, **соның үшін** ең әлсізірегі болса керек (Ыбырай, «Шариат...», 9-бет). Тас тақтай тез сынады, **сонұң үшін** онұ ағаш рамаға орнатады (Васильев, «Кир. хрестоматия», 24-бет). Бұ уақытта бір кемшілік қазақ тілінше жасалған бір кітаб жоқ баршасы ноғайша сартша һәм ғайри тілдер аралас **сол тақырұблы** хәл қадірінше кітабдарды анық қазақ тілі менен шығарұб тұрса жақсы болар еді (ДУГ, 1888, 41). Құдай әр орнұнда болады, **онұң үшін** сен сақ болұб жүр («Ақыл беретұғын кнеге», 45-бет). Осы күнде орудар кендір арқанды көб алады **сол себепді** қазақдар кендір арқанды базарға алыб келетұғын болды (ТУГ, 1870, 5).

Бұл формалар да сол кездегі әдеби тіл үшін норма болса керек, өйткені баспа нұсқалардың барлығында дерлік орын алған.

Ләкин шылауы

О баста араб тілінен енген бұл шылау орта ғасыр ескерткіштерінде жиі кездеседі⁶⁹. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде (өзбек, ұйғыр, татар т. б.) бұл шылау — қарсылықты мағынаны білдіретін қалыпты формалардың бірі.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалардың кейбіреуінде аталған шылаудың бой көрсетіп қалатын реттері бар, бірақ ол — нормативтік құбылыс емес. Мәселен, Абай құрастырған «Қарамола съезінде жасалмыш ережеде» **ләкин** шылауы қарсылықты мағынада бірнеше жерде кездеседі.

— Ол ие болған кіші хатұнны... үйүне кіргізіб алмайды **ләкин** тұл хатынның аулұна чаруасын басқарұб тұрады (35-бет). «Дала уәләятінің газетінде» де бұл шылау өте сирек кездеседі. Мысалы: — Араб әліфбиінен қазақдар файдаланыб хат жазады **ләкин** қазақ сөздерінде жұмсақ хәріф менен жазылатын һәр түрлі әуездер көб (1899, 22). Газеттің біз сандық есеп жүргізген

⁶⁹ Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М.; Л., 1962, с. 206.

3 номерінің біреуінде ғана (1902 жылғы 3/II, № 5) **ләкин** шылауы бір-ақ жерде кездеседі.

Баспа нұсқалардың басқаларында, атап айтқанда, «Түркістан уәләятінің газетінде», Ыбырай Алтынсарин шығармаларында, орыс миссионерлері шығарған діни әдебиеттерде, сондай-ақ ғылыми-көпшілік және ауыз әдебиеті үлгілерінде **ләкин** шылауы кездеспейді. Бірақ Абайдың қарасөздерінде, оның ішінде 12, 38 сөздерінде бұл шылау 3 рет кездеседі. Бұл фактіні зерттеушілер аталған сөздердің тақырыбына байланыстыра қарап, олардың «әлеуметтік белгілі бір топтарға арналып жазылғандығынан» деп түсіндіреді⁶⁴. **Ләкин** шылауының XX ғасыр басында шыққан «Капитан қызының» аудармасында бірер жерде ұшырайтынын Е. Жанпейісов көрсетеді⁶⁵.

Бұған қарағанда, **ләкин** шылауы қазақтың жаңа жазба әдеби тілі үшін нормативтік құбылыс бола алған жоқ, тек дәстүрлі көне жазба тілден қалған реликт немесе татар әдеби тілінен ауысқан кірме форма делініп қаралуы қажет.

Ұшбу, мәзкүр, қаю есімдіктері жайында

Біз тілін сөз етіп отырған қазақша баспа нұсқаларда қазіргі қазақ тіліндегі осы, бұл, ол сілтеу есімдіктерімен қатар осы мағынада **ұшбу**, **мәзкүр**, **қаю** тәрізді сілтеу есімдіктер жиі қолданылған. Бұл есімдіктер сол тұстағы жазба әдеби тіл үшін нормативті формалар болған болуы керек, өйткені оларды барлық стильдегі материалдардан да кездестіреміз.

Бірнеше мысалдар:

— Чол уақытта Жібекнің айтұб отырған зары *ұшбудұр* («Қыз Жібек», 33-бет). Ерсе йанында *мәзкүр* сурет болмады («Бозжігіт», 6-бет). *Мәзкүр ұшбуге* бекет тұрса жұрт көб рахмет айтұр еділәр (ДУГ, 1888, 11). *Ұшбу* жылда 20 нчы ағұста бихисаб қара құртлар файда болұб көп жерлерге... залал келтірді *қаю* құртлар 26 нчы ағұста азая бастады (ДУГ, 1902, 4). Аларның айырыб берген шарифаты *ұшбу* ережеге тіркелұб

⁶⁴ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 297-б.

⁶⁵ Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. Алматы, 1968, 109-б.

йазылса екен («Қарамола съезінде жасалмыш ереже», 19-бет), т. т.

Бұл есімдік формалары Ыбырай, Абай шығармаларында, «Түркстан уәләятінің газетінде», сондай-ақ орыс түркологтары жинап бастырған үлгілерде кездеспейді. П. М. Мелиоранский қазақ тілінде сілтеу есімдіктеріне *о*, *ол*, *бұ* жатады деп көрсете келіп, сілтемеде «*Бұ* иногда усиливается в *ұшпу*, впрочем эта форма встречается очень редко»⁶⁶, — деп жазады.

Ұшбу есімдігі күрделі сілтеу есімдігі ретінде қазіргі өзбек, ұйғыр тілдерінде кездеседі. Мұны ғалымдар екі компоненттен (*уш+бу*) тұрады деп көрсетеді. Мұның алдыңғы компоненті туралы бірнеше пікірлер бар. Ф. Г. Исхаков *ұш//ош//уш*-ты дыбыс алмасу заңдылығына сүйеніп (*ш~л*), *ол//ул*-дан шықпады ма екен деген жорамал айтса⁶⁷, А. Н. Кононов бұны өздік есімдігіне телиді⁶⁸. А. П. Поцелуевский *ұшбу*-дың алдыңғы компонентін күшейткіш префикс деп көрсетеді⁶⁹. А. М. Щербак бұл күрделі есімдікті «анафорическая форма» деп қарап, *ош* және *бу* есімдіктерінің бірігуінен пайда болған деп табады⁷⁰. Біздіңше де, осы соңғы тұжырым шындыққа бір табан жақын тәрізді.

Ал *мәзкүр* мен *қаю* есімдіктерін алсақ, бұлардың біріншісі — араб тілінен енген сөз. *Мәзкүр* — араб тілінде «атақты» және «жоғарыда айтылған» деген екі түрлі мағынада қолданылады. Қазақ жазбасында беретін мағынасы — соңғысы, яғни «жоғарыда айтылған» дегені. Ал *қаю* — көне түріктік форма болса керек. С. Е. Малов бұл есімдік формасының «Құтадғу-билигте», «Рабгузиде», «Алтын ярықта» кездесетінін көрсетеді және мұны орысшаға «который, какой» деп аударар-

⁶⁶ Краткая грамматика казак-киргизского языка. Ч. I/Сост. П. М. Мелиоранский. Спб., 1894, с. 42.

⁶⁷ Исхаков Ф. Г. Местоимения. — В кн.: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. II, морфология, 1956, с. 249.

⁶⁸ Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.; Л., 1960, с. 177.

⁶⁹ Поцелуевский А. П. Происхождение личных и указательных местоимений. — Материалы к истории туркменского языка. Ашхабад, 1947, с. 12.

⁷⁰ Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. М., 1962, с. 133.

ды⁷¹. Бұл тұлғаның осы мағынада «Сирадж ал-Кулубта» кездесетінін Э. Н. Наджип те көрсетеді⁷². Л. Будаговтың сөздігінде *قايو* шағатайлық, татарлық форма деп көрсетіліп, «который» болып аударылған⁷³. Алайда бұл есімдік өзгелерінде қарағанда, «Дала уәләятінің газетінен» басқа жазбаларда көп кездеспейді, қазіргі түркі тілдерінің ешқайсысында сақталмаған.

4. Сөйлем құрылысы мен сөз тіркестеріндегі кейбір ерекшеліктер

XIX ғасырдың екінші жартысындағы жазба нұсқалардан сол кезеңдегі мерзімді баспасөздің, Ыбырай, Абай шығармаларының синтаксистік құрылысы бұдан бұрынғы ғылыми еңбектерде азды-көпті сөз болып келгені мәлім. Т. Р. Қордабаевтың «Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі» аталған монографиясында өткен ғасырдағы қазақ жазбаларының (егер кейбіреуін солай айтуға болатын болса) синтаксистік құрылымы егжей-тегжейлі сөз болады. Онда автор біздің объектімізге тікелей қатысы бар екі газеттің («Түркстан уәләятінің газеті» мен «Дала уәләятінің газеті») тіліндегі жай сөйлем түрлеріне, сөйлем мүшелеріне және олардың орын тәртібіне, сондай-ақ құрмалас сөйлем жіктеріне, олардың байланысу амалдарына жеке-жеке тоқтап, ол категориялардың қазақ жазбаларындағы көрінісіне біршама толық сипаттама береді⁷⁴. Осы жолдар авторының «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты монографиясында басқа тілдік фактілермен бірге аталған газеттердің синтаксистік құрылысы да назардан тыс қалған жоқ. Онда көбіне-көп газеттер тіліндегі қазіргі әдеби тіл нормасынан ерекшелену келетін сөйлем типтеріне, олардың байланысу амалдары мен сөйлем мүшелерінің орын тәртібіне көңіл аударылған болатын⁷⁵.

⁷¹ Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности. М.; Л., 1951, с. 410.

⁷² Наджип Э. Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. М., 1979, с. 69.

⁷³ Будагов Л. З. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. Т. II. Спб., 1871, с. 35.

⁷⁴ Қордабаев Т. Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966.

⁷⁵ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. Алматы, 1971, 150—167-б.

Абай шығармаларының тілін монографиялық планда зерттеген Р. Ғ. Сыздықова «ондағы кейбір сөйлем түрлеріндегі, сөйлем мүшелерінің орын тәртібіндегі, төл сөз конструкцияларындағы ерекшеліктерді» сөз етеді. Ғалым ол «ерекшеліктерді» екі түрлі планда алып қарайды. Бірін тек Абайдың өзіне ғана тән деп тауып, оны жазушының стильдік ерекшелігімен байланыстыра қараса, екіншісін Абайдың тек өзіне емес, дәуіріне тән ерекшеліктерге жатқызып, тілдің даму тарихымен байланыстыра қарайды⁷⁶. Ыбырай шығармалары тілімен байланысты мұндай жайларды С. Хасанова да әңгіме етеді⁷⁷.

Дегенмен, біз бұл зерттеуімізде ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жазба әдеби тіл жағдайына сипаттама бере отырып, оның синтаксистік құрылысына тән ерекшеліктер жайында жалпылама болса да тоқталмай кетуді орынды деп таппадық. Оның үстіне, біздің қарастырып отырған объектілеріміздің ішінде жоғарыда аталған Ыбырай, Абай шығармалары мен газеттерден басқа да жазба әдебиет үлгілері бірсыпыра. Сондықтан, негізінен, сол үлгілердің тіліне тән деген қазіргі әдеби тілден ерекшеленетін жайттарды сөз ете отырып, бұрынғы зерттеушілердің пікіріне өз көзқарасымызды білдіре отырамыз. Әрине, көп жағдайда біздің табатын «ерекшеліктеріміз» бен келер қорытындыларымыз алдыңғы зерттеушілер пікірлерімен бірдей түсіп жатуы да мүмкін.

Синтаксис «сөйлем туралы, сөйлемдегі сөздердің, сөйлемдердің тіркесуі туралы, сөйлемнің құрамы туралы ілім»⁷⁸ екені мәлім. Сөйтсе де, бұл арада синтаксистің барлық мәселелері сөз болмайды, тек құрмалас сөйлемнің кейбір түрлері мен сол дәуірге тән кейбір сөз тіркестері сөз болады. Өйткені, Т. Р. Қордабаев дұрыс көрсеткендей, «Өткен заман жазу нұсқаларының көпшілігінен жай сөйлемнің қазіргі әдеби тілімізде бар түрлерінің бәрін де табуға болады. Бұл жағынан яғни сөйлемнің бір құрамды (толымсыз, жақсыз), екі құрамды (толымды, жайылма) болып келуі жағынан ал-

⁷⁶ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 292—316-б.

⁷⁷ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 95—99-б.

⁷⁸ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 367-б.

ғанда, тіліміздің синтаксистік құрылысында айтарлықтай өзгешелік жоқ тәрізді»⁷⁹.

Сол сияқты, аталған жазбаларда құрмалас сөйлемнің салалас, сабақтас және аралас түрлерінің бәрі де кездеседі. Дегенмен, солардың ішінде XIX ғасырдағы қазақ жазбалар тіліне құрмаластың қай түрі тән деген сұрақ қойылса, біз іркілместен аралас құрмалас пен көп бағыныңқылы сабақтас құрмаласты атаған болар едік. Бұны біз жоғарыда аталған газеттер тілі жайындағы еңбегімізде де айтқан болатынбыз. Бұл пікірдің дұрыстығына сол дәуірдегі өзге жазба нұсқалар фактілері де көзімізді жеткізе түседі. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысалдарға жүгінейік.— Алдында бір дөңге чыға келсе, ауыл жақын екен, көрді де, ауылға келді, ел ас беріп жатыр екен (Березин, 30-бет)⁸⁰. Оның монтанчысы басына мінүб отұрүб, тілеген жағына қарай айдайды, ұстаб жүретүғүн жүгені жоқ, тек монтанчысының сөзүн тыңдаб, биұрған жұмұсын қыла береді («Самоучитель...», 103-бет). Ағарда байұ алмаймын десе, хатүн ойнасында қалады, бірақ алүб кашқучы төлеген толұқ қалың малын қайтарүб береді, хатүн меһірден құр қалады («Қарамола ережесі», 21-бет). Алтын балық жуаб берер мекен деп қарт көп күтүп тұрүпты, ешбір жауап болмаған соң, қарт күталмай, кемпіріне қайтыпты («Балықшы мен балық», 21-бет), т. т. Бұлардың бәрі — аралас құрмалас сөйлемдер, көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер де осы тәрізді болып келеді.

— Құдайдың құдрөтү мен дүнүие жаратылғаннан бері ай осы қалпынан танбай, жерді айналып, бір көрүнүп, бір көрүнбөй, бір үлкөйүп, бір кішірейіп жүрөдү («Қазақ календары», 35-бет). Онан соң Европа жағынан бара-бара барүб келучі көбейүб, ол аралдың кісісі де бұларға үйренүб, жаман әдеттерін тастаб, қадімгі кентді, падшалы жұрт болүб тұр («Самоучитель...», 95-бет). Ерте жайындан тұрүб, намазын оқүб, ат егерлеб, ноғайлыға қараб йүріш етді (Березин, 32-бет), т. с. с.

Бұл құбылыстың XIX ғасырдағы өзге жазба нұсқа-

⁷⁹ Қордабаев Т. Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966, 76-б.

⁸⁰ Жазба нұсқалардың көпшілігінде тыныс белгісі болмағандықтан және дұрыс қойылмағандықтан, мысалдарға тыныс белгісін өзіміз қойдық.

ларда да кездесетінін зерттеушілер көрсеткен болатын⁸¹. Мәселен, Р. Сыздықова: «Абай прозасында ұзын-ұзақ күрделі сөйлемдер көзге түседі... Бұлар бірыңғай бағыныңқылы да, әр ыңғай көп бағыныңқылы да, аралас құрмалас та болып келеді»,— дейді де, «Қазақ жазба әдеби тілінің проза стилінің қалыптаса бастаған кезеңінде — XIX ғасырдың II жартысында күрделі ойды шұбалаңқы сөйлеммен беру — сол кезеңге тән белгілердің бірі. Тіпті, бұны жазба әдеби тіліміздің даму этаптарындағы нормалардың бірі деп қарауға болады»⁸²,— деген қорытынды жасайды. Бұл пікірмен қосылмасқа болмайды. Өйткені ол кезде, проза жанрының жаңадан ғана қаз басқан дәуірінде, жазба әдебиетіміз әлі ауыз әдебиет пен ауызекі сөйлеу тілі ықпалынан қол үзіп кете алмаған кезеңде, бір жағынан орыс тіліндегі күрделі конструкцияларды қазақшаға аудару қажеттілігі туған кезде, мұндай күрделі, ұзақ сөйлемдердің болуы да заңды құбылыс сияқты. Бірақ бұлардың ертедегі көне түркі жазба ескерткіштері мен қазақ ертегілерінде кездесетін «длинота» деп аталатын шұбалаңқы сөйлемдерден⁸³ сапалық айырмашылығы ба-рын ұмытпауымыз қажет.

XIX ғасырдағы жазба әдебиеттің синтаксистік құрылысына тән тағы бір ерекшелік — деп-ке аяқталған төл сөзді сөйлемдер мен басыңқысы бұрын, бағыныңқысы соңынан орналасып, қазіргі құрмалас сөйлем тәртібінің бұзылып келетін түрі.

Бұл құбылысқа бізден бұрынғы зерттеушілер де көңіл аударған болатын. Мәселен, проф. Н. Т. Сауранбаев бұл жайында былай деп жазады:

«Бүгінгі тіл құрылымымыздың заңы бойынша, байланыстырғыш шылау меңгеретін сөйлем не «деп» меңгеретін төл сөйлем эрқашан негізгі сөйлемнің алдында не сөйлемнің бастауышы мен баяндауышының арасында келетін болса, ескі дәуірде бұл керісінше болған. Басыңқы сөйлемнің мағынасы басым болғандықтан, яғни құрмалас сөйлемдегі айтылған жалпы ойдың негізгі бөлегі

⁸¹ Қордабаев Т. Р. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966, 155-б. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 299-б.

⁸² Бұл да сонда, 303-б.

⁸³ Сауранбаев Н. Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. Алматы, 1948, 29-б. Гаджиева Н. З. Синтаксисо сложноподчиненного предложения в азербайджанском языке. М., 1963, с. 100.

айтылған сөйлемді алдымен айтатын болған. Ал бағыныңқының басыңқыға бағынышты екендігі оның соңында тұруынан білінген немесе оны меңгеретін шылаудан білінген»⁸⁴. Бұндай құбылыстың Абай қарасөздерінде кездесетінін айта келіп, акад. І. Кеңесбаев оны ауызекі сөйлеу тілі нормасымен байланыстыра қарайды⁸⁵. Р. Сыздықованың зерттеулеріне қарағанда, «Сөйлемнің деп дәнекеріне аяқталуы Абай тұсындағы күллі қазақ прозасы тіліне тән: бұл тәсіл көркем әдебиет стиліне жататын Ыбырай әңгімелерінде де, қоғамдық публицистикаға жататын баспасөз тілінде де, қазақша қарасөзбен жазылған өзге үлгілерде де (тіпті христиан дінін уағыздаған миссионерлік әдебиетте де) — барлығында қолданылған»⁸⁶. Бұл пікірді біздің байқауларымыз да толықтыра түсетін тәрізді.

— Әуел һәр бір орында болып тұрұб, орындан чыққан адамдарды катдаб белгүлі қылыб қойұңыз деб биүрұқ қылыбды, үйткені жаңғыдан бір орындға сайланған кезде керек болса асан болұр деб («ТУГ», 1870, 5). Оның бер жағында Дарвин деген оқұмұс айтады: үй жасауға жарайтын ағаштарды аман сақтау үшүн тоқұлдақтарды өлтүргөн ең жақсы себеп деп («Қазақ календары», 47-бет). Сонда бұл маймұн қорқұп, кетіп қалыпты, бұ тұлкө сүгрөтінде болұп жүргөн басқа мықты аң болар ма деп (Васильев, 42-бет).

Бұл фактілердің бәрі, айналып келгенде, деп-ке аяқталған сөйлем түрлерінің өткен ғасырдағы қазақ жазбаларына тән нормативтік құбылыс болғандығын көрсетеді.

Осымен тығыз байланысты бір ерекшелік — сабақтас құрмалас сөйлемдегі бағыныңқының, әдеттегідей, басыңқының алдында тұрмай, оның соңында келуі. Бұл ерекшеліктің газеттер тілінде кездесетіні біздің бұрынғы еңбегімізде сөз болған болатын⁸⁷. Бұл фактінің Ыбы-

⁸⁴ Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер және олардың даму жолдары.— Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Лингвистика сериясы, 1945, № 1.

⁸⁵ Кеңесбаев С. Абай — основоположник казахского литературного языка.— Советский Казахстан, 1955, № 9.

⁸⁶ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 305-б.

⁸⁷ Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газетінің тілі. Алматы, 1971, 155—156-б.

рай шығармаларында кездесетінін С. Хасанова⁸⁸, сирек те болса, Абай прозасында да бар екенін Р. Сыздықова⁸⁹ көрсетеді. Біз қарастырып отырған жазба нұсқаларда да бұл құбылыс ішінара бой көрсетіп қалады.

— Женіл чанаға бірталай итді жегүб, алдұнан бір әбден үйренген естірек башшы иті болады чық нәрсе менен байламай бос жүргүзетүгүн («Самоучитель...», 109-бет). Не себеппен аспаннан түскөн тас қызара түгүнүн түсіндіру қыйын, тек жоспарын айтып түсүндүрмөсөм («Қазақ календары», 46-бет). Қалыңдық бірлән күйеуін айыруға мемкін болады күйеу қыздан игірма беш йаш үлкен болса... («Қарамола ережесі», 29-бет), т. б.

С. Хасанова бұл құбылысты «Ыбырайдың өзіне тән тілдік ерекшелігі» ретінде қарастырыпты. Біздіңше, бұл да сол дәуірдегі жазба әдеби тіл үшін норма болғанға ұқсайды және жазба әдебиетке ауызекі сөйлеу тілінің тигізген әсері деп қараған дұрыс.

XIX ғасырдағы жазба нұсқалардың тіліне тән тағы бір ерекшелік кейбір сөз тіркестеріне байланысты. Бұл арада біз жеке бір ескерткіштің не материалдың тілінде кездесетін стильдік немесе сөз қолданудағы некен-саяқ ауытқуларға тоқталмаймыз, біз қарастырып отырған баспа нұсқалардың баршасына немесе көпшілігіне тән деген ерекшеліктерге ғана тоқталамыз. Осындай сөз тіркесінің бірі — етістіктің шартты рай тұлғасының *керек* (болады, жарайды) сөзімен тіркесі. Бұл құбылыс жөнінде де зерттеушілер Т. Р. Қордабаев, Р. Ғ. Сыздықова, Е. Жанпейісов және осы жолдар авторы бұрынырақ әңгіме еткен болатын. Зерттеушілер бұл форманың беретін мағынасы мен атқарған қызметін, негізінен, дұрыс айқындап, «белгілі бір кезеңнің, яғни ғылыми-публицистикалық стиль мен көркем проза жаңа қалыптаса бастаған кезеңнің, әдеби нормасы» деген қорытындыға келген болатын. Бұл пікірді біздің қарастырып отырған материалдарымыз да қуаттай түскендей.— Енді оқуған адам қазақ тілі осы деб *ойласа керек* (ТУГ, 1876, 29). Ақчасын почта менен Ташкентке казит чыгарушының атына... *жібірге керек* (ТУГ, 1881, 15). Кұманчы уақ-

⁸⁸ Хасанова С. Ыбырай Алтынсарин шығармаларының тілі. Алматы, 1972, 96-б.

⁸⁹ Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. Алматы, 1968, 308-б.

тылы күнінде молла үйінде бар жоқ болса да келгенін мағлұм етүб кнегеге *иаздұрса керек* («Қарамола ережесі», 49-бет). Наншылар таңертең нан даяр етуге түні бойын *үйұқтамаса керек* (Васильев, 63-бет). Бұл иман надан халықта болады соның үшін ең әлсізрегi *болса керек* (Ыбырай, «Шариат», 9-бет). Болұс қол астының выборныйлары екі адам *сайласа керек* («Қазақ календары», 70-бет).

Шартты райлы етістіктің *болады, жарайды* сөздерімен келуі де барлық ескерткіштерге тән.

— Қандай бұйымдар сатұлатұғұнұн... Меркүловичке барұб көрсе *болады* (ТУГ, 1881, 15). Мұндай қадірлі жұмысқа дала уәләятінің қазақча қазиті жәрдем *қылса жарайды* (ДУГ, 1894, 27). Ол кісінің қасында көп қамалудың керегі жоқ, тек үш-төрт кісілер *болса жарайды* («Қазақ календары», 61-бет). Аталған зерттеушілердің ішінен тек Е. Жанпейісов ғана бұл форманың Абай, Ыбырай қарасөздерінде жиі қолданылатынын, ал Октябрь революциясы алдындағы өзге проза үлгілерінде сирек кездесетінін еске алып, бұл тіркестерді «екі автордың өзіндік стилімен астас құбылыс деп қараған жөн» деген қорытындыға келеді⁹⁰. Біздіңше, бұл — асығыстау айтылған пікір тәрізді, дұрысы Р. Сыздықова айтқандай, «XIX ғасырдың II жартысында проза-жанры туа бастаған кезде жанданған тәсіл» болуы керек.

Бұлардан өзге сол тұстағы қазақ жазбаларының көпшілігінде кездесетін *жұмыс жұмыстау* (қазіргі — жұмыс істеу, жұмыс жасау орнына), *орнына келтіру* (қазіргі орындау етістігі орнына), *жаһат ету* (талаптану мағынасында) тәрізді сөз тіркестерін де айтпай кетуге болмайды.

— Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ, сені де құдай-таала босқа жүруге жаратпаған, *жұмыс жұмыстауға* әдеттенуге керек деді (Ыбырай, «Қыр. хрес». 22-бет). Городской комиссия ойазной комиссияның қылатын *жұмысын жұмыстайды* (ДУГ, 1896, 10). Биінің биліктерін болұслар *орнұна келтүрмекке* міндетлі («Қарамола ережесі», 9-бет). Бұзуға келгенім жоқ, *орнұна келтіруге* келдім («Евангелие», 11-бет). Бүйрұқтарын *орнына келтіріб* істеушіге ғана құдай өзүн өзү білдіре-

⁹⁰ Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. (Октябрь алды және 20—30 жылдар). Алматы, 1968, 114-б.

ді («Ақыл беретін кнеге», 45-бет). Ұрлыққа *жаһат еткен* адамдар ұры бірлән бірдей жаза тартады («Қарамола ережесі», 27-бет). Біз бұлардың ішінен бағзы біреулерін алып айтуға *жаһат етеміз* (Лаптев, 56-бет), т. т.

* * *

Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің грамматикалық құрылысын сипаттау үстінде оны одан бұрынғы көне жазба әдеби тілден және қазіргі әдеби тілден ерекшелейтіндей төмендегі құбылыстарды байқадық.

1. Қазақтың көне жазба тілі үшін есімшенің **мыш** тұлғалы өткен шақ формасы, **ұр//үр** жұрнағы арқылы жасалған келер шақ формасы, **тұрған** сөзінің қосылуы арқылы жасалған есімшенің ауыспалы осы шақ мағынасындағы күрделі етістік формасы бірден-бір норма болған болса, жаңа жазба әдеби тілде бұл формалардың қолданылуы факультативті, олардың әдеби тілдің кейбір стильдерінде ғана сақталғанын көреміз. Олардың орнына норма ретінде **ған//ген**, **ар//ер//р**, **тұғын** формалы есімшелер қолданыс тапты. Сондай-ақ бұл кезеңде III жақтағы жіктік етістікке **лар//лер** көптік қосымшасын қосу фактілері де мүлдем азайып, тек көненің қалдығы ретінде сақталып қалғанын байқаймыз.

2. Жаңа жазба әдеби тіл материалдарында көне әдеби тілге тән **дүр** (жіктік жалғауының III жағының қосымшасы ретінде), **бірлән** (илән), **че** (шейін орнына), **уа**, **һәм** шылаулары кейбір стильде сақталып қалғанымен, көпшілігінде олар **ды//ді** қосымшасымен, **менен**, **шейін**, **және** шылауларымен ауыстырылғанын көреміз. *Үшбу*, *мәзкүр*, *қаю* сілтеу есімдіктері де кейбір стильдерде әлі де болса некен-саяқ кездесіп қалады.

3. Жаңа жазба әдеби тілде қазіргі **туралы**, **жайлы** шылауларының орнына **турасында**, **турада**, **хұсысында**, **тақырыпты** шылауларының қолданылуы — нормативтік құбылыс.

4. Жаңа жазба әдеби тілде құрмаластың барлық түрлері де кең қолданылып, олардың құрмаласу амалдары жетіле түседі. Дегенмен, ол кез жазбалары үшін аралас құрмалас сөйлем мен көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем түрлері негізгі және жиі кездесетін формалар болатын. Сол кез жазбаларында *жұмыс жұмыстау*, *орнына келтіру*, *жаһат ету* тәрізді сөз тіркестері мен шартты рай формасының *керек* (жарайды, болады) сөзімен тіркесуі арқылы жасалған күрделі етістік формасы жиі кездеседі.

КОРЫТЫНДЫ

Қазақ әдеби тілінің тарихы бойынша бірсыпыра монографиялар, очерктер мен мақалалар жарық көргенімен, әдеби тілдің белгілі бір кезеңдегі жазба ескерткіштерін айқындап, соның негізінде оның жай-күйін сөз ететін зерттеулер болмай келді. Біздің зерттеуіміз белгілі дәрежеде осы олқылықтың орнын толтыру мақсатын көздейді. Мұнда қазақ әдеби тіліне қатысты деген жазба ескерткіштер стиліне қарай топтастырылып, жеке-жеке қарастырылады. Олардың тілінде кездесетін ортақ құбылыстар сол тұстағы жаңа жазба әдеби тілдің негізгі белгілері ретінде сипатталады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақша баспа нұсқалардың ішінде қисса аталатын әдебиет көрнекті орын алады. Қиссалар тілі бұрын зерттеу объектісі болмағандықтан, ол жөнінде әр түрлі ұшқарырақ айтылған пікірлер көп.

Біз қиссалар тілін үшке бөліп қараймыз (діни сарындағы қиссалар, азаматтық тақырыптағы қиссалар және халықтық туындылар). Бірінші топтағы қиссаларда түркі әдеби тіл дәстүрі (лексикасында, грамматикалық құрылысында, орфографиясында болсын) молынан орын алған.

Азаматтық тақырыптағы қиссалардың орфографиясында орта азиялық түркі әдеби тілі дәстүрі толығынан сақталғанымен, грамматикалық құрылысында көне тілдік формалар сирек кездеседі, ал лексикасында өзге тілдік элементтер жоққа тән. Халықтық туындыларға жатқызған қиссалар тілі көп жағдайда қазіргі әдеби

тілімізбен бірдей түсіп жатады, тек орфографиясында сол тұстағы араб жазулы ескерткіштерге тән бірен-саран ерекшелік кездескенімен, грамматикалық құрылысы мен лексикасы өзге тілдік элементтерден мүлдем таза. Қалай болғанда да қазақта қиссалар тілі өз заманындағы жазба әдеби тіл үлгісі ретінде қаралуға тиіс. Қисса аталған әдебиет арқылы қазақтың бай ауыз әдебиет тілі қағаз бетіне түсті, небір бейнелі тенеулер, айшықты метафоралар, шебер қиюластырылған мақал-мәтелдер мен образды тіркестер бүгінгі дәуірімізге жетіп, қазіргі әдеби тіліміздің алтын қорына айналды.

Қазақ тілінде алғашқы газеттер өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап шыға бастады. Бұл мерзімді баспасөз беттерінде әр түрлі стильге жататын материалдар жарияланса да, негізінен, қоғамдық-публицистикалық стиль бой түзеді. Газеттер жаңа жазба әдеби тілді қалыптастыруда өз бетінде бұл мәселені көтеруімен де, өздері жаңа жазба әдеби тіл үлгісінде жазуымен де үлкен қызмет етті, кейінгіге жол көрсетті. Алғашқы газеттеріміздің аударма болуының өзі әдеби тіл сөздігін кеңейтуде, сөйлем құрылыстарын жетілдіруде, калька түріндегі тұрақты тіркестерді туғызуға, тыныс белгілерін пайдалануды жетілдіруде үлкен пайда келтірді.

XIX ғасырдағы жазба (баспа) нұсқалардың ішінен ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілерін молынан кездестіруге болады. Олар ғылым мен техника жетістіктерін баяндайтын мақалалар мен текстер түрінде де, жеке кітапшалар түрінде де көрінеді. Сол сияқты жеке ғылым салаларынан да бірқыдыру материалдар ұшырайды. Бұл әдебиеттердің де өз кезінде жазба әдеби тілді дамытуда, әсіресе оның лексикасын терминдік сөздермен байытуда, сөйлеу тіліне тән формаларды жазба тілде қалыптастыруда елеулі орны болды.

Ресми іс қағаздарының тарихы көне дәуірден бастала тұрса да, XIX ғасырдың екінші жартысында оның түрінің көбейіп, тілі мен стилінің біраз жетілгенін көреміз. Бұл дәуірдегі іс қағаздарына әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, циркулярлары, заң жинақтары мен әр түрлі ережелер, эпистолярлық материалдар кіреді. Бұлардың тілінде көне әдеби тілдік формалар өзге стильдерге қарағанда, көбірек сақталған.

XIX ғасырдың екінші жартысы қазақтың жазба әдеби тілінің жаңа сапаға көтерілуіндегі өтпелі кезең

болды. Бұған белгілі дәрежеде жағдай туғызған Қазақстанның Россияға толықтай қосылуымен байланысты кіре бастаған экономикалық, мәдени және әлеуметтік өзгерістер еді.

Екінші жағынан, сол кезеңде тарих сахнасына шыққан Шоқан, Ыбырай, Абай тәрізді ағартушылар мен қазақ тілін дамытуға ат салысқан бір топ орыс түркологтарының жаңа жазба әдеби тілді қалыптастыру жөніндегі қызметтерінің де зор маңызы болды. Олар жаңа жазба әдеби тілдің негізі халықтың ауызекі сөйлеу тілі мен көп замандар бойына халыққа рухани азық болып келе жатқан ауызша әдеби тілі болуы керек дегенді дұрыс айқындап берді және өздері бас болып әр стильде сол тілдің алғашқы үлгілерін жасады.

Бұл дәуірдегі жазу практикамызда екі түрлі графика (араб және орыс графикалары) пайдаланылды. Сол кездегі баспасөзде, қоғамдық ой-пікірде араб графикасына негізделген алфавиттің қазақ сөздерін дұрыс жазуға келе бермейтіндігі, қазақ балаларының тезірек сауаттануына да көп қиындық келтіретіндігі сыналып, орыс графикасына негізделген алфавитке көшу қажеттілігі жиі сөз болады. Дегенмен бұл мәселе үкімет шешімі ретінде толық жүзеге аса алған жоқ, тек жекелеген стильде басылған әдебиеттер ғана орыс графикасымен шығып жүрді. Соңғыларының қазақ сөздерінің дұрыс жазылуын бір ізге келтіруде, орфографиялық, пунктуациялық заңдылықтарды қалыптастыруда зор ролі болды.

Баспа нұсқалар арқылы жаңа жазба әдеби тілдің лексикасы қоғамдық өмірдің әр саласына байланысты терминдік мағынадағы сөздермен толықты, қазақтың көптеген байырғы (нейтраль) сөздері терминдік дәрежеге көтерілді, бірсыпыра сөздердің мағынасы кенейіп, кейбірі бұрынғы мағынасына жаңа мағына үстеді. Лексикалық қорымызда араб-парсы сөздерінің кіру қарқыны тежеліп, оның есесіне орыс тілінен көптеген терминдік сөздер енді.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы баспа нұсқалардан тіліміздің грамматикалық құрылысында болған өзгерістерді толық көз алдымызға келтіруге болады. Бұл материалдардың кейбіреуінде көне әдеби тілдік формалар мен сөйлеу тілінің формалары қатарласа келіп отырса, ал олардың кейбіреуі көне формалардан

мүлдем таза, яғни қазіргі әдеби тіліміздің нормаларына өте жақын тұрады. Біз тілін сөз етіп отырған жазбалар арқылы көне әдеби тіл мен қазіргі әдеби тіліміздің аралығындағы жаңа жазба әдеби тіліміздің грамматикалық құрылысына тән нормаларды көрсетіп беруге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтың жазба әдеби тілінің жай-күйіне, сипатына барлау жасай отырып, төмендегідей екі түрлі қорытындыға келуге болатын тәрізді.

1) Қазақтың жазба әдеби тілі XIX ғасырдың екінші жартысынан әлдеқайда көп бұрын қалыптасып, өмір сүріп келді. Ол тіл лексикасында болсын, грамматикалық құрылысы мен орфографиясында болсын, түркі әдеби тілі дәстүрі молынан сақталған тіл еді. Онымен қоса-қабат қазақтарда бай және жетілген, оралымды және образды ауызша әдеби тіл болды. XIX ғасырдағы қазақ тілін зерттеген түркологтар осы ауызша әдеби тілден айыру үшін жазба тілді бірде «шағатай тілі», бірде «кітаби тіл» деп атады. Міне, осы соңғы терминді кейінгі кейбір зерттеушілер талғаусыз қабылдап, түркі әдеби тіл дәстүрі (көп пе, аз ба, бәрібір) сақталған жазба нұсқалардың баршасын «кітаби тілде» жазылған деген желеумен оларды қазақша әдебиетке қосу-қоспау мәселесіне күмән келтірді. Ал, шындығында, XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі жазбаларымыз ешқандай «кітаби тілде» емес, қазақтың көне әдеби тілінде жазылған еді.

2) Осы жоғарыдағы жағдаймен байланысты қазақ әдеби тілін дәуірлеуде мынадай схеманы енгізген дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Қазақ халқының өз алдына халық ретінде қалыптасуы шамамен XV—XVI ғасырлардан басталады десек, қазақ жазба әдеби тілінің алғашқы дәуірі де осы кезден басталуға тиіс. Сөйтіп, қазақтың жазба әдеби тілін үш кезеңге бөлген жөн сияқты:

а) Қазақтың көне жазба әдеби тілі (XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін);

ә) Қазақтың жаңа жазба әдеби тілі (XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін);

б) Қазақтың қазіргі әдеби тілі (XX ғасырдың 30-жылдарынан қазірге дейін).

Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазба әдеби тілі халықтың сөйлеу және ауызша әдеби

тілі негізінде қалыптасты. Оның дұрыс бағытын айқындаған да, негізгі үлгілерін салып берген де қазақ ағартушылары Ыбырай мен Абай болды. Бұл процесте орыс ориенталистері де белгілі дәрежеде роль атқарды. Алайда бұл жазба әдеби тіліміз қазіргі әдеби тілімізбен бірдей десек, кателескен болар едік. Аталған жаңа жазба әдеби тіліміз талай ғасырлар бойына өмір сүрген көне жазба тіл дәстүрінен бірден қол үзіп кете алмады. Жазба авторының кім екендігіне, қай алфавитте (араб әлде орыс) жазылуына және стиліне қарай ол дәстүр бірінде аз, бірінде мол кездесіп отырды. Тек үстіміздегі ғасырдың 30-жылдарынан бастап, яғни Совет өкіметінің қазақ жерінде жан-жақты орнығуы мен қазақ жазуының латын графикасына, одан соң орыс графикасына көшуімен байланысты көне қазақ әдеби тілі, дәлірек айтсақ, түркі әдеби тіл дәстүрінен біржола арылып, бүгінгі әдеби тіліміздің негізгі нормалары қалыптасып, мәдениеті артты, сөздік қоры молайып, грамматикалық құрылысы жетілді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ	
I тарау. Көркем әдебиет үлгілері және олардың тілдік ерекшеліктері	15
1. Қисса аталатын әдебиеттің пайда болуы. Олардың негізгі тақырыптық топтары мен тілдік ерекшеліктері	17
2. Діни сарындағы қиссалар	27
3. Азаматтық тақырыптағы қиссалар	36
4. Халықтық туындылар	41
II тарау. Қоғамдық публицистикалық стильдің тууы. Алғашқы қазақ газеттеріне тілдік сипаттама	52
1. Газеттер туралы қысқаша мәлімет	52
2. Ы. Алтынсарин жазған қазақша газет үлгісі жайында	57
III тарау. Ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілері және олардың тілдік сипаттамасы	64
1. Әр түрлі пайдалы мәліметтер беретін кітапшалар	66
2. Жеке ғылым салаларына байланысты әдебиеттер	80
3. Қазақша діни әдебиеттер тілі жайында	84
IV тарау. Ресми іс қағаздары үлгілері және олардың тілдік сипаттамасы	97
1. Әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары	99
2. Қазақша заң жинақтары мен ережелер	102
3. Эпистолярлық стиль материалдары	110

II бөлім. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛІ

I т а р а у. Қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптас-
тырудағы орыс түркологтары мен қазақ ағарту-
шыларының қызметі 116

1. Қазақтың көне жазба әдеби тілі немесе «кітаби тілі»
жайында 117
2. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастыру
мәселесіне 124

II т а р а у. Жазба нұсқаларға тән орфографиялық дағды 137

1. Араб жазулы нұсқалардың орфографиясы 139
2. Орыс графикасымен басылған нұсқалардың орфогра-
фиясы жайлы 147
3. Жазбаларда пайдаланылған пунктуациялық белгілер
жайында 154

III т а р а у. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жаз-
ба әдеби тілінің лексикасы 157

1. Қазақ тілі лексикасының жаңа сөздермен толығуы . 157
2. Сөз мағыналарының дамуы 165
3. Әдеби тіл лексикасының негізгі қабаттары мен олар-
дың өзара арасалмағы 167

IV т а р а у. Қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің граммати-
калық құрылысы 177

1. Сөз түрлендіруші жұрнақтар 178
2. Сөз жалғастырушы амалдар хақында 188
3. Өзге кейбір грамматикалық құбылыстар хақында . 200
4. Сөйлем құрылысы мен сөз тіркестеріндегі кейбір ерек-
шеліктер 209

Қ о р ы т ы н д ы 217

Бабаш Абилхасимов

**КАЗАХСКИЙ ЛИТЕРАТУРНЫЙ ЯЗЫК
ВТОРОЙ ПОЛОВИНЫ XIX ВЕКА
(на казахском языке)**

*Утверждено к печати Ученым советом
Института языкознания Академии наук Казахской ССР*

Рецензенты: доктор филологических наук *Т. Жанузаков*,
кандидаты филологических наук *Е. Жубанов, Г. Калиев*

Зав. редакцией *М. А. Рашев*
Редактор *А. Досымбекова*
Худ. редактор *А. Б. Мальцев*
Оформление художника *И. З. Уразаева*
Техн. редактор *Е. М. Тахметова*
Корректоры *Р. Аманбекова, С. Каймулдина*

ИБ № 1200

Сдано в набор 26.11.81. Подписано в печать 12.03.82. УГ07028.

Формат бумаги 84×108¹/₃₂. Типографская № 1.

Литературная гарнитура. Высокая печать.

Усл. п. л. 11,8. Уч.-изд. л. 12,8. Тираж 1800.

Заказ 231. Цена 1 р. 80 к.

Издательство «Наука» Казахской ССР

Типография издательства «Наука» Казахской ССР

Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата, Шевченко, 2.

